


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ



**Жаратылыстану, техникалық,  
әлеуметтік–гуманитарлық, экономикалық, ауылшаруашылық  
және ветеринариялық ғылымдар бойынша  
«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ»  
XXI ғылыми студенттік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ  
XXI научной студенческой конференции  
по естественным, техническим,  
социально-гуманитарным, экономическим,  
сельскохозяйственным и ветеринарным наукам  
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА»**

*11-13 сәуір 2018 ж., Семей*

УДК 378  
ББК 74.58  
Ж 31

**Бас редактор:**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ректоры,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Ғ. Ескендіров**

**Редакция алқасы:**

**М.О. Абдикаримов**, оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, п.ғ.к.

**С. Шарма**, ғылым және коммерцияландыру жөніндегі проректор, PhD доктор

**Ж.С. Есимбеков**, ғылыми және инновациялық қызметтерді басқару бөлімінің жетекшісі,  
PhD доктор

**А.Ф. Даутова**, ғылыми және инновациялық қызметтерді басқару бөлімінің маманы

**Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік–гуманитарлық, экономикалық, ауылшаруашылық және ветеринариялық ғылымдар бойынша «ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ» XXI ғылыми студенттік конференциясының материалдары:** – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2018. – 390 б.

Жинаққа математика мен физика, химия, биотехнология мен биологияның, қазақ, орыс және шетел филологиясы, психология және тарих, техника мен технологияның ветеринарияның зоотехнияның, экология мен экономиканың өзекті мәселелерін баяндайтын студенттер баяндамаларының тезистері енгізілген, олар университет қабырғасында оқып жүрген жастардың ғылыми ізденістерінің кендігін дәлелдейді.

Жинақ жоғары оқу орнының және колледждердің студенттеріне, сонымен қатар, гимназиялар мен мектеп оқушыларына пайдалы болмақ.

*Материалдар авторлық редакциясымен жарияланған*

УДК 378  
ББК 74.58  
Ж 31

**Материалы XXI научной студенческой конференции по естественным, техническим, социально-гуманитарным, экономическим, сельскохозяйственным и ветеринарным наукам «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА»:** – Государственный университет имени Шакарима города Семей. – 2018 г., стр. 390.

В сборник включены тезисы докладов магистрантов, студентов и школьников, отражающие актуальные вопросы педагогики и психологии, математики и физики, химии, биотехнологии и биологии, техники и технологии, ветеринарии и зоотехнии, экологии и экономики, которые свидетельствуют о широте научных интересов обучающейся молодежи.

Сборник будет полезен как студентам вузов и колледжей, так и учащимся гимназий и школ.

*Материалы изданы в авторской редакции*

© Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
мемлекеттік университеті

# АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

## СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ И ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ

ӘОЖ: 637.5 (574.4)

**Н.Қ. Керменбай**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Ж.З. Қорабаев

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҰЛАН АУДАНЫ «БАГРАТИОН-2» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Аннотация:** Мақалада Багратион-2 шаруа қожалығы жағдайында ет бағытындағы ірі қара мал өсіру тәсілдері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** технология, импорт, генетика, ветеринария, гетерозис, селекция, инфекция, паразит, дезинфекция, инбридинг.

Зерттеу Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының «Багратион-2» асыл тұқым өндіру шаруашылығында жүргізілді, ол негізгі репродуктивтік шаруа қожалығы болып табылады, онда жоғары сапалы асыл тұқымды қазақтың ақбас тұқымының бұзауын өсіріп, мал басын көбейтеді және сатады. Қазіргі уақытта фермерлік шаруашылықтың табыны мемлекеттік және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, сиыр етінің өнімділігі мен сапасының жоғары генетикалық әлеуетіне ие, қазақтың ақбас тұқымы малдарынан тұрады.

«Багратион - 2» асыл тұқымды мал зауытында мүйізді және тоқал түрлерін өсіреді, тоқал түрінің үлесі 70% дейін жетеді. Соңғы үш жылда ірі қара малдың орташа тірі салмағы 500-550 кг құрады. Ересек бұқалардың орташа тірі салмағы 800-1000 кг құрайды. Жаңа туылған бұзаулардың салмағы 26-30 кг жетеді. Қашарларды 16-18 айлығында 350-380 кг тірі салмағына жеткенде ұрықтандырады. Шаруа қожалығында ет бағытында мамандандырылған қазақтың ақбас тұқымының бұзаулы сиырларын қысқы мезгілде және жазғы жайылым кезінде осы тұқымға сай айрықша әдістермен күтіп бағылады.

«Багратион-2» асыл тұқымды мал зауыты жағдайында ет бағытындағы мал шаруашылығы сиыр етінің технологиясы («сиыр-бұзау» жүйесі) келесі негізгі ұйымдастыру-технологиялық қағидаларды қамтиды: ет бағытындағы ірі қара малдың жоғары өнімді асыл тұқымды табынын құру; 100 сиыр мен құнажыннан 90 мығым бұзаудан алатын табынның төл алу жүйесін қалыптастыру; табиғи-климаттық және экономикалық жағдайларды (үй-жайларды және азық-түлікті қамтамасыз ету) ескере отырып маусымдық, қатал қысқы уақыт аралығындағы (ақпан-наурыз айы) аналықтардың төлдеу мерзімі; қысқы, қыстақ күтімінде бұзаулы сиырдың мал-жайының бағасын арзандату (қора үшін арзан жергілікті материалдарды пайдалану); малдың жайылымдық күтілім уақытын барынша пайдалану; қашыру науқанында ұрықтандырылмаған аналықтарды браққа шығару; шығып қалған сиырлардың орнына жыл сайын негізгі табынға 25-30% құнажынның қосылуы, ал кеңейтілген көбею жағдайында бұл көрсеткіш 30-35% құрауы тиіс; бұзаулардың қарқынды өсуін және сиырлардың жоғары қондылығы мен сүттілігін қамтамасыз ететін толыққанды азықтандыруды ұйымдастыру; бұзауларды құнарландырылған малазықпен жемдеу, ал жайылым өртеніп кеткен қуаңшылық кезеңінде барынша жасыл немесе құнарлы жеммен азықтандыру; кепілдендірілген азықтандыру базасын құру – жас төлдер мен браққа шығарылған мал басын қарқынды бордақылау кепілі; бұзауларды 6-8 айлық жасына дейін анасымен бірге өрісте жаю («сиыр-бұзау» жүйесі) және жаңа туған бұзауларды жемдеу жүйесін (сиыр қоралар ішінде «асханалар») ұйымдастыру; төлдерді еселерінен бөлек табындарға айырғаннан кейін жазда жайып семірту және қыс-күз мезгілдерінде бордақылау арқылы оларды қарқынды өсіреді; табынға жарамсыздардың орнына жіберілетіндерді (табынды толықтыруға арналған тайынша-торпақ) ірі, шырынды, құнарландырылған азықпен қарқынды жемдеу.

Қазақтың ақбас тұқымымен іріктеу және асылдандыру жұмыстарын табиғи жем-шөпті барынша пайдалану арқылы және күтіп-ұстаудың жергілікті шарттарына сай ет өнімдерін көбейтуге бағыттау керек. Көктемгі және күзгі-жазғы кезеңдерде жайылымдарды тиімді пайдаланатын тұқым

ретінде, қазақтың ақбас сиыры көптеген импортталатын тұқымдар арасында бәсекеге қабілетті болып табылады және оның жоғары бейімдеушілік, төзімділік қасиеттері арқасында біздің еліміздің көптеген далаларында, құрғақ-дала және жартылай шөлді аймақтарында кең тарала алады.

Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында «Багратион-2» асыл тұқымды мал шаруашылығында пайдаланылатын ет бағытындағы мал шаруашылығының технологиясын қазақтың ақбас тұқымын өсіретін және өндіретін шаруашылықтарға ұсынуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шичкин Г. Актуальные вопросы производства говядины в молочном и мясном скотоводстве // Молочное и мясное скотоводство – М., 2012.- №1. – С. 2-4.
2. Мирошников С., Макаев Ш. Ведение линии казахского белоголового скота // Молочное и мясное скотоводство – М., 2012 - №1. – С. 4-6.
3. Хайнацкий В. Новый подход к оценке племенной ценности производителей в мясном скотоводстве // Молочное и мясное скотоводство – М., 2012. - №8. – 7-9.

УДК: 635:64:631.53.027

**Б.С. Махагай**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Г.И. Джаманова, «Агротехнология және орман ресурстары»  
кафедрасының доцент м.а.

### **ҚОРҒАУЛЫ ГРУНТТАҒЫ ҚЫЗАНАҚТЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ДӘН ДӘРІЛЕГІШ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ**

Көкөніс шаруашылығы - ауыл шаруашылық өндірісінің ең негізгі және ең еңбекті қажет ететін салаларының бірі. Бұл сала халықты биологиялық құндылығы жоғары қажетті компоненттердің, минералдардың және дәрумендердің бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Көптеген өнімдерді нарыққа шығару қажеттілігі жыл бойы өндірушілерді көкөніс дақылдарының өсуіне жағдай жасауға белсенді түрде ықпал етеді. Сондықтан консерванттар мен өсімді ынталандыру әрекеттерінің биологиясын қолдану өсімдіктердің қолайсыз факторларға өнімділігі мен қарсылығын арттыру үшін маңызды [1]. Зерттеу “Агротехнология және орман ресурстары” кафедрасында өткізілді.

Зерттеудің нысаны «Дубок» және «Бычье сердце» қызанақ сорттары болды. Біз ТМТД және Максим дән дәрілегіштің әсерін, сондай-ақ өсімдіктің фенологиялық фазаларының ұзақтығына жапырақ ассимиляция аймағында және кірістілігінде Аквинол биопрепаратын зерттеуді бастадық. Зерттеу 2018 жылдың наурыз айында басталды.

Қызанақ тұқымдары сумен және ТМТД дән дәрілеуші және Максимнің жұмыс ерітіндісінде сіңдірілген. Дән дәрілеуіш құралдарын қолдану дозасы титр (2,5-5,0) -1010 мл / мл болатын 1 мл / л, жұмыс ерітіндісінің (1-2) титері 108 болды. Суару ішкі тамыр жүйесі арқылы яғни су тамшылату арқылы жүзеге асырылды.

Дубок. Бұл сұрып ұсақ фермерлік шаруашылықтарға ұсынылады. Түбінің биіктігі 70см-ден аспайтындығымен ыңғайлы және бұл сұрып детерминантты болып келеді. Бұтасы қуатты және қолтұқымы болмайды. 3-4 сабағын қалыптастырғаннан кейін ұсынылады. Биіктігі қысқа, ауруларға төзімді өсімдік. Оны өсіру қиындық тудырмайды. Оны өсуіндегі негізгі талабы температура болып табылады, температурада ауытпашылықтар пайда болса өсуін баяулатады. Бұл сұрып қоректік заттарға бай [2].

Құндылығы.

Өнім құндылығы жоғары, өнімділігі жоғары және тұздауға ыңғайлы, сатылуы, дәмдік сапасы жоғары.

Бычье сердце. Сыртқы түрі және өлшемдері әртүрлі болып келетін қызанақ сұрыпы. Агротехникалық жұмыстарды дұрыс атқарса жемісінің салмағы 600-800гр-нан 1кг-ға дейін жетеді. Жемісінің түсі –қою қызыл. Сыртқы қабығы жұқа болып келгендіктен етті бөлігінен тез сыдырылады. Оған құрамындағы қант мөлшерінің жоғары болуы ерекше тәтті дәм береді [2].

Құндылығы.

Өнім құндылығы жоғары, өнімділігі жоғары және тұздауға ыңғайлы, сатылуы, дәмдік сапасы жоғары.

Қолданылған дән дәрілеуіштің сипаттамасы.


ТМТД, тирам, химиялық препараты өсімдікті фитопатогенді саңырауқұлақтар тудыратын ауруларынан қорғау үшін қолданылатын дән дәрілегіш. Оның 80% еркін себілетін ұнтақтан тұрады. Тұқым өңдегендегі тор басуына қарсы емдеу, фузариозда, бактериозда, тамыр шірік қоздырғыштарында, фитофтороз, және т.б өсімдік ауруларын қорғауға қолданылады.

Максим. Максим дән дәрілегіші – бұл тұқым және топырақтағы кең таралған саңырауқұлақ ауруларына қарсы қолданылатын аралас препарат. Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулардан, тұқым мен топырақ арқылы берілетін аскомицет, базидомицет және жетілмеген саңырауқұлақ класстарының тудыратын ауруларынан қорғауда, пайдалы микроағзаларға ешқандай жағымсыз әсер қалдырмайтын препарат болып саналады [3].

Зерттеу әдістері.

Біз вегетациялық даму кезеңінде өсімдіктердің өсуі мен дамуына бақылау жасадық. Бастапқы өскінін, алғашқы нағыз жапырақтың пайда болуын, гүлденуін, жаппай гүлденуін белгіледік. Өсімдіктердегі өсімдік жапырақтарының санын есептедік. Негізгі және бастапқы бүйір жанама жапырағының санын анықтадық. Өсімдіктің үстіңгі қабатының ассимиляциялық қайталама және нұсқалық есебі жүргізілді. Өсімдіктің жапырақ аумағының барлық негізгі және бүйір бөлшектерінің көрсеткіштері анықталды. Жапырақ аппаратының аумағын оның ұзындығы және жапырақ санына байланысты анықтадық (кесте 1).

Кесте 1. Дубок сұрыпының өлшемдері



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтбаев, Қ.Ж. Қорғаулы топырақ құрылыстарында көкөніс дақылдарын өсіру технологиясы.- Алматы: Дәуір, 2015.- Б. 6-8.
2. Щепетков, Н.Г. Жеміс - көкөніс шаруашылығы.- Алматы: Дәуір, 2011.- Б. 222-224.
3. Ганиев, М.М. Химические средства защиты растений.- СПб.; М.; Краснодар: Лань, 2013.- С. 124-128.

**М.Ғ. Мәукілова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: С.Д. Жилкыбаева, «Агротехнология және орман ресурстары»  
кафедрасының аға оқытушысы

## **ҚОРҒАУЛЫ ГРУНТТАҒЫ ҚИЯРДЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ДӘН ДӘРІЛЕГІШ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ**

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды салаларына көкөніс шаруашылығы жатады. Бұл өсімдік шаруашылығының ерекше мамандандырылған және қарқындалатын саласы. Көкөніс шаруашылығының қорғаулы жерлердегі жайларын (құрылыстарын) салу, жеміс отырғызу мол қаражатты қажет етеді. Көкөніс өсімдіктерін өсіру еңбекті мол шығындаумен байланысты. Біз өз кезегінде жоғарыдай қажеттіліктер нәтижесінде көкөніс дақылдарын соның ішінде қияр дақылдың жақсы өсуіне әсер ететін дән дәрілегіш пен биопрепараттың әсерін зерттедік. Көкөніс шаруашылығы - ауыл шаруашылық өндірісінің ең негізгі және ең еңбекті қажет ететін салаларының бірі. Бұл сала халықты биологиялық құндылығы жоғары қажетті компоненттердің, минералдардың және дәрумендердің бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Көптеген өнімдерді нарыққа шығару қажеттілігі жыл бойы өндірушілерді көкөніс дақылдарының өсуіне жағдай жасауға белсенді түрде ықпал етеді. Сондықтан консерванттар мен өсімді ынталандыру әрекеттерінің биологиясын қолдану өсімдіктердің қолайсыз факторларға өнімділігі мен қарсылығын арттыру үшін маңызды [1]. «Ласточка» және «Братец Иванушка» қиярының сұрыптары өсіп-жетілуіне дән дәрілегіш және биологиялық препараттардың әсерін зерттеу.

«Ласточка» F1 - ерте гибридті, тозаңдану арқылы жүзеге асырылады. Өсімдік детерминантты, орта және орта далалық, аналық түрінде гүлдейді. Жапырақ өлшемі орташа, жасыл. сопақша пішіндес, орташа ұзындықты жолақтары сәл айқын байқалады. Туберкулез, т.б аурулар сирек кездеседі, Қиярдың салмағы 83-113 г, ұзындығы 11,4 – 12, 0 см, диаметрі 3,6 – 3,7 см болып келеді. Жемістерінің дәмі және сапасы өте жақсы. Тауар өнімділігі 82 – 96 % [2].

«Братец Иванушка» F1 - бұл балара тозаңымен тозаңданады, орта ерте гибридті сұрып. 46 – 55 күнде жемісі пісіп жетіледі. Жапырақтары орташа көлемді. Жемісі кіші, ұзындығы 9 см, салмағы 80 – 96 г. Дәмі өте жақсы, ешқандай бөртпесіз жетіледі, қолайлы жағдайларда ашық грунттарда күз мезгіліне дейін жемісін жақсы береді. Консервлеу, маринадтау үшін ыңғайлы [2].

Қияр дәндері сумен және ТМТД мен МАКСИМ дән дәрілеуіші ерітінділеріне сіңдірілген. Дән дәрілеуіш құралдарын қолдану дозасы титрына (2,5 – 5,0)- 1000 мл/ мл болатын 1 мл болатын жұмыс ерітіндісінің (1-2) титрі 108 г болды. Дән дәрілегішке тұқымды 30 минутқа батырып қою керек.


ТМТД, тирам, химиялық препараты өсімдікті фитопатогенді саңырауқұлақтар тудыратын ауруларынан қорғау үшін қолданылатын дән дәрілегіш. Оның 80% еркін себілетін ұнтақтан тұрады. Тұқым өңдегендегі тор басуына қарсы емдеу, фузариозда, бактериозда, тамыр шірік қоздырғыштарында, фитотрофоз, және т.б өсімдік ауруларын қорғауға қолданылады.

Максим. Максим дән дәрілегіші – бұл тұқым және топырақтағы кең таралған саңырауқұлақ ауруларына қарсы қолданылатын аралас препарат. Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулардан, тұқым мен топырақ арқылы берілетін аскомицет, базидомицет және жетілмеген саңырауқұлақ класстарының тудыратын ауруларынан қорғауда, пайдалы микроағзаларға ешқандай жағымсыз әсер қалдырмайтын препарат болып саналады.

Қазіргі уақытта өсімдіктерді қорғаудағы перспективті бағыт ол өсімдіктердің өсуін реттеушілерді пайдалану болып табылады. Оларды қолдану тұқымның өнгіштігіне, өсімдіктердің өсуіне және дамуына жағдай жасайды, ауруларға және абиотикалық факторларға төзімділігін арттырады, алынатын өнімнің саны мен сапасын жақсартады [3].

Өсімдіктің фенологиялық өзгерістерін, сондай-ақ сабақтың ұзындығы, жапырақтың ассимиляциялық аумағы зерттелді. Алдын-ала зерттеу негізі ретінде өсімдіктердің өсуін реттеушілер үшін таңдалып алынған, отандық өсіру КН-2 стимуляторы (акпинола альфа). Деректер бойынша, кең ауқымды іс-әрекеттер болып саңырауқұлақ және бактериялық инфекцияларға қарсы тұқым дәрілерінен алынған ТМТД препараты.

## Қияр сұрыптарының өлшемдері



### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтбаев, Қ.Ж. Қорғаулы топырақ құрылыстарында көкөніс дақылдарын өсіру технологиясы.- Алматы: Дәуір, 2015.- Б. 6-8.
2. Щепетков, Н.Г. Жеміс - көкөніс шаруашылығы.- Алматы: Дәуір, 2011.- Б. 222-224.
3. Ганиев, М.М. Химические средства защиты растений.- СПб.; М.; Краснодар: Лань, 2013.- С. 124-128.

УДК: 634\*[44:232.31]

**К.А. Паршина**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: С.Д. Жилкыбаева, старший преподаватель кафедры  
«Агротехнология и лесные ресурсы»

## **ЗАРАЖЕННОСТЬ СЕМЯН СОСНЫ ОБЫКНОВЕННОЙ (PINUS SILVESTRIS L.) ФИТОПАТОГЕНАМИ**

Сосна обыкновенная (*Pinus silvestris* L.) - дерево, являющееся доминантом в Прииртышском сосновом бору. В высоту достигает 30-40м и более и диаметром до 100см. Ствол сосны, растущей в сравнительно сомкнутых насаждениях, стройный, прямой, ровный, высоко очищенный от сучьев; в изреженных или на просторе дерево менее высокое, ствол сбежистый и более суковатый. Крона у молодых деревьев конусовидная, позже – округлая, более широкая, а в старости даже зонтиковидная или плоская. Кора на разных частях дерева различной толщины и разного цвета: в нижней части ствола она обычно толще и грубее, бороздчатая, красно-бурая, почти серая; в средней и верхней частях ствола и на крупных ветвях кроны – желтовато-красная, отслаивающаяся тонкими пластинками, почти гладкая, тонкая; на молодых деревцах и на тонких ветвях – серо-зеленая. Толщина коры достигает 10-12% от диаметра ствола [1].

Как и любые древесные культуры, сосна обыкновенная подвержена различным заболеваниям. Чистота посевного материала влияет на рост и развитие будущего дерева. Болезни плодов и семян чаще всего вызываются паразитными грибами. К ним относятся болезни типа мумификации, ржавчины шишек, деформации плодов и семян. Кроме того, часто происходит поверхностное загрязнение семян спорами фитопатогенных грибов, которые не причиняют вреда семенам, но вызывают загнивание проростков в почве, полегание сеянцев и всходов [2]. Во избежание данных факторов необходимо предварительное проведение фитоэкспертизы семян на зараженность фитопатогенами [3]. Перед анализом все приборы и инструменты проходят обработку, для того

чтобы анализ был качественным. Для анализа семян сосны обыкновенной на зараженность фитопатогенами, готовили специальную питательную среду из пивного сула, агар-агара, воды. После этого семена закладывали в климат контроль на 7 дней и проращивали на питательной среде при температуре 27°C, влажности 92%. Через семь дней проводили фито-анализ [4], с помощью микроскопа определяли зараженность семян. В ходе исследования было выявлено, что наиболее активны фитопатогенные грибы класса Зигомицеты, вызывающие загнивание семян, а в дальнейшем загнивание и полегание молодых проростков.

Грибы рода *Rhizopus* (рис.1) имеют дугообразно изогнутые гифы - «усы», или столоны. Мицелий прикрепляется к субстрату ризоидами — специальными ответвлениями. В спорангиях образуются спорангиоспоры. При половом процессе образуют зигоспоры. Они характеризуется стилоспорангиеносцами, которое отходят чаще по несколько от шейки ризоида. У большинства видов развиты и столоны. В быту грибы этого рода известны под сборным названием “головчатая плесень” или “черная плесень”. Многие представители его обладают высокой ферментативной активностью или образуя различные органические кислоты [5].




Рисунок 1. Грибы рода *Rhizopus*

Мукоровые грибы занимают довольно обособленное положение среди остальных низших грибов. Род мукор занимает центральное место в семействе. Грибы этого рода характеризуются одиночными бесцветными стилоспорангиеносцами. Стилоспорангиеносцы могут быть простыми различно разветвленными. У грибов с разветвленными стилоспарангиеносцами веточки обычно прямые, в связи с чем стемоспорангии прямостоячие [5].




Рисунок 2. Грибы рода *Mucor*

#### Литература:

1. Байзаков С.Б., Медведев А.Н., Исаков С.И., Муканов Б.М. Лесные культуры в Казахстане. Кн.1. Лесное семенное дело, лесные питомники. - Алматы: Агроуниверситет, 2010. - С.34-37
2. Чураков, Б.П. Лесная фитопатология.- СПб.; М.; Краснодар: Лань, 2012.- С. 237-241.
3. Наумова, Н.А. Анализ семян на грибную и бактериальную инфекцию.- Л.: Колос, 1970.- С.26-29.
4. ГОСТ 13056.5-76. Семена деревьев и кустарников. Методы фитопатологического анализа.
5. Жизнь растений. В 6-ти т. Т. 2. Грибы / Под ред. М.В. Горленко. Авт. Д.В. Соколов, А.А. Евлахова, М.А. Литвинов и др.- М.: Просвещение, 1976.-С. 69-70.



**А.С. Бейсенова**

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.С. Койгельдинова

## **АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ «JLC СҮТ» ЖШС-НЕ ҚОЙЫЛАТЫН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Алматы облысы Талдықорған қаласы «JLC Сүт» ЖШС-де зерттеу жалпы бактериалды ластануды анықтау үшін жұғынды сұйықтығын сүт өңдеу қондырғыларының жұмысшы беткейінен, себінді әдісімен жұғындыны сұйықтық етпептонды агарға егу арқылы соңынан микроорганизмдердің өсіп-шыққан колония санын есептеу арқылы жүргізілген. Бұл зерттеу әдістерінің қалай жүргізу туралы қысқаша түсініктеме және зерттеу нәтижелері келтіріліп, қорытынды жасалынды.

**Кілт сөздер:** КТБ, экономикалық тиімділік, дезинфекция, санация, ЕПА, ЭНДО, Петри табақшасы.

### **Кіріспе**

Бүгінгі күні сүт өндірісінде гигиеналық нормалар талаптарын орындау өте маңызды және олар әрдайым өсуде. Тұтынушы жоғары сапа мен әрдайым өнімнің дәмдік қасиеттерінің жақсарғанын талап етсе, ал нарық – оның бәсекеге қабілеттілігін, сақталуы мен тасымалдануының қолайлылығын талап етеді. Өндіру процесін талқыласақ, сүт дайын өнімге айналу барысында қандай қауіпке душар болатынын оңай елестетуге болады. Сонда ғана барлық кешенді санитариялық шараларды орындаудан басқа жол жоқ екендігі анық білінеді. Мұндағы негізгі міндет үш параметрлердің бірігуінен тұрады: сенімділік, экономикалық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау [1].

Кез келген қателікті түзету әрқашан қиын, әсіресе егер олар сүт және сүт өнімдерін өндіру барысына байланысты болса. Жоғары сапалы өнімдері алу үшін өндірісте санитариялық-гигиеналық талаптарды орындау маңызды шарт. Сүт өңдеу кәсіпорындарында жүргізілетін санитариялық шаралардың негізгі бөлігін технологиялық құрал-жабдықтарды жуып-тазартуға бағытталған. Себебі, дұрыс санитариялық өңдеуден өтпеген технологиялық қондырғы микроорганизмдер көзі болып табылады.

Жоғары сапалы өнімдері алу үшін өндірісте санитариялық-гигиеналық талаптарды орындау маңызды шарт. Сүт өңдеу кәсіпорындарында жүргізілетін санитариялық шаралардың негізгі бөлігін технологиялық құрал-жабдықтарды жуып-тазартуға бағытталған. Себебі, дұрыс санитариялық өңдеуден өтпеген технологиялық қондырғы микроорганизмдер көзі болып табылады [2].

### **Зерттеу жұмысының мақсаты**

«JLC СҮТ» ЖШС-нің технологиялық қондырғылардың санитариялық жағдайын жақсарту.

Мақсатқа жету барысында келесі міндеттер қойылды:

- балмұздақ фабрикасындағы технологиялық қондырғылардың санитариялық жағдайын бағалау;

- сүт өңдеу орындарында заманауи жуғыш-дезинфекциялағыш заттарды қолданудың тиімділігін анықтау.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Талдықорған өңірлік филиалында жүргізілді.

Зерттеу үшін «JLC СҮТ» ЖШС-нің сүт өнімдерін өндіру қондырғыларынан тампонмен алынған жұғынды.

Зерттеу жұмысы МемСТ 9225-84 жүзеге асырылады.

Жұғындыны дезинфекция алдында стерилді мақта тампондарымен екі рет сүрте отырып өзара перпендикуляр бағытта 100 см<sup>2</sup> ауданда зерттелінетін беткейді алдым. Жұғындылар кейбір қондырғы ауданды есептемей алады - коллектордың барлық беткейінен немесе стержень – ұстағыш ұзындығына тампонды (12см) сүт құбырлары, резиналық шлангаларды зерттеу барысында.

Тампондарды дайындағанда алюминий, ағаш стерженьдарды қолданады, жұғынды алу үшін бір шетінен түзу валикпен (30x5мм) мақтамен орап, ал пробирка аузына мақта тығын жасадым.

Пробиркадан соңына дейінгі қашықтық стрежня 12 см. Тампондарды пробиркаға салып, қағазға орап және автоклавта 1,5 атм, 30 мин стерилдедім [3].

Жұғындыны алар алдында тампонды 10 мл стерильді физиологиялық ерітіндісі бар пробиркаға салдым. Зерттелінетін беткейді сүртпес бұрын тампонды пробирканың қабырғасына сығып алдым. Жұғынды алғаннан кейін тампонды сол пробиркаға саламыз, вертикальды термосқа мұзымен бірге салып және осы қалпында лабораторияға алып бардым. Барлық манипуляция себіндіге дайындап және бактериологияда қолданылатын жалпы асептика ережесін қолданып себінді жасадым.

Микроб колонияларын өсуін оқшаулау мақсатында жұғынды сұйықтық алдын ала стерильді дистилденген суға немесе физиологиялық ерітіндіге салдым. Ол үшін тампону бар пробиркадан стерильды пипеткамен 1 мл алып, ішінде 9 мл су немесе физиологиялық ерітіндісі бар екінші пробиркаға ауыстырамыз, бұл бірінші сұйылту - 1:10. Жаңа стерильді пипеткамен пробирканың ішіндегісін араластырып және 1 мл келесі пробиркаға ауыстырамыз және осылай келесі 1:100, 1:1000, 1:10000 сұйылту дәрежелерін алдым. Соңғы үш сұйылту дәрежелерінен 1 мл сұйықтық алып стерильді Петри табақшасына ауыстырып және үстінен 40-450С ерітіліп, салқындатылған етпептонды агарды құйдым. Нақты нәтиже алу үшін себінді әр үш Петри табақшасына егіледі. Агар суығаннан кейін аяқшаларды термостатқа 370С температураға қояды, 48 сағаттан кейін өсіп шыққан колонияларды санадым. ГОСТ 9225-84 сәйкесінше 30дан аз емес және 300 колониядан көп емес өсіп шыққанын алады.

Бактериялардың жалпы санын есептеу үшін 1 мл колония үлгісін алып, әр аяқшада өсіп шыққан, сәйкес көбейттім. Жеке табақшалардан алынған нәтижелер алып, есептелген аяқшалар санына бөліп және орташа арифметикалық санын шығарып, соңғы нәтижені алдым. Алынған санды дөңгелектедім. Жалпы бактериалдық ластану зерттелінетін беткейді 1 см<sup>2</sup>, бактерия саны 1 мл 0,1 (1 мл жұғынды сәйкес 1/10 барлық 100 см<sup>2</sup> орналасқан бактерия массасына) көбейтеді [2].

#### **Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау**

1 кесте

1 %-ды каустикалық содамен технологиялық тізбекті санитариялық өңдеу нәтижелері

№/№	Сынама алу орындары	Санитариялық өңдеуге дейін, мың. КТБ/см <sup>2</sup>	Санитариялық өңдеуден кейін, мың. КТБ/см <sup>2</sup>	Зарарсыздандыру деңгейі, %
1	Сүт салқындатқыш	90,2	9,0	90
2	Сүт жылытқыш	105,1	7,4	93
3	Сүт сепараторы	112,4	10,2	91
4	Кілегей жинайтын ыдыс	122,3	2,6	94
5	Сүтті нормализациялауға арналған ыдыс	42,1	1,3	96
Ескерту: Зерттелінетін жұғындыларда санитариялық өңдеуден кейін санитариялық-көрсеткіш микроорганизмдер табылмады.				

1-кестедегі сандық мәліметтер көрсеткендей, санитариялық өңдеуден кейін негізгі технологиялық қондырғыларда 90%-дан 96%-ға дейін жетті. Кестеде көрініп тұрғандай каустикалық содамен санитариялық өңдеу жақсы нәтиже береді, дегенмен әдеби мәліметтер бойынша каустикалық соданың коррозиялық белсенділігі жоғары. Сондықтан технологиялық қондырғыларды қысқа мерзім ішінде істен шығаруы мүмкін.

Менің зерттеуімнің келесі кезеңі замануи кешенді жуғыш-дезинфекциялағыш «Биомол К2» препаратының тиімділігін анықтау, бұл зат әлсіз сілті болып табылады, өзінің құрамында беткейлік-белсенді заттары бар, бірақ мұнымен қоса бұл зат көбік түзбейді және жоғары жібіту қасиеттеріне ие [3].

2 кестеде

Технологиялық қондырғыларды 0,2 %-ды «Биомол К 2» препаратымен санитариялық өңдеу нәтижелері

№	Сынама алу орны	Санитариялық өңдеуге дейін, мың. КТБ/см <sup>2</sup>	Санитариялық өңдеуден кейін, мың. КТБ/см <sup>2</sup>	Зарарсыздандыру деңгейі, %
1	Сүт салқындатқыш	96,2	5,8	94
2	Сүт жылытқыш	101,5	5,1	95
3	Сүт сепараторы	119,6	8,4	93
4	Кілегей жинауға арналған ыдыс	118,7	4,8	96
5	Сүтті нормализациялауға арналған ыдыс	39,7	0,4	99

Ескерту: Зерттелінетін жұғындыларда санитариялық өңдеуден кейін санитариялық-көрсеткіш микроорганизмдер табылмады.

2-кестедегі сандық көрсеткіштеріне сүйенсек, 0,2 %-ды «Биомол К 2» препаратымен санитариялық өңдеу нәтижесінде сүт өнімдерін өндіру желісіндегі микроорганизмдер мөлшері 92 %-дан 99 %-ға дейін азайған.

#### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижесі бойынша дәстүрлі және замануи санациялық заттарды салыстырмалы түрде зерттей келе, 0,2 %-ды «Биомол К 2» жуғыш-дезинфекциялағыш препаратының 1 %-ды каустикалық содамен салыстырғанда орта есеппен 2%-ға жоғары екені анықталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кәрішалова Р. «Сүт сапасы - назарда» Президент және халық.-2007.-6 бет.
- 2.Фомин Н.А., Кормильчинкова О.Е.,Филоненко О.В.,Медведева О.И. Контроль концентраций дезинфицирующих растворов и экспресс – метод контроля промывных вод// Молочная промышленность. 2006. – № 1. – С. 77.
- 3.Шанин А.А., Корнев Ю.А. Современные высокоэффективные моющие и дезинфицирующие средства. // Переработка молока. – 2010. - № 3. – С.68-69

ӘОЖ: 630\*181.524:504.54(574.41)

#### **Есенгелді Асылкерім**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Ержанқызы М, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Агротехнология және орман ресурстары кафедрасының оқытушысы

### **СЕМЕЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫНЫҢ БИОИНДИКАТОР БОЛАТЫН АҒАШ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ.**

Биоиндикатор (indicator-көрсетуші)-қоршаған ортаның жағдайын,ластану дәрежесін көрсететін организм немесе бірлестік түрі болып табылады. Биоиндикаторлар арқылы орман фитоценозын және экологиялық ластануды анықтау өте тиімді.

Орман фитоценозы – бірдей жағдайда өсетін және өзінің тіршілігі үшін күресетін өсімдік,ағаш және бұталы өсімдік түрлерінің жиынтығы.[2,3]

Менің ғылыми жұмысымның мақсаты – Семей аймағының экологиялық ахуалының биоиндикатор болатын ағаш тұқымдарының бүгінгі жағдайын зерттеу арқылы қаланың ластану дәрежесін анықтау және онымен күрес жолдарын ұсыну.

Мен тәжірибемнің зерттеу нысаны ретінде қала шетіндегі орман алқабын және де өндіріс алаңында орналасқан ағаштарды алдым.

Ағаштардың жағдайын мына кестеде көрсетілген шкала бойынша бағаладым [1,4]:

Балл	Ағаштар жағдайының сипаттамасы
1	Өсуі көлемі нормаға сәйкес, сыртқы зақымдану белгілері жоқ, сау ағашар.
2	Әлсіреген ағаштар. Крона әлсіз торлы, жеке бұтақтары кепкен. Жапырақтары мен инелері сары түсті. Қылқан жапырақты ағаштардың діңінде қатты ағулар, кейбір бөліктерінде қабықтары жансызданып, өлген.
3	Күшті әлсіреген ағаштар. Крона қиықтанған, ұшы құрғақ, бұтақтары кепкен. Жапырақтары ашық-жасыл, инелері бұрғыл түсті және 1-2 жыл осылай болып тұр. Жапырақтары ұсақ, бірақ үлкен де болады. өсуі азайған немесе тоқтаған. Өздік ағуы күшті. Қабығының көп бөлігі жансыз.
4	Кебуге айналған ағаштар. Крона бойынша барлық бұтақтары кепкен. Жапырақтары ұсақ, жетілмеген, ашық-жасыл, сары түсті; жапырақтары ерте түсуі байқалады. Инелері (хвоя) жалпы санының 60% зақымданған. Өсуі тоқтаған. Діңіне қабылжегіштер және басқа зиянкестер орныққан.
5	Кепкен, құрғақ ағаштар. Кронасы құрғақ. Жапырақтары жоқ, инелері сары немесе бұрғыл, түсіп жатыр немесе түсіп қалған. Қабықтары қабыршықтанып түсуде немесе түсіп қалған. Діңіне ксилофагтар (ағаш жегіштер) орныққан.

Ал ағаштардың жағдайының коэффициентін мына формула бойынша анықтадым:

$$K_1 = \sum b_1 n_1;$$

мұнда  $K_1$  – белгілі бір ағаштың жағдайының коэффициенті.

$b_1$  – 1 түрлі ағаштардың жеке ағашының жағдайының баллы.

$n_1$  – жағдайы баллмен бағаланған ағаштар саны.

Осыдан шыққан есептеулер мен бақылаулар нәтижесін мына кестеге түсірдім:

Зерттеу зоналары есептеу көрсеткіштері	Қайың			Терек				Қарағаш			Көрсеткіш- тердің ортақ мәні %
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
<b>Өндіріс орны зонасы</b>											
а)	1	5	0	5	0	1	0	5	0	0	15,5
б)	0	0	5	1	5	0	0	0	0	0	22,0
в)	5	3	2	5	0	0	0	0	0	0	56,5
<b>Қала сыртының зонасы</b>											
а)	3	4	2	4	8	3	7	4	5	2	34,5
б)	0	5	0	0	5	6	5	8	0	6	48,3
в)	0	1	2	5	0	5	5	0	3	2	17,2

Менің ғылыми жұмысымның нәтижесінде Семей аймағындағы биоиндикатор болатын ағаштардың әлсірегендігін, сол себептен экологиялық жағдайдың күрт төмендегенін байқадым. Бұған себеп өндіріс аумақтарынан шығатын әртүрлі қалдық газдар, түтіндер және автокөліктерден бөлінетін көмірқышқыл газы болып табылады. Сондықтан өнеркәсіп орындарынан шығатын қалдық газдарды азайту мақсатында қалдықсыз технологияны қолдану қажет. Ал экологиялық ахуалды жақсарту үшін қылқан жапырақты ағаштарды қала аумағы бойынша көбірек отырғызу керек. Соның ішінде қарағай тұқымдастары, сауырағаштар тұқымдасына жататын шығыс биотасы өздерінен бөлінетін фитонцид арқылы ауа құрамындағы зиянды газдарды жою арқылы ортаны оттегіге байытып, ауа айналымын тазартады. Сондықтан осы тақырып бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірін шешуде өз үлесін тигізеді деп үміттенемін.

#### Әдебиет

1. Ануцин Н.П. Лесная таксация. - М.: Лесн. пром. - сть, 1982. - 552с.
2. Воробьев Д.В. Методика лесотипологических исследований. - Харьков, 1959. - 144с.
3. Поляков А.Ф., Плугатарь Ю.В. Лесные формации и их экологическая роль. - Харьков: Новое слово, 2009. 405с.
4. Останенко Б.Ф., Ткач В.П. Лесная типология. Учебное пособие. - Харьков, 2002, Ч.2. - 180с.

**Г.Е.Касенгалиева**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Т.Н.Блейм, к.в.н., и.о.асоциир.профессора

## **ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ ПРИ БРУЦЕЛЛЁЗЕ В ЕСКЕЛЬДИНСКОМ РАЙОНЕ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Бруцеллез животных, является хроническим инфекционным заболеванием, имеет тенденцию к быстрому и широкому распространению, серьезно препятствуя сохранению и увеличению численности поголовья, а также повышению продуктивности и улучшению качества получаемой продукции. Бруцеллез несет за собой опасность заражения людей, через продукты животноводства. Бруцеллез представляет собой мировую проблему, как для здравоохранения, так и для сельского хозяйства. [1].

Цель работы заключалась в проведении эпизоотологического мониторинга бруцеллеза среди крупного рогатого скота в Ескельдинском районе Алматинской области в период с 2014 по 2016 годы.

Задачи исследования:

1. Изучить документы ветеринарной отчетности за 2014-2016 годы.
2. Определить уровень заболеваемости и проанализировать эпизоотологическое состояние Ескельдинского района по бруцеллезу крупного рогатого скота
3. Определить ветеринарно-санитарные мероприятия, стабилизирующие эпизоотическую ситуацию по бруцеллезу крупного рогатого скота.

Ескельдинский район находится на юго-востоке от областного центра, города Талдыкорган. Расстояние до областного центра составляет 12 км. Районный центр поселок Карабулак. Численность населения в районе составляет 47,8 тыс. человек. Площадь района занимает 397923 га. Из них 207433 га выделены для сельскохозяйственной деятельности. За пределами района для содержания сельскохозяйственных животных арендуется дополнительно 319485 га земель поселка Коксу, Каратальск, и Аксуского района.

В Ескельдинском районе анализ заболеваемости людей показал, что в 2014 г. зарегистрировано 34 случая заражения людей бруцеллезом, в 2015 г. выявлено 29 зараженных человек, в 2016 г. заболели 22 человека. На рисунке отражена регрессирующая линейка заболеваемости людей бруцеллезом в период с 2014 по 2016 годы.




Рисунок Заболеваемость людей бруцеллезом в Ескельдинском районе

Географические и природно-климатические условия района очень благоприятны для занятия сельскохозяйственной деятельностью. В районе разводят практически все виды сельскохозяйственных животных. С каждым годом численность поголовья только растет. Среди животных количественно преобладает поголовье мелкого рогатого скота.

Основным методом прижизненной диагностики бруцеллеза у животных является серологический [2]. По результатам серологических исследований в 2014 году реагирующие животные были зарегистрированы в двух сельских округах Кокжазык и Кайнарлы. Процент

зараженности составил 0,05 %. В 11 сельских округах 18% территории являлись неблагополучными по бруцеллезу.

В 2015 году положительно реагирующие животные были выявлены уже в пяти сельских округах (Карабулак, Кокжазык, Толенгит, Кайнарлы и Бактыбай). Относительное количество зараженных животных варьировало от 0,02% до 0,03%. Бруцеллез распространился на 45% территории района.

В 2016 году реагирующие животные определялись в трех сельских округах (Каратальск, Карабулак, Толенгит). В сельском округе Каратальск отмечен наиболее высокий процент зараженности – 0,56 %. В предыдущие анализируемые годы в данном сельском округе реагирующие животные не выявлялись. В сельских округах Кокжазык, Кайнарлы и Бактыбай заболеваемость бруцеллезом животных приблизилась к нулю. Напротив, уровень зараженности в сельском округе Толенгит вырос с 0,03% в 2015 году до 0,23% в 2016 году (почти в 8 раз).

Анализ заболеваемости крупного рогатого скота по половозрастным группам. В 2014-2016 годы бруцеллез отмечался чаще среди коров (0,02-0,25%). Заболеваемость других половозрастных групп составила 0,01% .

Таким образом, за исследуемый период с 2014 по 2016 годы наибольший уровень заболеваемости бруцеллезом зарегистрирован среди коров.

В целом по району в 2014 году из 23143 голов обследованного поголовья положительно реагирующих выявлено две головы, что составило 0,01%. В 2015 году из 35248 голов реагировали семь, что в процентном соотношении равнялось 0,02%. В 2016 году бруцеллез установлен у 33 голов или 0,1% от исследованных 29062 животных. Наблюдается рост заболеваемости крупного рогатого скота бруцеллезом. Уровень заболеваемости в 2016 году увеличился в 10 раз по сравнению с 2014 годом (Таблица).

Таблица Количество исследованных и больных бруцеллезом животных с 2014 по 2016 годы

Годы	Количество исследованных животных	Количество больных животных	Процент заболеваемости
2014 г.	23143	2	0,01
2015 г.	35248	7	0,02
2016 г.	29062	33	0,1

Анализ сложившейся эпизоотической ситуации в сельских округах Ескельдинского района, показывает, что эпизоотическая обстановка по бруцеллезу является неблагополучной.

Выводы

1. Процент заболеваемости крупного рогатого скота бруцеллезом в Ескельдинском районе составил: в 2014 г. - 0,01%, в 2015г. - 0,02%, в 2016г – 0,01%.
2. В целом по району уровень заболеваемости в 2016 году увеличился в 10 раз по сравнению с 2014 годом.

Предложения. Для стабилизации эпизоотической обстановки по бруцеллезу животных следует проводить следующие мероприятия:

- своевременно изолировать положительно реагирующих животных и подвергать их санитарному убою;
- проводить просветительскую работу среди населения;
- совершенствовать систему «идентификация сельскохозяйственных животных»;
- для формирования иммунного фона вакцинировать восприимчивое поголовье [3];
- все плановые противоэпизоотические и ветеринарно-санитарные мероприятия проводить в срок, руководствуясь Ветеринарным Законодательством Республики Казахстан [4].

Литература

1. Тайтубаев М.К. Что такое бруцеллез?//Ветеринария, 2009. - №3. - С.29 – 30
2. Иванов Н.П. Бруцеллез животных: методы и средства борьбы с ним. - Алматы. - 2002. - 367с.
3. Абсатиров Г. Г. Эпизоотический мониторинг и оптимизация противобруцеллезных мероприятий // Ветеринария, 2009. - № 6(10). – С. 39 – 40
4. Об утверждении ветеринарно-санитарных правил 29 августа 2015года №7-1/587.- <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011940>

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫСЫНЫҢ БОРОДУЛИХА ӨңІРІНДЕГІ ЖАБАЙЫ ТҰЯҚТЫЛАРДЫҢ АЛУАНТҮРЛІЛІГІ МЕН САНЫ**

**Аннотация:** Мақалада ШҚО Бородулиха өңіріндегі жабайы тұяқтылардың алуантүрлілігі мен санын зерттеу болып табылады және жабайы тұяқтыларды сақтау мақсатында қандай қорғау шаралары ұйымдастырылады.

**Түйін сөздер:** жабайы тұяқтылар, есеп, санақ, аңшылық алқаптар, биотехниялық шаралар

Қазақстанның фаунасын сақтау мәселесі бірнеше онжылдықтарда тек аңшылық мамандарының ғана емес, барлық жануарлар әлемі мен биологиялық әртүрлілікті бағалайтын адамдардың басты мақсаты. Жануарлардың әр түрі өзіне қолайлы ерекше өмір сүру аумағы болады. «Семей орманы» МОТР ММ Бородулиха аумағында біз қарастыратын жабайы жұптұяқтылар: бұлан, елік, қабан тіршілік етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жануарлар әлемін қазіргі кезде және болашақ ұрпақ үшін сақтау қажеттілігі туралы заң жобасы енгізілген [1].

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында жыл сайын «Семей орманы» МОТР ММ Бородулиха аумағында жоспарлы түрде жабайы жануарлардың санын сақтау және арттыру мақсатында қосымша азықтандыру, санын есепке алу, азықтық және аңдардың жасырын паналауына қажетті өсімдіктер мен бұталарды отырғызу, олардың түрлерін сақтау сияқты көптеген биотехникалық шаралар жүргізіледі.

Шығыс Қазақстанның биік таулы, жазық далалы, қарағайлы орманы және Ертіс өзені мен көптеген бұлақты аралдары – жабайы жұптұяқтылардың таралуы мен санының өсуіне өте қолайлы аудандардың бірі [2].

Жұмыстың негізгі мақсатына ШҚО Бородулиха өңіріндегі жабайы тұяқтылардың алуантүрлілігі мен санын және жабайы тұяқтыларды сақтау мақсатында бұл ауданда қандай қорғау шаралары ұйымдастырылатын зерттеу

Бұлан кәсіптік тұяқты жануар болып саналады. Оны еті, терісі және мүйіздері үшін аулайды. Резерваттың барлық территориясында кездеседі. Шоқ қайың, мүк пен қынасы мол алқаптарда бұлан жақсы таралған. Ареалы 281,0 мың га тығыздығы 10 км<sup>2</sup> – 0,5 келеді.

«Семей орманы» МОТР ММ Семей қаласының аумағындағы алқаптар, Бесқарағай филиалынан алынған мәліметтері мен өзіміз жүргізген санақ нәтижелерін қосып, 2018 жыл бойынша бұландар саны жөнінде кестеге салдық (Кесте 1). Салыстырмалы зерттеу нәтижесі бойынша аумақтар жалпы көлемі әртүрлі болғандықтан, бұлан ареалының таралу көлемі және аңшылық алқаптағы жануарлар санымен айрықшаланады.

Кесте1.«Семей орманы» МОТР 2018 (ақпан айы) жылғы мәліметтері бойынша салыстырмалы бұланның санақ нәтижесі

Аудандар атауы	Жалпы аумағы мың. га	Ареал аумағы мың. га	Есепке кіретін аумақ мың. га	Барлық белгіленген особьтар саны	Популяция тығыздығы гол/тыс.га	Барлығы
Бесқарағай	764,5	50,0	24,0	26	1,08	54
Бородулиха	402,0	35,0	16,0	19	1,4	49
Семей өңірі	2382,9	30,0	16,0	11	0,67	20
Барлығы:	3549,4	115,0	-	-	3,15	123

Салыстыру мақсатында көрсеткіштердің маңызды және көп пайдаланылатыны - бір аумаққа шаққандағы жануардың тығыздығы. Бұландардың бұл алқаптарда тығыздығының төмен болуы олардың жазық жерде, ұсақ шоқыда, далалы алқаптарда азықтану және қорғаныс жағдайларынан басқа, түрлі факторлар әсер етеді, соның ішінде қасқырлардың санының көп болуы, өрт, броконьерлер. Былтырғы жылы ғана Бородулиха ауданына бұландарды аулауға квота бөлінген.

Бесқарағай және Бородулиха аудандарында бұлан көбірек шоғырланған. Көбеюіне алқаптардағы биотехникалық шаралардың дұрыс жүргізілуі, азықтың молдығы әсер берген.

Елік «Семей орманы» МОТР ММ барлық территориясында мекен етеді. Еліктің үлкен тығыздығы ашық алаңдарда, далалы алқапта жиі кездеседі, себебі, әртүрлі шөптермен, жусан, боз тал тұқымдас жапырақты теректің өсімі сол аумақтарда мол. Сібір елігінің ареалы 434,0 мың га тығыздық 10 км<sup>2</sup> – 2,6.

Бородулиха ауданында басқа аудандардан қарағанда еліктер көп тарағанын. Негізінен мекендейтін аймағы орманшылықтың бәр аймағында, таулы және тоғайлы жазықтарда кездесе береді. Жаз айларында еліктер жалғыздан мекендейді, қыста топтасып жүреді.

Жабайы қабандардың санының өсу динамикасы жыл сайын жоғарылап келеді. Санақ мәліметтеріне қарай отырып, мегежіндердің саны аталықтардан көп екендігін байқадық, бірақ бұл жағдай жабайы қабандардың өсуіне айтарлықтай әсерін тигізе қоймайды, себебі аталықтар полигамды болып келеді, сондықтан олар күйлеу маусымында бір маусымда бірнеше мегежінмен шағылысу процесіне қатысады.

2018 жылдың көрсеткішін зерттеген соң, біз өзіміз жүргізген санақ мәліметтерін негізгі ала отырып, жабайы қабан санына салыстырмалы талдау жасап, соңғы 3 жылдың қорытындысын шығарып, Бородулиха ауданындағы жабайы қабан санындағы өзгерісті анықтадық. Соңғы 3 жылғы санақ нәтижелері бойынша жабайы қабанның саны артқанның байқадық.

Резерваттағы жабайы жұптұяқтыларды қорғау, санын сақтау және арттыру үшін мынадай биотехникалық қорғау шаралары жүргізіліп отырады және осы мақсаттағы тиімді шараларға :

- жемді дайындау (пішен, бұтақты азық, астық қалдықтары, тұз), астаулар, тұздықтар орнату;
- жабайы жануарларға жасанды суаттар орнату;
- броконьерлермен күрес жұмыстары жатады.

Сонымен қатар, фаунаны қорғаудың негізгі шараларына халық арасында бұқаралық ақпарат құралдары, агитация сияқты түсіндіру жұмыстарын топтық патрульдер ұжымы арқылы броконьерлікпен күресу болып табылады. Жануарлардың санын есепке алу жыл сайын өткізіледі, алынған мәліметтермен салыстыру жұмыстары жүргізіліп соған орай, биотехникалық және қорғау шараларын жоспарлайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ысқақов С. Қазақстанда мекендейтін аң-құстар / С.Ысқақов.- Алматы: Қазақстан, 2009.- 58-70б.
2. Данилкин А.А. Аңшылық шаруашылығындағы жабайы тұяқтылар/ А.А Данилкин (шикізат басқару негіздері) – ГЕОС, 2006. – 150-185б.

МРНТИ 68.39.15

**М.А. Байкишева**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Н.О. Коржикенова, доктор PhD, и.о. ассоциированный профессор  
кафедры «Животноводство и охотоведение»

### **ПЕРЕВАРИМОСТЬ ПИТАТЕЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ КОРМА У БЫЧКОВ ПРИ СКАРМЛИВАНИИ РАЗНЫХ РАЦИОНОВ**

В увеличении производства высококачественной говядины в настоящее время считается интенсификация выращивания молодняка бычков, увеличение их живой массы и сокращение сроков содержания и кормления животных. Одним из главных условий наиболее рационального использования кормов является сбалансированность рационов для животных по основным питательным веществам, протеину, минеральным элементам и витаминам.

Целью нашего исследования было изучение переваримости питательных веществ разных рационов у бычков, и их влияние на изменение живой массы.

Эксперимент был проведен на базе крестьянского хозяйства «Багратион» Уланского района Восточно-Казахстанской области. Данное хозяйство занимается выращиванием племенного молодняка симментальской, казахской белоголовой, красно – степной пород. Для опыта были отобраны некастрированные бычки в возрасте 6,0-6,5 месяцев, живой массой 153-154 кг, которые



были распределены на две группы. Формирование групп производили по принципу аналогов с учетом живой массы, возраста, физиологического состояния и упитанности молодняка. Содержались бычки в клетках по 14 голов в каждой группе. Общая продолжительность опыта составила 120 дней.

Первая группа животных (контрольная) получали общепринятый в хозяйстве рацион кормления. Рацион был составлен по детализированным нормам с учетом живой массы, суточного прироста и включал сено экспарцетовое, силос кукурузный, дерти пшеничной и овсяной, монокальцийфосфат и поваренную соль.

Вторая группа животных (опытная) потребляли в составе основного рациона кормовую добавку в количестве 175 г, приготовленную в условиях крестьянского хозяйства. В состав кормовой добавки входили следующие компоненты: отходы мукомольного производства – 28 процентов, дерть гороховая – 34,5, патока кормовая (свекловичная) – 13,5, цеолитовая глина – 20, кормовая добавка (Чиктоник) – 4 процента. Рационы кормления для животных подопытных групп по общей питательности были одинаковыми.

В конце опыта были проведены исследования по переваримости питательных веществ изучаемых рационов животных, по методике А.И. Овсяникова 1976 год, на трех головах из каждой группы, учет проводили по каждому животному отдельно.

Данные взвешиваний подопытных животных за период опыта показывали, что у бычков второй группы потреблявших рацион с включением кормовой добавки живая масса была на 8 кг, среднесуточный прирост на 15,1 процента выше, чем у животных первой группы потреблявших хозяйственный рацион. Затраты кормов на 1 кг прироста у бычков опытной группы составил 6,53 против 7,68 животных контрольной группы, а переваримого протеина 816 и 917 граммов соответственно.

Переваримость питательных веществ рационов у подопытных животных показала, что у животных опытной группы, получавших в составе основного рациона кормовой добавки переваримость сухого вещества была на 2,03%, а органического вещества на 2,58% выше, чем у животных контрольной группы, рацион которых традиционно применяется в хозяйстве. Коэффициент переваримости клетчатки в опытной группе составил 65,14%, что выше на 4,98% чем в контрольной группе. Переваримость жира и безазотистых экстрактивных веществ в обеих группах была практически одинакова.

#### Литература:

1. Богданов Г.А. Кормление сельскохозяйственных животных / Г.А. Богданов – М., 1990.
2. Жазылбеков Н.А. Кормление сельскохозяйственных животных и птиц и технология приготовления кормов. / Н.А.Жазылбеков, М.А. Кинеев, А.А. Тореханов, А.И. Ашанин – Алматы, 2008.
3. Калашников А.П. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных. Справочное пособие. / А.П.Калашников – М., 2003.
4. Кожебаев Б.Ж. О возможности использования нетрадиционных источников о восполнении минеральной недостаточности рационов сельскохозяйственных животных и птиц/ Б.Ж. Кожебаев, О.Д. Игликов, Н.О. Коржикенова // Вестник СГУ им.Шакарима. – 2007. - №4.

ҒТАХР 68.45.03

**А.С.Ахметжанова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: С.М. Тугамбаева

### **СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ «ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР БИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ЖЫРТҚЫШ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннотация:** Мақалада Семей қаласының «Облыстық балалар биологиялық орталығы» жағдайында өсірілетін күндізгі және түнгі жыртқыш құстардың өсуі мен даму ерекшеліктері, атап айтқанда: жыртқыш құстардың басқа құстар түрімен салыстырғандағы жыныстық жетілу, диморфизм, көбею, даму процестерінің ерекшеліктері қарастырылған.

Биоорталықта зерттеу жұмысы барысында бақылауға алынған бес құс түрі ішінде өсімталы әрі жұп құрағаны-кәдімгі үкі екені анықталды. Күндізгі және түнгі жыртқыш құстардың даму

циклдері бірдей жүретінін байқадық. Құстардың қалыпты жағдайда өсу мен дамуы үшін құрылған құстардың тәуліктік азық рационның зерттей отыра, күндізгі құстарды аптасына бес рет, ал түнгі құстарды алты рет азықтандыру режимін бақыладық.

Құстардың дамуының алғашқы сатысы көбеюге дайындық ,яғни жұп құрау кезі болды. Бұл уақыт аралығында жыртқыш құстар мінез-құлқында көптеген өзгерістер байқалады. Атап айтсақ: мазасыздану, агрессивтілік, тамақтан бас тарту. Жалпы алғанда, жыртқыш құстардың арнайы орталықта өсуі мен дамуының негізі оларға жасалатын күтімдер мен шараларға тікелей байланысты болады.

**Түйін сөздер:** жыныстық диморфизм, түлеу, көбею, жыныстық жетілу, күй ойнақ.

Құстардың өсуі мен даму циклдеріне: жыныстық диморфизм, жыныстық жетілу, күй ойнақ, түлеу процесстері жатады. Жыныстық жетілу алды жыныстық деморфизм көрініс белгісі байқалады: көлемі, реңі жағынан, әртүрлі өсінділері, қауырсындар пайда болуы. Жыртқыш құстар арасындағы жыныстық диморфизм қатты байқалмайды. Сондықтан жыртқыш құстардың жынысын анықтау көбінесе қиындықтар тудырып жатады. Ең тиімді жолы: құстың дене көлеміне қарай және қауырсындарына түсіне қарай ажыраты. Барлық жыртқыш құстардың аналықтары аталықтарынан ірілеу болады. Онда үлкен биологиялық мән жатыр. Себебі, жұмыртқа басу мен балапандарын қорғау қызметін аналықтары атқарса, аталықтары тек балапаны мен аналықтарын азықпен қамтамасыз етеді. Орталықта зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде әрбір жыртқыш құсқа жеке төлқұжат толтырылып оның жынысы міндетті түрде жазылады. Жыртқыш құстардың жыныстық жетілу кезеңі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Жыртқыш құстардың жыныстық жетілу кезеңі

Құс түрі	Жыныстық жетілу мерзімі(жаспен)
Бүркіт	4
Аққұйрықты суббүркіт	4
Дала қыраны	4
Кәдімгі жамансары	1
Кәдімгі үкі	3

Кестеде көргеніміздей, жыныстық жағынан ерте кәдімгі жамансары жетіледі. Ал қалғандары 4 жас аралығында жетіледі. Жыртқыш құстардың жыныстық жетілуінің орташа жасы-3,5-4 жас.

Біздің зерттеу бойынша, түлеудің негізгі механизмі гормондар әсерінен басталады. Оның алдында қанға қалқанша без гормондары қарқынды түсе бастайды. Ол әдетте гипофизбен жыныс бездерінің белсенділігі басылғаннан кейін жүреді. Жыртқыш құстарда түлеу басқа құстардан қарағанда өте баяу жүреді. Құстардың түлеуі және көбеюі бір-бірімен байланысты, әдетте бір-бірінсіз жүретін құбылыс. Түлей бастаған құс, қосымша жұмыртқа салуға қабілетсіз болады.

Биологиялық орталықта байқағанымыздай күндізгі жыртқыш құстардың түлеу жылына бір рет, көктемде мамыр айынан басталып, күзге дейін созылады (кесте 2).

Кесте 2. Орталықтағы құстардың түлеу мерзімі

Құс түрі	Түлеу мерзімі(ай)
Бүркіт	маусым-шілде
Аққұйрықты суббүркіт	маусым-шілде
Дала қыраны	маусым-шілде
Кәдімгі жамансары	маусым-шілде
Кәдімгі үкі	мамыр-қыркүйек

Түлеу мерзімі бір айдан төрт айға дейін созылады. Бүркіт пен дала қыранында түлеу белгілері анық байқалмайды.


Түлеу кезінде жыртқыш құстар қауырсыны түсіп, жаңа қауырсындар шыға бастайды.

Қауырсын екі түрлі қызмет атқарады: құс денесін суықтан, су өтпеуден қорғайды. Онымен бірге қанат үстін жазық етіп, құс денесінің салмағын кемітетін, ұшуға қажет сүйір форма береді.

Сондықтан құс өз формасын, көлемін өзгертіп, мүйіз текті түзілістен тұратын қауырсынындағы ауа санын реттейді. Жыртқыш құстарда денесінің тұрақты қалыпты температурасын сақтауда аса маңызды.

Жыртқыш құстардың тіршілік циклінің бірі- өмір сүру ұзақтығы. Жыртқыш құстардың өмір сүру ұзақтығына- өзара күрес, қорек мөлшері, климат, табиғатта кездесетін аурулар тікелей әсер етеді. Сол себепті де, биологиялық орталықта барлық жағдайлар жасалынып, профилактикалық шаралар, бейімдеу шаралары жүргізіліп, құстардың жағдайы тексерістен өтіп отыруына байланысты ұзағырақ өмір сүреді (диаграмма 1).

**Диаграмма 1.** Биологиялық орталықтағы жыртқыш құстардың өмір сүру ұзақтығы (жаспен)



Жоғарыдағы диаграммадан байқағанымыздай, күндізгі жыртқыш құстар табиғатта орташа 21-35 жыл өмір сүрсе, биологиялық орталықта 45 жасқа дейін, ал түнгі құстар табиғатта 17-28 жыл өмір сүрсе, орталықта 50 жасқа дейін өмір сүре алады.

«Облыстық балалар биологиялық орталығында» ұсталған жыртқыш құстардың қалыпты деңгейде өсіп-дамуы үшін арнайы өсірілетін орындары болады. Жыртқыш құстарды күн жылы уақытта далада арнайы шамамен 3x4м биіктікте салынған торларда өсіреді. Қоршалған тор ішінде әр құс түрлеріне арналған торшалар бар, әрбір торшада 3-4 құстан болады. Сыртқы торларда ұстағанда жыртқыш құстарға арнайы шөптен ұялар жасайды, ағаштардан бұталар тәрізді және арнайы дем алып отырулары үшін қондырғылар жасайды, ірі тастар қойылады. Сол себептен де олардың денесі таза, ауру жұқтыру қауіпі төнбейді және орналасу сыйымдылығы жоғарлайды.

Ал күн суыта сала құстарды арнайы павильонға ауыстырады. Павильонда құстарды арнайы астына төсеніштер қойылған жылытылған клеткаларда ұстайды. Бұл тәсілмен ұстау кезінде арнайы клеткалы батареялар (тізбегі) жасалып қораның ішіне бірден бес қабатқа дейін аралықтарынан жол қалдырылып орналастырылады. Ол үшін құстарды жекелеме, шағын топпен (2-10 басқа дейін) және ірі топпен (бірнеше ондық) ұстауға арналған цинкпен көмкерілген сымдардан клеткалар жасалып тізбектеп орналастырылады. Қалың төсеніштерде құстарды ұстау үшін әуелі құрғақ дезинфекцияланған және алдын ала қортылған хлорлы әккі ұнтағы себілген еденге қалыңдығы 15 см төсеніш салып, сонынан әр бір екі айда үстіне төсеніш материалын қосып, жалпы қалыңдығы жыл аяғына дейін 25-30 см жеткізеді. Дене көлемінің мөлшеріне қарай биологиялық орталықта бір торға 4-5 жыртқыш құстар сияды. Мінез-құлқына қарай, бір-біріне зиян келтірмейтін әр түрге жататын құстарды бір торда орналастыруға болады. Мысалы, бүркіт пен аққұйрықты суббүркітті. Ал түнгі жыртқыштар 2-3 түрден 3 торда орналасқан.

Жылдың ауыспалы мезгілдерінде салыстырмалы ылғалдықтың мөлшерін жыртқыш құстар торларының ауасында 75 пайызға дейін жоғарлатуға рұқсат етіледі. Ауа райының суық кездерінде ауаның салыстырмалы ылғалдылығын жыртқыш құстарда 40-50 пайыздан төмендемеуі керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Есжанов Б.Е., С.С. Көбегенова, С.Т. Нұртазин. Орнитология. – Алматы, «Дәуір», 2011ж. 110-150 б.
2. Беркінбай О., Есжанов Б., Ташенов Б., Құлманова Г. Қазақстан құстары мен андарының биологиясы: оқулық - Алматы: Агроуниверситет, 2010ж.- 313 б.
3. Таңатаров А.Б., Әлпейісов Ш.Ә., Дабжанова С.Т. Құс шаруашылығы: оқулық / 2-бас.- Алматы: Нур-Принт, 2011ж.- 312 б.
4. Сатиева К.Р.Құстар анатомиясы: "Аңшылықтану және аң шаруашылығы" мамандық студенттері үшін тәжірибелік сабақтарға арналған оқу құралы.- Семей, 2014ж.- 97б.
5. Жұмалиев М., Есжанов Б. Жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігі(Құстар) 3-бөлім., Алматы: «Қазақ университеті», 2008ж
6. Красная книга Республики Казахстан (Позвоночные).- Алматы, 2010.

УДК: 614.84.001.8

**Кенесбекова Іңкәр**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Б.Ж.Имамова, аға оқытушы

**САЛПЫНШАҚ ҚАЙЫҢНЫҢ (BETULA PENDULA) ЖАПЫРАҒЫНА ЕСЕП ЖҮРГІЗУ  
АРҚЫЛЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫН БАҒАЛАУ**

Қоршаған орта туралы мәліметті химиялық әдіс арқылы не болмаса биологиялық объектілердің күйін бағалау арқылы алуға болады. Тіршілік ортасының абиотикалық және биотикалық факторларын биологиялық жүйе көмегімен анықтау әдісі биоиндикация деп аталады, ал тіршілік қызметі белгілі бір орта факторларымен өзгеруі оны бағалауда қолдануға мүмкіндік беретін ағзалар немесе ағза қауымдастықтары биоиндикаторлар деп аталады.

Менің тәжірибемнің мақсаты биоиндикация әдісін қолданып Салпыншақ қайыңның (*Betula pendula*) жапырағына есеп жүргізу арқылы тірі организмдердің өмір сүру ортасында интегралды экспрессті-бағалау арқылы қоршаған ортадағы ауаның ластануын биоиндикатор қайыңның көмегімен анықтау.

Жұмыстың барысы: 2 түрлі салпыншақ қайың жапырағын зерттеу жүргізу үшін, қаламыздың әр түрлі жерінен жапырақтар алынды. №1 жапырақ Шығыс кенті саяжайынан, яғни автокөлік аз жүретін жерден алынды, №2 жапырақ Цемпоселок ауданынан автокөлік көп жүретін жерден, әрі шаңданған жерден алынды. Жапырақтарды зерттей келе оларда антропогендік толқулар әсерінен микроскопиялық ауытқулар байқалды, әсіресе №2-ші нөмерлі жапырақта жүйкелер арасында түссіздену анықталды және жапырақтың біршама бөліктері сарғайған, бұл көбіне зиянды газдардың әсері бұны хлороздық белгі деп атайды. Жапырақтың ортасында және шеттерінде некроз әсерінен 1-3мм аралығында қурап қалғандығы анықталды. Одан әрі, жапырақтарға тәжірибе жүргізілді.

*Тәжірибелік жұмысты жүргізу үшін*, курвиметр (сызғыш); циркуль-өлшеуіш; транспортир; салпыншақ қайың жапырағы қажет.

Жұмыстың барысы: бірінші, 1–4 өлшеулер, өлшеуіш-циркульмен алынады, тамырлар арасындағы бұрыштар (5-ші белгі) транспортир арқылы өлшенеді. Зерттеу нәтижелерін 1-ші кестеге енгізілді.

Өлшем белгілерін қолданып тұрақты даму бойынша мәліметтерді өңдеу Кесте 1

Үлгі нөмірі	1		2		3		4		5	
	С	О	С	О	С	О	С	О	С	О
№1 жапырақ	2,1	2,2	3,3	3,1	0,5	0,6	1,1	1,2	5,0	4,0
№2 жапырақ	2,5	2,4	4,1	4,0	0,7	0,7	1,4	1,5	6,0	5,0

Еінші, әрбір өлшемге салыстырмалы асимметриялық өлшемі есептелінді. Ол үшін сол жақ (С) және (О) оң жақ өлшемдердің арасындағы айырмашылықтардың модульін аталған өлшемдердің жиынтығына бөлінеді:  $|C-O| / |C+O|$ ;

№1 жапырақ бойынша алынған мәліметтер:

3)  $|C-O| / |C+O| = |2,1-2,2| / |2,1+2,2| = 0,02$ ; 2)  $|C-O| / |C+O| = |3,3-3,1| / |3,3+3,1| = 0,01$ ; 3)  $|C-O| / |C+O| = |0,5-0,6| / |0,5+0,6| = 0,090$ ; 4)  $|C-O| / |C+O| = |1,1-1,2| / |1,1+1,2| = 0,04$ ; 5)  $|C-O| / |C+O| = |5,0-4,0| / |5,0+4,0| = 0,1$ .

№2 жапырақ бойынша алынған мәліметтер:

1)  $|C-O|/|C+O| = |2,5-2,4|/|2,5+2,4| = 0,1/4,9 = 0,020$ ; 2)  $|C-O|/|C+O| = |4,1-4,0|/|4,1+4,0| = 0,1/8,1 = 0,012$ ; 3)  $|C-O|/|C+O| = |0,8-0,7|/|0,8+0,7| = 0,1/1,5 = 0,066$ ; 4)  $|C-O|/|C+O| = |1,4-1,5|/|1,4+1,5| = 0,1/2,9 = 0,034$ ; 5)  $|C-O|/|C+O| = |6,0-5,0|/|6,0+5,0| = 1,0/11,0 = 0,090$ .

Алынған әліметтер 2-ші кестеге енгіземіз.

Одан кейін, әрбір жапыраққа ассиметрияның көрсеткіші есептелінеді. Салыстырмалы ассиметриялық өлшемдерінің барлық мәндерін жиынтықтап, барлық белгілердің санына бөледі. Жұмыстың соңғы кезеңде дамудың интегралды көрсеткіші орташа салыстырмалы өлшемдерінің екі жақ бөліктерінің арасындағы айырмашылықтары есптеледі. Ол үшін ассиметрияның орташа арифметикалық өлшемі сұрыпталған жапырақтар үшін есептелінеді. Бұл өлшем үтірден кейінгі үш бірлікке дейін дөңгелектеніп алынады.

Дамудың тұрақты көрсеткішін есептеу үшін қажетті көмекші кесте

Кесте 2

1 Нұсқа	Белгі нөмірі					Жапырақтың ассиметриялық мөлшері
	1	2	3	4	5	
1	0,020	0,01	0,09	0,04	0,11	0,27
2	0,030	0,027	0,1	0,01	0,050	0,217
3	0,022	0,010	0,034	0,02	0,01	0,096
4	0,010	0,98	0,070	0,030	0,090	0,18
5	0,020	0,043	0,012	0,2	0,1	0,375
6	0,020	0,016	0,03	0,027	0,034	0,127
7	0,015	0,03	0,15	0,050	0,010	0,255
<b>Өндірілген ассиметрия өлшемі</b>						<b>x = 0,433</b>

2-ші нұсқа бойынша, жапырақтарға дәл осындай есептеулер жүргізілді, нәтижесінде өндірілген ассиметрияның өлшемі:  $X=0,05205714$  тең болды.

Үшінші, атмосфералық ауаның сапасын 3-ші кестедегі көрсеткішке сәйкестігін анықтау.

Организмнің жағдайының ауытқуы салпыншақ қайың үшін (*Betula pendula*) мөлшерлік жағдайы бес балдық бағалау ауқымы интегралдық өлшем бойынша тұрақты даму көрсеткіші Кесте 3

Балл	Тұрақты дамудың өлшемінің көрсеткіші
I	<0,040
II	0,040 - 0,044
III	0,045 - 0,049
IV	0,050 - 0,054
V	> 0,054

I – таза; II – салыстырмалы таза («шамалы»); III – кірленген («үрейлі»); IV – ластанған («қауіпті»); V – өте лас («зиян»).

Қорытынды жасай келе салпыншақ қайыңды биоиндикатор ретінде зерттеу барысында қайың жапырақтарының сыртқы түріне зақымдану деңгейіне байланысты, ауаның ластану деңгейлері анықталды. 3-ші кесте бойынша №1 жапырақтың зақымдану деңгейі II балл, яғни салыстырмалы таза, ал №2 жапырақтың зақымдану деңгейі IV балға тең болды, демек ластанған (қауіпті). Тұжырымдай келе, №2 Цемпоселок ауданының ауасы қауіпті ластанған деген қорытындаға келдім.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Биологический контроль окружающей среды: биоиндикация и биотестирование: учеб. пособие / под ред. О.П. Мелеховой, Е.И. Егоровой. - М.: Академия, 2007.- 288 с.
2. Ляшенко О.А. Биоиндикация и биотестирование в охране окружающей среды: учеб. пособие. – СПб, 2012. – 67 с.
3. Карташев А.Г. Биоиндикация экологического состояния окружающей среды. – Томск: Изд-во «Водолей», 1999. – 192 с.
4. Мамирова Г.Н. Биоиндикация геоаномалий в экосистеме: Автореф. дис.... канд. биолог. наук / Казах. национал ун-т им. аль-Фараби.- Алматы, 2010.- 18 с.

УДК: 614.84.001.8

### **Нұрмағамбет Ұлан**

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Ғылыми жетекшісі: Р.А.Смагулова, Семей қ. физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебінің физика пәнінің мұғалімі

## **НАНОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Нанотехнология – кеңістіктің нанометрлік аймағындағы жеке атомдарға, молекулаларға, молекулалық жүйелерге әсер ету арқылы жаңа физика-химиялық қасиеттері бар молекулалар, нанокұрылымдар, нанокұрылығлар мен материалдар алу мүмкіндіктерін зерттейтін қолданбалы ғылым.

Нанокұрылығлармен жүйелерді дамытудағы прогресс микроэлектрониканың электроникада жасаған революциясымен тең дәрежеде тұра алады. Нанотехнологияға көшу жаңа физикалық әсерлерді қолданумен байланысты. Осылайша, тәжірбие жүргізгенде – әртүрлі құрылығлардың маңызды құрамдас бөлігі – өздігінен ұйымдастырылатын процестер (алюминий тотығы негізінде көміртекті нанотрубкалар, кеуекті мембраналар) қолданылады. Бұл құрылығларды қолдану – өнімділік пен сенімділікті жоғарылатуға мүмкіндік береді, себебі ең кіші өлшем өзгерістері параметрлердің экспоненттермен күшті өзгеруіне әкеледі.

Бүгінгі таңда өрт сынды адам денсаулығына қауіп тудыратын апаттар жиі кездеседі, сол себепті жаңа сапалы материалдарды жасау қажеттілігі туындайды, қазіргі заманғы құрылыстық материалдарды пайдалану, әдетте, беріктіктің, қауіпсіздіктің төмендігімен сипатталады. Осыған орай нанотехнология арқылы икемділі жоғары, беріктігі мен қауіпсіздігін біріктіретін материалдардың жаңа түрлерін жасауға мүмкіндік береді.

Менің тәжірбиемнің мақсаты күштілігі жоғары, тозуға төзімді және өрт қауіпінен сақталатын материалдар жасау арқылы құрылыстағы ұтымдылықты арттыру. Яғни, нанотехнология арқасында алынатын арнайы спрей арқылы құрылыс материалдарын өңдеу. Бұл тәжірбиеде спрей құрамындағы фосфат химиялық процестер арқылы көмірсулармен әрекеттесіп, материалдарды өрттен қорғап тек көміртектендіреді. Азоттық қосылыстардың арқасында бұл жерде азот газы пайда болады, ал ол жанбайтын элемент болып келеді. Содан соң пайда болған азот, оттегіні қорғау арқылы оттың туындауынан сақтайды.

Бұл тәжірбиені дәлелдеу үшін, біз мектеп қабырғасында наноматериалдар мен кәдімгі қағазды қолдандық. Қағаздың тез жанатындығы барлығымызға мәлім, сол себепті қағазды өңдеу арқылы нанотехнологияның ұтымдылығы және пайдаланудағы қауіпсіздігі айқын көрінеді.

Нанотехнологияның жетістіктерінің қазіргі өмірімізде алған орын зор. Атап айтқанда наноматериалдар оларды алу тәсілдері, денелерді наноқабатпен өңдеу оның беріктігін арттыруға көмектеседі, сонымен қатар құрылыс материалдарының төзімділігі және сапалы өндеуде алатын орны ерекше болып тұр. Келешектеде нанотехнологияның көмегімен нанокұрылымдардың оң және теріс әсерлерін зерттеу отырып, оны келешектегі қолданылысында қауіпсіздігін арттыратын жұмыстарға басты назарда болуы тиіс.

Нанотехнологияның жетістіктерінің осындай табыстылығына қарамастан оның қолданысы адам өміріне қауіпсіз және қоршаған ортаға залалсыз болуына көңіл аударылғаны жөн. Сол себепті осы тақырып бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірін шешуде өз үлесін тигізеді деп үміттенемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нанотехнология негіздері : Оқу құралы. / Н.А. Шамельханова, С.Б. Айдарова, А.М. Ускенбаева. - Алматы: Раритет, 2014. - 100 б. - ISBN 978-601-250-238-1.
2. Нанотехнология және наноматериалдар : Оқулық. /Султамурат, Г.И., Каракеева, Г.Е./ - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013.
3. Нанотехнология: физико-химия нанокластеров, наноструктур и наноматериалов. - /Суздаев, И.П./М.: КомКнига, 2015. - 592 с.
4. Нанотехнология в ближайшем десятилетии : Прогноз направления исследований: Пер. с англ.. / Дж. Уайтсайдс, Д. Эйглер, Р.Андерс. - М.: Мир - 292 с.

УДК: 504.3.054:616.24-002.5(574.42-2С)

**Кураков Тимур**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Л.В.Скрипникова, кандидат технических наук

### **КОРРЕЛЯЦИОННЫЕ СВЯЗИ ЗАБОЛЕВАНИЯ ТУБЕРКУЛЕЗ ОРГАНОВ ДЫХАНИЯ ИЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА В Г. СЕМЕЙ**

*Сохранение здоровья нации – самая благородная задача.  
Здоровье является одной из главных ценностей,  
как отдельного человека, так и общества в целом.  
Президент РКН.А. Назарбаев*

Изучение здоровья человека - важный раздел экологии, рассматривающий связи и зависимость здоровья и его нарушений от факторов окружающей среды.


В настоящее время отмечается тенденция к росту числа заболеваний органов дыхания в общей структуре заболеваемости, в связи с состоянием экологии.

Все медики мира надеялись войти в XXI век, победив палочку Коха, но она не сдаётся.

Загрязнение атмосферного воздуха резко ухудшает санитарные условия жизни населения. В результате этого возникает высокая опасность возникновения заболеваний легких или обострение хронических форм различной легочной патологии, в т. ч. повышенный риск заболеваемости туберкулезом.



### Количество заболевших туберкулезом органов дыхания в г.Семей



Коэффициент корреляции =0,891627. Вывод: положительная корреляция.

Исходя из данных эпидемиологического показателя взятых в статистическом отделе РГП на ПХВ «Региональный противотуберкулезный диспансер г.Семей» были выявлены участки наибольшей концентрации заболевших туберкулезом органов дыхания в 2016г.:

- Район ТОО «Семипалатинский кожевенно-меховой комбинат». (поликлиника №4)
- Район ТОО «Семей-Шпалопропиточный завод» (поликлиника №3)
- Район цементного поселка. (КДП №3)
- Район ж\д вокзала. (ПСТ №6)

Планируемое продолжение исследовательской работы:

1. Отбор проб атмосферного воздуха в выше описанных районах.
2. Проведение анализа проб методами масс-спектрометрии.
3. Расчет корреляционных связей заболевания туберкулез органов дыхания и результатов анализа из пункта 2.

Рекомендации населению:

- Отказаться от курения и других вредных привычек;
- Выбирать место жительства ближе к парковой зоне;
- Создавать их в городе, т.к. в настоящее время в городе ведется вырубка старых деревьев, а посадки новых нет;
- Ограничить использование ядохимикатов и неорганических удобрений в сельском хозяйстве;
- Своевременно выявлять и лечить аллергические заболевания;
- Повышать свою экологическую грамотность.
- При планировании противотуберкулезной помощи населению и создании нормативно-инструктивной базы следует тщательно оценивать особенности эпидемического процесса и социально-экологические условия различных зон в пределах города.

### Литературы

1. stat.gov.kz
2. С.А. Миронова. Загрязнение среды как один из факторов развития туберкулеза органов дыхания. Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Самара. 2011.
3. Дорошенкова А.Е. 5-й Национальный конгресс по болезням органов дыхания. М.1995.№14
4. Соколов В.А. Голубев Д.Н. Никонов Б.И. и др. Влияние антропогенного загрязнения атмосферного воздуха на туберкулез//Тез. Доклад. 4-го съезда науч-мед. ассоц. фтизиатров. Йошкар-Ола 1999.
5. Эпидемиологические показатели за 2016г. по г.Семей.



**А. Агатанова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Е.К.Боярченко кандидат ветеринарных наук, доцент

## **НЕСТЕРОИДНЫЕ ПРОТИВОВОСПАЛИТЕЛЬНЫЕ СРЕДСТВА**

НПВС — группа веществ, воздействующих на патогенез воспалительного процесса, оказывающих обезболивающий, жаропонижающий, противоотечный эффект, и прекращающих реакции воспаления в целом, что приводит к запуску восстановительных механизмов поражённого органа или ткани. Популярность НПВС объясняется тем, что они приносят больным животным облегчение с симптомами (воспаление, боль, лихорадка), возникающими при многих заболеваниях.

За последние годы арсенал НПВС значительно пополнился новыми препаратами, разработка которых направлена на создание НПВС, сочетающих высокую эффективность с хорошей переносимостью. 30 миллионов ветеринарных врачей в мире регулярно принимают НПВС. На сегодняшний день огромную роль играют НПВС при заболеваниях опорно-двигательной системы.

По мнению председателя ветеринарного общества, а также являющегося членом Всемирной ветеринарной ассоциации мелких домашних животных Сотникова Владимира Валерьевича появление селективных нестероидных противовоспалительных препаратов значительно расширяет спектр применения НПВС, уменьшает побочные эффекты от их применения. Тема использования неселективных НПВС в ветеринарной медицине, особенно диклофенака, заслуживает отдельного рассмотрения, так как очень велико количество погибших животных от однократного или двукратного применения данного препарата, особенно в инъекционной форме. На сегодняшний день при доступности селективных нестероидных противовоспалительных препаратов использование этого препарата недопустимо.

Современное состояние и направления в применении НПВС для лечения остеоартритов у собак.

В результате травмы у животного развивается заболевание сустава или околосуставных тканей, и, как защитная реакция организма, возникает физиологическая боль. В ответ на боль происходит спазм сосудов, в результате ухудшается питание сустава. Длительно существующая боль из физиологической переходит в патологическую, что еще более усиливает спазм сосудов и нарушает нормальное кровообращение сустава и околосуставных тканей. Начинаются дегенеративные изменения в суставном хряще, снижается его амортизационная способность.

Важно также учитывать, что с возрастом этот процесс происходит на фоне естественного старения хряща, который теряет способность удерживать воду, вследствие чего возникает поражение синовиальной оболочки (синовит, склероз), растягивается суставная сумка, усиливается болевой синдром и происходит нарушение конгруэнтности суставных поверхностей. Это в свою очередь вызывает неравномерность нагрузки на суставной хрящ, а вследствие избыточной нагрузки костная ткань суставных концов костей изменяется — отшлифовывается, уплотняется (субхондральный склероз); повреждаются сосуды.

Таким образом, мы видим, что боль является одним из основных патогенетических факторов, влияющих на развитие дегенеративных изменений в суставе. Уменьшение использования конечности, согласно закону Вольфа, приводит к ее атрофии и к невозможности дальнейшего восстановления.

По словам Сотникова в его практике за год насчитывалось 200 операций при заболеваниях опорно-двигательного аппарата у животных различных пород в возрасте 5-12 месяцев. Отсутствие симптомов наблюдалось уже через 1-2 недели благодаря артроскопии. На сегодняшний день внедрено использование артроскопии, что обеспечивает полное лечение о заболеваниях сустава. В его диагностику входят: диагностика внутренних структур сустава, то есть состояние суставных поверхностей, фрагментации в суставе, контроль эффективности лечения травм и заболеваний сустава, экспертная оценка состояния сустава. Достаточно сказать, что до 80% информации о состоянии сустава можно получить только с помощью этого метода, например некоторые виды дисплазии локтевого сустава, без этого метода диагностировать невозможно.

Я думаю нестероидные противовоспалительные препараты принесут большой успех в ветеринарии. Если же правильно использовать НПВС и грамотного выбора действующего вещества следует детально понимать механизм действия и принадлежность действующего вещества к той или иной группе.

#### Литература:

1. Николаев, А.Н. Нестероидные противовоспалительные препараты эффективность и безопасность / А.Н. Николаев // РМЖ. – 2001.
2. Насонов, Е.Л. Применение нестероидных противовоспалительных препаратов в медицине в начале 21 века / Е.Л. Насонов // Российский – 2003. - №11. - С. 375-378
3. Бузлама, В.С. Механизм действия нестероидных препаратов, В.Н. Долгополов, А.В. Сафонов. - М.,2006. – С.24-35.

УДК: 502.5:614.87(574.4)

**А. Жумабеков, Г. Атаканова, Т. Жангелдина, К. Исакова**  
Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Н.Т.Кусайынова, кандидат ветеринарных наук

### **АНАЛИЗ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЙ ГИДРОЛОГИЧЕСКИХ ОПАСНЫХ ЯВЛЕНИЙ ПО ВОСТОЧНО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ОРГАНИЗАЦИЯ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ЛИКВИДАЦИИ**

Одной из самых страшных опасностей, создающих угрозу жизни и здоровью человека с начала цивилизации, являются стихийные бедствия, вызванные явлениями природы. Природные катастрофы наносят колоссальный ущерб, в результате которого гибнут люди, флора, фауна, уничтожаются жилища, сооружения, коммуникации и источники питания.

В последние годы в Восточно – Казахстанской области чрезвычайные ситуации природного происхождения имеют тенденцию к росту. Почти регулярными становятся наводнения, нередко половодья, паводки, заторы и зажоры.

Территория области богата водными ресурсами, здесь протекает более 800 рек, общая протяженность которых составляет свыше 10 тыс. км. Густота речной сети в Восточном Казахстане выше, чем в целом по республике. Главной водной артерией является река Иртыш с многоводными притоками (длина 4248 км, в пределах области – 1311 км) – горными реками Ульба, Уба, Каракаба, Кальджир, Курчум, Нарым, Бухтарма и другими. В области находятся крупные озера Зайсан, Маркаколь, Алаколь, Сасыкколь. Кроме того, имеется большое количество мелких озер.

На Иртыше сооружены Бухтарминская, Усть - Каменогорская и Шульбинская ГЭС с водохранилищами с возможным максимальным объемом, которые образуют Иртышский каскад ГЭС.

В весенние месяцы за счет быстрого таяния снежного покрова возможны зоны подтопления, селевые потоки и оползни. При разливе рек возможны подтопления сел, расположенных вблизи пойм рек: Иртыш, Бухтарма, Уба, Ульба, Громотуха, Нарым, Тургусун, Хамир, Белая Берель, Большая Буконь, Курчум, Кальджир и Урджар с притоком Егинсу.

В зону возможного затопления и подтопления в ВКО попадают 157 населенных пункта области, с численностью населения 82,444 тыс. человек.

Ежегодно в весеннее время в области возможными зонами затопления тальми и паводковыми водами являются: г. Усть - Каменогорск, г. Семей, г. Аягуз, Зыряновский, Глубоковский, Шемонаихинский и др. районы.



Рисунок 1. Паводки 2018 года в ВКО

Стихийные бедствия являются трагедией для любого государства и, особенно, для тех районов, где они возникают. В результате стихийных бедствий страдает экономика страны, так как при этом разрушаются производственные предприятия и жилые дома, уничтожаются материальные ценности, гибнут люди. Кроме того, стихийные бедствия создают неблагоприятные условия для жизни населения, что может быть причиной вспышек массовых инфекционных заболеваний. Количество пострадавших от стихийных бедствий людей может быть весьма значительным, а характер поражений очень разнообразным.

#### Литература:

1. Сайт Агентства по статистике Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
2. Сайт Комитета по чрезвычайным ситуациям МВД Республики Казахстан // [www.emercom.kz](http://www.emercom.kz)
3. «Банк данных учета дорожно - транспортных происшествий и лиц, в них пострадавших» Министерства внутренних дел Республики Казахстан.
4. Брушлинский Н.Н., Соколов С.В., Клепко Е.А., Белов В.А., Иванова О.В., Попков С.Ю. Основы теории пожарных рисков и ее приложения. Академия ГПС МЧС России, Москва, 2012 г. –28 с.
5. Закон Республики Казахстан. О гражданской защите: от 11 апреля 2014 года, No 188-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10 января 2015 года)// СПС «Параграф».

УДК: 637.12.04.07

**Л.Ч. Сартаева**

Государственный Университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: З.К.Қорабаев

### **СОДЕРЖАНИЕ ЖИРА В КОРОВЬЕМ МОЛОКЕ**

Исследуемая тема рассматривалась в крестьянском хозяйстве «Айша» (КХ «Айша»). Данное хозяйство находится в Восточно-Казахстанском регионе, город Семей, улица Широкая 127. Хозяйство делится на две части: молочный цех (который находится в самом городе), молочно-товарная ферма (где содержат скот и откуда доставляется молоко в цех).

Молочно-товарная ферма находится в двадцати километрах от города, в Бескарагайском районе, Глуховский сельский округ, село Стеглянка, улица Новостройка 16. Общая площадь фермы составляет 2400 га земельного участка (не учитывая пастбище). Общая площадь выгона 1000 га, из них 500 га пастбище, 500 га сенокос. В молочно-товарной ферме (МТФ) находится 370 голов красно-степных племенных коров. Из них 250 дойные, один бык, 64 стельных коров, 43 телят.

На сегодняшний день существуют очень много видов жирности молока. В магазинских прилавках мы можем увидеть молоко от 1% до 6% . Нормальный показатель жирности соответствует 3,4%, обычно такой процент естественного жира имеется сразу после удоя. Коровы К/Х «Калиханулы» породы красной степной дают молоко 4,1% жирности. Молоко доится и собирается аппаратом, после сбора молоко отправляется в молочный цех. В молочном цеху молоко берется на анализ 100 мл определяем жирность и качество. Жирность молока определяем двумя способами физико-химический и спомощью аппарата лактомер. На сегодняшний день мы используем лактомер. Позже молоко процеживается, охлаждается и нагревается до 30 ° и идет на процесс сепараций. Молоко сепарируется с помощью сепаратора. Следом молоко нормализуется, это значит мы достигаем желаемой жирности молока. Молоко нормализуется с учетом специальной формулы, например что бы получить молоко жирностью 2,5% нужно добавить 600 л. обрата на 1 тонну цельного молока 4,1%. Так же был проведен опрос жителей города, влияет ли жирность молока при выборе. Результаты были таковы: 60%- опрошенных выбирают молоко 3,2%, 20%- 6%, остальные были равнодушны.

Оптимальная жирность коровьего молока (цельного) составляет 3,4%.Спрос молока в зависимости от жирности составляет – 3,2%. Это означает что молоко жирностью 3,2% имеет большой спрос в потребительском рынке.В крестьянском хозяйстве «Калиханулы» коровы породы красной степной дают цельное молоко жирностью 4,1%. Позже оно нормализует в молочном цехе до

2,5 и 3,2%. Жирность цельного молока зависит от породы, кормления и ухода. Определить жирность молока мы можем с помощью физико-химического способа и специальных аппаратов.

#### Список литературы:

1. Егоров В.И., Шекенов Е.Ш.; Технология переработки животноводческих продуктов и сырья. Учебное пособие-практикум. Астана, Казахский государственный агротехнический университет им. С. Сейфуллина, 2006 г.
2. Солдатов А.П., Башкиров В.А., Игнатенко Г.Г. Скотоводство. Москва «Колос», 1982.

ӘОЖ 619:614.31:637.54

**А.А.Тусупбекова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.С.Койгельдина, в.ғ.к., қау.проф қ.а.

### **ҰРЖАР АУДАНЫ БОЙЫНША АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ**

*Аңдатпа:* Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы бойынша ара шаруашылығының дамуы жайлы мәліметтер жиналып, жазылған. Бұл зерттеу әдістерінің қалай жүргізу туралы қысқаша түсініктеме және зерттеу нәтижелері келтіріліп, қорытынды жасалынды.

*Кілт сөздер:* Инвестиция, экономикалық тиімділік, экспорттау.

#### **Кіріспе**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауындағы ауыл шаруашылығын дамыту бойынша қойған міндеттері Қазақстандағы омарташылықтың дамуына тікелей тәуелді. Өйткені, омарташылық қазақстанның аграрлық секторының бір бөлігі ретінде экспортта зор мүмкіншіліктері және инновациялар енгізуге жоғары потенциалы бар. Елімізде бал өндіруге және оның шет елдерге шығаруға мүмкіндіктер көп. Алдағы 10 жылда Қазақстан бал өндіретін 10 ірі елдің қатарына, ал 2030 жылы дүниежүзінде бал өндіруші елдердің көшбасшысы болатынына сенімдіміз. Ара шаруашылығы, яғни омарта шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы жақсы кәсіпкерліктің бір түрі. Ауыл шаруашылығындағы ара өсіріп, бал жинаумен айналысатын саланың бір түрі. Бұл шаруашылықта араның пайдасы өте зор. Араның балы, сүті адам денсаулығына өте пайдалы [1].

Шет мемлекеттерге де өнімін шығаруға болады. Балда түрлі ауруларға қарсы тұратын дәрумендер көп. Адам ағзасына пайдалы, қан аздықты жояды, ағзаны тазалайды. Тіпті маска да жасап парфюмериялық косметика ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар балмен массаж жасап денедегі тұзды алып тастап, хандроз ауруын емдеуге де болады [2].

#### **Зерттеу жұмысының мақсаты**

ШҚО, Ұржар ауданы бойынша ара шаруашылығының дамуын анықтауға негізделген.

Мақсатқа жету барысында келесі міндеттер қойылды:

- Ұржар ауданының әкімшілігінен ара шаруашылықтары бойынша мәліметтер жинау;
- Ара шаруашылықтарындағы омарталарға қойылатын талаптар;

#### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Ғылыми жұмыс ШҚО, Ұржар ауданы, «Қуаныш» базары, ветеринариялық – санитариялық сараптау бөлімінде және Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Аграрлық факультеті, «Ветеринариялық санитария» кафедрасында жүргізілді.

Ұржар ауданында омарташылықпен 4729 бал арасының ұяшығын ұстайтын, барлығы, 130 шаруашылық айналысады, олардың ішіндегі 15 шаруашылықтың экспорттаушы дәрежесі бар. Бес шаруашылық базалық (тұқымдық) болып есептеледі, онда 1770 асыл тұқымды бал арасы бар. Жыл сайын жалпы бал өнімін өндіру көлемі орта есеппен 189 тоннаны құрайды. Ауданның балды экспортқа шығару потенциалы – жылына 120 тонна. Бұл жерде балдың жалпы 28 түрі өндіріледі. Негізгі сорттары – алуан шөпті және таулы алуан шөпті. Аудан шетел инвесторлары үшінде тартымды болып отыр. Оған тек бал өнімі ғана себеп болып отырған жоқ. Себебі, осы жылы 30 тонна ет шығаратын құс фабрикасын салу жоспарланып отыр [3].

Инвестициялық жобаның құны-шамамен 45 млрд. «Қазір құрылыспен айналысуға Қытай, Польша, Украина инвесторлары қызығушылық танытып отыр. Кейбіреуі өтініште беріп қойған. Жер берілген. Біз құс фабрикасы құрылысын салуға 200 гектар жер ұсындық. Жеммен қамтамасыз ету үшін 40 мың га шамасында суармалы және қолдан суарылатын егістік қажет. Бірақ бұл мәселе әлі

шешілген жоқ. Әзірге инвесторлармен келіссөздер жүргізудеміз. Кімге құрылыс салуды ұсынатынымыз облыс әкімдігі жанындағы үйлестіру кеңесінде шешілетін болады», - деп аудан басшысы Серік Зайнулдин атап кетті. Сөз барысында айта кетсек, қазақстандықтар жыл сайын 240 мың тонна құс етін пайдаланады. Оның 140 мың тоннасын жергілікті өндірушілер өндіреді [4].

### **Зерттеу нәтижелері**

Жоғарыда айтылып өткендей Үржар ауданы бойынша 130 ара шаруашылығы бар. Соның ішінде Қытай мемлекетіне 15 шаруашылықтың экспорттаушы дәрежесі бар. Атап айтсақ:

- 1.«Дарый Үрджар» шаруа қожалығы
- 2.«Абжетов» жеке кәсіпкер
- 3.«Тайбуга» Ақылбеков Мурат шаруа қожалығы
- 4.«Адықбаева» жеке кәсіпкер
- 5.«Алтын бал» Баянов Ш.Қ. шаруа қожалығы
- 6.«Борангазова» жеке кәсіпкер
- 7.«Александр» Гужевой Александр шаруа қожалығы
- 8.«Владик» Жучок Анатолий шаруа қожалығы
- 9.Кравченко К. Х. Жеке кәсіпкер
- 10.«Нектар» Рыбалкин Андрей Иванович шаруа қожалығы
- 11.«Елдос» Турлина шаруа қожалығы
12. «Медовый рай» Тырышкин Виталий шаруа қожалығы
- 13.«Абылай» Хрулев Николай Васильевич шаруа қожалығы
- 14.«Медовый спас» Чуленков Сергей Николаевич шаруа қожалығы
15. «Юра» Темка Иван Васильевич шаруа қожалығы.

ШҚО Үржар ауданынан шығарылатын бал қазірдің өзінде Қытай нарығында сұранысқа ие. Мұның барлығы 2014 жылы ШҚО қалалары мен аудандары өкілдерінің ҚХР Чугучак қаласында ұйымдастырған жәрмеңкесінде 5 тонна Үржарлық балдың сатылып кетуінен басталды. «Қытай балдары нашар. Ол туралы «аспан асты елінің» бизнесмендерінің өздері айтқан еді. Сол себепті, олар біздің балды сатып алуға қызығушылық танытқан.

### *Ара шаруашылықтарындағы омарталарға қойылатын талаптар*

Омарталар – құрғақ, жылы, жақсы тазартылатын, оңай желдетілетін, араларды қыста сақтап қалуға қолайлы. Омартаның ішіндегі рамкалардың арасы 7,5-8мм, рамканың қалыңдығы 25мм. Омартаны жасайтын ағаш қайыңнан, шыршадан, майқарағайдан, самырсыннан, көктеректен жасалады. Ағаштың ылғалдылығы 15% - дан жоғары болмау керек. Әр омартаның корпусының қабырғасын 2 немесе 3 тақтадан жасайды. Омартаның сыртын олифамен домдап, 2 қабат ақ, сары немесе көкшіл қызыл түске бояйды. Омартаның төбесін металлмен жабады.

**Омартаның құрылысы.** Омартаның негізгі бөліктері: бір немесе бірнеше корпус, төбедегі тақтай, шатыр, түбі, жабысқан тақтай, алып салынатын тақтай, ұялы және магазиндік рамкалар.

**Корпус** – омарта қораптың пішіні тәріздес, төрт жағынан тақтаймен қоршаған. Оның ішінде аралардың жанұяларының орналастыратын ұяшықтар болады. Омартаның конструкциясына байланысты корпусты 10-нан – 20-ға дейін ұялы рамкалар болады. Корпустың алдыңғы қабырғасы араның жүісіне арналған жол.

Көп корпусты омарталарда араларды күтіп бағу оңайға түседі, олардың ұяларын бұзбай кеңейте алады. Омарташы жалғыз немесе көмекшісімен көп ара жанұяларын күте алады. Омарталардан араларды көп корпусқа көктемнің бірінші жартысында көшіреді. Бұл кезде омарталарда рамкалардың ішінде төлдеу аз болады, сондықтан ол маңызды болып есептелмейді. Жазғы мезгілде төлдеу әрбір ұяда болады, оның көлемін кішірейткеннен төлдеудің бір бөлігі өлімге ұшырайды, сондықтан аралардың жанұяларының күші азайып, әлсізденеді.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижесі бойынша, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы бойынша ара шаруашылықтарының қарқынды дамып келе жатқандығын көріп отырмыз. Осыған орай алдағы уақытта ара шаруашылығын одан әрі дамыта түсіп, үлкен еңбектер жүргізілуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Махатов Б.М., Әкімбеков Б.Р., Нурадиль Г.Н. Ара шаруашылығы: Оқулық /. – Алматы: НУР-Принт, 2012.– 348 б.
2. Бусмистров А.Н., Никитина В.А. Медоносные растения и их пыльца: Учебник / А.Н. Бумистров, В.А. Никитина // Росагропромиздат, 2000. - 324 б.
3. Харчук Ю. Мед и продукты пчеловодства / Ю. Харчук. - Феникс, 2007. – 318 с.

4. Барышников С.И. Пчелка. Учебник / С.И. Барышников // – Алматы: Қайнар, 2009. – 135 б.
5. Төлеуғали Т. Мал дәрігерлік-санитарлық сараптау және мал шаруаылығы өнімдерінің технологиясы мен стандарттау негіздері. Оқулық / Т. Төлеуғали // - Алматы: Бастау, 2007. – 329 б.

ӘОЖ 619:614.31:637.54

**Н.Т.Мырзабекова**

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.С. Койгельдинова, в.ғ.к., қау.проф қ.а.

## **СЕМЕЙ ЕТ КОМБИНАТЫ ЖШС-ДЕ ӨНДІРЕЛТІН ШҰЖЫҚТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР**

*Аңдатпа:* Бұл мақалада Семей ет комбинаты ЖШС-де өндірілетін шұжықтарға қойылатын ветеринариялық гигиеналық талаптар туралы жазылған. Зерттеу әдістерінің қалай жүргізу туралы қысқаша түсініктеме және зерттеу нәтижелері келтіріліп, қорытынды жасалынды.

*Кілт сөздер:* Семей ет комбинаты, шұжық, ветеринариялық-санитариялық гигиеналық талаптар.

### **Кіріспе**

Қазіргі кезеңде ет өнімін өндіру өндірістерінде технологиялық қайта жабдықталу шаралары, өндірістік процесстерді түгелдей механикаландыру және автоматтандыру, әртүрлі өнімдерді қайталап өңдеуде үздіксіз-тұрақты линиялар құру, мини цехтарды көптеп ашу жоғары деңгейде жүргізілуде. Адамзаттың тамақтануында ет өнімдерінің сапалылығы өз бетімен өзекті мәселе бола тұра, оның өндірістегі техникалық санитарлық-гигиеналық ережесімен тығыз байланысты екенін естен шығармау керек.

Ет өнімдері үлкен сұранысқа ие, соның ішінде шұжық өнімдері ерекше орын алады. Бұл шұжық өнімдерін өндіретін шағын цехтардың керектігін аңғартады. Бірақ та елімізде шұжық өндірісі дайын шұжық өнімдерімен толық қамтымайды. Экономикалық тұрғыдан қарастырсақ тек ғана шұжық өнімдері емес, басқа да тамақ өнімдері әлі де шет мемлекеттерден әкелуде. Бұл өзімізде тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорынның аз, әлі де болса қажет екендігін көрсетеді.

Халықаралық ұйымдардың айтуынша, Қазақстан әлемнің етті ең көп тұтынып отырған 117 елінің арасында 48-ші орынды иеленіп отыр. Бір жылда орта деңгейлі қазақстандық жылда 65 кг ет, шұжық және жартылай дайын өнімдерді тұтынады екен.

Шұжық өнімдері осы өнім түріне қойылатын барлық талаптарға сай болу керек. Осы өндіріс орындарына сапасыз және ветеринарлық-санитарлық тұрғыдан адамзат денсаулығына қауіпті еттерді жібермеу алға қойылатын негізгі мақсаттың бірі болу қажет.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** Шұжық өнімдерін жасайтын өндіріс орындарында гигиеналық талаптардың дұрыс сақталмауынан және де сапасыз, арзан шикізат қолданғаннан, әртүрлі қоспалар қосқаннан қазіргі таңдағы шұжық өнімдерінің де сапасы төмен. Дайын өнімнің сапасы шикізатпен және технологиялық процесспен анықталады, яғни сапасыз шикізатты қолданғанда және технологиялық процесстер бұзылғанда төмен сапалы өнім алынады, кейін бұл өнім тұтынушылардың сұранысына ие болмайды және өндірісті шығынға ұшыратады.

**Жұмыстың негізгі мақсаты:** Семей ет комбинаты ЖШС-де өндірілетін шұжықтарға қойылатын ветеринариялық гигиеналық талаптар және сапасын бағалау болып табылады.

Жұмыстың мақсатына жету үшін алдымызға төмендегідей міндет қойылды:

- «Семей ет комбинаты» ЖШС-де және ғимараттарға, құрал-жабдықтарға және ыдыстарға қойылатын талаптардың орындалу жағдайын, шұжықты дайындаудағы шикізат пен көмекші заттарға, дайын өнімге қойылатын ветеринариялық-санитариялық гигиеналық талаптарды анықтау.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

*1. «Семей ет комбинаты» ЖШС-нде және ғимараттарға, құрал-жабдықтарға құрал-саймандарға және ыдыстарға қойылатын талаптар*

Ет комбинатының шұжық өндірісінде қолданылатын құрылыстары мен объектілердің қайта құруларының орналасуы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша жүзеге асырылу керек. Объектінің территориясындағы ғимараттардың эксплуатациясы өнімдердің ластануын болдырмау үшін санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы керек. Өндірістік ғимараттар мен цехтар шикізаттар мен дайын өнімдердің технологиялық процесстеріне

кедергі келтірмейтіндей болуы керек. Ғимараттар бейінді ұйымдардың проектилеуінің технологиялық нормаларына жауап беруі керек. Шамдар ашық технологиялық ыдыстардың, пісіретін қазандардың үстінде орналаспауы қарастырылған және жарық көзі арнайы жарықтандыратын арматураларға енгізілуі керек. Аппараттар мен ыдыстардың ішкі бөлігін қарау үшін 12 В-тан жоғары емес қозғалмалы шамдарды қолданылатынын қарау керек. Ауа алмастыру және кондиционирлеу жүйелері ауаның таза зонадан ластанған зонаға енуіне мүмкіндік бермейтіндей етіп жасауына көңіл бөлу керек. Ет консервілерінің өндірісінде қолданылатын сулар ауыз суларға арналған техникалық регламенттер мен санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай және өндірістік лабораторияда бактериологиялық бақылауда болуы шарт. Суды өнім өндірісіне дайындау үшін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат етілген химиялық реагенттер қолданылуы тиіс.

Ауыз сумен қамтамасыз ету жүйелерінде айқас қосулар жоқ. Ішуге жарамсыз су өндеудің технологиялық учаскелерінде, өнімдерді орау және сақтауда қолданылатынын қадағалау. Канализациялық құрал-жабдықтар өнімдердің ластануын болдырмайтындай етіп жобаланған және құрастырылуы керек.

Өндірістік қалдықтарды жою және сақтау шарттары өнімдердің, шикізаттардың және қоршаған ортаның ластануын тудырмауы ойластыру қажет. Құрал-жабдықтар мен аппаратуралар, ыдыстар, құбыр жолдары күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін жууын және дезинфекциялануын қарау шарт.

*2 Шұжық өндірісіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптау (шикізат пен көмекші заттарға, дайын өнімге қойылатын талаптар)*

Сарапшы қадағалайтын шараның бірі шұжық дайындау барысында өнімге бөгде заттар түспеуін бақылау. Ондай заттарға ине, шеге, металл сынықтары, шыны және құралдар жатады. Сондықтан да оларды механикалық тазартулардан өткізеді. Ол үшін ұнды, тұзды, дәмдеуіштерді, қоспаларды елейді. Ұсақталған еттердің беті жабылып сақталады. Электролампарларға қорғаушы заттар киіледі.

### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу жұмысы Семей қаласында орналасқан «Семей ет комбинаты» ЖШС-нің ОПВК ветеринариялық-санитариялық зертханасында және Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Ветеринариялық санитария» кафедрасында орындалды.

*1. «Семей ет комбинаты» ЖШС-нде және ғимараттарға, құрал-жабдықтарға және ыдыстарға қойылатын талаптардың орындалу жағдайы* нәтижесінде ет комбинатының шұжық өндірісінде қолданылатын құрылыстары мен объектілердің қайта құруларының орналасуы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша жүзеге асырылған. Объектінің территориясындағы ғимараттардың эксплуатациясы өнімдердің ластануын болдырмау үшін санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай келеді. Өндірістік ғимараттар мен цехтар шикізаттар мен дайын өнімдердің технологиялық процесстеріне кедергі келтірмейтіндей орналасқан. Ғимараттар бейінді ұйымдардың проектилеуінің технологиялық нормаларына жауап береді. Шамдар ашық технологиялық ыдыстардың, пісіретін қазандардың үстінде орналаспауы қарастырылған және жарық көзі арнайы жарықтандыратын арматураларға енгізілген. Аппараттар мен ыдыстардың ішкі бөлігін қарау үшін 12 В-тан жоғары емес қозғалмалы шамдарды қолданылады.

Ауа алмастыру және кондиционирлеу жүйелері ауаның таза зонадан ластанған зонаға енуіне мүмкіндік бермейтіндей етіп жасалған. Ауа алмастыру жүйелерінің конструкциясы фильтрлер мен басқа да тазалау және ауыстыруды қажет ететін бөлшектерге қол жетімді. Шұжық өндірісінде қолданылатын сулар ауыз суларға арналған техникалық регламенттер мен санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай және өндірістік лабораторияда бактериологиялық бақыланып отырады. Суды өнім өндірісіне дайындау үшін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат етілген химиялық реагенттер қолданылды. Канализациялық құрал-жабдықтар өнімдердің ластануын болдырмайтындай етіп жобаланып, құрастырылған.

Едендер мен қабырғалардың беттері су өткізбейтін және сормайтын, жуылатын және токсинді емес материалдардан жасалған. Сонымен қатар саңылауларсыз, соғылуларсыз, жууға ыңғайлы. Едендер, қабырғалар және төбелердің материалдары мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат етілген.

Өндірістік қалдықтарды жою және сақтау шарттары өнімдердің, шикізаттардың және қоршаған ортаның ластануын тудырмайды.

Шикізаттар мен дайын өнімдердің ластануы мен кеміргіштермен бүлінуін болдырмау үшін ғимараттардың бөлшектері санитариялық гигиеналық талаптарға сай.

Қойма ғимараттары құрғақ, таза, жылытылатын, вентиляциямен шикізаттарды босататын арнайы платформалармен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын шатырлармен қамтамасыз етілген. Шикізаттарды және дайын өнімдерді тасымалдау үшін бөлек жүк көтергіштер қарастырылған. Қойма ғимаратында тез бұзылатын шикізаттар мен жартылай фабрикаларды сақтайтын тоңазытқыш камералар бар. Қоймалардағы азық-түлік өнімдерін жеуге жарамсыз тауарлармен сақтауға тиым салынған. Мекемелерде шыбындармен, тарақандармен және кемірушілермен күрес НҚА-ге сәйкес жүзеге асырылып отырды. Технологиялық құрал-жабдықтар және аппаратуралар ҚР-ның заңнамасының машиналар мен құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі бөліміне сәйкес технологиялық процесстердің кезектілігін және еркін қатынасын қамтамасыз етуіне қол жеткіздік. Құрал-жабдықтар мен аппаратуралар, ыдыстар, құбыр жолдары күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін жуылады және дезинфекцияланады.

2 *Шұжық өндірісіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптау (шикізат пен көмекші заттарға, дайын өнімге қойылатын талаптар) нәтижесінде шұжықтардың сапасын олардың сапасын және өнім жағдайына байланысты бағалайды. Дайын шұжықтар техникалық шарттар мен стандарт бойынша бекітілген негізгі талаптарға сай келді.*

#### **Қорытынды**

1 «Семей ет комбинаты» ЖШС-нде объектілердің орналасуы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша жүзеге асырылған және ғимараттарға, құрал-жабдықтарға және ыдыстарға қойылатын және консервілеріне шикізат пен көмекші заттарға, дайын өнімге қойылатын техникалық шарттар мен стандарт бойынша бекітілген ветеринариялық-санитариялық гигиеналық талаптарға сәйкес орындалған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Күзембаев Қ., Құлжанов Т., Күзембаева Г. Азық-түлік өнімдерін тану. - Алматы, 2006 ж.
2. Сенченко Б.С. Ветеринарно-санитарная экспертиза сырья животного и растительного происхождения // Оформление издательский центр «МарТ» 2001 г. - Б 384- 400.
3. Семипалатинский мясокомбинат // В кн. Казахстан: Национальная энциклопедия. Т. 5. - Алматы, 2006. – 7 б.
4. Дүйсембаев С. Т, Серикова А.Т, Әмірханов Қ.Ж. Ет, сүт өнімдерін өндіру технологиясы, гигиенасы, санитариясы және ветеринариялық – санитариялық сараптауы. – Семей, 2007 ж. - 183 б.



# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАР

## ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

ӘӨЖ: 371.3:908(574.42)

**М.С. Адришева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Ж.Т. Мукаев химия және география кафедрасының меңгерушісі

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КОМПОНЕНТТІК-ИНТЕГРАЛДЫ ТҰРҒЫДАН БАҒАЛАУ

Шығыс Қазақстан облысының әсем табиғаты мен туристік ресурстары туризмді дамытуға өте қолайлы. Сондықтан да, әрбір ауданның ландшафты-рекреациялық әлеуетін компоненттер арқылы анықтап, интегралды бағалау жүргіздік.

Ландшафты-рекреациялық әлеуетті интегралды бағалау жоғарыда көрсетілген параметрлердің соммасына сәйкес мына формула бойынша есептелді:  $ЛРӘ = РК+ГК+БК+КК+ЕҚАК/5$

ЛРӘ – ландшафты-рекреациялық әлеует

РК – рельеф көрсеткіші

ГК - гидрологиялық көрсеткіш

БК – биоресурстық көрсеткіш

КК – климаттық көрсеткіш

ЕҚАК – ерекше қорғалатын аумақтың көрсеткіші

Сондай-ақ табиғи туристік-рекреациялық ресурстарды компоненттік бағалаудың нәтижесі есепке алынды [1].

Кесте 1. Шығыс Қазақстан аудандарының табиғи-рекреациялық әлеуетінің интегралды компоненттік бағалауының қорытындысы


№	АУДАНДАР	Жер бедері	Климат	Су айдындары	Топырақ-өсімдік жамылғысы	Ерекше қорғалатын аумақтар	Орташа балл
1	Абай	2,5	1,9	1,4	1,2	0	<b>1,4</b>
2	Аягөз	2,6	2,5	1,4	1	0	<b>1,5</b>
3	Бородулиха	1,4	2,5	2	2,2	1	<b>1,8</b>
4	Бесқарағай	1,3	2	2,4	2,4	1	<b>1,8</b>
5	Глубокое	2,8	2,5	2,4	2,4	1	<b>2,2</b>
6	Жарма	2,7	2,5	2,7	1,3	0	<b>1,8</b>
7	Зайсан	2,9	2,6	2,8	2,2	1	<b>2,3</b>
8	Зырян	2,8	2,5	2,5	2,6	1	<b>2,3</b>
9	Катон-Қарағай	3	2,5	2,4	2,8	1	<b>2,3</b>
10	Көкпекті	2,5	2,5	2,6	1,4	1	<b>2</b>
11	Күршім	2,9	2,5	1,5	2,2	3	<b>2,4</b>
12	Тарбағатай	2,9	2,5	2,4	1,8	1	<b>2,1</b>
13	Ұлан	2,7	2,8	2,4	1,9	1	<b>2,2</b>
14	Үржар	2,8	2,6	2,9	1,1	1	<b>2,1</b>
15	Шемонайха	2,5	2,5	1,8	2,2	0	<b>1,8</b>

Есептеулер нәтижесі ландшафты-рекреациялық әлеуетін сапалық бағалау шкаласына сәйкес анықталды (Кесте 2).

Кесте 2. Шығыс Қазақстан облысының ландшафты-рекреациялық әлеуетін сапалық бағалау шкаласы [1]

Интегралды сандық бағалау балы	Ландшафты-рекреациялық әлеуетті сапалық бағалау
1,9-2,2	ландшафты-рекреациялық әлеуеті төмен
Таким образом, наше государство движется в ногу с развитыми странами. STEM-образование является мостом, соединяющим учебу и карьеру. Его концепция готовит детей к технологически развитому миру. Специалистам будущего требуются всесторонняя подготовка и знания из самых разных образовательных областей естественных наук, инженерии, технологии и математики [4]. Приходим к выводу, что STEM становится приоритетным направлением. Благодаря его повсеместному внедрению в отечественное образование удастся удовлетворить потребность в научно-инженерных кадрах, которые будут играть ведущую роль в развитии технологического процесса и модернизации био и нанотехнологий в нашей стране.

#### Литература:

1. Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <http://iac.kz/ru/events/razvitie-stem-obrazovaniya-v-mire-i-kazahstane> ;
2. The Art of Tinkering[Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://tinkering.exploratorium.edu/massive-open-online-course> ;
3. Graduates in Science, Math, Computer Science, and Engineering [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <http://www.conferenceboard.ca/hcp/provincial/education/sciencegrads.aspx>;



4. Ногайбаева Г., Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане // Республиканская образовательная общественно-политическая газета «Білімді ел – Образованная страна» - № 20 (57) – С.10

ӘОЖ: 372.8:004.9

**Д.Б.Әбікен**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Ш.Ж. Болсынбекова, Информатика және ақпараттық технологиялар  
кафедрасының аға оқытушысы

### **ҮШ ӨЛШЕМДІ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕКТЕП ИНФОРМАТИКА КURСЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Соңғы онжылдықтарда үздіксіз дамып келе жатқан компьютерлік технология бірегей үш өлшемді объектілерді құруға мүмкіндік туғызып отыр. Қазіргі таңда үш өлшемді визуализация геоақпараттық жүйелерді құруда, дизайн мен архитектурада, жарнама, сондай-ақ веб-дизайн салаларында кеңінен қолданылып келеді. Үшөлшемді модельдеудің арқасында мамандар зерттеу, таныстыру мен қарастыруға неғұрлым қолайлы көрнекілікті қажет ететін жобаларды құрастыра алады.

Үшөлшемді графика – бұл компьютерлік графика бөлімі, көлемді объектілерді бейнелеуге арналған әдістері мен құралдар жиынтығы (бағдарламалық және аппараттық) [1].

Жазықтықтағы үшөлшемді сурет мамандандырылған бағдарламалардың көмегімен жазықтықтағы үшөлшемді сахна моделінің геометриялық проекциясын салады. 3D модельдеу – бұл объектінің үшөлшемді моделін құруға арналған процесс. Үшөлшемді модельдеудің басты мәселесі – кескіннің болашақ талаптарына сәйкес геометриялық түрлендірулерді пайдалана отырып осы объектілерді суреттеу және оларды сахнада орналастыру.

Виртуалды шындық объектілерін модельдеуге және осы суреттердің негізінде модельдер құруға мүмкіндік туғызатын бағдарламалық пакеттер әр түрлі: Autodesk 3ds Max, Autodesk Maya, Autodesk Softimage, Houdini, LightWave 3D, Google SketchUp, Blender.

Берілген бағдарламаларды пайдаланудың негізгі бағыттары: сәулеттік жобалау және интерьер дизайн; теледидарға арналған жарнама және ғылыми-көпшілік фильмдер дайындау; компьютерлік мультипликация және фантастикалық сюжеттермен берілген көркем фильмдердің түсірілімдері; компьютерлік ойындарды дамыту; кітаптар мен журналдарға иллюстрациялар; көркем компьютерлік графика, Web-дизайн; кеңістіктегі ой-қиялды дамыту мен арнайы эсерлер.

3 қатпарлы, яғни 3D, анимация және модельдеу қазіргі уақытта тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа түсіп отыр. Бұл, сөзсіз, өнердің жаңа саласы кино, мультипликация, жарнамалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерияда және көптеген тағы басқа салаларда қолданылады. 3 қатпарлы модельдеу мен анимацияны түрлі этаптарға бөліп қарастырамыз. 3 қатпарлы модельдеу мектеп бағдарламасындағы геометрияны еске түсіреді. Декарттық координаттар жүйесін еске алсақ ( $X$ ,  $Y$  және  $Z$  осьтері). Ал енді функцияларды және олардың графигтерін еске алайық. Мысалы: сызықтық функция, квадраттық функция және т.с.с. (Парабола, гиперболалар). Жалпы 3D анимацияның не екенін түсіну үшін көзіміздің алдында тұрған барлық заттарды кеңістікке (декарттық  $X$ ,  $Y$ ,  $Z$  кеңістігі) жайғастырайық. Сонда әрбір заттың белгілі бір координатасы бар нүктелерден және түрлі өзінен кіші фигуралардан (сызық, эллипс, куб т.б) құралғанын байқаймыз. Міне 3D модельдеу және оны анимациялау негізінде осы принципке жасалған, яғни «аса күрделі заттарды қарапайым нүктелер не фигуралар көмегімен кеңістікте құрастыр».

Мысалы: компьютер мониторуның өзі бірнеше сызықтар мен төртбұрыштардан құралған. Ал одан әрі оны кіші бөліктерге бөлсеңіз, оның аса кіші төртбұрыштардан, яғни нүктелерден тұратынын байқайсыз. Бұдан келіп шығатын ой: белгілі координаталарда орналасқан нүктелерге түс беру арқылы, кеңістікте кез-келген фигураны жасап шығуға болады. 3D модельдеу үшін түрлі бағдарламалар пайдаланылады. Олар біздің жұмысымызды жеңілдету үшін, майда жұмыстарды автоматты түрде жасайды, тіпті кейбір бағдарламалар аса қиын функцияларды да іске асыра алады.

Білім саласында компьютерлік модельдеуді талап ететін инженер-құрылысшы, сәулетші, инженер-дизайн сияқты дәстүрлі мамандықтармен қатар компьютерлік технологиялардың қарыштап дамуында үлкен рөл атқаратын қызықты әрі тиімді және жоғары сұранысқа ие жаңа мамандықтар да пайда болды. Олар: визуализатор, 3D-аниматор, 3D-модельер, 3D-дизайнер және т.б.

Компьютерлік графикамен байланысты осындай жоғары дәрежедегі сұранысқа ие мамандықтарға мектеп бітіруші түлектердің қызығушылығы артып тікелей компьютерлік графикамен байланысы бар мамандықтарды таңдайды. Сондықтан, осы бағытта студенттерді қосымша дайындау олардың болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі.

Жалпы білім беру мемлекеттік білім беру стандартында информатика бойынша оқыту нәтижесінде студенттерді дамыту үшін қажетті тақырыптар анықталған: автоматтандырылған конструкторлық жұмыстарды, компьютерлік дизайн және мультимедиялық ортада жобалау жүйелерін ұсыну; әр түрлі пәндік аймақтар үшін күрделі графикалық объектілерді құру: түрлендіру, әсер, жобалау; математикалық және компьютерлік модельдердің құрылысына байланысты мамандықтар [2]. Сонымен қатар, оқушылар нақты объектілер мен процестерді ақпараттық модельдер түрлері мен қасиеттерін, ақпараттық модельдердің компьютерлік іске асыру әдістері мен құралдарын, компьютерлік модельдерді құру қызметінің жалпы құрылымын білуі тиіс; сонымен бірге ақпараттық модельдің нысандарын құрастыру және виртуалды эксперименттер жүргізу және модельдеуші ортада қарапайым модельдерді өз бетінше құра білуді үйрену.

Кейбір информатика оқулығының авторлары VisualBasic, TurboDelphi жобалау модельдері мен қоса электронды кестелерге баса назар аударады. Алайда үш өлшемді қолданбалы бағдарламалық модельдеу пакеттерінің әртүрлілігіне қарамастан үш өлшемді графиканы сабақта жасау жағы қарастырылмайды. Мұның себебі бір жағынан, 3D модельдеу үшін бағдарламалардың басым бөлігі өте қымбат, екінші жағынан, берілген тақырыптарды зерттеуге бөлінген сағат саны оны оқып-үйренуге жеткіліксіз болуынан болса керек. Курсты толықтыру үшін және оқушылардың білім деңгейлерін көтеру үшін үш өлшемді модельдеу элективті курсының шеңберінде оқытудың маңызы зор. Бағдарламалау ортасы ретінде, үш өлшемді графика саласындағы көшбасшыларға балама, пайдалануы тегін және оңай өнімдерді таңдауға болады мысалы, Blender. Blender - салыстырмалы қарапайым үш өлшемді объектілерді модельдеу бағдарламасы. Blender бағдарламасының артықшылығы – бірегей қарапайымдылығы және интерфейстің жүйелілігі мен жеңілдігінде.

Мектепте бағдарламалық қамтамасыз ету ортасы ретінде 3D модельдеу шеңберінде оқыту үшін Blender бағдарламасы таңдалып алынды.

Blender – ең алдымен сәулет өнерінен бастап, эскизделген 3D модельдеуге арналған бағдарлама. Blender – кәсіби схемалар мен стильдерді, кеңінен таралған файлдық операциялар мен техникалық қолдауды қамтамасыз етеді. Алайда, тегін нұсқасы функционалдық мүмкіндіктердің үлкен санын құрайды. Бағдарламаны кез келген заңды мақсаттар үшін пайдалануға мүмкіндік бар.

Ең алдымен алдын-ала қорытындыланған болжамды құрылым терезесі толық дерлік болмаған жағдайда Blender -дің басты артықшылықтары: интуитивті және пайдалануға оңай, жаңадан бастаушыларға өте ыңғайлы, тез және оңай орналастыруды, жоғары жылдамдықтағы жұмыспен қамтамасыз етуді қарастырады [3].

Blender -дің негізгі сипаттамалары:

- Интерфейсте қолдануда өте түсінікті әрі жеңіл;
- Құралдары тіпті балаларға да таныс болып келеді, атап айтсақ (сызғыш, қарындаш, транспортир, өшіргіш);
- Екі өлшемді және үш өлшемді растрлық графикада әртүрлі форматтағы импорт және экспорт, атап айтқанда (3ds, dwg, ddf, jpg, png, bmp, psd).
- Плагиндарды қолдану мүмкіндіктері;
- Компоненттер, материалдар мен стильдерінің толықтырылған кітапханасы.
- Берілген ендік, бойлық, күні және жылы, уақыты сәйкес келетін көлеңкелерді орнату мүмкіндігі.
- GoogleEarth бағдарламасымен толық интеграция.

Мектепте компьютерлік графикамен жұмыс бойынша қарастырып болғаннан кейін, мұғалімдердің көпшілігі тақырыпты зерттеуге сағат санын ұлғайту қажет деп айтады. Қазіргі заманғы 3D графика мүмкіндіктерімен жұмыс істеуге, әр түрлі қуатты және қызықты графикалық бағдарламалармен оқытуға уақыт жеткілікті емес. Мектеп бюджетіне байланысты элективті курсының шеңберінде үш өлшемді модельдеу кәсіби ортада ретінде қарастырылуы мүмкін (мысалы, «3D MAX ортасында 3D графика» курсы, сондай-ақ ақысыз бағдарламада «Blender-де 3D-модельдеу»).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сапарғалиева, Б.Қ. «Информатика» 11-сынып. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт / Б.Қ. Сапарғалиева, Н.Е. Масалимова, Г.А. Тезекбаева – Астана, 2014

2. Элективный курс 3D-моделирование в Blender [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://younglinux.info/blender.php>
3. Blender // Википедия, интернет–ресурс, – Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Blender>

ӘОЖ: 378.147:004

**С.М. Бектегенова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Т.М. Сембаев, Информатика және ақпараттық технологиялар  
кафедрасының оқытушысы

## **IBUILDAPP ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ДАЙЫНДАУ**

Мобильді қосымша – әр түрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір функционалдылыққа ие, белгілі платформаға орнатылған бағдарлама. Бұл бағдарламалар жоғары деңгейлі тілде әзірленеді және құрылғының ішкі кодын құрастырады.

Ең алғашқы мобильді құрылғылар телефондағы контактілер тізімін реттеуге және қызметке хабарлама жіберуді/қабылдауды орындады.

Мобильдік қосымшалардың ерекшеліктері:

- графикалық және видеоақпараттарды хабарлама арқылы жіберу ұзақтығы шектеусіз;
- қосымша қозғалысының ыңғайлылығы;
- қосымшада деректер жинау ыңғайлы(орналысқан жері, тілі және тағы басқа);
- интерактивті мүмкіндіктері шексіз.

Мобильді қосымшаларды интернеттен жүктеу интерактивті процеске қатысушыларды тартып қана қоймай және жарнама ортасы да бола алды. Ұялы қосымшалар адам қызметінің көптеген салаларында өз орнын тапты және бүгінгі күні тек қана көңіл көтеру үшін ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі жарнамалық науқандарды жүргізу үшін де қолданылады. Заманауи технологиялар әртүрлі мобильді құрылғыларға қосымшаларды барынша бейімдеуге мүмкіндік береді және оларды адам оңай қабылдай алады.

Мобильді қосымша құру кезінде басты мына операциялық жүйелер қолданылады: Android, iOS, BlackBerry, HP webOS, Symbian OS, Windows Mobile және т.б.

Мобильді қосымшаның белгілі бір тұтынушылар тобына арналып жасалынады және олардың қандай да бір қиындығы мен мәселесін шешуге бағытталады. Осы тұста, қоғамдық көліктің қай жерде келе жатқанын нақты көрсетіп, сіз білмейтін орынға жетудің бірнеше жо-лын нұсқайтын жиі қолданыстағы қосымшаларды еске алуға болады. Бірақ бірінші кезекте бұл өнім коммерциялық жоба екенін ескеру керек.

Оны құрастыруға уақыты мен еңбегін жұмсаған адамның мобильді қосымша қызметінен пайда табуға ұмтылуы түсінікті құбылыс. Google Play, App Store операциялық жүйелерінің дүкендеріне (аталған тауар белгілерінің жүктеуге арналған бағдарламалар жинақталған қоймасы) орналастырылған мобильді қосымшалардың иесіне, олардың қолданысы кезінде көрсетілетін жарнама үшін пайда түсіп отырады. Мәселен, сіз пәтер іздеп отырған кезде қосымшаның жоғары не төмен бөлігінде шығатын жарнамалардың көрсетілім жиілігі мен өнімді жүктеген адамдардың санына қарай өз бағасы бар.

Мобильді қосымшалар нарығы бүгінгі күні өте жақсы дамыған. App Annie аналитикалық компанияның айтуынша жаһандық мобильді қосымшалар нарығы 2017 жылы 28,6%-ға өсіп \$166 млрд -ды құрайды. Оның \$65 млрд жарнама берушілерге және бағдарламаны әзірлеушілерге беріледі. Ал, Statista компаниясының болжамына сәйкес, 2020 жылы мобильді қосымшалар нарығының табысы 189 млрд долларға жетеді. Оның дамуы әлем халқының смартфондарға қол жеткізу мүмкіндігі мен интернетпен қамтылу деңгейіне байланысты десек, аталған екі көрсеткіштің де соңғы жылдары артып келе жатқаны бұл саланың болашағы бар екенін аңғартады. Әлем бойынша мобильді қосымшалардың үздік үштігіне Whats'App, Messenger және Facebook кіреді.

Қазақстан IT технологиялар өндірісін кештеу қолға алса да, қазірдің өзіне мобильді қосымшалар нарығында отандық өнімдер пайда болды. Мәселен, қазақстандық market.kz сауда алаңы интернет қолданушылардың сұранысы мен қызығушылығы тұрғысынан қарағанда, olx-ке теңдесе алмайды. Қазақстандық мобильді қосымшалардан статистика бойынша алғашқы үштігіне Kolesa.kz, Sazhde.kz, Olx.kz кіреді.

Алдағы 3-5 жылда мобильді қосымшалар нарығында үлкен өзгерістер орын алып, даму жалғасады. Қазір бұл нарықтың Қазақстанда оң нәтиже көрсетіп, кәсіпкерлер мен халыққа тартымды бола бастағанын мобильді қосымшалардың бағдарламасын жазатын мамандарға деген сұраныстың артуынан көруге болады. Басқа IT мамандарымен салыстырғанда, мобильді қосымша жасау қолынан келетін азаматтардың алатын жалақысы да жоғары.

ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда қалыптасқан менталитет бойынша, адамдар көбіне тегін ресурстарды пайдалануға бейім. Музыка, кинотуындылар не басқа шығарма-шылық өнімдерін біз сатып алуға асықпаймыз. Оның интернеттегі тегін баламасын іздейміз.

Әлемнің көп елінде ақыл-ой еңбегін сатып алып пайдалану дәстүрі бар. Мұндай үрдіс жақында Ресейге де келе бастады. Ондағы бірқатар танымал тұлғалардың авторлық құқықты құрметтеуге, шығармашылықты еңбекті бағалауға шақырған үндеулері ақырындап өз нәтижесін беріп келеді.

18-25 жас аралығында SurveyMonkey.com сайты арқылы жүргізілген сауалнамада 74% респондент өздерінің мобильді қосымшаларын жасағылары келеді, бірақ ол үшін программалау тілін міндетті деп ойлайды. Ал, ешқандай программалау тілін меңгерусіз мобильді қосымша жасайтын IBuildApp платформасы туралы 70% респондент мүлде естімеген.

IBuildApp - бұл пайдаланушыларға iPhone сияқты мобильді құрылғыларға арналған мобильді қосымшаларды жасауға, сынауға, қадағалауға және жаңартуға мүмкіндік беретін жаңа интернет қызметі.

#### **IBuildApp:**

- Программалау тілін меңгерусіз;
- 1 млн.800 мың құрылған қосымшалар;
- 30 млн. орнатулар;
- 2 млн қолданушылары бар платформа.

IBuildApp iPhone, iPad және Android OS сияқты платформалармен жұмыс істейді. Қызмет жасаушылардың жоспарында қолданушы жасаған қосымшалар мен Blackberry OS-да жұмыс істеу мүмкіндігі бар.

IBuildApp қызметімен жұмыс істеу ерекшелігі. Бағдарлама жасағаннан кейін сіз оны Apple Store-қа жүктеп, Apple мақұлдауын күтуіңіз керек. 3-6 апта кетеді. Бекітілгеннен кейін, сіздің жарнамаңызды жарнамалауға болады.

Бұл жаңа бағдарламадағы әрбір адамға мәтінді құруға, RSS-арнаны, суреттерді, аудио және бейне ақпараттарды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда авторлар қарапайымдылығы мен оны қол жетімді бағасы туралы әңгімелейді.

Сіз бірыңғай компанияға, бөлімге, оқу орнына немесе достар компаниясына өте ыңғайлы тегін бағдарламаны жасай аласыз. Сонымен қатар барлығы бірнеше минут жұмсаңыз.

IBuildApp-ті құрушылар осындай тәжірибе алмаған пайдаланушыға түсінікті болатын осындай жобаны арнайы әзірледі. Қарапайым интерфейс және ыңғайлы құралдар - онымен жасалған бағдарламаны пайдаланатын әрбір адам жаңадан жасалған өнімге қаншалықты тез және оңай жетуге болатынына таң болады. Мұндай өтінішті тек бірнеше минутта, ешқандай ақшалай қаражатсыз жасауға болатынына сендіру қиын болады.

. Осыған орай тұтынушыларға ақпаратты қолайлы және қолжетімді түрде беретін «Кочевник» кафесіне арналған мобильді қосымша құру туралы шешім қабылданды. Ол үшін не қажет болды?

Ол үшін «Кочевник» кафе басшылығының осы мобильді қосымша жасауға келісімі, «Кочевник» кафесінің бірнеше фотосуреттері, тағам мәзірлері мен бағалары және орналасқан жері керек. «Кочевник» кафесіне арналған мобильді қосымшаны жасауға қажетті технологияларға талдау жасалды. Жұмысты орындауға IBuildApp платформасының негізі, оның негізгі мақсаты мен мобильді қосымшалар жасау мүмкіншіліктері қолданылды. Ол қосымшаны жасау барысында бар болғаны 1 күн кетті, 3 рет өзгертулер енгізілді.

Қорытындылай келе, егер сіз ресторан немесе бизнес орталығын, т.с.с. ашып жатсаңыз, IBuildApp платформасы арқылы программалау тілін меңгерусіз-ақ жеңіл, әрі тез өзіңізге қажетті мобильді қосымшаны еш қиындықсыз жасай аласыз. Осы арқылы сіз экономикамызға, сонымен қатар мобильді қосымшалардың дамуына өз үлесіңізді қосасыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. DiMarzio J. Android, A. Programmers Guide. – The McGraw–Hill, 2008.
2. Хашими С., Коматинени С., Маклин Д. Разработка приложений. – Питер, 2011.
3. Варакин М.В. - Разработка мобильных приложений – УЦ «Специалист» 2012 г.-592с

4. Head First. Программирование для Android. — СПб.: Питер, 2016. — 704 с.: ил. — (Серия«Head First O'Reilly»).
5. <https://russia.ibuildapp.com>.

ӘОЖ: 004.942

**Ж.Е. Ержанова**

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: А.С. Рысжанова, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

### **LEGO DIGITAL DESIGNER 3D МОДЕЛЬДЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мектеп дамуының қазіргі кезеңінде дәстүрлі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Жалпы білім беру жүйесінің міндеттерін ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеуге де көзқарастарды өзгерту қажет. Қазіргі уақытта мектептің екінші буыны стандарттарынан айырмашылығы, үшінші ұрпақ стандарттары студенттердің негізгі жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне қол жеткізуді білдіреді. Жеке және пәндік нәтижелерге қосымша, метадефективті метапредметті білім беру нәтижелеріне ерекше назар аударылады.

Метапредметті оқытудың нәтижесі, сайып келгенде, әр түрлі пәнаралық ұғымдардың дамуына және әмбебап оқыту ісін қалыптастыруға: реттеуші, танымдық және коммуникативті мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралар оқушыларға қарқынды дамып жатқан қазіргі әлемде өздерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, жаңа білімді алу, оны өз бетімен өңдеу және ең бастысы оларды практикада қолдану мүмкіндігі өте пайдалы болып келеді.

Осындай әмбебап оқыту іс-шаралардың бірі - техникалық және компьютерлік модельдеу дағдылары. Педагогикалық құрал ретінде модельдеу тұжырымдамасын А.П. Аношкина, С.И. Архангельский, В.Г. Афанасьева, А.М. Дахин, В.М. Монахов және т.б. ғалымдары зерттеген болатын. Модельдеу дағдылары адам қызметінің барлық салаларында қолданылады: механика, аспап жасау, авиация, болжау, талдау, қаржы және т.б.

Оқушылар арасында модельдеу дағдыларын дамыту қазіргі уақытта қазіргі заманғы мектептің басымдықтарының бірі болып табылады. Осы міндеттің шеңберінде балаларға пәннің оқу материалы мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қызығушылық танытуға мүмкіндік беретін оқыту құралдары мен әдістерін қолдану қажет. Бұл жағдайда LEGO білім беру бағдарламасы тиімді болып табылады.

LEGO Group компаниясының қызметі ойнау мен оқыту үдерісіндегі балалардағы шығармашылық ойлауды дамытуға байланысты. Бүкіл әлемде белгілі LEGO-ның текшелерін негізге ала отырып, бүгінгі таңда компания 130-дан астам елдерде балаларға арналған ойыншықтарды, ойындар мен оқу материалдарын ұсынады.

**LEGO Digital Designer** - LEGO виртуалды конструктор болып табылатын түпнұсқалық бағдарлама, онда сіз әр түрлі 3D үлгілерін жинай аласыз. Бағдарламаны LEGO Group әзірледі. Қазіргі конструктор сияқты, LEGO Digital Designer-да орысша нұсқада әр түрлі бөлшектердің кең таңдауы бар, олардың түсі нақты LEGO конструкторларынан айырмашылығы болуы мүмкін.

LEGO конструкторы барлық балаларға ұнайды. Олар сағат бойы отырып түрлі-түсті машиналар, ғарыштық базалар, роботтар және т.б. құрастырып, жинауға дайын. Кейде ересектерде осы балаларды дамытуға арналған қызықты ойыннан бас тарта алмай қалады. Сондай-ақ бүгінгі күні кішігірім түрлі-түсті текшелер компьютерлік техниканы меңгерді, ал бағдарламада әуе кемелерін, автокөліктерді, өрт және полиция учаскелерін жинай аласыз.

Утилиты LEGO элементтерінің барлық түрлеріне және өлшемдеріне (700-ден астам элементтер), соның ішінде бір ғана бағыттағы конструкцияларды, мысалы, шындалған немесе теміржол рельстеріне ие. Бөлшектердің саны шектеусіз, олар санат бойынша сұрыпталған және өлшем бойынша топтастырылған. Қалыпты 3D редакторлар сияқты, кез келген бұрышта қолданбаның жұмыс аймағын оңай ұлғайтуға, сыртқа бұруға және бұруға болады. Сондай-ақ, конструктор деталдарын кез келген бағытта қолданудың үш өлшемді жұмыс аймағында кеңейтілуі және айналуы мүмкін. Алдын ала қарау режимін пайдалану арқылы дайын үлгілерді бағалауға болады. Сондай-ақ, оған фон қосуға болады.

Дайын модельдер пайдаланушы тек уақыт үнемдеуге ғана емес, достармен бөлісуге және бағдарламаның ресми сайтында орналасқан галереяға жүктеуге болады. Қолданбаның артықшылығы

- бұл жаңа пайдаланушыларға арналған дайын модельдер режимі. Бұл жағдайда дерлік дайын жинақтарды толықтыру қажет.

Егер бұл бағдарламаны бірінші рет көріп, негізгі мүмкіндіктерін меңгергісі келсе, онда олар дайын үлгіні пайдалану арқылы модель құруға тырысады. Жасалған деталды сақтай отырып, оны басқа пайдаланушыларға көрсете алады. Біріншіден, сіз өз жұмысыңыздың басқа қолданушылар жағынан қандай бағаға ие болғаның көре аласыз және екіншіден, жетіспеген жерлері болса олар сізге ақыл-кеңес беріп көмектеседі. Сіз тіпті модель үлгісін LEGO нақты мәліметтерінен тапсырыс бере аласыз.

Бағдарлама жүйеге қойылатын ең төменгі талаптарға, сондай-ақ ыңғайлы және қарапайым көпмақсатты интерфейске ие, бұл тіпті ғимараттар моделін басқаруды балалар үшін еш қиындықсыз түсінуге мүмкіндік береді.

LEGO Digital Designer 3D модельдеу бағдарламасымен танысайық. Бағдарламаны Windows және MAC OSX қосымшаларына орната аламыз. 3D үлгілер ішкі LXF пішімінде сақталады. Үлгілерді басқа пайдаланушылар жасаған бағдарлама модельдерінде алмастыруға және ашуға болады.

Бағдарламада үш түрлі режим бар: Digital Designer, Mindstorms, Digital Designer Extended.

Digital Designer – бұл режим LEGO жиынтығындағы бөлшектерді қолдануға мүмкіндік береді.

Digital Designer Extended – бұл режимде компьютерде бұрын жасалған жобалар көрсетіледі.

Mindstorms – бұл режимде LEGO MINDSTORMS жиынтығындағы барлық бөлшектер бар.

Бұл режимдер роботтардың дайын үлгілерін ашып көруге болады.

Бағдарлама терезесі екі аймаққа бөлінеді: сол жағында қолданылу мақсатына байланысты топтастырылған конструктор элементтері көрсетілген; оң жағында - пайдаланушының өз модельдерін құрайтын жұмыс кеңістігі көрсетілген.

Информатикадан сыныптан тыс жұмыстың екі түрін атап көрсетуге болады: бағдарлама материалын меңгеруден қалып қойған оқушылармен жұмыс; информатикаға аса қызығушылық танытқан оқушылармен жұмыс.

Оқушылардың болашақ мамандықтарымен байланысты информатиканың өмірмен байланысын көрсететін үйірме жұмыстарына қатысу, олардың сабақтағы белсенділігін арттырады: оқушылардың информатикаға қызығушылығы артып, кейбірінің ізденушілік әрекетке талпынуы байқалады.

Үйірме - сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырудың бірден бір тәсілі. Үйірме көбіне жақсы оқитын оқушыларға ұйымдастырылады. Алайда, кейде үлгермеуші оқушылардың да үйірмеге қатысуға ниет білдіріп жатады, кейде сол үлгермеушілер үйірме жұмысына қатысып, жақсы нәтижелер көрсетеді. Ондай оқушыларға тек қана жақсылап назар аудару қажет, олардың информатикаға қызығушылығының артқанын қадағалап, үйірме жұмысының тапсырмаларын игеріп алып кетуін бақылау қажет. Бастысы – информатикадан үйірме жұмысын жалпы сипатын сақтау керек, сонда оған барлық қызығушылық танытқандар қатыса алады.

Үйірме – бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі. Оқу үрдісінде LEGO Digital Designer бағдарламасын қолдануды осы үйірме жұмысын ұйымдастыру кезеңінде толығымен пайдаландым десем болады.

Үйірменің негізгі мақсаты – оқушыларды LEGO Digital Designer бағдарламасын меңгерту;

Міндеттері:

1. қызығушылық тудырған оқушыларды үйірме жұмыстарына тарту;
2. Оқушыларды компьютердегі бағдарламаларды еркін меңгеруге ғылыми және психологиялық тұрғыдан дайындау.
3. LEGO бағдарламасының тәсілдерін және әдістерін меңгеру;
4. Осы бағдарламаны үйрету арқылы оқушылардың модель құрастыруға үйрету және олардың шығармашылығын дамыту;

Қорыта айтқанда, LEGO Digital Designer бағдарламасы оқушыларға қызықты жұмыс жасауға мүмкіндік береді, олар бағдарламамен жұмыс істеу барысында танымдық және зерттеушілік қызметі қалыптасады, ал балалар компьютерді және компьютерлік бағдарламада жұмыс істеу принципін үйренеді. Lego-дизайны оқушының қызығушылығын ынталандыруға, проблемалық жағдайларды шешу қабілетін дамытуға, проблеманы зерттеуге, қолда бар ресурстарды талдауға, идеяларды ұсынуға, жоспарлау шешімдерін енгізуге және оларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бидайбеков Е.Б. Информатиканы оқыту әдістемесі: оқулық / Е.Б. Бидайбеков, М.П.Лапчик, Ж.К.Нұрбекова т.б.- Алматы: Дәуір, 2014.- 587б.

2. Сафонов В.И., Компьютерное моделирование: учеб. пособие / В.И. Сафонов. – Мордов. Гос. Пед. ин-т. – Саранск, 2009. – 92 б.
3. Александрова В.В., Компьютерное моделирование и симуляция трехмерных тел, фигур и сцен. Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Анатолия», 2012, 132 б.
4. LDD: [Электронныйресурс] // LEGO Digital Designer. URL: <http://ldd.lego.com/>

ӘОЖ 004.65

**М.Б. Жанузаков**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Ж.С.Каженова, Информатика және ақпараттық технологиялар  
кафедрасының аға оқытушысы

## **ДИНАМИКАЛЫҚ WEB-САЙТ ДАЙЫНДАУ**

Web-сайт – ғаламтордың белгілі бір бөлігін құрайтын, Web-парақшалардың байланысқан жүйесі.

WEB-сайттар екі түрлі болуы мүмкін: статикалық және динамикалық. Статикалық Web-беттер қолдан жасалады, содан кейін сақталады және сайтқа жүктеледі. Әр жүктеген сайын осындай беттің мазмұнын өзгерту үшін, пайдаланушы оны өз жұмыс компьютерде өзгертеді (мысалы html-редакторды пайдаланып), сақтайды және қайтадан Web – сайтқа жүктейді.

Динамикалық сайттар – біршама күрделі, функцияналдануы мен мүмкіндіктері жоғары, мәліметтерге толы және үнемі жаңарып отыратын сайт түрі. Динамикалық Web – сайттардың көрсетілетін әр беті шаблонды бетке негізделген, оған мәліметтер қорында сақталатын тұрақты өзгеріп отырған ақпараттар енгізіледі. Сонымен, сайттың мазмұнын жаңарту үшін жай жаңа бет қосып, содан кейін ол мәліметтер қорына арнайы механизм көмегімен кірістіріледі. Нәтижесінде сайт өз-өзінен жаңаратын сияқты. Динамикалық сайт жасау жан-жақты білімді талап етеді, атап айтқанда, HTML, CSS, PHP, JavaScript, MySQL және т.б. туралы практикалық білім болу міндетті болып табылады.

HTML (Hyper Text Markup Language) – бұл құжаттарды кодтау үшін қолданылатын гипермәтіндік белгілеу тілі. HTML беттер ғаламторда браузерден серверге, жай мәтін немесе жасырын символдар (шифрлар) арқылы HTTP және HTTPS хаттамаларымен жіберіледі.

CSS – документтің сыртқы келбетін сипаттауға арналған формальді тіл. Веб-беттерде түстер, қаріптер, блоктардың орналасуын және т.б енгізуде қолданылады. CSS дегеніміз ағылшынша Cascading Style Sheets, яғни қазақша стилдік каскад кеселері деп аталады. Біз HTML тілі бойынша web парақшаны қалай жасаймыз, енді оны әрлендіруін осы CSS құралымен жасаймыз. HTML-ді кірпішпен қаланып, төрт қабырғасы тұрғызылып және төбесі жабылған үйге ұқсатуға болады. Ал сол үйдің ішін сырлап, еденін төсеп, жиһаздарын қойып дегендей т.б. әрекеттер жасайтын осы CSS.

*Бұл стильді белгі тілі екі бөліктен құралады:*

1. Селектор-меткалардан;
2. Осы селекторларға қолданылатын ережелерден.

PHP – веб-қосымшаларын құруда қолданылатын ортақ мақсаттағы скриптті тіл. Қазіргі таңда динамикалық веб-сайттар жасау бойынша программалау тілдері арасындағы көшбасшы тіл деп айтуға болады.

JavaScript – мультипарадигмалы программалау тілі. Браузерлерде веб-парақшаларға интерактивтілікті беру үшін қолданылады. jQuery – html мен JS арасын байланыстыруға бағытталған кітапхана.

Мәліметтер қоры (database) – кестелердің бір-бірімен байланысқан жүйесі.

Denwer – веб-сайттар жасауға арналған арнайы программалық жиынтық. Оның базалық компонентіне – PHP интерпретаторы, MySQL, PhpMyAdmin, Apache сервері және т.б. кіреді.

PHP сайт парақшаларын жасауға арналған ең күшті құралдардың бірі. PHP үйренуге жеңіл өте қарапайым тіл. Мүмкіндіктері мол әрі көп функционалды болғандықтан ол барлық дерлік хостингтерге орнатылған.

Оны 1994 жылы Расмус Лердорф деген программист өзінің резюмесін көріп жүргендердің статистикасын көрмек үшін Perl деген программа тіліндегі скриптер жиынтығын құрастыру нәтижесінде ойлап табады. Оны ол Personal Home Page (жеке үй парақшасы) деп атайды.

Кейін жоба жұмыстары артқан кезде Perl-дің мүмкіншіліктері оған аздық ете бастайды да, ол C тілінде жазылған жаңа интерпретатор ойлап табады. Осылайша PHP интерпретаторының сол C

тілінде бірінші версиясы пайда болады. Үш жылдан соң PHP интерпретаторының екінші версиясы шығады. Қазіргі кезде қолданыста жүрген соңғы нұсқа - PHP 5.4. [3]

PHP тілінде программа дайындау үшін Notepad++ сияқты редакторларды қолданамыз. PHP тек қана серверде орындалады. Ол тілді үйрену үшін өз компьютерімізге Denwer жинағын жүктеп аламыз, ол уақытша сервер ролін атқарады. Кейін өз сайтымызды Filezilla Client арқылы хостинг серверіне оп-оңай көшіруге болады.

Denwer дегеніміз - Web-дайындаушының джентельмендік жинағы деген сөздердің бас әріптерінің айтылуынан құралған атаумен аталатын локальдық сервер (Apache, PHP, MySQL және т.б.).

Деректерді сақтауға МҚБЖ (Мәліметтер қорын басқару жүйесі), мысалы MySQL қолданылады.

PHP мен MySQL-ді бірге қолдану арқылы әрі жеңіл әрі жылдам Web-парақшаларын сәтті жасап шығаруға әбден болады. Ол әр түрлі платформаларда (Windows, Linux, Unix-сияқтылар) жұмыс жасай береді. Оны кез келген web-сервер қолдай алады.

Арнайы MySQL-дің жұмысы үшін **PhpMyAdmin** графикалық интерфейсі бар әкімшіліктендіру құралы пайда болған. Ол PHP-де жасап дайындалған. MySQL мәліметтер қоры элемге аты әйгілі мәліметтер қоры болып табылады. Ең бірінші қолданудың қарапайымдылығы мен абсолютті мәліметтер қорын тегін басқару жүйесі болып табылады [1].

Бірнеше PHP-дың маңызды функциялары төменде көрсетілген.

- ***mysql\_connect*** (*сервер\_аауыL, пайдаланушы\_аауы, құпиясөз*) – MySQL-мен қосылысын белсендіреді;
- ***mysql\_select\_db*** (*қор\_аауы, қосылу\_идентификаторы*) – мәліметтер қорын таңдауға мүмкіндік береді;
- ***"Қосылу\_идентификаторы"*** – *mysql\_connect* функциясымен құрылған қорға тікелей қосылуға сілтеме;
- ***mysql\_query*** (*sql сұранысы*) – қорға SQL сұранысты түзетуге рұқсат береді;
- ***mysql\_fetch\_array*** (*resource result*) – мәліметтер қорынан жолды жояды және оны массивке айналдырады.
- ***mysql\_close*** (*link\_идентификаторы*) – мәліметтер қорын жабады.[2]

Осы мақалада сайт жасау мысалын сипаттағым келеді. Мен Информатика және ақпараттық технологиялар кафедрасының сайтың әзірледім. Бұл сайтты әзірше қарапайым сайттың мысалы деуге болады. Сайтты құрастыру кезінде ең алдымен сайтты жоспарлаудың негізгі кезеңдеріне тоқталғым келеді.

Жоспарлау кезеңдерінен өту сайтты дайындау кезінде өте маңызды. Сонымен, сайтпен жұмысы бастаудың алдында не істеу керек?

Алдымен дұрыс мақсатын қою керек. Онда не туралы, кім туралы айтылуы керек, немесе қандай мәселе шешілуі керек? Мақсатқа байланысты сайттың құрылымы әр түрлі болу мүмкін. Сайтта қандай ақпарат болатын анықтау керек. Сол ақпаратты алдымен жинау керек. Менде кафедра туралы негізгі мәліметтер, яғни, кафедраның тарихы, кафедра жетекшісі туралы ақпарат, фотосуреттер болды. Келесі маңызды орын алатын контент - сайтқа әрбір рет жаңартылып шығарылып отыратын жаңалықтар топтамасы, фотосуреттерімен қажет болды. Тағы да фотогалереяға барлық кафедра бойынша өткізіліп жатқан іс-шаралардың фотосуреттерін дайындадым. Сонымен қатар, әртүрлі хабарландырулар блогын дайындадым. Оған соңғы хабарландыруларды алып, хабарландырулар блогына орналасырдым. Сондай-ақ, сайтта тіркелу, өз пікірін қалдыру бөліктері бар.

Қорыта айтқанда, жаңа заман әлемінде адамның кез-келген қызметі оның ақпараттануына және бар ақпаратты нәтижелі пайдалануына тікелей байланысты. Ақпарат қоғамның маңызды ресурстарының біріне айналған және онсыз адамның алға басуы мүмкін емес. Қазіргі қоғамымыздың қазақ тіліндегі контенті бар ақпараттық сайттарға деген үлкен сұранысы қазіргі уақыттың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бидайбеков Е.Ы., Елубаев К., Шекербекова Ш.Т. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер Алматы, 2010 ж.
2. Конноли Т, Бегт К., Страчан А. Базы данных: проектирование, реализация и сопровождение. Теория и практика, 2-ое издание: пер. с англ. –М.: Изд. Дом Вильямс, 2001 г.
3. Максим Кузнецов, Игорь Симдянов. PHP 5 практика создания веб сайтов. Санкт-Петербург «БХВ-Петербург» 2005 г.



**А.Б. Жарылқасын**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.С. Рысжанова, жаратылыстану ғылымының магистрі, аға оқытушы

## **GIMP РЕДАКТОРЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Растрлық графикамен жұмыс жайылы айтқанда, растрлі суретті құру және редакторлеу үрдісі кезінде белгілі тапсырмалар аймағын айтады. Осы жағдайда, растрлық графиканы мектепте оқытудың мақсаты – қатысушылар растрлі суреттермен жұмыс кезінде стандартты тәсілдерді қолдана алу. Нысандарды редакторлеу, қарапайым нысандардан күрделі нысандарды жасау, нысандарды орналастыру тәсілдерін үйрену қажет. Сонымен қатар мәтінмен жұмыс істеудің тәсілдерін меңгеру қажет. Растрлы графикамен жұмыс істеуге арналған программалардың түрлері көп. Растрлі графикалық редакторлердің көптігіне қарамастан, растрлық суреттермен жұмыс істеудің негізгі әдістерді өзгеріссіз қалады. [1]

Осы мақалада растрлық графиканы өңдеу редакторы Gimp бағдарламасына арналған электронды құралды қолдануы туралы қарастырсақ.

GIMP бағдарламасы – қуатты растрлық кескіндерді өңдейтін редакторы және Microsoft Windows, Mac OS X, Linux, FreeBSD, Sun OpenSolaris –де жұмыс істейді. GIMP толығымен бірнеше тілдерге аударылған

GIMP бағдарламасын суреттерді редакторлау үшін және фотосуреттерді өңдеу құралы ретінде пайдалануға болады. GIMP бағдарламасы мынандай мүмкіндіктер береді. Олар: кадрлау, шағылысу, бұру, түстерді түзету, аймақтарды ерекшелеу және де мәтінмен жұмыс жасай алады. Кескіндермен жұмыс жасау кезінде қателіктер болуы мүмкін. Сондықтан GIMP программасында кескіндермен соңғы әрекеттерді болдырмау мүмкіндіктері қарастырылған. Сканер мен планшетте стандартты түрде драйвер арқылы жұмыс істейді. GIMP – те бастапқыда жасалатын әрбір құжат фоннан ғана тұрады. [2]

Растрлық кескіндермен жұмыс істеудің бірінші кезеңі нүктелер тобын, яғни, кескіннің үзіндісін ерекшелуден тұрады. Аймақ ерекшеленгеннен кейін ғана онымен қандай да бір амалдар жасай алады: кішірейту немесе үлейту, бұру, түсін өзгерту және т.с. [3]

Gimp бағдарламасына арналған электронды құрал бағдарламаны толық меңгеруге, компьютерде практика дағдылары мен машықтарын игеруге, әр түрлі нысандарға қатысты өңдеу, түрлендіру және жаңа нысандар жасауға арналған теориялық және практикалық мәліметтерді қамтиды.

Бұл электрондық құралда GIMP -тің барлық мүмкіндіктері берілмеген. Электронды құрал (ЭҚ) бастаушыларға арналған, әрі қарай жақсы жұмыс істеу үшін және практиканы қабылдауға оңай болуы үшін кейбір теориялық ақпараттарды қамтиды.

Бұл ЭҚ растрлық графикалық суретпен жұмыс істеудің негізгі әдістері көрсетілген. ЭҚ- да GIMP растрлы графикалық редакторының мүмкіндіктерінің кішкентай бөлігін ғана қамтиды.

ЭҚ жеке және топтық жұмыс жасауда қолдана алады және нақты материалдарға негізделген. Интерфейсі қолдануға ыңғайлы және түсінікті. ЭҚ- дың алғашқы беті: теориялық сабақта, видео сабақтар, тапсырмалар, зертханалық тапсырмалар, нұсқау бөлімдерінен тұрады. ЭҚ – дың алғашқы беті төмендегі 1 – суретте көрсетілген.




Сурет 1. Электронды құралдың алғашқы беті

Алғашқы бетіндегі теориялық сабақтар бөлімінде GIMP бағдарламасына байланысты теориялық сабақтар жиынтығынан тұрады. Теориялық сабақ 6 бөлім бойынша тақырыптарға бөлінген және 2- суретте көрсетілген. 2




Сурет 2. Теориялық сабақтар бөлімі

Тақырыптарға шерту арқылы теориялық сабақтарға өтуге болады. Теориялық сабақта теория қысқа әр нақты қамтылған (Сурет 3).



Сурет 3. Тақырыптарға байланысты теориялық сабақтар

Әрбір тақырып соңында өткен тақырыпқа байланысты тест тапсырмалары ұсынылған электронды құралдағы теорияларын оқығаннан тестілеуге көшуге болады (Сурет 4).



Сурет 4. Өткен тақырып бойынша тест тапсырмалары бөлімі

Әр тесте 4 сұрақ. Тестілеу жабық түрде өтеді: Әр сұраққа төрт түрлі жауап ұсынылады. Тінтуір арқылы бір дұрыс жауапты таңдау керек. Оқушы жауапты таңдағаннан кейін сұрақ бірден келесі сұраққа өтеді. Оқушы барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін тестілеудің аяқталуы деген терезе пайда болады. Тестілеу аяқталғаннан кейінпайда болған терезедегі батырмаларды басу арқылы тестілеудің жауабын білуге болады.

Тест тапсырмасын орындап болған соң тапсырмалар бөліміне көшеміз. Тапсырмалар бөлімінде әр тақырыпқа байланысты тапсырмалар көрсетілген.

Видео сабақтар бөлімінде әр тақырыпқа сәйкес видеолар бар. Сіз видеоның дауысын бәсеңдетуге, үлкейтіп көруге, алға және артқа жылжытуға болады.

Зертханалық сабақтар бөлімінде GIMP бағдарламасында орындалатын зертханалық тапсырмалар берілген.

Қорыта айтқанда, білім беру саласында "электрондық оқыту құралдарын" пайдалану үйренушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Ақпараттық технологияның дамуы білім беруде жаңа әдістер мен әдістемелерді ойлап табуға және сол арқылы оның сапасын арттыруға толық мүмкіндік береді. Бұл электрондық құрал GIMP растрлық графикалық редакторын толық меңгеруге, компьютерде практика дағдылары мен машықтарын игеруге, әр түрлі нысандарға қатысты өңдеу, түрлендіру және жаңа нысандар жасауға арналған теориялық және практикалық мәліметтерді қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.В. Боресков, Компьютерная графика: Қолданбалы бакалавриатқа арналған оқулық және семинар/А.В. Боресков, Е.В. Шикин. - Люберцы: Юрайт, 2016.- 219 б.
2. В.В. Шишкин, О.Ю. Шишкина, З.В. Степчева «Графический растровый редактор GIMP» УлГТУ, 2010. – 119 бет.
3. Е.А. Вьюшкова, Н.В. Параскун, Б.А. Бекетауов «Информатика» «Арман ПВ» баспасы, 2015. – 208 бет.

УДК: 372.881.111.1

**А.Қ. Сембай**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Т.М.Сембаев, информатика және ақпараттық технологиялар  
кафедрасының оқытушысы

## **ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МАҚСАТЫНДА ИНТЕРНЕТ КОНТЕНТЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін білімпаздарға арнап түрлі ғаламтор жобалары дүниеге келіп жатыр. Бүгін сіздерге шет тілдерін үйренуге арналған тегін, әрі қолайлы сайттарды таныстырмақшымын.

Ағылшын тілін үйренуге арналған ресурстардың тізімін жасап кетуді жөн көрдім:

1) **Duolingo.com** – ресурсы ағылшын тілін ойын түрінде жеңіл формада үйретеді. Түрлі тіркестер арқылы жаңа сөздер үйреніп, мәтіндерді оқып жаттығасыз. Duolingo сервисі веб-нұсқада, сондай-ақ Android және iOS үшін мобильді қосымша түрінде қолжетімді. Қолданушылар саны: 10 миллион.

2) **Busuu.com** – платформасында 60 миллионнан астам қолданушы тіркелген. Бұл жаһандық қауымдастықтың қатысушылары бір-біріне ағылшынша сөйлеу мен жазу дағдысын жетілдіруге көмектеседі.

3) **Lingualeo.com** – бұл сайттан арнайы бағыттағы, арнайы жобалар, жазу, оқу, тыңдау машықтарының бәрін табасыз. Түрлі тақырыптарда, мысалы: спорт, саяхат, ойын, сөздіктер т.б. Қолданушылар саны: 13 миллион

4) **Preply.com** - Бұл сайтта ағылшынша идиомалар, сөздер, бейнематериалдар, инфографика, қызықты деректер мен көптеген тематикалық материалдар жарияланып тұрады. Онлайн - ресурстан тек қажетті ақпаратты ғана емес, теория мен практиканы ұштастыруға көмектесетін репетиторды да табуға болады. Әлемнің әр түкпірінен мыңдаған маман ағылшын тілін Skype арқылы оқытады. Қолданушылар саны: 162 миллион

5) **BBC Learning English** – ағылшын тілін үйренуге арналған материалдардың сарқылмас көзі. «Курстар» бөлімінде грамматика, жаттығулар, есте сақтауға арналған тиісті сөздер мен мәтіндер топтасқан видеолар бар. «Қосымша бағдарламалар» бөлімі ағылшын тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйретеді. Мәтіндер мен аудиоларды өзіңізге жүктеп ала аласыз. Қолданушылар саны: 269 миллион

6) **RhinoSpike.com** - ресурсы Bussuu принципі бойынша жұмыс істейді. Сайт қолданушылары бір-бірімен аудиофайлдармен алмасып, ағылшын сөздерін қабылдау мен оқуды жақсартуға көмектеседі. Бәрі қарапайым жолмен іске асады. Жүйеге мәтін жүктейсіз, сізге оның аудионұсқасы шығады. Аудио жүктесеңіз, мәтін түріндегі нұсқасын аласыз. Бұған қоса, платформа қатысушыларына дайын аудиожазбалардың кітапханасы да қолжетімді. Қолданушылар саны: 25 миллион

7) **Memrise** - тегін оқыту ресурсы ағылшынша сөздер мен тіркестерді есте сақтауға септігін тигізеді. Есте сақтаудың тиімділігін арттыру үшін қолданылады. Қолданушылар саны: 20 миллион

**Ағылшын тілі** — халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытаймен испан тілінен кейінгі халық саны бойынша ана тілі ретінде ең көп пайдаланылатын тіл. Ағылшын тілі — дүние жүзіне ең кең таралған тіл. Сөйлеушілер саны: 400 млн немесе 1 млрд адам.

Ағылшын тілі көптеген елдерде қолданады. Олардың қатарында негізгі осы елдер бар:

- 1) Ұлыбритания
- 2) Англия
- 3) Австралия
- 4) Жаңа Зеландия
- 5) Канада

- 6) Ирландия
- 7) АҚШ (Америка Құрама штаттары)

**Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты** – бұл елімізді нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығының идеясы -бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір бөлшегі болып табылады. Бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудағы бірінші баспалдағы.Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

2013 жылы 29 қарашада Астанада «Болашақ» халықаралық стипендиясының мерейтойлық форумында Мемлекет басшысы барша қазақстандықтарды үштұғырлы тіл саясатын дамытуға шақырған сөзі: «Өзге елдерді қор көре отырып өз елін артық санау мүмкін емес. Сол себепті мен үштұғырлы тіл туралы айтамын. Қазақстан мемлекеттік тілді игеруі керек. Орыс тілі – көрші еліміздің ана тілі және БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Осы тіл арқылы әлемдік мәдениет пен әдебиетке жеткенімізді мойындауымыз керек. Бұл тілді де ұмытуымызға болмайды. Әр тіл – адамзаттың байлығы. Әлемде жарыққа шығатын 10 млн кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, даму, ақпаратты технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаюда. Қазақстанда 3500 шет елдік компания жұмыс істейді. Олармен біз ағылшынша сөйлесеміз, осы тіл арқылы өндіріс күшімізді көтереміз.»

Біз <https://ru.surveymonkey.com> сайты арқылы 100 адам қатысқан сауалнама жүргізіп, өзімнің зерттеуім бойынша жасап шықтық. Сауалнама бойынша:

- 1) Сіздің жас аралығыңыз:
- 2) Сіз ағылшын тілін үйреніп жүрсіз бе?
- 3) Заманауи стандартқа сай ағылшын тілін жетік білу, сіздің пікіріңізше, керек пе?
- 4) Сіз ағылшын тілін кез келген жаста үйрену мүмкін деп ойлайсыз ба?
- 5) Сіз ағылшын тілін еркін меңгере аламын деп ойлайсыз ба?
- 6) Сіз ағылшын тілін үйренуге қандай құралдарды жиі қолданасыз?
- 7) Интернеттегі ағылшын тілін үйренуге арналған сайттардың қайсысымен

Ағылшын тілін үйренушілерге арналған кеңестер өте көп, интернетте іздесеңіз, толып жатқан сайттар мен ресурстардан аяқ алып жүре алмайсыз. Дегенмен олар қаншалықты пайдалы, сапасы жоғары ма, тиімді ме деген сұрақтар көпшілікті мазалайтыны сөзсіз. Сондықтан сіздерге өзіме ұнайтын, өзім қолданатын ресурсты айтып өтейін.

Lingualeo.com – бұл жерде қажет нәрсенің бәрін таба аласыз. Бұл ресурсты ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалімдер өз жұмысында қолданса өте жақсы көмекші құрал болады деп есептеймін. Барлық материалдардың аудио және электронды нұсқалары бар, өз бетінше оқитындар электронды нұсқасы мен тыңдалымды қатар алып жаттықса да жақсы нәтиже береді. Сонымен қатар, материалдарды өз компьютеріңізге жүктеп алуға болады. Содан соң қалаған уақытыңызда, қалаған жеріңізде оқып, тыңдап жаттыға беруіңізге болады. Ағылшын тілімен қатар басқа да тілдерді де оқып үйренуге болады. Бұл ресурс сізге француз, неміс, грек, италиян, испан, қытай тілдерімен қоса тағы да 33 тілді үйренуге мүмкіндік береді. Аудио жазбалар, немесе подкасттар тілдік ортаға тез үйренуді, өз сөздік қорын молайтуға және де жай ғана қызықты уақыт өткізуге арналған сайттардың бірі.

Сайттың мүмкіншіліктері өте көп, тіркеліп тіл үйреніп жатсаңыздар сіздерге ұнайды деп ойлаймын. Қорытындылай келе: менің айтарым маған дейін айтып кеткен білімді де танымал адамдардың айтқандарынан еш айырмашылығы жоқ: оқы, тыңда, қайтала, жаз, сөйле, тағы да оқы, қайтала және тағы сол сияқты. Сөзімді дүниежүзіндегі ең бірінші аудармашылардың бірі, танымал венгер аудармашысы, жазушы Като Ломбтың «Мен тілдерді қалай үйренемін» атты кітабында жазылған оймен аяқтасам: «Шет тілі қамал сияқты, оны бір сәтте жан-жақтан шабуыл жасау арқылы ғана ала аласың: газет оқы, радио тыңда, көркем фильм көр, шет тілінде дәрістер тыңда, оқулықпен жұмыс істе, хат алмас, тіл білетін адамдармен кездес, әңгімелес тағы сол сияқты.»

Пайдаланылған ресурстар тізімі:

1. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/7353/>
2. <https://baq.kz/kk/news/kogam/agilshin-tilin-tez-uirenuge-komektesetin7sait20170329194400>
3. <http://bilim-all.kz/article/2037-Zerikpei-agylshyn-tilin-qalai-uirenuge-bolady>
4. <https://www.britishcouncil.kz/kk/english>
5. <http://kenester.kz>
6. <http://malimetter.kz/shet-tilin-bilu-ne-ushin-kazhet-olardy-ujrenu-zholdary/>
7. <http://www.eintproject.kz/>

**В.Б. Пашкевич, З.Р. Ашурова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научные руководители: М.Ж. Байжуманов, PhD., и.о. ассоциированного профессора кафедры  
физики, академик МАИН, Ж.К. Алдажуманов, ст. преподаватель кафедры  
техническая физика и теплоэнергетика

## **ЭКВИВАЛЕНТНАЯ РАВНОВЕСНАЯ ОБЪЕМНАЯ АКТИВНОСТЬ РАДОНА В ПОДВАЛЬНЫХ ПОМЕЩЕНИЯХ В ЗОНАХ ПОТЕНЦИАЛЬНОГО ТЕХНОГЕННОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРЫ**

В настоящее время во многих странах проводят экологический мониторинг концентрации радона в домах, так как в районах геологических разломов его концентрация иногда превышает допустимые нормы (ПДК) [3]. ПДК радона в воздухе помещений 200 Бк/м<sup>3</sup>. Предельно допустимое поступление радона через органы дыхания равно 146 МБк/год.

Радон не имеет стабильных изотопов. Наиболее устойчив <sup>222</sup>Rn (T<sub>1/2</sub>= 3,8 дня), входящий в природное радиоактивное семейство урана-238 (семейство урана-радия) и являющийся непосредственным продуктом распада радия-226. Тяжёлые изотопы радона (начиная с A=223) распадаются преимущественно посредством бета -распада [2].

Концентрация радона в воздухе зависит в первую очередь от геологической обстановки (так, граниты, в которых много урана, являются активными источниками радона, в то же время над поверхностью морей радона мало), а также от погоды (во время дождя микротрещины, по которым радон поступает из почвы, заполняются водой; снежный покров также препятствует доступу радона в воздух). Перед землетрясениями наблюдалось повышение концентрации радона в воздухе, вероятно, благодаря более активному обмену воздуха в грунте ввиду роста микросейсмической активности.

В воздух помещений радон попадает несколькими путями. Главным образом за счет выхода из геологического пространства под зданием через трещины, разломы и т.п.

Наряду с почвой не менее важным источником поступления радона внутрь здания являются строительные материалы, из которых оно построено. Это может быть, например, щебень, бетон, гранит или пемза, керамзит, а может и кирпич из красной глины.

И наконец, радон может попадать в дома вместе с используемой водой и бытовым газом.

Радон является источником излучения с малой проникающей способностью – альфа-излучения, барьером для которого может служить обычный лист бумаги или, к примеру, кожа человека. Но вместе с вдыхаемым воздухом это альфа-радионуклиды попадают в его организм человека и оказывают свое пагубное воздействие, в частности развитие онкологических заболеваний, в первую очередь при этом страдают дыхательные пути и прежде всего – легкие.

Стоит отметить одну особенность радона – его свойство накапливаться в помещениях. Это весьма существенно повышает уровень радиоактивности. Другими словами, эквивалентная равновесная объемная активность (ЭРОА) радона внутри помещения существенно выше, чем вне здания. На открытой местности опасность практически сведена к нулю, ведь газу негде скопиться [1].

Цели исследования: Определить ЭРОА радона в воздухе в подвальных помещениях зданий, находящихся вблизи промышленных объектов города Семей.

Задачи исследования:

1) Провести анализ природы скопления радона в подвальных помещениях зданий и дать теоретическое описание.

2) Измерить ЭРОА радона в подвальных помещениях зданий, находящихся вблизи промышленных объектов города Семей.

3) Построить график зависимости ЭРОА радона от выбранных мест измерения.

4) Определить влияние радона на окружающую среду и организм человека.

Для измерения ЭРОА радона в подвальных помещениях вблизи промышленных объектов, было выбрано 3 точки с наиболее выраженным техногенным воздействием выбросов на окружающую среду. Это восьмой корпус университета им. Шакарима г. Семей возле Силикатного завода, дом офицеров (год постройки 1938, сделан из красного кирпича) возле центральной ТЭЦ г. Семей и пожарная часть №45 возле цементного завода. В качестве контрольной точки было выбрано здание, вблизи которого промышленные объекты отсутствуют. Это Дворец творчества детей и молодежи города Семей (1992 год постройки, сделан из силикатного кирпича).

Замеры проводились прибором «Рамон-Радон-01». Прибор предназначен для измерения эквивалентной равновесной объемной активности (ЭРОА) радона - Rn<sup>222</sup> в различных средах – в воздухе, в воде, в почве, потока радона с различных поверхностей (эксхалляции).

Приведена таблица 1 со средними значениями ЭРОА радона, всех исследуемых зданий находящийся вблизи которых присутствуют или отсутствуют промышленные объекты.

Таблица 1 – Средние показатели ЭРОА радона

Области замеров	Показатель ЭРОА радона, среднее значение 10 замеров Бк/м <sup>3</sup>	Показатель ЭРОА радона, допустимая норма Бк/м <sup>3</sup>
корпус №8 ГУ имени Шакарима г Семей	40	200
Пожарная часть № 45	104	
Городской дом офицеров	210	
Дворец творчества детей и молодежи	20	

Результаты, полученные при измерении ЭРОА радона показаны на графике (график 1) зависимости показателя концентрации <sup>222</sup>Rn от выбранных мест для измерения. Красная линия соответствует предельно допустимому значению ЭРОА в помещениях.




График 1 – Сравнение ЭРОА радона среди исследуемых точек

В ходе измерения мы сделали несколько выводов:

1) Техногенные выбросы способствуют увлечению концентрации радона. Этот вывод наглядно демонстрируется на рисунке 1. В районах Цементного завода и ТЭЦ-1 наблюдается концентрация более высокая по сравнению с другими точками.

2) Влажность воздуха меняется в зависимости от концентрации радона. При более высокой концентрации радона, из воздуха вытесняется водяной пар, что приводит к осушению воздуха. Таким образом, наиболее сухой воздух ощущался в подвальном помещении дома офицеров, где значение ЭРОА радона было несколько выше нормы.

3) Если ЭРОА радона превышает допустимую норму, появляется более нестабильный изотоп радона – торон. В результате сделанных замеров в районе ТЭЦ-1 среднее значение ЭРОА радона превысило норму, при этом прибор показал наличие торона с объемной активностью 1 Бк/м<sup>3</sup>. Значение мало, но сам факт того, что в районе имеется этот изотоп, уже говорит о том, что необходимо подумать о вентиляции в здании.

4) В местах с высокой концентрации радона, вследствие недостатка кислорода, появляется сонливость, головокружение, тошнота. Аналогичные симптомы наблюдались у исследовательской группы в ходе проведения замеров на территориях дома офицеров и пожарной части.

Список использованных источников:

1. М. В Жуковский. Радонная безопасность зданий / Екатеринбург: УрО РАН, 2000 – 180с.
2. Радон // <https://ru.wikipedia.org/wiki/Радон>

**ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ  
ИНДУКЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Аннотация:** Мақалада математикалық индукция ұғымы және математикалық индукция әдісімен шығаруға болатын бірнеше олимпиадалық есептер қарастырылған.

**Аннотация:** В статье рассмотрены понятие математической индукции и олимпиадные задачи, которые можно решить методом математической индукции.

**Abstract:** The concept of mathematical induction and olympiad problems, which can be solved by mathematical induction, are considered in the article.

**Кілт сөздер:** математикалық индукция, аксиома, натурал сандар, олимпиадалық есеп, Виет теоремасы, жұп сандар, тақ сандар.

**Ключевые слова:** математическая индукция, аксиомы, натуральные числа, олимпиадные задачи, теорема Виета, четные числа, нечетные числа.

**Key words:** mathematical induction, axioms, natural numbers, olympiad problems, Vieta's theorem, even numbers, odd numbers.

Математикалық индукция әдісі теоремаларды, тепе-теңдіктерді, теңсіздіктерді дәлелдегенде, сандардың бөлінетіндігін анықтағанда және әртүрлі есептер шығарғанда кеңінен қолданылады. Математикалық индукция принципін төмендегі аксиомамен тұжырымдауға болады.

Натурал  $n$  айнымалыға тәуелді  $A(n)$  тұжырым сол айнымалының барлық мәндері үшін дұрыс болады, егер төмендегі үш шарт орындалса.

1.  $n=1$  болғанда  $A(n)$  тұжырым дұрыс болса.
2.  $n=k$  үшін /мұндағы  $k$  – кез-келген натурал сан/  $A(n)$  тұжырымды дұрыс деп жоримыз.
3.  $n=k+1$  үшін  $A(n)$  тұжырым дұрыс екендігін дәлелдеу керек.

Осы айтылған принципті математика индукция принципі деп атайды. Теорема тікелей математикалық индукцияның аксиомасына байланысты дәлелденеді. Индукция аксиомасы: егер  $A \in N$  және 1)  $1 \in A$ , 2)  $n \in A$  шартынан  $n+1 \in A$  болса, онда  $A=N$ .

Сонымен, егер де  $p(n)$  тұжырымын барлық  $n$  натурал сандары үшін дұрыстығын тексергіміз келсе, онда: біріншіден осы тұжырымның  $n=1$  болғандағы ақиқаттығын; екіншіден, осы тұжырымның  $n=k$  үшін дұрыс деген болжаудан, оның келесі  $n=k+1$  саны үшін де дұрыс болатынын тексеруіміз керек. Сонда осы шарттар орындалғанда  $p(n)$  тұжырымы, математикалық индукция принципі бойынша, барлық натурал сандары үшін дұрыс болады.[1]

Математикадан олимпиадалық есептер шығару кезінде математикалық индукция әдісіне байланысты есептер көптеп кездеседі, алайда бұл әдіс мектеп көлемінде оқытылмайды, сол себепті, төмендегі осындай есептерді оқушыларды математикалық олимпиадаға дайындау кезінде оқытуға болады.

1 - есеп  $a$  мен  $b$  сандары  $x^2 - 6x + 1 = 0$  теңдеуінің түбірлері. Кез-келген натурал саны үшін  $a^n + b^n$  өрнегінің бүтін сан болатындығын және 5-ке бөлінбейтіндігін дәлелдеңдер.[2]

*Дәлелдеуі:* Математикалық индукция тәсілін қолданайық. Виет теоремасына сүйеніп жазайық: 
$$\begin{cases} ab = 1 \\ a + b = 1 \end{cases}$$

1. Сонымен  $n=1$  болғанда  $a^n + b^n$  өрнегі бүтін және 5-ке бөлінбейді
2.  $n=k$  болғанда  $a^k + b^k$  өрнегі бүтін болып 5-ке бөлінбейтін болсын
3.  $n=k+1$  болғанда,  $a^{k+1} + b^{k+1}$  өрнегінің бүтін болып және 5-ке бөлінбейтінін дәлелдейік.  
 $(a^k + b^k)(a + b) = a^{k+1} + ab^k + ba^k + b^{k+1} = (a^{k+1} + b^{k+1}) + ab(b^{k-1} + a^{k-1})$

Осыдан мынадай өрнекке келеміз.

$$a^{k+1} + b^{k+1} = (a^k + b^k)(a + b) - ab(b^{k-1} + a^{k-1})$$

Индукция болжамынан  $a^k + b^k \in Z$ ;  $b^{k-1} + a^{k-1} \in Z$  және  $ab=1$ ,  $a+b=6$ . Олай болса,  $a^{k+1} + b^{k+1}$  өрнегі бүтін және 5-ке бөлінбейді. Онда математикалық индукция принципі бойынша  $a^n + b^n$  өрнегінде кез-келген  $n$  натурал саны үшін бүтін болады және 5-ке бөлінбейді.

2 - есеп  $(1 + \sqrt{2})^{1981}$  санының  $a + b\sqrt{2}$  түрінде өрнектелетінін дәлелдеңдер, мұндағы  $a$  мен  $b$  өзара жай сандар. [2]

*Дәлелдеуі:* Айталық,  $(1+\sqrt{2})^n = a+b\sqrt{2}$  мұндағы  $a$  және  $b$  – өзара жай сандар.

1.  $n=1$  бұл тура болсын. Сонда

2.  $(1+\sqrt{2})^{n+1} = (a+b\sqrt{2}) \cdot (1+\sqrt{2}) = (a+2b) + (a+b)\sqrt{2}$

$a+2b=a_1$  және  $a+b=b_1$  сандары өзара жай, өйткені олай болмаса  $a=2b_1 - a_1$ ,  $b=a_1 - b_1$  сандарының да ортақ  $d > 1$  бөлгіші бар болар еді. Сонымен, есеп қортындысы кез-келген натурал  $n$  үшін тура, демек  $n=1981$  үшін де тура.

3 - есеп Екі бала мынандай ойын ойнайды. Бастаушы бірінші жүрісімен берілген  $n \geq 2$  тастан тұратын үймені өзінің қалауынша 2 немесе 3 үймеге бөледі. Ары қарай кезектесіп жүреді және әрқайсысы өз жүріс кезеңінде кез-келген үймені таңдап алып, өз қалауынша оны 2 немесе 3 үймеге бөледі. Соңғы мүмкін жүрісті жасаған бала ұтады. Дұрыс ойнаса кім ұтады.[3]

*Дәлелдеуі:* Дұрыс ойнаса әрқашанда бастаушы ұтады. Ол үшін ұту стратегиясын көрсетейік.

Екі жағдайды қарастырамыз:

1)  $n$ -жұп сан. Бірінші жүрісімен бастаушы тастарды тең 2 үймеге бөледі. Сонан соң өз кезегінде қарсыласының жүрісіне симметриялы жүріс жасап отырады.

2)  $n=2m+1$ -тақ сан. Бірінші жүрісімен бастаушы тастарының саны  $m$ ,  $m$  және 1 болатын үш үймеге бөледі. Бір тастан тұратын үймені қарастырмасақ та болады. Әры қарай «Симметриялық» әдісті қолданады.

4 - есеп Кез – келген натурал саны үшін  $2 \cdot 3^n \leq 2^n + 4^n$  теңсіздігі орындалатынын дәлелдендер.

Теңдік қашан орындалады?[4]

*Дәлелдеуі:* Математикалық индукция әдісін қолдансақ

1.  $n=1$  болғанда  $2 \cdot 3^1 \leq 2^1 + 4^1$   $6 \leq 6$

2.  $n=k$  болғанда  $2 \cdot 3^k \leq 2^k + 4^k$  тура делік.

$n=k+1$  болғанда,  $2 \cdot 3^{k+1} \leq 2^{k+1} + 4^{k+1}$  теңсіздіктің тура екендігін дәлелдейік.

$2 \cdot 3 \cdot 3^k \leq 2 \cdot 2^k + 4 \cdot 4^k$

$3 \cdot 3^k \leq 2^k + 2 \cdot 4^k$

$3^{k+2} \cdot 3^k \leq (2^k + 4^k) + 4^k$

Бұдан  $3^k < 4^k$  екені белгілі, сондықтан  $2 \cdot 3^n \leq 2^n + 4^n$  теңдігі орындалады.

5 - есеп. Кез-келген  $n$  натурал саны үшін  $n(n^2-1)(5n+2)$  өрнегінің 24-ке бөлінетіндігін дәлелдендер.[5]

*Дәлелдеуі:*  $5n+2=(5n+10)-8$  теңдігін ескеріп өрнекті түрлендіріп жазайық:

$n(n^2-1)(5n+2) = 5n(n^2-1)(n+2) - 8n(n^2-1) = 5(n-1)n \cdot (n+1)(n+2) - 8(n-1)n(n+1)$

$(n-1)n(n+1)(n+2)$  өрнегі төрт тізбектес натурал санның көбейтіндісі болғандықтан, әрі 3-ке бөлінеді, әрі 8-ге бөлінеді. 8 бен 3 өзара жай сан болғандықтан бұл өрнек 24-ке бөлінеді.

$8(n-1)n(n+1)$  өрнегі де 24-ке бөлінеді, себебі  $(n-1)n(n+1)$  көбейтіндісі 3-ке бөлінеді.

Қазіргі кезде математиканы оқыту барысында көптеген жаңа бағдарламалар ұсынылуда, сол себептен оқушыларға математиканың негізгі тақырыптарын оқытумен қатар неғұрлым күрделі есептерді шығару әдістеріне де көңіл бөлу керек деп есептейміз. Оқушылардың математикалық білімін жоғары деңгейде оқыту, яғни терендету әр ұстаздың алдындағы міндет. Білім беру жүйесіне еніп жатқан жаңартылған оқу бағдарламасы да осы мақсатты көздейді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Соломинский И.С.: Метод математической индукции. – М.: Наука. – 1974. – 63с.
2. Бабинская И. Л. Задачи математических олимпиад. М.: Изд-во Наука, главная редакция физико-математической литературы, 1975. – 66-68с.
3. Э. Н. Балаян. 800 лучших олимпиадных задач по математике для подготовки к ЕГЭ: 9 – 11 классы. Феникс, 2013. – 317с.
4. Тердікбай Күшай. Олимпиадалық математика және ой дамыту. Оқу әдістемелік құрал.- Астана, 2012.-12-15 бет
5. А.И. Верченко Математика в школе. М.:Изд-во ООО «Школьная Пресса», 1991. - №3. – 22с.



**А.М.Асан, Д.А.Батырбаева**

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Б.С.Желдыбаева, п.ғ.к, физика кафедрасының доценті

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [1].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады [2]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

– пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

– таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

– білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;

– бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

– бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

– оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландыру болып табылады.

Оқушылардың Әлемдегі жаратылыстанымдық - ғылыми бейнесін тұтастай қабылдау, ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру «Физика» пәнінің мақсаты болып табылады.

*Жаңартылған білім мазмұны бойынша физиканы оқытудың негізгі міндеттері:*

– оқушылардың Әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы білімді алуына, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруіне ықпал ету;

– оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексиялық мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

– оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

– алынған дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуге қолдану.

Оқушылардың ғылыми ойлау және танымдық қабілеттерін дамыту – физика пәні мұғалімінің маңызды мақсаттарының бірі. Оқу үдерісі оқушының ойлау дағдыларының дамуына ықпал етуі үшін талдау, салыстыру, сәйкестендіру, дербес, ортақ және ерекше белгілерін анықтай білу, абстракцияландыру, жалпылау, қорытынды жасау сияқты ойлау амалдарын қолдануды үйрету керек. Оқу үдерісінде оқушылардың теориялық және практикалық ойлау дағдыларын қатар қалыптастырудың маңызы зор. Ғылыми ойлаудың сипаттары – зерттеу мақсатын анық белгілеу, ғылыми болжамдар жасау, зерттеу әдістемесін белгілеу, зерттеудің негізгі кезеңдерін анықтау, зерттеу жұмыстарын жасау, алынған нәтижелерді талдау және қорытындыларды тұжырымдау болып табылады. Бақылау, тәжірибе жасау, алған білімдерін жүйелеу және жалпылау, физикалық теория негізінде құбылыстарды түсіндіру, шығармашылық таныту, теориялық ойлау сияқты қабілеттерін қалыптастыру оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларының дамуына ықпалын тигізеді.

Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру мұғалім үшін өте маңызды. Ол үшін сабақты көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету, физикалық эксперименттер жасау, сабақтың ғылымилығын жоғарылату, проблемалық жағдаяттар туындату, оқушылардың өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды пайдалану және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, т.б. белсенді оқу әдістерін қолдануға болады.

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді.

Төмендегі кестеде жаңартылған білім мазмұны бойынша физиканы оқытуда қысқа мерзімді жоспарды үлгі ретінде көрсетіп отырмыз (Кесте-1).

Кесте-1

Сабақтың тақырыбы: Қозғалыстың салыстырмалылығы		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:	
СЫНЫП: 7	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	7.2.1.1 – келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру – материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру		
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.		
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		

*Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:* жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына; жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне; оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен ресімделуіне; білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж.
2. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж.

**А.Б. Бакаев**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылымижөтенекші: М.Ж. Байжуманов Физика кафедрасыныңPhDдокторы,доцент м. а.

## РЕЗОНАНСТЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ПАЙДАСЫ

**Резонанс** (лат. *resono*, фр. *resonance* — үн қосу, дыбыс қайтару) — периодты түрде сырттан әсер етуші күштің жиілігі тербелмелі жүйенің меншікті жиілігіне жақындағанда сол тербелмелі жүйедегі еріксіз тербелістер амплитудасының күрт арту құбылысы; мәжбүр етуші күштің жиілігі жүйе тербелісінің меншікті жиілігіне жуықтаған кезде жүйедегі мәжбүр тербеліс амплитудасының кенеттен артып кету құбылысы. Мысал ретінде 1-суретте көрсетілген дыбыстық камертонды алуға болады. Қарапайым мысал қарастырайық. Меншікті тербеліс жиіліктері бірдей екі камертон алып, оларды бір-біріне жақынырақ қояйық та, олардың бірін тербелтейік. Сәл уақыттан кейін оның тербелісін қолымызбен басып тоқтатсақ, екінші камертонның дыбыс шығарып тұрғанын естиміз. Ал екінші камертонды ешкім тербеліске келтірмегендіктен, "оның тербелуіне бірінші камертоннан ауа арқылы берілген тербеліс ықпал етті" деген қорытындыға келеміз.



1-Сурет

Резонансты алғаш рет механика және акустикалық құбылыс ретінде италиян ғалым Г. Галилей, ал электр-магниттік жүйелерде, мысалы, тербелмелі контур арқылы ағылшын ғалымы Дж. Максвелл (1831 — 1879) қарастырған (1868).

Жоғары жиіліктегі дыбыстарды күнделікті өмірде пайдалану туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. Солардың бірі эхолот. Бұл құрал теңіз түбінің тереңдігін анықтауға қолданылады. Бұл құрал былайша жұмыс істейді: кеме табанына орнатылған құралдардың көмегімен белгілі бір бағытта ультрадыбыстар жіберіледі. Бұл дыбыстар теңіз түбінен немесе ізделінді нысанадан шағылып, бір мезеттен кейін кемеге қайта оралады. Кемедегі өте сезімтал аспаптардың көмегімен тіркелетін бұл толқындар электр импульстеріне түрлендіріледі де, экранда, мысалы, сүңгуір кайықтың кескіні пайда болады. Теңіз суындағы дыбыс жылдамдығын және дыбыстың жіберілген мезеті мен қабылданған мезеті арасында өткен уақытты біле отырып, теңіз тереңдігі немесе су астындағы нысанаға дейінгі қашықтық анықталады. Мұндай әдісті жарқанаттарда пайдаланады. Сол себепті олар түнде емін еркін ұшады. Қазіргі таңда жәндіктермен кеміргіштерден қорғану үшін жоғары жиіліктегі дыбыстар шығаратын құрылғылар қолданылады. Бұл құрылғылар жәндіктермен кеміргіштердің жүйке жүйесін тітіркендіру арқылы сіздің үйіңізді немесе қоймаңызды олардан қорғайды.



2-Сурет

Жәнеде медицинада ультрадыбысты адам денесін ультрадыбыстық тексеру (сканерлеу) үшін пайдаланылады. Сүйек, май және бұлшық еттер ультрадыбысты түрліше шағылдырады. Электр импульстеріне түрлендірілген бұл шағылған толқындар экранда кескін береді. Оған қоса адам денесінде жиналып қалған тас түйіршіктерін де ультрадыбыс арқылы тазалайды немесе емдейді.

Сонымен қатар ультрадыбыстың көмегімен тастар ұнтақталады, металдарды және аса қатты материалдарды кесу және дәнекерлеу жүзеге асырылады.

Тағы бір айта кететін мәлімет ол – материалдарды ультрадыбыспен кесу немесе өңдеу. Ультрадыбыспен өңдеудің немесе кесудің тиімді жағы өте көп. Қарапайым әдістерге қарағанда ультрадыбысты қолданғанда ешқандай дыбыс, түтін немесе газ шықпайды. Дыбыстың шықпау себебі адамның құлағы ультрадыбыстарды естуге бейімделмегендігімен түсіндіруге болады.

Жоғары жиіліктегі дыбыстар пайдадан басқа зиянда келтіре алады. Оған дәлел 2000 жылы алғашқы сәтті қолданылған акустикалық қару «American Technology Corp» компаниясының «LRAD» дыбыстық зеңбірегі болды. Бұл зеңбіректен шығатын дыбыс адам жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, тіпті ауырсыну соққысына алып келуі мүмкін.

Механикалық резонанс әсерінен 1940 жылы АҚШ-та Вашингтон штатында орналасқан Такома көпірінің орталық бөлігі бұзылған. Бұған себеп көпірмен желдің жиіліктері жуық мәнге сәйкестенуі болып табылады. Көп кісілер біле бермейтін бір жайт бар. Ол жайт- жауынгерлер көпірден өткен кезде сапты сақтамай еркін жүріп өтулері тиіс. Өйткені жауынгерлер сапта жүрген кезде пайда болатын резонанс көпірдің меншікті резонансының мәніне жуықтауы көпірдің бұзылуына алып келу мүмкіндігі өте жоғары.

### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

Құбылыс және үрдіс эрқашанда екі ортаның қатысуымен жүретін сипаттама, яғни классикалық тұрғыда Ньютонның 1 заңын келтіруге болады: Сырттан жүйеге белгілі бір күш әсер етпесе, онда сол жүйе өзінің тыныштық қалпын сақтайды дегендей. Осы себептен резонансты пайдалана отырып қол жетімсіз орталарда, медицинада және көптеген ғылыми бағыттарда адамзатқа қажетті мәселелерді шешу жолдарының тиімділігін арттырып отырмыз. Алайда табиғаттың алауыт күштері әсерінен болатын апаттардың бірден-бір себепкерлерінде ұмытпаған жөн, сондықтан әлемдегі ҒЗИ-да жаңа концепцияларды дамыту жобалары өзекті деп айтуға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А. И. Сабирова, И. Г. Давлетбаева Определения акустических резонансных частот в растворах клеевых композиций // Вестн. Казахского технологического университета Сер. Физ -2013. 5б.
2. В. В. Карачун Развитие резонанса совпадения в оболочке под действием звуковой волны // Журнал: Вестник двигателестроения Сер. Физ-2016. 87-91б.
3. Кітап: Савельев И. В. Курс общей физики.-Москва: «Наука», 1987. 181-215б.
4. Д. В. Сихвухин Общий курс физики.-Москва: «Наука», 1979. 202-222б.
5. Н. В. Александров, А. Я. Яшкин Курс общей физики.-Москва: «Просвещение», 1978. 390-409б.

УДК: 372.853

### **Д.Ш. Мусина**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Г.У. Нурабаева, к.ф.-м.н., доцент кафедры физики

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АТОМНОЙ ФИЗИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ**

Современное образование немислимо без применения информационных технологий, которые проникли во все сферы человеческой деятельности. Компьютерные усовершенствования за короткий отрезок времени изменили традиционные взгляды на процессы изучения окружающего мира в образовательном аспекте. В современном мире уже невозможно представить себе обучение без мультимедийных технологий.

В настоящее время в процессе обучения компьютер является неким посредником между учителем и учащимся. Обучающийся за компьютером может сам выбирать наиболее удобную скорость подачи и усвоения материала [1].

Применение электронного учебника на уроках физики позволяет повысить интерес к предмету, активность на уроках, самостоятельность, но и, как следствие успеваемость и глубину знаний.

Электронное учебное пособие (ЭУП) - это связанные между собой теория и практика с наглядными иллюстрациями (видео роликами, звуками, анимациями и т.п.).

Различие между электронным учебником и печатным вариантом является то, что печатный вариант рассчитан на определенный уровень знаний, умений, навыков, а электронный может иметь несколько уровней сложности. Также отличительной чертой является то, что в электронном учебнике нет предела визуальным эффектам (иллюстрации, видео ролики, звуки, анимации) все это ограничивается лишь возможностями разработчика, а в печатном варианте эффекты ограничены. Электронное пособие обеспечивает многовариантность, многоуровневость и разнообразие проверочных заданий, тестов.

Электронный учебник должен содержать только минимум текстовой информации, в связи с тем, что длительное чтение текста с экрана приводит к значительному утомлению и как следствие к снижению восприятия и усвоения знаний. Электронный вариант учебника позволяет выделить отдельные слова или фразы цветом и фоном, что улучшает наглядность, позволяет акцентировать внимание на главном. Электронный учебник должен содержать гиперссылки по элементам учебника.

Физика дает нам понимание того, что нас окружает, позволяет понять процессы и законы, происходящие в природе. А в частности, подраздел «Атомная физика» даёт учащимся более глубокое понятие окружающего нас мира, ведь всё на свете состоит из атомов.

Атомная физика является одной из самых сложных в понимании учеников. И главной сложностью её преподавания является отсутствие наглядности. Решением проблемы может быть использование электронного учебного пособия на уроках различных типов.




На данный момент существует множество программ, с помощью которых можно создавать различные электронные ресурсы.


Одна из программ с помощью, которой можно создать электронное учебное пособие - AutoPlay Media Studio. Это удивительная программа, позволяющая создавать полнофункциональные интерактивные и мультимедийные приложения, web-приложения, при этом получив на выходе качественный продукт, не уступающий по производительности приложениям, написанным с использованием языков программирования и средств разработки программного обеспечения.

Предполагается внедрение мультимедийных технологий в образовании, создание новых, более совершенных программ, согласно специфике предмета и выбранного материала.

Сложность обучения атомной физике связана с ограничением показа реальных экспериментов. Причиной этому является то, что большинство экспериментов могут производить вредное воздействие на организм человека. И не способностью школ полностью принять все средства предосторожности для исключения различных видов инцидентов.



Работа учеников с компьютерными моделями чрезвычайно полезна, так как обучающиеся могут ставить многочисленные виртуальные опыты и даже проводить небольшие исследования.



Основным источником интересов к самой учебной деятельности является, прежде всего, ее содержание. Для того чтобы содержание оказало особенно сильное стимулирующее влияние, оно должно отвечать целому ряду требований, сформулированных в принципах обучения. Однако имеются некоторые специальные приемы, которые создают ситуации новизны и приближения содержания к самым важным открытиям в науке [2]. К ним можно отнести использование электронных учебных пособий на уроках физики. В этом случае ученики значительно ярче и глубже осознают важность, изучаемых вопросов.

Литература:

1. Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютеров. - М.: Изд. Московского психолого-социального института, 2002. - 352 с.
2. Селевко, Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие / Г.К. Селевко. - М.: Народное образование, 2008. — 225 с.

ӘӨЖ 372.851

**Ерқанат Әлихан**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Е.Қ.Есенжолов, профессор

### **СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қазіргі таңдағы жалпы орта білім беретін және кәсіби мектептердің басты бағыты – оқыту мен тәрбиелеуде білім сапасын арттыру. Б.Паскаль айтып кеткендей «математика пәні оқытудағы негізгі әрі нақты сабақ болғандықтан, оны неғұрлым қызықты етіп өткізу өте пайдалы». Сондықтан математиканы оқытуда күнделікті сабақтан бөлек сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың маңызы зор.

Математикадан сыныптан тыс жұмысты енгізу ХХ-ғасырдың 30-жылдарында П.С. Александров, П.Ю. Германов, Ю.Н. Делоне, А.Н. Колмогоров, Л.А. Люстерник және т.б ғалымдардың қолдануымен бастау алды.

Сыныптан тыс жұмыс – бұл орта мектепте оқыту мен тәрбиелеудің құрамды бөлігі, сонымен қоса оқушыларды ұйымдастырудың бір формасы. Оқушылардың жан-жақты дамуына үлкен мүмкіндіктер ашады.

Сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі атқаратын қызметі бар, және жеке тұлғаны қалыптастыруда келесі мүмкіндіктерге ие:

- сабақтан тыс жұмыстар баланың жеке-дара қасиеттерін ашуға көмегін тигізеді;
- оқушылардың әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы арқылы олардың бойындағы жеке тәжірибелерін дамытып, адам өміріне қажет білік пен дағдыны қалыптастырады;
- сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлілігі оқушы үшін өзіне дұрыс мамандық таңдауына, белсенді жұмыс жасауына көмегін тигізеді;
- оқушы ұжымда, топпен жұмыс істеу қабілетін дамытады .

#### **Мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру**

Мен өндірістік іс-тәжірибеден өту кезеңінде әр түрлі сыныптарға сабақ бердім.сабақ беру

барысында бастауыш сынып оқушыларына қарағанда жоғарғы сынып оқушыларының математика пәніне деген қызығушылықтарының әлсіздігін жете түсіндім. Сондықтан жоғарғы сынып оқушыларының математикаға қызығушылығын арттыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстар жүргізудің бірнеше әдіс-тәсілдерін қарастырдым. Солардың ішіндегі оқушылар үшін ең тиімдісі ретінде математикалық үйірме ұйымдастыруды алдым.

### **Жоғары сыныпта математика пәнінен үйірмелерді ұйымдастыру.**

Сыныптан тыс жұмыстың негізгі топтық түрі – математикалық үйірме. Мұны ұйымдастыру және жүргізу үстіне мұғалімдердің шығармашылық дербестігіне айқын көрінеді. Алайда оқыту теориясында үйірме жұмыстарын сараптаудың дәл алғышарттары берілмеген. Соған қарамастан, математикадан үйірме жұмысын жүргізудің кейбір типтері қалыптасқан. Үйірме жұмысы алдымен кең тынысты шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс, сонда ғана ол оқушылардың ынта-ықыласын толық қанағаттандыра алады. Үйірме жұмысын негізінен теориялық (ғылыми-бұқаралық) және практикалық (конкурстық, олимпиадалық, ойын есептері) бағыттарда жүргізуге болады.

Теориялық бағыттағы үйірме жұмысы мұғалімдердің немесе оқушылардың белгілі тақырып бойынша әңгімесін, лекциясын не баяндамасын қамтып, аптасына бір рет жүргізіледі. Әрбір жұмыстың ұзақтылығы 1-1,5 сағаттан аспағаны дұрыс.

Үйірме жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың ынта-ықыласын ескеру маңызды мәселе. Себебі, әр оқушының өз мүддесі мен талабы бар. Сондықтан мұғалім олардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдыруға тиіс.

Егер мұғалім үйірме сабағын оқушылар үшін пайдалы және қызықты өткізгісі келетін болса, онда кейбір жағдайларға назар аударайық.

1. Берілген тақырыпта не қызықты және қандай қиындықтары бар? Берілген сабақтың материалын толық игеріп болған соң, өзіңізге тағы да есеп беріңіз: берілген тақырыпта оқушы үшін ең маңыздысы не бола алады? Қандай мезеттер оны қызықтыруы мүмкін немесе қызықтыруы керек? Оқушыларда қандай сұрақтар туындауы мүмкін (немесе туындауы керек)?

2. Оқушы берілген есепті қалай қабылдайды? Сіз тапсырмаға байланысты қандай да бір пайдалы есеп дайындап қойғаныңызбен, есепке байланысты жұмыс толығымен аяқталған жоқ. Бұл есеп оқушыларға қызықты болып көріне ме, әлде жалықтырып жібере ме? Оны орындауға шамалары жете ме? Орындаған кезде оқушылар алдында қандай қиындықтар тұрады? Ол қиыншылықтарды жеңе ала ма? Есепті шешу барысында оқушыларға мұғалімнің тарапынан қандай көмек беруге болады? Оқушыларға «шешілмейтін» күрделі есепті шешуден алдын, әдетте оңай есептер берілуі керек.

Үйірме отырысы үшін аса үлкен есептеулерді қажет етпейтін, бірақ идеясы қызықты, қиын емес есептерді қолданған дұрыс. Егер, сайыста немесе олимпиадада ұсынылған есептер қарастырылатын болса, бұл міндетті түрде көрсетілуі тиіс, яғни мұндай есептерге оқушылардың назары мен қызығушылығы арта түседі. Ұсынылатын есептердің ретіне көңіл аударғаныңыз дұрыс.

### 3. Есепті ұсыну өнері.

Көбіне мұғалім барлық есептерді өзіндегі тізім бойынша (немесе есеп жинағынан) оқып шығады. Егер есептің ең болмағанда жартысының шартын оқымай, әңгімелеп немесе ауызша айтып берсе, сабақ жанданып қызықты өтер еді. Есептің шартын қызықты етіп айтып бере алу – бұл нағыз өнер. Кейде осы мақсатта есептің мәтінінің мағынасын ашу үшін, мысалдардан немесе дербес жағдайлардан босатап есепке көшкенде, оған жаңа мазмұн ойлап табуға және т.б. болады. Мысал кетірейік.

Үйірменің жетекшісі VII сыныпқа мынадай есеп ұсынайын деп отыр: «әрқайсысы екі дәл квадраттың қосынды түрінде болатын екі бүтін сандардың көбейтіндісін де, екі дәл квадраттардың қосындысы түрінде жазуға болатын дәлелдендер». Осындай түрдегі есеп оқушыларды қызықтырған жоқ. Бұл есепті басқа түрде бергенде, оқушылардың қызығушылығы пайда бола бастады:

«5 санын екі дәл квадраттың қосындысы түрінде беруге болады ( $5 = 2^2 + 1^2$ ). 13 санын да екі дәл квадраттың қосындысы түрінде көрсетуге болады ( $13 = 3^2 + 2^2$ ). Осы сандарды (5 және 13) көбейтсек, 65 санын аламыз. Шыққан санды екі дәл квадраттың қосындысы түрінде көрсетуге болады ма?»

*Оқушы.* Иә,  $65 = 8^2 + 1^2$ .

*Жетекші.* Екі квадраттың қосындысы түрінде 65-ті тағы да басқа тәсілмен көрсетуге болады ма?

*Оқушы.* Иә,  $65 = 7^2 + 4^2$ .

### 4. «Егіз» есептер.

Үйірме мүшелерінің арасында дайындықтары мен білімдеріне қарай әр түрлі оқушылар болады. Ұсынылған есепті ерте шешіп қойған оқушының басқаларға бөгет жасауына немесе жалығып, бос отыруына жол бермеу керек. Сондықтан, мұғалімде әр есеп бойынша бірнеше қосымша сұрақтар немесе

ұқсас есептер («егіз есептер») болғаны жөн. Мұндай сұрақтар қосымша зерттеуді талап етуі мүмкін.

5. Болашақтағы сабақтарға алдын-ала есептер дайындау.

Үйірме мүшелері үшін қиын тақырыптар жеңіл және аса қызықты болуы үшін, оқушыларды біршама дайындау керек. Оған, біріншіден, тақырыптарды таңдау тізбектілігімен жетуге болады. Осылай, мысалға, егер Х сыныптың үйірмесінің сабағында «параллелограмның ауданы» және «төртбұрыштың ауданы» тақырыптарын қою белгіленсе, онда алдымен «төртбұрыштың ауданы», одан кейін «параллелограмның ауданы» қарастырған дұрыс, себебі бірінші тақырыпты өткеннен кейін, оқушылар екіншісін оңай түсінеді.

6. Үйге берілетін тапсырмалар жайында.

Үйірме мүшелеріне үйге тапсырма берген дұрыс, тек оқушылардың шамалары жете ме, оны орындауда қандай қиындықтар туындауы мүмкін екенін өзімізге нақты елестету керекпіз. Алғашқы кездері әр сабақтан кейін 2-3 есептер беріп отырған дұрыс. Егер үйірменің барлық мүшелері осындай есептерді белсенді орындағандары байқалса, онда бұл тапсырмаларды көбейтуге болады. Осы жерде оқушыларға сол тақырып бойынша басқа есептерді таба алатындай оқу құралдарын көрсетуге болады (ең қызықты есептердің номерлерін көрсеткен пайдалы). Аса белсенділері бұл сілтемелерді орындайды.

Әрбір жасалынған істің қортындысы болуға міндетті. Сол сияқты егер жүйелі қортынды жасалмаса, оқушылардың саналарында үйірмелік сабақтардан қажетті ақпараттың қалатыны шамалы. Бірақ оны қалай жасауға болады? Кейбір мүмкіндіктерді көрсетейік.

Мақаланы қорытындылай келе, сыныптан тыс жұмыстың қызықты өтуі оқушының математиканы «жеңіл» қабылдауына септігін тигізеді. Математикалық үйірме сияқты әдіс-тәсілдердің жиі өткізілуі оқушылар үшін математиканы жаңа қырынан танып, өмірде қолдануына, тіпті кейін бұл салада жұмыс атқаруына маңызды әсер етеді. Болашақтағы диплом жұмысымда осы тақырыпты әрі қарай жалғастырып тереңірек зерттеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Математика в школе», «Математика және физика» журналдары.(соңғы 7-8 жыл).
2. Бидосов Э. «Математиканы оқыту методикасы» Алматы. Мектеп, 1989ж.
3. «Математика және физика» журналы 2003ж

ӘОЖ: 372.851

**Ж.Ұ. Ахметбекова, А.Б. Бауыржанова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: Э.Т. Бахтинова, математика және МОӘ кафедрасының аға оқытушысы

## **БИНАРЛЫҚ ҚАТЫНАС ОҚЫТУ ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ**

**Түйін:** Математикада бір-бірінен қолданылу әдісі жағынан болсын, мазмұны жағынан болсын анағұрлым айырмашылығы бар бөлімдер бар. Алайда, математиканың алғашқы негіздері мектеп курсына қалыптасады. Сондықтан да қазіргі математиканың көптеген баяндау идеясы жаңартылған оқу бағдарламасымен оқулықтарына енгізіліп отыр. Осыған байланысты математиканың кейбір теориялық мәселелерін, мектептің курсына жаңа негізде оқытуға арналған көптеген әдебиеттер шығарылуда.

**Кілт сөздер:** Бинарлы қатынастар

Біз бұл мақалада жалпы алгебраның ең негізгі ұғымдарының бірі-бинарлық қатынас ұғымын оқыту туралы кейбір пікірлерді ортаға салмақпыз. Төменгі класстар математикасында (I класстан бастап) «теңдік», «кіші», «үлкен» және т.с.с бірнеше элементар бинарлық қатынастар кездеседі. Алайда төменгі класста бинарлық қатынас термині берілмейді. Дегенмен мұғалім бинарлық қатынастың не екенін және мектепте ол туралы қандай элементар мағлұматтар беру керектігін білуі тиіс.

**Қатынастар** – жиын немесе жиындар элементтерінің арасындағы өзара байланыстарды беру тәсілдері. Қатынастардың ішінен унарлық, бинарлық қатынастар көбірек белгілі. Унарлық (бір орынды) қатынастар бір жиын элементтерінің белгілі бір  $R$  қасиетінің болуын бейнелейді.  $M$  жиынының  $R$  қасиетімен (белгісімен) ерекшеленетін элементтерінің жиыны  $M$ -нің бір ішкі жиынын құрайды. (Мысалы, қобдишадағы шарлардың бір бөлігінің ақ болуы) Оларды унарлы қатынас деп атайды.



Бинарлы қатынастар М жиынының бір жұп элементтерінің қандай да бір өзара қарым-қатынасын анықтауға қолданылады. Мысалы, М адамдар жиыны десек 2 адамның бір қалада тұруы, бір ұйымда қызмет істеуі, біреуінің екіншісінен жас болуы, әке мен бала болуы т. б.


### Бірнеше мысалдар қарастырайық

1-мысал.  $3=3$

2-мысал.  $5 > 3$ . Оқушыларға 1-мысалдағы сандардың орнын ауыстыруға болғанымен, 2-мысалдағы сандардың орынын ауыстыруға болмайтыдығын ескертеміз. Немесе келесі мысалды қарастырайық

3-мысал.

AB түзуі CD түзуімен қиылыспайды. (1-сурет). Осыған байланыстыра «Екі түзудің қиылыспауы нені білдіреді?» деген сұрақтар қойсақ, оқушылардың екі түзудің параллелдігі туралы ұғымы тереңдей түседі.



Осы мәселені тереңдете түсу үшін «Түзу өзімен өзі қиылыса ма?»-деген сұрақ беруге болады. Біз бұл мысалдарда негізінен қатынастар үшін рефлексивтік және симметриялық және транзитивтік қасиеттерінің орындалуын тексереміз.

4-мысал.  $M = \{0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10\}$  жиыны берілген. Осы жиынның қай сандары  $x < 7$  теңсіздігі шешімдерінің жиынына кіреді? Бұл жаттығуды орындауда оқушылар ойша М жиынындағы әрбір санды 7 санымен салыстыра бастайды. Мысалы,  $0 < 7$  болғандықтан, 0 саны  $x < 7$  теңсіздігі шешімдерінің жиынына кіреді, сол сияқты 1 саны да  $1 < 7$  болғандықтан, сол жиынға кіреді. Ал 8 саны  $x < 7$  теңсіздігі шешімдерінің жиынына кірмейді. Өйткені  $8 > 7$  және т.с.с Мұндай мысалдарды қарастырғанда, алдымен берілген сандардың есеп шартына сәйкес барлық мүмкін парларын ойша құрып, олардың ішінен  $x < 7$  теңсіздігін қанағаттандыратын сандарды теріп алатындығымызға оқушылар назарын аударған жөн.

5-мысал.  $M = \{2, 3, 4, 5\}$  жиыны берілген. Осы жиыннан біріншісі екіншісінен кіші болатындай сандар парларын теріп жазыңдар.

Жауабы: «2;3», «2;4», «2;5», «3;4», «3;5», «4;5»

6-мысал. М бір сынып оқушыларының жиыны.

А, Б және В, С оқушылар айтылып отырған классқа пар-парымен бастауыш класынан келді А және С оқушылары туралы не айтуға болады?

Жауап: А және С оқушыларда бастауыш мектептің бір класынан келді. Яғни А, Б, С үшеуіде бір кластан.

Тапсырма: Кластан А, С, ... деген 5 оқушы алыңдар және олардың әрқайсысын суретке белгілеп, бір кластан келген оқушыларға сәкес нүктелерді доғамен жалғастырамыз

Мұнда үшінші нүктемен доға арқылы жалғастырылған әрбір екі нүкте өзара да жалғастырылатынына оқушылар назарын аудару керек.

7-мысал. М жазықтықтағы түзулердің жиыны болсын. Екі түзудің өзара параллель болуы, я перпендикуляр болуы немесе тік бұрыштан өзге бұрыш жасай қиылысуы мүмкін.

Ал IX-X кластарда оқушыларды бинарлық қатынастар туралы бір қатар элементар теориялық мағлұматтармен таныстыру керек.

Енді оқушылармен класта және кластан тыс уақытта дайындық жұмыстарын өткізуде мұғалімдердің пайдалануына болатын бірқатар мысалдар келтіреміз.

8-мысал.  $A = (1, 3)$   $B = (4, 5, 6)$  жиындары берілген. Осы екі жиынның тура көбейтіндісін табыңдар.

B	4	5	6
A			
1	(1,4)	(1,5)	(1,6)
3	(3,4)	(3,5)	(3,6)

Шешуі:  $A * B = [(1,4), (1,5), (1,6), (3,4), (3,5), (3,6)]$ . Бұл шыққан нәтижені төмендегі таблица түрінде де көрсетуге болады.

Таблицадан: таблицаның бос тұрған клеткаларының барлығы да сан парларымен толтырылғандығын, 2) барлық парлар саны 6-ға тең, яғни берілген жиындардың элементтер

санының көбейтіндісіне тең екендігін байқауға болады. Мысалымызда біз пар элементтеріне ешқандай мазмұн-мағына бермей-ақ, екі жиынның тура көбейтіндісін бірден құрдық. Практикада тура көбейтудің нақты мысалдардары көптеп кездеседі. Мысалы кестедегі (а, в) парларының орынына сәйкес температураны жазуға болады. Егер «в» арқылы қаланы ал «а» арқылы күнді белгілесек онда (а, в) в қаласындағы а күндегі температура болады

Бұдан кейін мұғалім барлық жерде (күнделікті тұрмыста, ғылымда, техникада) қандай да бір жиынды қарастыратын болсақ, әдетте пар элементтерінің арасындағы байланыстылықты өрнектейтін әйтеуір бір қатынастың қызмет ететіндігі туралы оқушыларға ескертуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Рахметжанов «Алгебра және сандар теориясы» Семей – 2009
2. П.Д. Камерон «Алгебраға кіріспе» Алматы-2013
3. Б.М. Оразбаев «Сандар теориясы» Алматы--1970

УДК: 372.853

**Г.Р. Мазанбекова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: М.Ж. Байжуманов, PhD доктор, доцент м.а

### **МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ РЕШЕНИЯ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАДАЧ ОБУЧАЮЩИМСЯ ПО ТЕМЕ ПОСТОЯННЫЙ ТОК**

Знания учащихся находятся в тесной взаимосвязи с умениями и навыками. Среди многочисленных умений и навыков, которыми должны овладеть учащиеся, немаловажное значение имеет умение решать задачи. Ведь именно в процессе решения задач ученики сталкиваются с необходимостью применять полученные знания по физике в жизни, глубже осознавать связь теории с практикой.

Таким образом, решение задач является одним из важных средств повторения, закрепления и проверки знаний. При изучении методики решения физических задач выявила наличие ряда недостатков в формировании у учащихся умения самостоятельно решать задачи. Успех овладения учащимися данным умением зависит от управления учителем деятельностью учащихся по решению задач.

Именно решение задач воспитывает и общечеловеческие качества. Д. Пойа пишет: «Обучение искусству решать задачи есть воспитание воли. Решая не слишком лёгкую для себя задачу, ученик учится быть настойчивым, когда нет успеха, учится ценить скромные достижения, терпеливо искать идею решения и сосредоточиваться на ней всем своим «я», когда эта идея возникает. Если учащемуся не представилось возможности ещё на школьной скамье испытать перебегающие эмоции, возникающие в борьбе за решение, в его математическом образовании оказывается роковой пробел» [1]. Эти слова в полной мере можно отнести и к физическим задачам. При решении задач у школьников воспитывается трудолюбие, пытливость ума, смекалка, самостоятельность в суждениях, интерес к учению, воля и характер, упорство в достижении поставленной цели. Развивающая функция задачи проявляется в том, что, решая задачу, ученик включает все мыслительные процессы: внимание, восприятие, память, воображение, мышление. При решении задач развивается логическое и творческое мышление. Но на практике часто учащемуся предлагаются задачи только одного типа; решение каждой из предложенных задач сводится к одной максимум двум формулам; данные задачи не являются для учащегося непривычными; учащийся уверен в безошибочности своих действий, тем самым при решении второй или третьей задачи перестаёт обосновывать решение, начинает решать задачи механически, только по аналогии с предшествующими задачами, стремится обойтись без рассуждений.

В последствии все это приводит к ослаблению интереса учащихся. Поэтому необходимо учить школьников решению задач разными методами, как стандартными, так и не часто используемыми в школьной практике. Полезно одну и ту же задачу решать разными способами, это приучает школьников видеть в любом физическом явлении разные его стороны, развивает творческое мышление. Разнообразие и важность функций, выполняемых задачами, приводит к тому, что задача занимает в учебном процессе важное место.

Также очень мало внимания уделяется методике решения качественных задач. Современная практика показывает, что и у школьников, и у учителей при решении качественных задач возникает много затруднений. Этому существует несколько причин: отсутствие должного внимания к качественным задачам со стороны учителей, недооценка их роли и места в преподавании физики; упрощенные представления о самих качественных задачах (устные значит простые); отсутствие методик по их решению и использованию в учебном процессе; отсутствие хороших задачников и подробных образцов действий по решению качественных задач.

Отсутствие теории решения и использования качественных задач указывает как на трудность этой проблемы, так и на недостаточное внимание к ней со стороны исследователей. Но не стоит забывать, что качественные задачи занимают важное место и в физической науке и в системе современного физического образования, в том числе для развития и воспитания личности.

Включение современных информационных технологий в учебный процесс меняет роль средств обучения, применяемых в процессе преподавания, а использование современных информационных технологий изменяет учебную среду, в которой происходит процесс обучения. Реализация возможностей современных компьютерных средств позволила создать качественно новые средства обучения [2].

В связи с тем что, преподавание физики, в силу особенностей самого предмета, представляет собой благоприятную сферу для применения современных информационных технологий я предлагаю электронный сборник задач с помощью которого можно решить актуальные проблемы методики решения задач.

Мною созданный сборник задач (рис.1) включает в себя задачи распределенные на разделы, олимпиадные и задачи вопросы (рис.2). Каждый раздел включает в себя по десять задач, на рисунке 3 представлено изображение меню олимпиадных задач, которые содержат задачи повышенного уровня и качественные задачи. Считаю, что для поддержания интереса к решению задач у учащихся стоит предлагать им специфические задачи по определенным видам трудностей со стратегиями их решения.




Рисунок 1




Рисунок 2




Рисунок 3

Данный сборник задач по теме «Законы постоянного тока» позволит учащимся систематизировать свои знания по решению задач на закон Ома для участка цепи, соединение проводников, работа и мощность тока. При решении задач главное внимание обращается на формирование умений решать задачи разного уровня, переходя от простых к сложным; умение учащихся оценивать свои способности, расширение кругозора и мышления, повторение пройденного

материала. Начиная с простых задач на воспроизведение понятий и формул, заканчивая олимпиадными. Электронная версия позволит скопировать какой-либо раздел, отменив выделение жирным шрифтом, а затем выполнить самопроверку. При решении задач в случае затруднения можно обратиться к указанным кнопкам и посмотреть способ решения. Сборник удобен тем, что в нем представлены все ответы – это позволит учащимся выполнить самооценку и по ее итогам корректировать дальнейшую работу.

Практическая значимость создания данного сборника задач состоит в том, что содержащиеся в ней материалы могут быть использованы для дальнейшего совершенствования методики решения физических задач по теме Постоянный ток и применения в практической работе учителя школы.

#### Список литературы:

1. Пойа Д. Как решать задачу. – Львов: журнал “Квантор”, 1991.
2. С.С.Маусымбаев, Р.Р.Абдрахманова, Т.А.Такирова «Технология применения компьютера в учебном процессе по физике» Конф.инновационное развитие науки: 2011

УДК: 534.52

#### Е.Е.Садықов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: А.К.Қасымханова, физика кафедрасының аға оқытушысы

### ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ШЫҒАРАТЫН ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК СӘУЛЕНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі кезеңде ұялы телефон – жедел хабар алмасудағы таптырмас көмекші. Алайда, оның зияны да жоқ емес. Бір-бірімізбен хабар алмасып, қоңырау шалып, хабарлама жазамыз. Ұялы телефондарға суретке түсіп, интернет пен әлуметтік желілерде "отырамыз". Ойындар ойнап, фильм карап, кітап оқимыз, оятар қойып, сүйікті әуендерімізді тыңдаймыз. Осыншама қолдану ауқымы кең көп функционалды құрал қалайша зиян бола алады?

Асықпаңыз... Біз сізге ұялы телефоныңызды қауіпті деп санауға 3 себеп айта аламыз. "Канцерогенді болуы мүмкін" – Халықаралық Денсаулық сақтау ұйымы ұялы телефоннан шығатын, көзге көрінбейтін электромагниттік толқындарды осылайша сипаттады. Ғалымдар қауіпті аурулар мен телефонның толқындары арасында тікелей байланыс тапқан жоқ, дегенмен зерттеулер жалғасуда, ал "мүмкін" сөзі қорқуға себеп береді. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша, адам ұялы телефонды қолданғанда оның миы басқаша жұмыс істей бастайды. Бір сағаттық әңгіме нәтижесінде, телефон қойылған жақтағы мидың бөлігінде көбірек глюкоза алмасуы болады. Бұл зерттеулер де әлі жалғасуда, мамандар бұл факті адамның денсаулығына қалай әсер ететінін айта алмай отыр. Алайда телефон миымызға әсер етіп, жұмысын өзгертіні рас. Соңғы жылдары бас аймағында ісіктерге шалдыққандардың саны өскені белгілі. Дәрігерлердің көпшілігі бұны ұялы телефонмен байланыстырады. Ұялы телефонды көбірек қолданған сайын, ісік сияқты қауіпті ауруларға тап болу мүмкіндігі өседі. Ғалымдардың телефонды мүлде қауіпті деп, оған тыйым салғанын күтпей-ақ, қазірден бастап қорғаныңыз.

Заманауи адамға телефоның өте қауіпті десе де, онсыз өмір сүруге келіспес еді. Ұялы телефонды тастауға асықпай, кейбір шараларды қолға алсаңыз, оның жаман әсерінен кішкене болса да, сақтана аласыз. Ұялы телефонға құлақшын жалғап, сол арқылы сөйлесіңіз. Телефонды қалтада, белдікте, ұстамаңыз. Телефонды қолда ұстап, жастықтың астына салып ұйықтамаңыз. Мүмкіндік болса, қоңырау шалғанның орнына хабарлама жаза салыңыз. Желі "ұстамайтын" жерлерден қайта-қайта телефон шалуға тырыспаңыз. Бұндай кездері телефон одан бетер көбірек толқындар шығарады. Балалар электромагнитті толқындардың әсерінен көбірек зиян алады. Сондықтан кішкентайларға телефонды бергеннің алдында, оны "автономиялық" режимге қойыңыз.

Ұялы телефонмен сөйлесуден гөрі хабарлама жазу балалар мен жасөспірімдер үшін қолайлы. Себебі сөйлесу кезінде құлаққа берілетін электромагниттік сәулелер хабарлама жіберуден әлдеқайда көбірек бөлінеді. Ұялы телефонның адам ағзасына қаншалықты зиянды әсер ететіні туралы әрбір қолданушы сенеді, бірақ мән бермейді. Телефон антеннасынан бөлініп шығатын энергия ауаға таратылып қоймай, адамның құлақ тұсындағы тірі клеткаларға жұтқызылады. Өйткені энергия ешқайда жоғалып кетпейді, бір түрден екінші бір түрге айналады.

**SAR (ағылш. Specific Absorption Rates) – ұялы телефон пайдаланған 1 секунд ішінде адам**

**ағзасына жұтылатын ең жоғары меншікті қуатты көрсететін меншікті коэффициенті. Оның өлшем бірлігі 1Вт/кг.**

Ұялы телефон – техникалық-электрлік құрал. Адамның басқа абоненттермен сөйлесуі, қысқа хабарламалар жіберуі немесе жай ғана күту режиміндегі телефонда азды-көпті болсын электромагниттік толқындардың генерациясы жүріп тұрады. Осы үдірісті тудыратын қабылдаушы антенна болып табылады. Ал телефонды құраушы басқа құралдардың (экран, жиілік генераторы, корпус және т.б.) зияны қызығушылық тудырмайды, себебі өте аз. Күніне 4 реттен артық пайдаланушылардың бас ауруы 3,6 есе көбейген, қан қысымы жоғарылаған. 1сағаттан артық күніне 2 реттен артық сөйлесушілерде ми рагына шалдығушылар артқан. Ұялы телефонның бойындағы электромагниттік толқындар электромагниттік сәулелерді шашады. Электромагниттік сәулелер жоғары жиілікті электрлік және магниттік өріс тарапынан туындайды. Осы сәулелену кез келген органикалық немесе бейорганикалық затқа әсер етеді.

Біз ұялы телефонды құлақ тұсына қойған кезде телефон мен адамның басы арасында электромагниттік орта пайда болады. Оның әсерінен мидың жасушалары біртіндеп қызды. Ол, әрине, адамның жүйкесіне тура әсер етеді. Адамда ең алдымен стресс пайда болады, жүйке жүйесі біртіндеп тозып, протеиндер бөліне бастайды. Протеиндер – адам ағзасында болып жатқан химиялық реакцияларға қатысып, зат алмасу процестерін жылдамдатыды. Осы факторла әсерінен ұмытшақтық, бас ауруы, агрессия, тіпті рак ауруы пайда болуы мүмкін.

Біз сізге ұялы телефоныңызды қауіпті деп санауға 3 себеп айта аламыз.

1.”Канцерогенді болуы мүмкін” – Халықаралық Денсаулық сақтау ұйымы ұялы телефоннан шығатын, көзге көрінбейтін электромагниттік толқындарды осылайша сипаттады. Ғалымдар қауіпті аурулар мен телефонның толқындары арасында тікелей байланыс тапқан жоқ, дегенмен зерттеулер жалғасуда, ал “мүмкін” сөзі қорқуға себеп береді.

2.Ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша, адам ұялы телефонды қолданғанда оның миы басқаша жұмыс істей бастайды. Бір сағаттық әңгіме нәтижесінде, телефон қойылған жақтағы мидың бөлігінде көбірек глюкоза алмасуы болады. Бұл зерттеулер де әлі жалғасуда, мамандар бұл факті адамның денсаулығына қалай әсер ететінін айта алмай отыр. Алайда телефон миымызға әсер етіп, жұмысын өзгертіні рас.

3.Соңғы жылдары бас аймағында ісіктерге шалдыққандардың саны өскені белгілі. Дәрігерлердің көпшілігі бұны ұялы телефонмен байланыстырады.

Ұялы телефонды көбірек қолданған сайын, ісік сияқты қауіпті ауруларға тап болу мүмкіндігі өседі. Ғалымдардың телефонды мүлде қауіпті деп, оған тыйым салғанын күтпей-ақ, қазірден бастап қорғаныңыз.Заманауи адамға телефоның өте қауіпті десе де, онсыз өмір сүруге келіспес еді. Ұялы телефонды тастауға асықпай, кейбір шараларды қолға алсаңыз, оның жаман әсерінен кішкене болса да, сақтана аласыз.

· Ұялы телефонға құлақшын жалғап, сол арқылы сөйлесіңіз.

· Телефонды қалтада, белдікте, ұстамаңыз. Телефонды қолда ұстап, жастықтың астына салып ұйықтамаңыз.

· Мүмкіндік болса, қоңырау шалғанның орнына хабарлама жаза салыңыз.

· Желі “ұстамайтын” жерлерден қайта-қайта телефон шалуға тырыспаңыз. Бұндай кездері телефон одан бетер көбірек толқындар шығарады.

Әрине, заманға сай керекті заттардың бірі, бұған ешкімнің таласы жоқ деп ойлаймын. Ал, онда қағидаларды қарастырып көрелік:

Кеңестер:

1. Ұялы телефонды қажеттілікке қарай пайдалану керек.
2. Үйде болсаңыз, ұялы телефонды пайдаланбай, үй телефонымен сөйлескеніңіз дұрыс.
3. SAR бойынша ұялы телефон үлгісін таңдаған дұрыс.
4. Жасөспірімдер мен балаларға ұялы телефон пайдалану мәдениетін үйреткен жөн.
5. 12 жасқа дейін ұялы телефонды пайдалануға тыйым салу қажет.
6. Ұялы телефонмен қысқа сөйлесуге үйрену керек.
7. Сөйлесуді SMS қызметіне алмастыруға тырысқан жөн.
8. Динамик арқылы дауыстық байланысқа ұмтылған дұрыс.
9. Сөйлесу уақытын 3 минуттан арттырмауға тырысқан жөн.
10. Екі сөйлесу арасындағы үзіліс уақыты 15 минуттан кем болмауы тиіс.
11. Найзағай ойнауы, күн күркіреуі кезінде ұялы телефонды пайдаланбау керек.
12. Автомобильде, желіні антенна ұстамайтын орындарда қолданбаған дұрыс.

13.Қоңырауға 4 секундсыз жауап бермеу. Неліктен? Өйткені бұл уақыт аралығында электромагниттік толқындар әсері өте күшті болады және адам ағасына тез тарайтын көрінеді.

14. Сөйлесіп болған соң телефонды құлақтың түбінде ұстап тұрып өшірмеу. Себебі өшірген кезде толқындар лезде құлаққа тарайды. Бұл құлақтың түрлі ауруларына әкеп соқтырады.

15. Ұйықтаған кезде 1,5 не 2м алыс жерге қою керек. Электромагниттік толқындарының әсер күшті болғандықтан, ұйқының бұзылуы мүмкін.

16.Қалтадан бөлек, сөмкеде ұстау немесе қалтаңыздан тастамайтын болсаңыз, қорғаныс қапшығына салып жүріңіз. Қазіргі уақытта жаңалықтардан талай жағдайларды көріп жатырмыз. Алдыңғы қатардағы, сәнді деген телефондарымыз адамға зияның тигізуде.

17. Телефон төсегіңізде жатпауы керек. Жүйке жүйесіне зиянды әсер етіп, ұйқыны бұзады. Таңертең бастың ауыратыны және белдің ауыратыны сондықтан, толқындардың әсер етуі.

18.Телефонды белде, кеудеге ұстауға әсіресе, шалбардың және пиджактың қалталарында салып жүруге болмайды. Толқындар ағзаның ішкі мүшелеріне зиянды.

Ойымды қорыта келе, зияның біле тұра біз немқұрайлық танытпауымыз керек. Ол үшін мен төменгі ұсыныстарды жасаймын: Бұл проблема мемлекет тарапынан қолдау табу қажет, ол үшін бірқатар заңнамалар қабылдану керек. Жалпы халық, жастар арасында семинар, лекторий, дөңгелек үстелдерді өткізуді дәстүрге айналдыру. Дүниежүзілік «Ұялы телефондардың зияндылығын насихаттайтын күн» жариялау керек. Мектептерде ұялы телефонды әкелуге тиым салу. Теледидар, газет-журнал беттерінде зияндылығы жөнінде антижарнамалар, бейнеклиптер көрсету керек.

### **К.К. Нургазина, А.С. Слямгазы**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің.

Ғылыми жетекші: Қ.Р. Тайболдина, математика және МОӘ кафедрасының аға оқытушысы

## **МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІҢ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ**

***Түйін.** Мақалада математика оқытудың өзгеше құралдарына қатысты пайдаланылатын компьютерлік модельдердің ерекшелігі көрсетіледі. Компьютерлік модельдеу білімді меңгерудің нақты әдісі емес, әр түрлі салаларда қолданылатын танымдық әдістердің бірі болып табылады. Компьютерлік математикалық модельдің өңдеуі барысында есепті шешу кезеңдері құрастырылды.*

***Кілт сөздер:** компьютерлік технологиялар, математикалық модель, ақпараттық айналдыру, қиындықты шешу, компьютерлік модельдеу.*

Заманауи қоғамды ақпараттандыру міндеттерінің бірі, ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану болып табылады. Адам өмірінің барлық салаларын ақпараттандыру және компьютерлендіру үдерісі, педагогикалық практикаға ақпараттық және компьютерлік технологияларды кеңінен енгізу үшін алғышарттар жасайды.

Бүгінгі күні компьютерлік технологияны оқу процесіне енгізу, білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Математика сабақтарында компьютерлік технологияны пайдалану, әлеуметтік, педагогикалық және технологиялық себептерге байланысты. Бұл себептерге байланысты, білім берудің тиімділігі мен сапасын жақсарту үшін, оқытудың жаңа жолдарын іздеу қажеттілігі туындайды.


Компьютерлік технологияны дамыту кезінде математикалық модельдеу компьютерлерді қолданудың өзіндік және өте маңызды саласы ретінде пайда болды. Модельмен жұмыс істегенде, модельдік объектінің есебі мақсат ретінде тұжырымдалуы мүмкін, яғни, модельдің қажетті күйін алу міндеті. Компьютерлік модельді басқару, әдетте, адам мен компьютер арасындағы диалог түрінде немесе нақты компьютерлік бағдарламамен жүреді. Орта мектепте математиканы оқыған кезде оқу уақытының басым бөлігі мәтіндік есептерді шешуге арналған. Шын мәнінде, келесі жағдайлар орын алады: қиындықтарды шешу барысында математикалық үлгілердің тізбегі құрылады. Математиканы оқыту әдістемесінде қиындықтарды шешудің төрт кезеңін қамтиды:

- есептің тұжырымдамасын түсіну;
- шешім жоспарын алу;
- жоспарды іске асыру;
- шешімнің нәтижелерін талдау.

Есепті тұжырымдаудың алғашқы кезеңдерінің бірінде компьютерлік түрде ұсынылған

үлгілерді қолдану орынды болар еді. Компьютерлік модельдеудің түрлі кезеңдеріндегі ақпаратты түрлендіру, сурет-1.

*1-ші кезең:* объекті мен нақты объект туралы ақпаратты бөлу, қажетті ақпаратты белгілеу, маңызды емес ақпаратты жою.



Сурет-1. Компьютерлік модельдеудің әртүрлі кезеңдерінде ақпараттың трансформациясы

Ақпараттың өзгеруі есептің шешілу жағдайымен анықталады. Бір тапсырма үшін маңызды ақпарат бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Қажетті ақпаратты жоғалту, дұрыс емес шешімге алып келеді және әрдайым нақты шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, есептің тұжырымдамасы объектіні зерделеу барысында ғана анықталады. Бірінші кезеңде объектіні мақсатты түрде зерттеу үдерістері және есептің жай-күйін түсіндіру бір уақытта жүзеге асады деп, айтуға болады.

*2-ші кезең:* модельдеу объектісі туралы ақпараттың құрылымын жасау, алынған ақпаратты компьютерге өңдеуге дайындау. Құрылымдау тапсырма мен компьютерлік ақпаратты өңдеу құралдарына сәйкес болуы керек. Екінші кезеңнің нәтижесі ақпараттық модельдің құрылымы болады.

*3-ші кезең:* Бұл кезеңде ақпараттық модель компьютерге көшіріледі. Үшінші кезеңнің маңызды сәті - бастапқы есептің бекітілуі. Одан кейін дайындалған компьютерлік модельмен жұмыс жасалады. Бұл жұмыстың мақсаты - бастапқы есепті шешу үшін қажетті ақпаратты алу.

Мектепте компьютерлік модельдеуді қолданудың үлкен саласы 7-9 сыныптардың геометрия курсына өтіледі.

Есепті шешу және оны жүзеге асыру бойынша жоспар алу үшін одан әрі жұмыс жүргізіледі.

4-кезеңде, есеп берілгенің тұжырымдау үшін құрылған компьютерлік модельді қолдану орынды. Сонымен, математикадағы басқа оқу құралдарына қатысты компьютерлік үлгілерді пайдаланудың ерекшелігі қиын жағдайында қаралып жатқан объектілерге объективті бағдар беруді қамтамасыз етеді және ғылыми, теориялық ойлауда символдықтың арнайы құралы болып табылады. Бұдан басқа, компьютерлік модель зерттелген объектілердің ортақ көрінісі болып табылады.

Сондықтан компьютерлік модельдеу білімді меңгерудің нақты әдісі емес, әртүрлі салаларда қолданылатын танымдық әдістердің бірі болып табылады.

Есепті шешу процесінде ойлау талдауы ретінде сөйлегенде, компьютерлік модельдер ойлау әрекетінің арнайы құралы болады. Сондықтан, 7-9 сынып оқушыларының геометрия курсының есептерін модельдеу компьютерлік құралдарды қолдануға ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру әдісі, сондай-ақ модельдерді өздерін қиындықтарды шешуге үйрету құралы ретінде теңестіруге болады. Оқушыларды математикалық және компьютерлік модельдеу элементтерімен таныстыру тек ғылыми дүниетанымның қалыптасуына ғана емес, сондай-ақ оларды оқытуды неғұрлым мазмұнды және нәтижелі етеді.


Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бутузов, С.Б. Кадомцев [и др.]. М.: Просвещение, 1991. 335 с.
2. Методика преподавания математики в средней школе: общая методика: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. 2104 «Математика» и 2105 «Физи-ка» / А.Я. Блох, Е.С. Канин, Н.г. Килина [и др.]. М.: Просвещение, 1985. 336 с.
3. Шабанова М.В., Сергеева Т.Ф. GeoGebra в системе средств обучения мате- матике // Информатика и образование/ 2014. № 7. С. 33-43.
4. Шабанова М.В., Троицкая О.Н. Образовательные возможности програм- мы GeoGebra и их использование на уроках геометрии в школе // Современ- ные информационные технологии и ИТ-образование: сб. науч. тр. VI Междунар. науч.-практ. конф., 12-14 декабря 2011 г., Москва / под ред. В.А. Сухомлина. Москва: Изд-во МГУ, 2011. Т. 1. С. 254-258. 1 электрон. опт. диск (CD ROM).
5. Шабанова М.В., Форкунова Л.В. Использование возможностей интерак- тивных геометрических сред «GeoNext» и «GeoGebra» при организации научно- исследовательской работы школьников в области приложений математики // Актуальные вопросы современной науки: материалы X-ой (юбилейной) науч.- практ. конф. / под ред. г.Ф. гребенщикова. М.: Перо, 2010. С. 289-294.

**ФУНКЦИЯНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ЕҢ КІШІ МӘНДЕРІН ТАБУҒА АРНАЛҒАН  
 ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақалада функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу ережелерін қолданып, геометриялық есептерді шешу қарастырылған. Физикалық, геометриялық есептерді экстремумға зерттеу арқылы оның туындысын тауып, оны 0-ге теңестіріп, берілген функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға болады. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерінің анықтамаларына тоқталып кетсек.

Егер  $x_0$  нүктесі  $[a,b]$  кесіндісінің ішкі нүктесі болса және сол кесіндіде анықталған  $f(x)$  функциясы үшін  $\delta > 0$  саны табылып, айнымалының  $x_0 - \delta < x < x_0 + \delta$  теңсіздіктерін қанағаттандыратын барлық мәндері үшін  $f(x_0) - f(x) \geq 0$  арақатынасы орындалса,  $x_0$  нүктесі  $f(x)$  функцияның максимум нүктесі, ал  $f(x_0)$  мәні функцияның  $x_0$  нүктесіндегі максимумы деп аталады.



Егер  $x_0$  нүктесі  $[a,b]$  кесіндісінің ішкі нүктесі болса және сол кесіндіде анықталған  $f(x)$  функциясы үшін  $\delta > 0$  саны табылып, айнымалының  $x_0 - \delta < x < x_0 + \delta$  теңсіздіктерін қанағаттандыратын барлық мәндері үшін  $f(x_0) - f(x) \leq 0$  арақатынасы орындалса,  $x_0$  нүктесі  $f(x)$  функцияның минимум нүктесі, ал  $f(x_0)$  мәні функцияның  $x_0$  нүктесіндегі минимумы деп аталады.

$f(x)$  функциясы анықталған және үзіліссіз болатын облыстағы нүктелердің ішіндегі  $f(x)$  функциясының туындысы не нольге тең болатын, не ақырсыздыққа айналатын, не мүлдем жоқ болатын нүктелерін сындық нүктелер деп атайды.

Экстремумның бар болуының жеткілікті шарты.

Егер  $f(x)$  функциясы анықталған  $[a,b]$  кесіндісінің  $x_0$  сындық нүктесінің  $(x_0 - \delta, x_0 + \delta)$  маңайында

а)  $x_0 - \delta < x < x_0$  болғанда  $f'(x) > 0$ ,  $x_0 < x < x_0 + \delta$  болғанда  $f'(x) < 0$  болса, яғни  $x_0$  нүктесі арқылы өткенде туындының таңбасы плюстен минуске ауысса,  $x_0$  нүктесінде максимум;


б)  $x_0 - \delta < x < x_0$  болғанда  $f'(x) < 0$ ,  $x_0 < x < x_0 + \delta$  болғанда  $f'(x) > 0$  болса, яғни  $x_0$  нүктесі арқылы өткенде туындының таңбасы минусдан плюске ауысса,  $x_0$  нүктесінде минимум;

в) аргумент  $x_0$  нүктесі арқылы өткенде туындының таңбасы өзгермесе, онда экстремум жоқ болады[1].

Функцияның экстремумдарын іздеп табудың практикалық ережелерін қолданып, бірнеше мысалдарды қарастырайық.

Мысал-1:

Көлемі  $72 \text{ см}^3$ , табанының қабырғаларының қатынасы 1:2 болатын жәшік жасау керек. Толық бетінің ауданы ең аз болатындай жәшіктің барлық қырларының өлшемдерін табу керек.



Шешуі:

Есептің шартынан табанының қабырғалары  $a=x$ ,  $b=2x$ , ал жәшіктің биіктігі  $c=y$ . Сонда жәшіктің көлемі  $2x \cdot x \cdot y = 72$ , бұдан  $y = \frac{36}{x^2}$ . Енді жәшіктің толық бетінің ауданын есептейік.

$S = 2(2x^2 + xy + 2xy) = 2(2x^2 + 3xy) = 2\left(2x^2 + 3x \frac{36}{x^2}\right) = 2\left(2x^2 + \frac{108}{x}\right)$ .  $S(x) = 4x^2 + \frac{216}{x}$ . Осы функцияны экстремумға зерттейміз.  $S'(x) = 8x - \frac{216}{x^2}$ ,  $S'(x) = 0$ ,  $8x - \frac{216}{x^2} = 0$ , бұдан  $8x^3 = 216$ ,  $x^3 = 27$ ,  $x = 3$ . Жәшіктің өлшемі  $x \in (0, t)$ , мұндағы  $t > 3$ , аралығында болады деп алсақ,  $(0, 3)$  аралығында  $S'(x) < 0$ , ал  $(3, t)$  аралығында  $S'(x) > 0$ . Бұдан  $x=3$  нүктесінде функцияның минимумы бар. Сонда жәшіктің өлшемдері  $a=3$ ,  $b=6$  және  $c=4$  болады.

Мысал-2: Радиусы  $R$  шарға сиятын цилиндрдің ең үлкен биіктігін табу керек[2].




Шешуі:

Үшбұрыш  $\Delta OQA$  қарастырамыз. Бұдан Пифагор теоремасы бойынша  $r^2 = R^2 - \left(\frac{h}{2}\right)^2 = R^2 - \frac{h^2}{4}$ . Цилиндр көлемінің формуласын жазып, алынған  $r^2$  мәнін қоямыз:  $V_{\text{цил}} = \pi r^2 h = \pi h \cdot \frac{4R^2 - h^2}{4} = \frac{\pi}{4}(4R^2 h - h^3)$ . Осы функцияны экстремумға зерттейміз.  $V'(h) = 4R^2 - 3h^2$ ,  $V'(h) = 0$ ,  $4R^2 - 3h^2 = 0$ . Бұдан  $h^2 = \frac{4R^2}{3}$ ,  $h = \frac{2R}{\sqrt{3}}$ .  $h \in [0, 2R]$ , мұндағы  $h < 0$  аралығы деп алсақ,  $[0, \frac{2R}{\sqrt{3}}]$  аралығында  $V'(h) > 0$ , ал  $[\frac{2R}{\sqrt{3}}, h]$  аралығында  $V'(h) < 0$ . Бұдан  $h = \frac{2R}{\sqrt{3}}$  нүктесінде функцияның максимумы бар.

Мысал-3:

Теңқабырғалы үшбұрышты призманың көлемі  $V$ -ға тең. Ауданы ең кіші мәнге ие болатындай призманың бүйір қабырғасын тап[2].

Шешуі: Призманың көлемінің формуласы  $V = S_{\text{таб}} H$  тең.



Бізде берілген призманың көлемін табайық. Ол  $V = \frac{x^2 \sqrt{3}}{4} y$  тең. Мұндағы  $S = \frac{x^2 \sqrt{3}}{4}$  – теңқабырғалы үшбұрыш ауданы. Бұдан  $y = \frac{4V}{x^2 \sqrt{3}}$ .

Толық бетінің ауданын  $x$  және  $y$  бойынша өрнектесек:

$S_{\text{тол}} = 2S_{\text{таб}} + 3S_{\text{б.б}} = 2 \cdot \frac{x^2 \sqrt{3}}{4} + 3xy = \frac{x^2 \sqrt{3}}{2} + \frac{4V \sqrt{3}}{x} = \frac{x^3 \sqrt{3} + 8V \sqrt{3}}{2}$ .  $S_{\text{тол}} = \frac{\sqrt{3}}{2} \cdot \frac{x^3 + 8V}{x}$ . Осы функцияны экстримумға зерттейік.  $S' = \frac{3x^2 \cdot x - (x^3 + 8V)}{x^2} = \frac{2x^2 - 8V}{x^2} = \frac{2(x^3 - 4V)}{x^2}$ .  $S' = 0$  теңдеуінен  $x^3 - 4V = 0$ ,  $x = \sqrt[3]{4V}$ .  $(0, \sqrt[3]{4V})$  аралығында функция кемімелі, ал  $(\sqrt[3]{4V}, 0)$  аралығында функция өспелі. Осыдан берілген сындық нүкте минимум болады және осы нүктеде функция ең кіші мәнді қабылдайды. Сонымен:  $x = \sqrt[3]{4V}$ .

Қорыта келе геометриялық есептерді экстремумға зерттеу арқылы функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға болады. Бұл әдісті қолданып геометриялық есептерді шешу білім алушыларға білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Г.Е.Берікханова. Математикалық анализдің есептік практикумы. 1-бөлім,-Семей, 2016ж.-92-107б.
2. Г.Н.Берман. Сборник задач по курсу математического анализа. -Москва,1971. -С.87-90

УДК: 372.851

**Қ.Т. Тоқтасынова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: А.К.Ерденова, аға оқытушы

## АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ АУЫСТЫРУ КӨМЕГІМЕН ШЕШУ ӘДІСТЕМЕСІ

Алгебралық теңдеулерді шешудің стандартты емес әдістерінің бірі - тригонометриялық ауыстыруды қолдануға негізделген әдіс. Осындай әдісті қолдану қажетті теңдеулер белгілі тригонометриялық формулаларға ұқсайтын жағдайда пайдалы. Бұл ең алдымен қарапайым әдістермен шешілетін өте қиын теңдеулерге (теңдеулер жүйесіне) қатысты және тригонометриялық ауыстырулар енгізілгеннен кейін қарапайым тригонометриялық теңдеулерге дейін төмендейді. Тригонометриялық ауыстырудың мәні белгісіз  $x$  айнымалыны тригонометриялық функциямен ауыстыруға негізделген. Тригонометриялық ауыстыру айнымалыны ауыстыру әдісінің бірі болып табылады және ол берілген теңдеудің анықталу облысы тригонометриялық функцияның мәндер облысымен сәйкес келсе немесе осы облысқа кіретін жағдайда қолданылады.

Мысал-1. Теңдеуді шешіңіз

$$8x^3 - 6x - 1 = 0 \quad (1)$$

Шешуі:  $x = 0$  (1) теңдеуінің түбірі бола алмағандықтан, теңдеудің екі жағында  $2x$ -ке

бөлеміз. Сонда

$$4x^2 = \frac{1}{2x} + 3 \quad (2)$$

Егер  $x < -1$  немесе  $x > 1$ , онда (2) теңдеудің сол жағындағы өрнек 4-тен үлкен болады, ал оң жағындағы өрнек кіші болады. Демек, (1) теңдеуінің түбірі  $-1 \leq x \leq 1$  аралықта жатады.

$0 \leq \omega \leq \pi$  аралығында  $x = \cos \omega$  болсын. Онда (1) теңдеуінің түрі мынандай тригонометриялық теңдеуге келеді.

$$8 \cos^3 \omega - 6 \cos \omega - 1 = 0,$$

$$4 \cos^3 \omega - 3 \cos \omega = \frac{1}{2},$$

$$\cos 3\omega = \frac{1}{2}.$$

$\cos 3\omega = \frac{1}{2}$  теңдеуінің түбірі  $\omega = \frac{\pi}{9}(6n \pm 1)$ , ( $n \in \mathbb{Z}$ ) болады. Алайда  $0 \leq \omega \leq \pi$ , сондықтан  $\omega_1 = \frac{\pi}{9}$

,  $\omega_2 = \frac{5\pi}{9}$  және  $\omega_3 = \frac{7\pi}{9}$ .  $x = \cos \omega$  болғандықтан,  $x_1 = \cos \omega_1$ ,  $x_2 = \cos \omega_2$  және  $x_3 = \cos \omega_3$ .

$$\text{Жауабы: } x_1 = \cos \frac{\pi}{9}, x_2 = \cos \frac{5\pi}{9}, x_3 = \cos \frac{7\pi}{9}$$

Мысал-2. Теңдеуді шешіңіз

$$x + \frac{x}{\sqrt{x^2 - 1}} = \frac{35}{12}$$

Шешуі: Көріп тұрғанымыздай,

$$\begin{cases} x > 0 \\ x^2 > 1 \end{cases} \Rightarrow \{x > 1.$$

$x = \frac{1}{\sin \omega}$  айнымалысын енгіземіз,  $0 < \omega \leq \frac{\pi}{2}$ . Демек, теңдіктің сол жағы мынадай түрге келеді

$$\frac{1}{\sin \omega} + \frac{1}{\sqrt{\frac{1}{\sin^2 \omega} - 1}} = \frac{1}{\sin \omega} + \frac{1}{\cos \omega}$$

бұл теңдеуден мынадай  $12(\sin \omega + \cos \omega) = 35 \sin \omega \cos \omega$  тригонометриялық теңдеу аламыз.

Бұл теңдеуге  $\sin \omega + \cos \omega = z$  жаңа айнымалысын енгіземіз, онда  $\sin \omega \cos \omega = \frac{z^2 - 1}{2}$ . Жаңа

айнымалы  $z$  теңдеуге қойып,  $35z^2 - 24z - 35 = 0$  квадрат теңдеуін аламыз. Теңдеуден  $z_1 = \frac{7}{5}$  және

$z_2 = -\frac{5}{7}$  түбірін аламыз.  $\sin \omega + \cos \omega = z$ ,  $0 \leq \omega \leq \frac{\pi}{2}$  болса, онда  $z > 0$  және  $\sin \omega + \cos \omega = \frac{7}{5}$ .

$\sin \omega \cos \omega = \frac{z^2 - 1}{2} = \frac{12}{25}$  ескере отырып, тригонометриялық теңдеулер жүйесін аламыз

$$\begin{cases} \sin \omega + \cos \omega = \frac{7}{5} \\ \sin \omega \cos \omega = \frac{12}{25} \end{cases}.$$

Теңдеулер жүйесінен  $\sin \omega$ -ға қатысты  $25 \sin^2 \omega - 35 \sin \omega + 12 = 0$  квадрат теңдеуді құрамыз. Теңдеуден  $\sin \omega = \frac{3}{5}$  және  $\sin \omega = \frac{4}{5}$  түбірлер шығады.  $x = \frac{1}{\sin \omega}$  болғандықтан,  $x_1 = \frac{5}{3}$  және  $x_2 = \frac{5}{4}$ .

Жауабы:  $x_1 = \frac{5}{3}$ ,  $x_2 = \frac{5}{4}$ .

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.А. Барвенков «Методы решения алгеброических уравнений», «Аверсэв», 2006
2. В.П. Супрун. Математика для старшеклассников: Нестандартные методы решения задач. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 272 с.
3. Никольский С.М. и др. Алгебра и начала анализа: учеб. для 11 кл. общеобразоват. учреждений. – 5-е изд. – М.: Просвещение, 2006.

ӨОЖ: 372.851

**Ж.С. Маратова, М.Қ. Қажыбаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Бахтинова Э.Т, аға оқытушы

### МӘТІНДІ ЕСЕПТЕРДІ САЛЫСТЫРУ БЕЛГІСІ БОЙЫНША ШЫҒАРУ

*Түйін: Мектеп бағдарламасында берілген кейбір олимпиада есептерін салыстыру белгісімен оңай шығару тәсілін көрсету.*

*Кілт сөздер: Модуль, салыстыру, қалдық, тең қалдықты сандар.*

Екі  $a$  мен  $b$  санын  $k$ -ға бөлгенде бірдей қалдық шығатын болса, тек сонда ғана  $a$  мен  $b$  сандары  $k$  модулы бойынша салыстырымды болады, және оны былай жазамыз:  $a \equiv b \pmod{k}$

Шарт бойынша  $a$  мен  $b$  санын  $k$  модулы бойынша салыстырымды, сондықтан

$$a - b = k(q_1 - q_2) + (r_1 - r_2)$$

айырмасы  $k$ -ға бөлінеді.

Бөлінгіштіктің қасиеті бойынша  $r_1 - r_2$  айырмасының  $k$ -ға бөлінетіндігі шығады, ал бұл жағдай тек  $r_1 - r_2 = 0$ ,  $r_1 = r_2$  болғанда ғана мүмкін екендігі түсінікті.

Сөйтіп, салыстырылатын сандарды модульға бөлгенде шығатын қалдықтар бірдей болады, сондықтан салыстырылатын сандарды кейде тең қалдықты сандар деп те атайды.

Ал, керісінше, тең қалдықты сандардың өз ара салыстырымды болатындығы түсінікті.

Модульдары бірдей екі не бірнеше салыстыруларды мүшелеп қосуға не азайтуға болады.

Айталық мына салыстырулар берілген болсын:  $a \equiv b \pmod{k}$  және  $c \equiv d \pmod{k}$

Сонда  $a - b$ ,  $c - d$  айырмалары, демек, олардың қосындысы

$$(a - b) + (c - d) = (a + c) - (b + d)$$

және айырмасы

$$(a - b) - (c - d) = (a - c) - (b - d)$$

де  $k$ -ға бөлінеді, сондықтан

$a + c \equiv b + d \pmod{k}$  немесе  $a - c \equiv b - d \pmod{k}$ .

Модульдары бірдей екі не бірнеше салыстыруларды мүшелеп көбейтуге болады.

Шынында да, айталық мына салыстырулар берлді делік:

$$a \equiv b \pmod{k} \text{ және } c \equiv d \pmod{k}$$

$a - b$  мен  $c - d$  айырмалары  $k$ -ға бөлінеді, олай болса, олардың көбейтіндісі

$(a - b)(c - d) = ac - bc - ad + bd = ac - bd - d(a - b) - b(c - d)$  де  $k$ -ға бөлінеді. Бұл теңдіктен  $ac - bd$  айырмасының  $k$ -ға бөлінетіндігі шығады, яғни  $ac \equiv bd \pmod{k}$

*Практикалық жағғына тоқталсақ*

Мысал-1

Жүгеріні тасымалдау үшін 60 және 80 килограммдық мөшектер бар. 440 кг жүгеріні тасымалдау үшін, осындай мөшектерден нешеуі қажет?

$$\begin{aligned}
60x + 80y &= 440 \\
3x + 4y &= 22 \\
4y &\equiv 22 \pmod{3} \\
2y &\equiv 11 \pmod{3} \\
y &\equiv 10 \pmod{3} \\
y &\equiv 1 \pmod{3} \\
y &= 1 + 3t \\
3x + 4(1 + 3t) &= 22 \\
3x + 4 + 12t &= 22 \\
3x &= 18 - 12t \\
x &= 6 - 4t \\
x=6-4t & \quad t \in \mathbb{Z} \\
y &= 1 + 3t \\
x=6, \quad y &= 1
\end{aligned}$$

Жауабы: 440кг жүгеріні тасымалдау үшін 60 кг мөшектен 6-ау, 80 кг мөшектен 1-еу қажет.

Мысал-2

Дүкеннен дәптер сатып алу үшін 19 теңге төлеу керек. Сізде 2 теңгелік тиындар бар. Ал кассирда 5 теңгелік тиындар бар. Сіз осындай ақша болған жағдайда кассирмен есепсе аласыз ба? Және қалай?

$$\begin{aligned}
2x - 5y &= 19 \\
2x &= 19 + 5y \\
2x - 19 &= 5y \\
(2x - 19) &: 5 \\
2x &\equiv 19 \pmod{5} \\
2x &\equiv 24 \pmod{5} \\
x &\equiv 12 \pmod{5} \\
x &\equiv 2 \pmod{5} \\
x &= 2 + 5t \\
y &= -3 + 2t \\
2(2 + 5t) - 5y &= 19 \\
4 + 10t - 5y &= 19 \\
4 + 10t - 19 &= 5y \\
5y &= -15 + 10t \\
y &= -3 + 2t \\
x &= 2, \quad y = 1
\end{aligned}$$

Жауабы: 19 теңгелік дәптерді төлеу үшін 2 теңгелік 12 тиын беру керек. Ал кассир 5 теңгеден 1-еу қайтарып береді.

Мысал-3

150 контейнер жүкті белгіленген жерге жеткізу үшін, тек қана ұшақтарды қолдану керек. Ұшақтардың жүк көтеру қабілеті 8 және 13 контейнер. Жүкті жеткізу үшін осындай типті ұшақтардан нешеуі қажет?

$$\begin{aligned}
8x + 13y &= 150 \\
8x - 150 &= -13y \\
(8x - 150) &: 13 \\
8x &\equiv 150 \pmod{13} \\
4x &\equiv 75 \pmod{13} \\
x &\equiv 22 \pmod{13} \\
x &= 22 + 13t \\
8(22 + 13t) + 13y &= 150 \\
176 + 104t + 13y &= 150 \\
13y &= -26 - 104t \\
y &= -2 - 8t \quad t \in \mathbb{Z} \\
x &= 9, \quad y = 6
\end{aligned}$$

Жауабы: 150 контейнерді жеткізу үшін сыйымдылығы 8 контейнерлік ұшақтан 9, ал 13 контейнерлік ұшақтан 6-ау қажет.

**Қорытынды:** Қорыта айтар болсақ, мектеп бағдарламасында немесе математикалық сауаттылықта және олимпиададағы мәтінді есептері салыстыру әдісін пайдалана отырып шығаруға болады. Яғни, біздің ойымызша, осы әдісті мектеп бағдарламасына еңгізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. М. Оразбаев Сандар теориясы, - Алматы: «МЕКТЕП» баспасы, 1970. С. 66-71
2. Я. И. Перельман Занимательная алгебра, – Москва: Государственное издательство технико-теоретической литературы, 1955. С. 91-95
3. С. Ш. Кожегельдинов Некоторые элементы теории диофантовых уравнений в упражнениях и задача, –Москва: Прометей, 1933. С. 5-10
4. В. Шмидт Диофантовы приближения, –Москва: МИР, 1983. С.11-15

УДК: 372.851.2

**А.Р.Сыдықова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Э.Т.Бахтинова, «Математика және математиканы оқыту әдістемесі»  
кафедрасының аға оқытушысы

### **ЕСЕЛІ АРГУМЕНТКЕ АРНАЛҒАН КЕЙБІР ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФОРМУЛАЛАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН МУАВР ФОРМУЛАСЫН ҚОЛДАНУ**

**Аннотация:** Мақалада Муавр формуласын еселі аргументке арналған кейбір тригонометриялық формулаларды қорытып шығаруға қолдану көрсетілген.

**Аннотация:** В статье рассматривается использование формулы Муавра для выведения некоторых тригонометрических формул для n-кратного аргумента.

**Abstract:** In this paper, we use the Moivre formula to derive some trigonometric formulas for an n-fold argument.

**Кілт сөздер:** Муавр формуласы, тригонометриялық формулалар.

**Ключевые слова:** формула Муавра, тригонометрические формулы.

**Key words:** the Moivre formula, trigonometric formulas.

Қазіргі заманауи қоғамда мектептің жоғарғы сынып оқушыларына зор талап қойылған. Бұл талаптар оқушылардың жалпы мәдениетіне де, бойына жинаған білімдеріне де қатысты. Біздің мақсатымыз оқушылардың математикалық білімдерін тереңдету. Біз оқушыларға еселі аргумент үшін арналған тригонометриялық формулаларды Муавр формуласы арқылы табуды ұсынамыз. Қарастырылып отырған мақала 10-сынып оқушыларына көзделген. Себебі, 10-сынып оқушылары өздігінен жұмыс жасауға қабілетті, абстрактілі ойлауға негізделген, зейін қоя алады. [1] Сонымен қатар, еселі аргументке арналған тригонометриялық формулаларды оқушылар 9-сыныпты мектеп бағдарламасы бойынша өтеді, яғни формулалардың қолдану әдістерін біледі.

Муавр формуласы – тригонометриялық түрде берілген комплекс санды дәрежеге шығару формуласы. Муавр формуласының жалпы түрі:  $z^n = (r(\cos \varphi + i \sin \varphi))^n = r^n(\cos n\varphi + i \sin n\varphi)$ . [2]

Ал біз  $r = 1$  деп ұйғарып,  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^n = \cos n\varphi + i \sin n\varphi$  (1) формуланы қолданамыз.

1. Алдымен, оқушыларға белгілі  $\sin 2\varphi$  және  $\cos 2\varphi$  тригонометриялық қос бұрыштардың формулаларын табайық. Муавр формуласы бойынша:  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^2 = \cos 2\varphi + i \sin 2\varphi$  (2). Мұндағы,  $\cos 2\varphi$ -нақты бөлігі,  $\sin 2\varphi$ -жорамал бөлігі.

Енді  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^2$  формуласын белгілі  $(a + b)^2 = a^2 + 2ab + b^2$  арқылы жіктейміз. Сонда  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^2 = \cos^2 \varphi - \sin^2 \varphi + i2 \cos \varphi \sin \varphi$  (3). Мұнда  $\cos^2 \varphi - \sin^2 \varphi$  – нақты бөлік,  $2 \cos \varphi \sin \varphi$  - жорамал бөлік.

Егер (2) және (3) формулалардың нақты бөліктері мен жорамал бөліктерін теңестіретін болсақ, онда

$$\cos 2\varphi = \cos^2 \varphi - \sin^2 \varphi \quad (4)$$

$$\sin 2\varphi = 2 \cos \varphi \sin \varphi \quad (5) \text{ шығады.}$$

2. Оқушыларға  $\sin 3\varphi$  және  $\cos 3\varphi$  тригонометриялық үш еселі бұрыштардың формулаларын тапсақ, Муавр формуласы бойынша:  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^3 = \cos 3\varphi + i \sin 3\varphi$  (6). Мұндағы,  $\cos 3\varphi$ -

нақты бөлігі,  $\sin 3\varphi$ -жорамал бөлігі.

$(\cos \varphi + i \sin \varphi)^3$  формуланы  $(a + b)^3 = a^3 + 3a^2b + 3ab^2 + b^3$  қысқаша көбейту формуласы арқылы ашсақ:

$(\cos \varphi + i \sin \varphi)^3 = \cos^3 \varphi + i3 \cos^2 \varphi \sin \varphi - 3 \cos \varphi \sin^2 \varphi - i \sin^3 \varphi = (\cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi \sin^2 \varphi) + i(3 \cos^2 \varphi \sin \varphi - \sin^3 \varphi)$ (7). Мұнда нақты бөлігі:  $\cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi \sin^2 \varphi$ , ал жорамал бөлігі:  $3 \cos^2 \varphi \sin \varphi - \sin^3 \varphi$ .

(6) және (7) формулалардың нақты және жорамал бөліктерін теңестірсек, бізде

$$\cos 3\varphi = \cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi \sin^2 \varphi = \cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi (1 - \cos^2 \varphi) = \cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi + 3 \cos^3 \varphi = 4 \cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi$$
(8)

$$\sin 3\varphi = 3 \cos^2 \varphi \sin \varphi - \sin^3 \varphi = 3 \sin \varphi (1 - \sin^2 \varphi) - \sin^3 \varphi = 3 \sin \varphi - 3 \sin^3 \varphi - \sin^3 \varphi = 3 \sin \varphi - 4 \sin^3 \varphi$$
(9)

3. Мектеп оқулығында көрсетілмеген  $\sin 4\varphi$  және  $\cos 4\varphi$  формулаларды екі түрлі әдіспен тауып көрейік:

*1-әдіс* (Алгебралық түрлендірулер).  $\sin 4\varphi = \sin(3\varphi + \varphi)$  екенін ұйғарып,  $\sin(\alpha + \beta) = \sin \alpha \cos \beta + \sin \beta \cos \alpha$  тригонометриялық функциялардың аргументерін қосу формуласы арқылы жіктесек:

$\sin 4\varphi = \sin(3\varphi + \varphi) = \sin 3\varphi \cos \varphi + \sin \varphi \cos 3\varphi$  шығады. Осы формуладағы  $\sin 3\varphi$  және  $\cos 3\varphi$  орнына сәйкесінше (8) және (9) формуланы қойсақ:

$$\begin{aligned} \sin 4\varphi &= \sin(3\varphi + \varphi) = \sin 3\varphi \cos \varphi + \sin \varphi \cos 3\varphi \\ &= (3 \sin \varphi - 4 \sin^3 \varphi) \cos \varphi + \sin \varphi (4 \cos^3 \varphi - 3 \cos \varphi) \\ &= 3 \sin \varphi \cos \varphi - 4 \sin^3 \varphi \cos \varphi + 4 \sin \varphi \cos^3 \varphi - 3 \sin \varphi \cos \varphi \\ &= 4 \sin \varphi \cos^3 \varphi - 4 \sin^3 \varphi \cos \varphi \end{aligned}$$

Яғни,  $\sin 4\varphi = 4 \sin \varphi \cos^3 \varphi - 4 \sin^3 \varphi \cos \varphi$

Дәл осылайша  $\cos 4\varphi = \cos(2\varphi + 2\varphi)$  үшін  $\cos(\alpha + \beta) = \cos \alpha \cos \beta - \sin \alpha \sin \beta$  тригонометриялық функциялардың аргументерін қосу формуласын қолданамыз. Сонда:

$\cos 4\varphi = \cos(2\varphi + 2\varphi) = \cos 2\varphi \cos 2\varphi - \sin 2\varphi \sin 2\varphi$  формуласын аламыз. Осы формуладағы  $\sin 2\varphi$  және  $\cos 2\varphi$  орнына сәйкесінше (4) және (5) формуланы қойсақ:

$$\begin{aligned} \cos 4\varphi &= \cos(2\varphi + 2\varphi) = \cos 2\varphi \cos 2\varphi - \sin 2\varphi \sin 2\varphi = (\cos^2 \varphi - \sin^2 \varphi)^2 - (2 \sin \varphi \cos \varphi)^2 \\ &= \cos^4 \varphi - 2 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi + \sin^4 \varphi - 4 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi \\ &= \cos^4 \varphi - 6 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi + \sin^4 \varphi \end{aligned}$$

Яғни,  $\cos 4\varphi = \cos^4 \varphi - 6 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi + \sin^4 \varphi$

*2-әдіс* (Муавр формуласы).  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^4$  формуласын Ньютон биномы арқылы жіктейміз. Сонда  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^4 = \cos^4 \varphi + iC_4^1 \cos^3 \varphi \sin \varphi - C_4^2 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi - iC_4^3 \cos \varphi \sin^3 \varphi + \sin^4 \varphi = \cos^4 \varphi + 4i \cos^3 \varphi \sin \varphi - 6 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi - 4i \cos \varphi \sin^3 \varphi + \sin^4 \varphi = (\cos^4 \varphi - 6 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi + \sin^4 \varphi) + i(4 \cos^3 \varphi \sin \varphi - 4 \cos \varphi \sin^3 \varphi)$  (10)

Муавр формуласы бойынша  $(\cos \varphi + i \sin \varphi)^4 = \cos 4\varphi + i \sin 4\varphi$  (11)

(10) мен (11) формулалардың нақты және жорамал бөліктерін теңестірсек, ізделінді  $\cos 4\varphi = \cos^4 \varphi - 6 \cos^2 \varphi \sin^2 \varphi + \sin^4 \varphi$  және  $\sin 4\varphi = 4 \cos^3 \varphi \sin \varphi - 4 \cos \varphi \sin^3 \varphi$  формулаларды аламыз. [3]

Ұсынылған мақала математикалық бейімі бар үздік оқитын оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін арналған.

Мақаланың тәжірибелік мәні оқушыларға жаттанды формулаларды қолдану ғана емес, ой-өрісін арттырып, комплекс сандар теориясын мен тригонометрия арасындағы байланысын көрсету.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Поспелов, Н.Н. Формирование мыслительных операций у старшеклассников [Текст] / Н.Н. Поспелов, И.Н. Поспелов. – М.: Педагогика, 1989. – Б. 57-59.
2. Шахмейстер А. Х.Комплексные числа : Учеб. пособие. - 3-е изд. -М.: Изд-во МЦНМО:ИД КДУ, 2014.- Б. 56.
3. Мордкович, А.Г. Алгебра и начала математического анализа [Текст] : 10 кл.: учебник для общеобразовательных учреждений (профильный уровень) / А.Г. Мордкович, П.В. Семенов. – М.: Мнемозина, 2007. –Б.411.
4. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ А. Әбілқасымова, И. Бекбоев, А. Абдиев, З. Жұмағұлова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. – Б.127.
5. Шыныбеков А. Н. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 3-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2013. – Б. 112

**БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ БАҒЫТТАРЫ**

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді:

- ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану;
- тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру. Соның бірі, әрі сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді Блум таксономиясы.

Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Таксономия — белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні- оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады [1].

*1.Білу сұрақтары.* Бұл категория нақты фактілерден толық теорияға дейін еске сақтау мен оқыған материалды еске түсіруді көрсетеді. Сөз нақты фактіден бастап толық теорияға дейін, әртүрлі мазмұн туралы болуы мүмкін. Категорияның жалпы ерекшелігі – тиісті мәліметті еске түсіру. Оқушы:

- қолданатын терминді біледі (есте сақтайды, айта алады);
- нақты фактілерді біледі;
- негізгі түсінікті біледі;
- ереже мен принципті біледі;
- әдісі мен орындау жолын біледі;

*2.Түсіну сұрақтары.* Түсірудің көрсеткіші - материалды бір формадан екінші формаға өзгертіп көрсету, бір тілден екінші тілге «аудару» (сөзбен берілген мәтінді математикалық формаға түсіру) болуы мүмкін. Түсінік сапасының көрсеткіші болып оқушының материалды қысқаша түсіндіруі мен баяндауы (интерпретациясы), не бар мәліметтен (күбылыс пен уақиғадан) келешекте туындайтын болжамды ойды сипаттау болуы мүмкін. Мұндай оқу нәтижесі материалды жай ойға сақтаудан асып түседі. Оқушы:

- фактіні, ережені және принципті түсінеді;
- ауызша материалды кесте, график, диаграмма түрінде интерпретациялайды;
- сөзбен берілген мәтінді математикалық формаға түсіреді; бар мәліметтен (күбылыс пен уақиғадан) келешекте туындайтын болжамды ойды алдын-ала сипаттайды.

*3.Қолдану сұрақтары.* Бұл категория оқыған материалдың жаңа ситуация мен нақты жағдайда қолдану іскерлігін көрсетеді. Мұнда түсінікті, ережені, әдісті, заңды, теорияны, принципті қолдану. Түсінумен салыстырғанда қолдануда оқытудың тиісті нәтижесі материалды меңгерудің жоғары деңгейін талап етеді. Оқушы:

- жаңа жағдайда түсінік пен принципті қолданады; заңды, теорияны нақты тәжірибе жағдайында қолданады;
- әдісті не орындау әрекетін дұрыс демонстрациялайды.

*4.Талдау сұрақтары.* Бұл категория материалдың құрылымы анық байқалатындай, оны құрамды бөліктерге бөлу іскерлігін көрсетеді. Мұнда бүтіннен бөлікті бөліп алу, арасындағы байланысты табу, бүтіннің түзілу принципін меңгеру. Оқушы:

- жасырын болжамды ойды бөліп алады;
- пікір айтқанда кемшілігін және қателігін көреді;

- факті мен салдар не нәтиже (следствия) арасындағы айырмашылықты анықтайды ;
- мәліметтің мәнділігін бағалайды.

5. *Жинақтау сұрақтары.* Бұл категория жаңалықтың нышаны сезілетін элементтерді қиыстырып-құрастыру арқылы бүтінді алу іскерлігін көрсетеді. Мұндай жаңа өнім хабарлама (баяндама, сөйлейтін сөз), әрекет жоспары, бар мәліметті ретке келтіретін кесте болуы мүмкін. Тиісті оқу нәтижесіне жету жаңа құрылым мен кесте жасауға бағытталған шығармашылық сипаттағы әрекет. Оқушы:

- шағын шығармашылық шығарма жазады;
- эксперимент өткізудің жоспарын ұсынады;
- проблеманы шешудің жоспарын құру үшін әртүрлі сала бойынша білімді қолданады.

6. *Бағалау сұрақтары.* Бұл категория қандай да бір материалдың мәнін бағалау іскерлігін көрсетеді (зерттеу мәліметтері, көркем шығарма, пікір-пайымдау, т. б.). Оқушының пікірі нақты критерияларға негізделуі керек: ішкі (логикалық, құрылымдық), сыртқы (белгілеген мақсатқа сәйкес). Критерияларды оқушы өзі анықтайды, не сырттан ұсынады (мысалы мұғалімі). Бұл категория алдындағы барлық категориялардың оқыту нәтижесіне жетуін болжайды. Оқушы:

- жазбаша түрдегі мәтіннің құрылу логикасын бағалайды;
- әрекеттің соңғы нәтижесінің мәнін ішкі критерияға және бар мәлімет қорытындысына сәйкестігін бағалайды;

- сыртқы критерияға сәйкес әрекеттің соңғы нәтижесінің мәнін бағалайды.

«Электромагниттік толқындар. Электромагниттік толқынның қасиеті. Электромагниттік толқындар шкаласы. Радиобайланыс» тақырыбына Блум таксономиясын қолдансақ:

Деңгейі	Тапсырмалары
Білу	Электромагниттік толқын дегеніміз не? Электромагниттік толқын шкаласы қандай сәулелерді қамтиды?
Түсіну	Электромагниттік толқын қандай құбылыстарда көрініс береді?
Қолдану	Толқын ұзындығы 300 м радиотолқындар шығаратын ашық тербелмелі контурдағы тербеліс периоды қандай? Жоғары жиілікті электромагниттік толқындар қайда қолданылады?
Талдау	Электромагниттік толқын мен радиобайланыстың қандай ұқсастықтары бар?
Жинақтау	Радиобайланысқа мысал келтір. Электромагниттік толқындардан қорғану мәселелеріне мысал келтір?
Бағалау	Электромагниттік толқынды білу біз үшін маңызы қаншама? Эссе. Электромагниттік толқындардың пайдасы мен зияны.

Оқыту мен тәрбие берудің мақсаттарын, ұстамдарын меңгерту және өз бетімен оқу білім алуы арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді [2]. Ол нәтиже сапалы болса: 1. Білім сапасын арттырады; 2. Білімділік деңгейін арттырады; 3. Өз бетімен білім алады; 4. Өз деңгейі арқылы нәтижеге жетеді; 5. Білу қабілетін арттырады; 6. Олимпиадаға қатысады; 7. Байқауларға қатысады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Салибекова М. «Физика пәнін оқытуда Блум таксономия технологиясын қолданудың тиімділігі» [Электрон. ресурс]. 2016 URL: <https://bilimnur.wordpress.com/2016/03/25/физика-пәнін-оқытуда-блум-таксономия/> (дата обращения: 10.04.2018)
2. **Бакбергенова С.Н.** Физика пәнін оқытуда қолданылатын тиімді әдістер. Блум таксономиясы [Электрон. ресурс]. 2018. URL: <http://dar-uchitelya.ru/?p=10783&lang=kk> (дата обращения: 03.04.2018)



# ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

## ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 66.040.25:66.046

С.А. Нуркенов<sup>1,2</sup>, А.А.Баратова<sup>2</sup>, А.В.Зиберт<sup>2</sup>, Т.Т.Каналин<sup>2</sup>

- 1) Корпоративный Фонд «University Medical Center» Nazarbaev University, Астана, 010000, ул. Сыганак, 2, e-mail: [nurkenov\\_serik@mail.ru](mailto:nurkenov_serik@mail.ru);
- 2) РГКП «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», Астана, 010008, ул. Сатпаева, 2; e-mail: [aa.baratova@yandex.kz](mailto:aa.baratova@yandex.kz)

### ПРИМЕНЕНИЕ РАДИОИЗОТОПОВ НА ОСНОВЕ $^{18}\text{F}$ (FDG) И $^{99\text{m}}\text{Tc}$ - ТЕХНЕЦИЯ В ЯДЕРНОЙ МЕДИЦИНЕ

В работе приводятся результаты применения радиоизотопов на основе  $^{18}\text{F}$  и  $^{99\text{m}}\text{Tc}$ , описаны способы их получения. Приведены результаты распределения радиофармпрепаратов по всему организму. Анализируются пораженные органы и степени нарушения метаболизма.

**Ключевые слова:** радиоизотопы, ядерная медицина, позитронно-эмиссионная томография, гамма кванты, лучевая диагностика, фтор, технеций.

#### Введение

В настоящее время методы ядерно-физических исследований являются одними из информативных и безопасных способов обследования организма человека [1]. В ядерной медицине и терапии активно применяются различные радиоизотопы, как в диагностических, так и в терапевтических целях для обнаружения патологических изменений органов и систем человека [2]. Для таких исследований применяют радиофармпрепараты (РФП), в которые входят соединения, меченые радиоизотопами. В качестве метки биологически важных ультракороткоживущих позитрон-излучающих радионуклидов применяются следующие:  $^{11}\text{C}$ ,  $^{13}\text{N}$ ,  $^{15}\text{O}$ ,  $^{18}\text{F}$ . Данные радиоизотопы применяются для дифференциальной диагностики злокачественных и доброкачественных новообразований, определения распространенности опухолевого процесса, раннего выявления рецидивов и оценки эффективности проводимого лечения.

Все большую диагностическую роль в онкологии играет позитронная эмиссионная томография (ПЭТ). Методы радионуклидной диагностики могут быть использованы для диагностики и лечения кардиологических, онкологических, неврологических заболеваний [3,4].

Основными задачами радионуклидной диагностики при исследовании онкологических больных являются следующие:

- дифференциальная диагностика злокачественных опухолей и доброкачественных новообразований;
- определение распространенности опухолевого процесса (уточнение стадии процесса);
- выявление рецидивов и метастазов после проведенного лечения;
- оценка эффективности противоопухолевой терапии.

В данной работе представлены результаты использования радионуклидов на основе  $^{18}\text{F}$  и технеция  $^{99\text{m}}\text{Tc}$  методами ПЭТ и однофотонной эмиссионной компьютерной томографии (ОФЭКТ).

#### Методика эксперимента


В качестве основного метода исследования был использован метод ПЭТ - новейший метод, основанный на применении ультракороткоживущих радиоизотопов [5,6].

Важнейшим компонентом ПЭТ является циклотрон, позволяющий получать меченые позитрон-излучающие радиофармацевтические препараты [7].

Данные радиоизотопы производились на медицинском циклотроне (ИВА-18) РДЦ, а также радиоактивный технеций  $^{99\text{m}}\text{Tc}$ , который производится на атомном реакторе в ИЯФ г. Алматы и поставляется в РДЦ.

Обследование пациентов методами ПЭТ/КТ и ОФЭКТ, с использованием вышеуказанных радионуклидов осуществлялось в отделе радиоизотопной диагностики КФ «УМС» г. Астана.

Ниже приводится описание основных физических условий получения радионуклидов: радионуклид  $^{18}\text{F}$  был получен при облучении ядер изотопа  $^{18}\text{O}$  пучком ускоренных протонов с энергией 15 МэВ по реакции:




В качестве мишенного вещества использовали воду, обогащенную по изотопу  $^{18}\text{O}$ . Образующийся радионуклид  $^{18}\text{F}$  стабилизируется в химической форме фторида,  $^{18}\text{F}$  ( $^{18}\text{F}$ , $\text{F}^-$ ). Далее происходит образование радионуклидов азота- $^{13}\text{N}$  и  $^{17}\text{F}$ . При указанных параметрах облучения  $^{16}\text{O}$  и  $^{17}\text{O}$ , содержащиеся в качестве примесей в облучаемом материале, претерпевают ядерные реакции с образованием радионуклидов  $^{13}\text{N}$  ( $T_{1/2}(^{13}\text{N})=9,96$  мин),  $^{17}\text{F}$  ( $T_{1/2}(^{17}\text{F})=70$  с.), соответственно:




Химическими формами стабилизации  $^{13}\text{N}$  являются газообразный азот  $[^{13}\text{N}]\text{N}_2$ . Радионуклид  $^{17}\text{F}$  стабилизируется в химической форме фторида, фтор-17. фторида,  $^{18}\text{F}$  ( $^{18}\text{F}$ , $\text{F}^-$ ).

Содержание  $^{13}\text{N}$  и  $^{17}\text{F}$  в препарате на момент его изготовления теоретически не может превышать 0,01 %, что позволяет не определять радионуклидные примеси в целевом продукте.


Тетрабутиламмония фторида  $^{18}\text{F}$  образуется по следующей схеме:




В результате протекаемой побочной реакции происходит образование тетрабутиламмония хлорида:



Получение 2-фтор $^{18}\text{F}$ -2-дезоксид-глюкозы показано ниже:




(6) Далее происходит образование 2-хлор-2-дезоксид-β-D-глюкопиранозы:



(7)

Образование D-глюкозы показано ниже:



(8)

« $^{18}\text{F-FDG}$ » является неспецифическим туморотропным радиофармпрепаратом и накапливается в повышенных количествах в клетках злокачественных опухолей и метастазах, что связано с присущим им гипергликолизом [8-12]. Степень накопления фтордезоксиглюкозы,  $^{18}\text{F}$  в клетках злокачественных опухолей коррелирует со степенью их злокачественности. Препарат также позволяет оценивать эффект от проведенного лечения, так как при эффективном лечении уровень накопления препарат в опухолях снижается, а при неэффективном – не изменяется или возрастает.

Основой для интеграции, сбора, систематизации, визуализации информации, создания цифровых карт и иных работ рекомендуется принять программные продукты семейства ArcGIS.

Инструменты ArcGIS используются для улучшения рабочих процессов организации и решения разнообразных задач на базе географического подхода:

- управление активами и данными, управление территориями и услугами, управление филиалами и отношениями с клиентами;
- планирование и анализ;
- бизнес-приложения для создания ситуационно-аналитических центров, мониторинга и слежения;
- сбора данных в поле;
- обходов, обслуживания и эксплуатации оборудования;



- маршрутизации;
- системы поддержки принятия решений и предоставления доступа к информации.

Результат исследования: В зависимости от тематики создаваемого единого геоинформационного пространства, необходимо организовать:

- 1) Сбор и систематизацию актуальных данных в формате шейп-файлов (.shp);
- 2) Осуществить интеграцию полученных данных в геоинформационное программное обеспечение ArcMap, установить систему координат, сгруппировать объекты, дополнить атрибутивную информацию;
- 3) Предварительно создав HTML-адрес, выгрузить карту на портал;
- 4) При актуализации метаданных, информация для изменений направляется в организацию, где создавалась карта.

Известно, что до выполнения топографо-геодезических работ, необходимо выполнить привязку к пунктам геодезической опорной сети. Прежде чем геодезисту выехать на объект, организация направляет запросы в национальный картографический фонд с целью получения каталогов, содержащих данные о геодезических пунктах. Данный процесс, в среднем занимает от 3-х до 5-ти дней, т.е. приводит к финансовому убытку.

Для использования данной технологии использован космический снимок города левобережной части и ПО ArcMap. На рисунке 1 изображен ортофотоплан местности. При выделении условного знака, имея свой доступ в централизованном портале, возможно отображение координат данного пункта в несекретной системе координат.



Рисунок 1 - Ортофотоплан местности

Если внедрить методику применения единого геоинформационного пространства, соблюдая защиту информации, то скорость и качество работ увеличится в несколько раз. Методика более проста в реализации и безопасна в плане защиты информации. В результате, готовый картографический продукт соответствует всем требованиям и нормам современности.

Таким образом, методика применения единого геоинформационного пространства при выполнении топографо-геодезических работ, положительно скажется на эффективности производства топографо-геодезических работ. Кроме того, позволит реализовать задачи, которые затрагивают вопросы оцифровки Казахстана и приблизит к модернизации государства.

#### Использованная литература:

1. Harder C. The ArcGISBook: First press - California: Esri Press Redlands, 2015-156с.
2. Карпик А.П. Основные принципы формирования геодезического информационного пространства // Изв. вузов. Геодезия и картография. – 2013.- № 4/С.- С.73-78.
3. Keranen K., MaloneL. Instructional Guide for The ArcGIS Imagery Book - California: Esri Press Redlands, 2017-262с.

**МАТЕРИАЛОВЕДЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ИМИТАТОРА КОРИУМА  
(ИЗВЛЕЧЕННОГО ИЗ НЛ) РЕАКТОРА НА БЫСТРЫХ НЕЙТРОНАХ (ПРОЕКТ «EAGLE»)**

Неуклонное развитие производительных сил, рост производства и всевозрастающие потребности общества неизбежно приводят к вовлечению в сферу использования все большего количества энергоресурсов. Эта тенденция в наибольшей мере стала проявляться в последние десятилетия.

Основным источником энергии в настоящее время является органическое топливо: каменный уголь, нефть, горючий газ. Однако запасы указанных источников энергии ограничены. Решение этой проблемы заключается в изыскании и освоении новых источников энергии, которыми можно будет заменить органическое топливо во многих областях его использования. Таким источником может стать атомная энергия.

Создание АЭС с мощными ядерными реакторами требует детального изучения вопросов безопасности эксплуатации таких установок, включая анализ последствий предельно возможных аварийных ситуаций. Но при создании новых объектов атомной техники необходимо рассматривать не только проектные аварии, компенсируемые техническими и регламентными мерами, но и так называемые гипотетические (запроектные) аварии, с точки зрения возможного ущерба для окружающей среды и здоровья, как эксплуатационного персонала, так и населения [1].


Ведущими энергетическими компаниями и исследовательскими центрами ведутся работы по анализу безопасности всех действующих и проектируемых ядерных установок. Расчетными методами и на экспериментальных стендах изучаются вероятные и маловероятные исходы аварийных ситуаций. Для этого проводят серии вне реакторных модельных экспериментов, чтобы подтвердить верность тех или иных прогнозов. К наиболее известным крупномасштабным группам экспериментов по изучению механизмов взаимодействия расплава материалов активной зоны реакторов с теплоносителем, материалом корпуса реактора и бетоном следует отнести эксперименты KROTOS (Италия), международный проект “Расплав” (OECD), эксперименты MACE (Аргонская национальная лаборатория), эксперименты FARO (NRC США) и другие. С 1995 года аналогичные эксперименты проводятся в ИАЭ НЯЦ РК в рамках республиканской целевой научно-технической программы “Развитие атомной энергетики в Казахстане”, а также с участием совместных программ COTELS и EAGLE с ведущими научно-исследовательскими организациями Японии [2].

В проекте EAGLE планируется экспериментальная проверка концепции контролируемого перемещения топлива на последней стадии тяжелой аварии в активной зоне быстрого реактора для предотвращения образования вторичной критической массы за пределами органов регулирования реактора.

Такие исследования представляют собой достаточно сложную физико-химическую проблему, зависящую от множества внешних и внутренних факторов. Решение подобной проблемы должно строиться на стыке нескольких специальных областей знания (таких как термодинамика, материаловедение, металлургия, теплофизика, ядерная физика, неорганическая химия, компьютерное моделирование и т.д.).

Эксперименты с плавлением больших масс материалов активной зоны реакторов являются весьма сложными и дорогостоящими. Для их выполнения требуется детальное изучение поведения исследуемых материалов, а также материалов электроплавильного узла, поскольку для получения расплава материалов, содержащих диоксид урана требуется нагрев до 3000°K, что само по себе является сложной задачей.

На рисунке представлена схема экспериментального стенда с НЛ(нижней ловушкой расплава). Одним из путей выхода расплавленного топлива из активной зоны быстрого реактора, в случае тяжелой аварии, является сливная труба регулирующего стержня, боковая стенка, которой на уровне активной зоны проплавляется, и поток расплава направляется по ней в нижний пленум, заполненный натриевым теплоносителем.



Внутри направляющей трубы имеется специальная конструкция, предназначенная для регулирования расхода натрия (регулятор расхода), протекающего по трубе, которая может стать препятствием для слива расплава в нижний пленум реактора.

В связи с этим возникает необходимость проведения серии испытаний, направленных на получение экспериментальных данных по оптимизации конструкции управления потоком натрия, которая не препятствовала бы перемещению расплавленного топлива по направляющей трубе или обладала минимальным сопротивлением. Сливная труба состоит из верхнего участка, в котором выполнен канал для прохода натрия в расширительную емкость диаметром 4 мм. В верхней части к сливной трубе монтируется расширительная труба. В средней части сливной трубы устанавливается быстро расплавляемый

участок из алюминия высотой 200 мм с внутренним диаметром 70 мм и толщиной стенки 5 мм. Соединение алюминиевого участка со стальным нижним участком сливной трубы находится на уровне дна графитового тигля верхней ловушки расплава. На нижнем участке сливной трубы выполнено шесть штуцеров для установки трех термопар типа ХА, одного датчика пустот и одной термопары типа WR. Внутри, в районе стыка алюминиевого и нижнего участков сливной трубы, размещен имитатор регулятора расхода натрия. Имитатор регулятора расхода натрия представляет собой цилиндрический стакан с внутренним диаметром 50 мм и длиной 150 мм, выполненный из нержавеющей стали. В верхней части имитатора регулятора расхода натрия выполнен буртик, для крепления его внутри сливной трубы, и три отверстия на боковой поверхности с диаметром 5 мм для прохода натриевого теплоносителя. Сверху на торце выполнено 3 отверстия с диаметром 3 мм для прохода двух термопар и датчика пустот. В средней части имитатора выполнен специальный дистанционирующий пояс с наружным диаметром 59 мм, в котором выполнено три паза шириной 12 мм, для прохода жидкого натрия, и три паза шириной 3 мм, для трассировки двух термопар и одного датчика пустот. Толщина стенки от буртика до дистанционирующего пояса является постоянной и составляет 3 мм. В центре дна имитатора регулятора расхода выполнено отверстие с диаметром 5 мм, предназначенное для прохода натрия. Толщина дна регулятора расхода натрия составляет 5 мм. С внутренней стороны у дна предусмотрено отверстие с диаметром 3 мм для установки термопары. Толщина боковой стенки участка от дна до дистанционирующего пояса в ходе экспериментов будет изменяться от 1 мм до 3 мм. На дно нижней ловушки установлено специальное устройство для приема расплава окиси алюминия, которое на специальных штангах крепится к крышке нижней ловушки расплава. При подготовке эксперимента верхняя ловушка расплава, в которую оксид алюминия сливается из плавильной печи, была соединена с нижней ловушкой расплава трубой с установленным в ней регулятором расхода натрия. Верхний участок сливной трубы (до регулятора расхода натрия) имеет алюминиевый проплавленный участок с внутренним диаметром 70 мм и толщиной стенки 5 мм. Нижний участок сливной трубы (после регулятора расхода натрия) с внутренним диаметром 60 мм и толщиной стенки 10 мм выполнен из нержавеющей стали. В плавильный тигель было загружено 15,0 кг оксида алюминия, представляющего собой кольца с наружным диаметром 120 мм, внутренним диаметром 56 мм и высотой 40 мм.

После эксперимента регулятор расхода натрия был извлечен из сливной трубы. После извлечения из сливной трубы регулятор расхода натрия был разрезан по высоте. По центру рисунка приведен слиток расплава, извлеченный из регулятора расхода натрия, масса которого составила 1,126 кг. Масса регулятора расхода натрия, очищенного от расплава составила 0,693 кг (начальная масса составляла 0,91 кг). Стенка регулятора расхода натрия расплавилась практически по всей высоте, но в большей степени произошло расплавление стенки в нижней части регулятора. Общая масса расплава окиси алюминия, обнаруженного в нижней ловушке, составила около 7кг.

#### Литература:

1. Скалозубов, В. И. Вопросы моделирования тяжелых аварий в корпусных реакторах / В. И. Скалозубов, В. Ю. Кочнева, В. Н. Колыханов, Г. Г. Габлая // Ядерная и радиационная безопасность. – 2010. – Т. 4. – № 48. – С. 26-34.
2. Бакланов, В.В. Экспериментальные исследования по взаимодействию имитатора кориума с конструкционными материалами реактора АЭС «FUKUSHIMA-1» / В.В. Бакланов, А.Д. Гречаник, А.А. Ситников, М.К. Скаков // Тезисы VII Междунар. конф. «Семипалатинский испытательный полигон. Радиационное наследие и перспективы развития, Курчатов, 21-23 сент. 2016 г.» – Павлодар, Дом Печати, 2016, с. 133.

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘӨК: 1:2; 141.45

**А.Ш. Қалиакпарова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: А.Т. Бураханова, психология магистрі,  
психология кафедрасының аға оқытушысы

### ҚОҒАМДАҒЫ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ЖАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЫҚПАЛЫ

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Бүгінде елімізде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындаушы саланың бірі рухани, құлықтық, патриоттық білім беру мен тәрбие болып саналады. *Келешек ұрпақтың рухани тұрғыда және құлықтық даму проблемасы – қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр.* Осыған байланысты дінді гуманистік білім берудің ажырамас компоненті ретінде зерттеу маңызды. Дін бұл шеңберде адам өмірінің басқа да салаларымен өзара әрекетінің арқасында мәдениеттің құрамдас бөлігі санатында қарастырылады.

Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Ал, сол білімді жастарға беруге ең негізгі қызмет ететін тұлғалар – оқытушылар қауымы. Сондықтан да білім беруде жүргізіліп жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру – оқытушы қауымына ортақ іс. Жаңа заман оқытушыларға жаңа міндеттер мен мақсаттар жүктейді.

Бүгінгі таңда жастардың көз алдында дін рухани-құлықтық идеаларды таратушы және мәдени дәстүрді сақтаушы ретінде жоғары дәрежеге ие болып отыр. *Осыған орай білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар алдында қазақ қоғамы үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін жастарды рухани-тәрбиелікке және отансүйгіштікке тәрбиелеу туралы мәселе тұр.* Сондай-ақ, елімізде өзара түсіністік пен дінаралық татулықты сақтай отырып, мемлекеттілікті нығайту үшін жас ұрпаққа дәстүрлі діндер, олардың рухани құндылықтары, еңбектері, дін ғұламалары жайлы білуі керек.

Елімізде әртүрлі діндер мен конфессия өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді іс-әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Мұсылмандар, христиандар және басқа діни сенім өкілдері біздің көпконфессиялы және көпұлтты ортақ үйімізде қоян-қолтық араласа өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар әлемдегі көптеген елдер үшін үлгі болып отыр. Жалпы, дін қоғам мен мемлекет дамуының қажетті және сөзсіз жағымды факторына айнала бастады.

*Дей тұрғанмен, дінмен байланыстының бәрі бірдей оң сипатқа ие бола бермейді.* Сондықтан біз діннің жағымды жақтарын айтып қана қоймай, әрбір жағдай мен үдеріске әділ көзбен, шыншылдықпен қарап, тиісті бағасын беруіміз керек.

Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 27,8%-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл ретте ауылдық жерлердегі 46%-ды құрайтын жастарға қарағанда 56%-ды құрайтын қала жастарының саны көптеу.

Адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерінен дәл осы жас кезінде өтеді.

Әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар көбіне біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады. Әсіресе жастар діни экстремизм мен терроризм субъектілері тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында қорғансыз болып келеді.

Өкінішке қарай, дін рөлінің арта түсуі барысында халықтың діни өмірінің кейбір келеңсіз көріністері ашыла бастағанын айта кеткім келеді. Аталмыш мәселені зерделеу көрсетіп отырғандай, елімізде қалыптасқан қағидаларға мойынсұнбайтын азаматтар да жоқ емес; кейбір дінге сенушілердің қоғам алдындағы конституциялық, азаматтық борышын атқарудан бас тарту оқиғалары көрініс алуда.

Ал қазіргі таңда дінге бет бұрған жастар арасында діни сауаттылықты арттыру мақсатында Ислам мемлекеттеріне барып, ілім ізденіп келушілердің саны көбейді. Сол жастарымыздың Исламның қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымы мен ерекшеліктеріне, құндылықтарына ешқандай да қарама-қайшылық туғызбайтын тәлім үйреніп келіп жатқандар бар. Десекте, діни сауаттығының таяздығынан жат елде алып жатқан ілімнің парқына бармай, қазақтың ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін мүлдем жоққа шығарып, кейбір мемлекеттердің идеологияларын алып, бүгінде ел арасына іріткі салып жүрген жастар да аз емес.

Бүгінде жекелеген діни конфессиялардың кейбір өкілдері ойдан шығарылған діни шектеулердің салдарынан қоғамдық тұрмыстың осы бір маңызды компоненттерін жиі елемей жүргендіктен, осы аспектіге жіті назар аудару маңызды болып отыр.

Жекелеген субъектілердің дінді саясиландыруға талпынып жүргені де жасырын емес. Бұған Конституция және елдегі заңнама арқылы тыйым салынғанын ерекше атап өтеміз. Елімізге айқын немесе жасырын теріс пиғылды ниеті бар жат діни идеологияның енгені байқалуда. Осының салдарынан дінге сенуші тұрғындардың кейбір бөлігінің қоғамдық қатынастардың қалыптасқан жүйесін қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартып, өктемдік пен радикализмнің шектен шыққан түріне бой алдыруы аса қауіпті болып отыр.

Діни экстремизм мен терроризм радикализмнің кең тараған түрлері болып табылады. Өкінішке қарай, құқық қорғау органдары атап көрсетіп отырғандай, мұндай қылмыс түрлері де елімізде етек алуда. Осы жағдайлар көрсетіп отырғандай, түрлі қағидалармен және нұсқаулармен қоса берілген діни идея, басқаша айтқанда, *«дініңді ұстай алсаң – қасиетіңе, ұстай алмасаң – қасіретіңе»* айналдыратын емшінің өткір пышағы іспеттес.

Барлық тарихи кезеңдерде жастар қоғамның ең ұтқыр, оқуға, жаңалық енгізуге және реформаларға бейім бөлігі ретінде сипатталғанын бәріміз білеміз. Қазіргі таңда тек білімді, ой-санасы терең, ақыл-ойы дамыған және кәсіби дайындалған жастар ғана сапалық, серпінді және инновациялық дамудың маңызды шарты мен кепілі болатынын, еліміздің болашағын қамтамасыз ете алатынын ешкімге дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтты. Бұл жағдаят адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлуі өте маңызды.

Бұған қоса, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қатысы бар азаматтық қоғам институттарының барлығы біздің болашағымыз алдындағы жауапкершілігін түсінуі қажет. Бірінші кезекте бұл, әрине, ата-аналар мен жақын туыстарға қатысты, өйткені, тәрбиелеу ісі адамның дүниеге келген сәтінен бастау алатыны айтпаса да түсінікті.

Дүниетаным негізі, адамның ақиқатқа деген көзқарасы балалық, жасөспірімдік және жастық шағында қалыптасады. Қазақ жастары үшін аға буын өкілдері – аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың ғибратты сөздері, мінез-құлқы мен даналығы тәрбиелік жағынан үлкен әсер еткен. Сондықтан отбасылық тәрбие институттарын барынша қолдау қажет.

Имамдар, дін қызметкерлері және жалпы дін саласындағы беделді азаматтар жастарды рухани-адамгершіліктік тұрғыдан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Зәру сұрақтарға жауапты діннен іздеген жастар оларды мешіттерден, дін қызметкерлерінен әрдайым таба бермейді. Сондай сәттерде, әрине, жастар діни экстремизм идеологтарының қолына оңай түсуі мүмкін, мұндай жағдайлар бұған дейін де орын алған. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастарды биік өнегелік мұраттар рухында тәрбиелей отырып, жоғары құндылықтарға сәйкес болуы қажет екеніне назар аударамыз. Бұл үшін оған әрдайым өзін-өзі жетілдіру қажет.

Діни сауатсыздықтың алдын алу үшін мынадай шараларды қолға алу қажет:

- еліміздің кез келген аймақтарында халыққа фундаменталды діни сауаттылық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Өзіміздің ата-дәстүрімізге, салт-тұрпымызға сай келетін, сан ғасырлардан бері Ислам дінін үйретіп, насихаттауда дұрыс бағыттағы жол көрсеткен Әбу Ханифа мазхабының жолын қайта жандандыру керек. Халқымыздың діни тұрғыда білімін жетілдіріп, теріс діни ағымдардың жетегінде кетуіне жол бермей, олардың қоғамға қаншалықты зиянды жақтары бар екендігін айтып түсіндіргеніміз абзал;

- бүгінгі күні көптеген жастардың дінге деген қызығушылықтарын есепке алсақ, мешіт имамдарының оларды оқытып-үйретуге күштері жеткіліксіз болып отыр. Сондықтан Исламды түсініп үйренгісі келген жастарымыздың кейбірі ғаламтор сайттарына жүгінеді. Осындай жастардың психикалық ой-өрісіне, сана-сезіміне әсер етіп, ұлттық рухани бағытта өсіп-өркендеуіне кедергі

келтіретін жағдайлардың алдын алып, ғаламтор беттерін қатаң қадағалап, дәстүрлі дінге қайшы келетін сайттарға шектеу қойып, үздіксіз бақылау қажеттілігі туындауда;

- Исламның қазақ даласына таралуына ықпалын тигізген ұлы әл-Фараби, Ясауи, Абай, Шәкәрім секілді тұлғалардың мәртебесін жастардың арасында көтеріп, дәріптеу үшін олардың негізгі түпнұсқа еңбектерін жаңғыртып, ағарту шараларын ұйымдастыру керек;

- діни сауаттылықты арттыру мақсатында 2009 жылдан бастап «Дінтану» пәні енгізілді. Бұл онды құбылыс әрине, алайда, аталмыш пәннің өзі халықтың сауатын ашу үшін жеткіліксіз болмақ.

Қорыта келе, қазіргі таңда елімізде халықтың әсіресе, жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру маңыздылығы көпшіліктің аузында жүр. Қоғамның діни өмірінің тенденцияларын, діни ахуалды ескере отырып, оны жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің жарқын болашағы мен кемелденуі осы жастардың болмысы мен санасына, мәдени дамуына, білім мен тәжірибе деңгейіне байланысты болады. Сондықтан жастардың заманға сай діни білім деңгейлерін арттырып, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бүгінгі күннің басты мәселесі.

Нақты ислами діни сауатты жастар санасына ұялата алсақ, біріншіден білімді жастар жиналған ақпараттардың қажетін алып, қажет емесін сүзгіден өткізіп үйренер еді.

Екіншіден, ислами діни сауатты жас сыбайластық, жемқорлық сынды қоғамдық кеселдерден аулақ болар еді.

Үшіншіден, ел санаты көбейіп, тастанды, жегім, қараусыз қарт мәселелері кемитін болса, төртіншіден, өз-өзіне қол жұмсау, қоғамға өзін қажетсіз деп тану сынды кеселдерден де арылар едік. Нәтижесінде жастардың білім аясы кеңіп, діни және ұлттық қорғаныш қабатын қалыптастырып, көптеген кедергілерге қарсы тұруға мүмкіндік туады. Әрине мұның бәрі оңай бітетін шаруа емес, дегенмен ел болашағының жарқын болуы үшін айқын қадамдар екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Саясаттану негіздері. //М.Иманов, Е.Смағұлов
- 2 Мәдениеттану. //Т. Ғабитов, Ж. Мұталіпов, А.Құлсариева
- 3 Философиялық антропология.
- 4 Мәдениет философиясы. Дін философиясы //Қ. Жамалов, А. Құрманалиева.
- 5 [www. Stud.kz.](http://www.Stud.kz)
- 6 [www. kk.wikipedia.org.](http://www.kk.wikipedia.org)

ӘӨК: 159.9

**З.Т. Асқарова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: А.Т. Бұраханова, психология магистрі,  
психология кафедрасының аға оқытушысы

## **СОЛАҚАЙ АДАМДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қоғамда оң қолына қарағанда сол қолы икемдірек болып келетін, және де соған байланысты сол қолымен барлық істі істейтін жандар кездеседі. Біз оларды «солақайлар» деп атаймыз. Солақайдың сыры неде?

Бүкіләлемдік солақайлар күні ең алғаш рет 1992 жылы 13 тамызда аталып өткен. 1990 жылы бұл мерекені атап өтуді ұсынған - британдық Солақайлар клубы болып табылады. Мереке биыл халықаралық деңгейде жиырма бірінші рет аталып өткелі отыр. Қазіргі заманда барлық жағдайлар оң қолымен жұмыс жасайтындарға арналған: жазба және асхана қажеттіліктері, есіктер мен құлыптар, компьютер тышқандары және т.б. Керек десеңіз, қоғамда солақайлықты кемістік көріп, солақай жандарға үрейлене қарайтын көзқарас жоқ емес.

Солақайлықтың ұрпаққа қанмен беріле беретіндігі дәлелденіп отыр. Ана құрсағында жатқан шарананы дәрігерлер 10-11 аптасында солақай немесе оңқайлығын анықтайды. Мұндай азаматтар әлемде Оңтүстік Азия, Шығыс Еуропа, Австралияда көбірек кездеседі. Ал Америка және Африка құрлықтарында солақайлар саны өте аз. Статистикаға сүйенер болсақ, әлем халықтарының шамамен 10-12 пайызы солақайлар. Мәселен, әлемдегі әрбір жүз адамның біреуі ғана солақай болып туылады. Қазір Жер шарында 6 млрд-тан астам адам болса, 60 млн адам солақай екеніне осыдан көз жеткізуге болады. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, әйел адамдардан гөрі жігіттер қауымы көп жағдайда солақай болып келеді екен. Ал сіз бен біз білетін атақты солақайлардың қатарында: Юлий Цезарь, Александр

Македонский, Жанна д'Арк, Наполеон, Уинстон Черчилль, Микеланджело, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Марк Твен, Чарли Чаплин, Пол Маккартни және Ринго Старр, Мэрлин Монро, Роберт де Ниро, Джим Кэрри, Том Круз, Анжелина Джоли, Николь Кидман, Сильвестер Сталоне, Брюс Уиллис, ағылшын королевасы Елизавета, Бетховен, Грета Гарбо сынды танымал тұлғалар бар. АҚШ-тың абыройын асқақтатқан үш президент – Рональд Рейган, Джордж Буш, Билл Клинтон да солақайлықтарымен ерекшеленген. Лондон Олимпиадасында абыройымызды асқақтатып алтын медаль алған Серік Сәпиевте солақай екен. Жоғарыдағы тізімдерге қарасақ, солақайлардың жаратылысы расымен де ерекше құбылыс па деген ойға қаласыз.

Солақайлардың физиологиялық ерекшеліктеріне тоқталсақ. Сол қол мен оң қол миының қызметі әр түрлі. Адамның миы анатомиялық жағынан екі жарты шарларға бөлінген: сол және оң жақ жарты шар, әрқайсысының хабарламаны өңдеудің өзіне тән спецификалық әдістері бар. Әр жарты шардың өзіне тән функцияларының бөлінуін латерализация деп атаймыз. Жарты шарлардың дамуы біркелкі емес. Ерте балалық кезінде тілдің жедел дамуына сол жақ жарты шарлар жауап береді. Әсіресе мұның дамуы 3-6 жас аралығында болады, одан кейін оның дамуы ақырындайды. Ғалымдардың қызықтыратын мәселелерінің бірі: неге бала сол (аяқ) немесе оң қолдың (аяқ) басмдылығына назар аударады? Негізінен бала оң қолды таңдайды, бұл балалардың сол кезде сол жақ жарты шарларының басымдылығынан деген пікір бар балалардың оң немесе сол қолға бейімділігінің тұрақтылығы ерте балалық немесе мектеп жасына дейінгі кезде анықталады.

Солақайларды оң қолға үйрету арқылы біз олардың миының физиологиялық ерекшеліктерін бұзамыз. Көп жағдайда адамның іс-әрекеттегі жетекші қолын білу арқылы, оның миындағы басым жарты шарын айтуға болады. Мысалы: оң қолды балалардың сөйлеу орталығы мидың сол жақ жарты шарында, сол қолды балалардың сөйлеу орталығы оң жақта қызмет етеді. Баланы теріс үйрету арқылы біз мидың іс-әрекетінің құрылымын өзгертеміз.

Баланың жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі – бүгінгі таңда ағарту саласындағы аса маңызды шаралардың бірі болып отыр. Жалпы білім беретін мектептердің 1 – сыныбында қабылданған балалар, мектептік оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайды. Олардың сәтсіздіктерінің басты себебі - психикалық дамудың кемшіліктерінде, яғни мектептік оқуға даяр еместігі. Оқуға берерде баланың тек биологиялық жасына немесе дене дамуына сүйенбей, мектепке психологиялық даярлығының көрсеткіштерінің өлшемін жасап, шығару – бүгінгі күн талабы екенін уақыт өзі көрсетіп отыр.

В.Д.Шадриков зерттеуінде «Мектепке психологиялық даярлық, бір жағынан, ағза мен психика дамуының генетикалық бағдарламасымен анықталса, екінші жағынан, баланың жеке тәрбиесі мен білімдер қорымен өлшенеді. Мұндағы мәселе – биологиялық даму мен психикалық дамуды қатар қарастыруда емес, оларды салыстыруда емес, біртұтас зерттеуде», - делінеді.

М.Н.Костикова өзінің «Балаларды мектептегі даярлаудың психикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық зерттеуінде психологиялық даярлықтың типтерін ұсынды. Бұл еңбектің құндылығы тұңғыш рет баланың мектепке психологиялық даярлығын анықтау мақсатында, оқу әрекетінің жетістігі туралы ахуал ұсынылмай, осы жетістікті қамтамасыз ететін ғылыми – тәжірибелік шаралардың жасалуы мен психологиялық даярлықтың сапалық ерекшеліктерін талдайтын жіктемелерді бөліп көрсетуі еді.

Бізге не үшін мидың жарты шарының қызметін білу керек? Біраз уақыт бойы ми, бүйрек немесе өкпе секілді жұп ағза ретінде қарастырылды. Мидың бір жарты шарының қызметі екіншісінің қызметіне толығымен сәйкес келеді деп есептелінген, шынымен мидың сол жақ жарты шары дененің оң жағының бөлігінің әрекеті мен сезімталдығына, оң жақ жарты шары дененің сол жақ бөлімінің әрекеті мен сезімталдығына жауапты (В.Л.Бианки). Тек тілдік қатынас қызметі ғана сол жақ жарты шардың үлесіне тиесілі, өйткені мидың тек сол жақ жарты шары бұзылған адамның сөйлеу қабілеті бұзылған.

Е.Д.Хомская мидың сол жақ жарты шарының қызметі адамның ауызша, жазбаша сөйлеу тілін түсініп, грамматикалық жағынан дұрыс жауап беруіне жағдай жасайды және де адам формальді логикамен бұрын меңгерілген ережелер негізінде сандар мен математикалық формулаларды жеңіл пайдалана алады. Бірақ мидың сол жақ жарты шарының белсенділігі дыбыс интонациясы мен дауыстың модуляциясын ажыратуға мүмкіндік бермейді. Сол жақ жарты шардың арқасында әлемнің біртұтас бейнесі қалыптасатын болса, оң жақ жарты шары бөлек бөлшектерінен әлемнің үлгісін жинақтайды.

Сонымен бірге мидың оң жақ жарты шарлары санадан тыс психикалықпен байланысты.

Солақайлық мәселесі психологияның күрделі мәселелерінің бірі – көп уақыт бойы оң жақ қолына қарағанда сол жақ қолымен белсендірек әрекет ететін балаларды, жалпыға бірдей бір түрге

келтіру мақсатында қайта үйрету тиіс деп есептелініп келді. Алайда мұндай әрекеттің еш жақсылыққа әкелмейтіні, керісінше көпшілік балаларда невротикалық реакциялардың пайда болуына жағдай туғызатынын байқауға болады.

Солақайлық дербес көзқарасты талап ететін балалардың тобы, өйткені дәл осы балалар астеноневротикалық реакцияға сезімталдыққа бейім келеді.

Солақай бала мектеп табалдырығын аттағанда қиыншылыққа тап болады. Мәселен, мұғалімнің «қаламыңды оң қолыңмен ұста», «неге қарындашыңды тағы сол қолыңмен ұстадың?» деген т.б. ескертулері балаға ыңғайсыздық туғызады. Қанша талап қойылса да, оң қолыңмен жұмысты орындау өз нәтижесін бермейді. Тісін оң қолмен жуса да, қаламын оң қолымен ұстап жазса да, ыркына көнбей, қайта-қайта басқа жаққа қисайып кете береді. Сондықтан ата-ана, мұғалім тарапынан баланың шынымен солақай екенін анықтап алуы – басты мәселе.

Адамдарда болатын солақайлықтың болу себебі, әлі ашылмаған, ғылыми нақты бір тұжырымға келмеген мәселелердің қатарына жатады. Ғалымдардың болжамы бойынша солақайлық жылдан жылға ұлғайып бара жатқанын көрсетеді.

Көптеген шет елдегі зерттеулердің нәтижесіне көз жүгіртсек, солақай балаларын оң қолға үйретпейді, керісінше оларға арнап арнайы оқулықтар, құрал-жабдықтар, сонымен қатар мамандық алуына жағдай жасалған, яғни солақайлармен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалған. Көптеген шетел қалаларында солақайларға арналған түрлі тұрмыстық заттар, дене тәрбиесіне арналған құралдар, іс машиналары, клавиштері сол қолға арналған компьютерлер және де қажетті заттар сатылатын арнайы дүкендер бар. Өкінішке орай, біздің елімізде солақайларға қатысты мұндай жағдай жасау ескерілмеген.

Атақты америкалық оқымыстылары С.Спингер мен Г.Дейч өздерінің «Сол ми, оң ми» атты еңбектерінің бір тарауын «Сол қолдың құпиясы» деп атаған, «біз әлі солақайлар оң қолдылардан несімен ерекшеленеді және солақайлық патологияға жатпай ма?» деген сұраққа жауап таба алмадық дейді. Енді осы сұрақтар түрлі көзқарастар мен зерттеулерде қалай талданғанына назар аударайық. Негізінде солақай деген сөз көптеген тілдерден аударғанда «икемсіз, қолайсыз, қабілетсіз» деген мағынаны білдіреді.

Солақай жандардың мінез-құлқында оңайларға қарағанда аздаған ерекшеліктер кездеседі. Мысалы, олар сезімтал, ойлау қабілеті жоғары, қимылы ширақ, тез ашуланғыш келеді әрі кез келген нәрсеге мән беріп уайымға берілгіш болады. Психология ғылымы солақайлықтың ешқандай кемістік емес, дүниеге келгендегі жаратылыс екендігін дәлелдейді. Ол баланың дағдылануына ғана емес, дүниеге келгендегі жаратылысына байланысты.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 [www.massaget.kz](http://www.massaget.kz)
- 2 Орысша – қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика/ 074 Жалпы редакциясы., Е.Арын. - Павлодар, 2006
- 3 Сатиева Ш.С. Даму психологиясы. - Семей, 2007
- 4 «Еуразия кеңістігіндегі педагогикалық білім берудегі өзекті мәселелер: даму келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы». 2-том. 21 қазан 2016 ж.

ӘӨК: 159.96

#### **І. Аралбек**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: И.А. Оралканова, психология кафедрасының қауым. профессор м.а., PhD

#### **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ДАМУ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 17 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт деп аталатын бөлімінде «Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға



бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек. Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек» деп айтылған [1].

Осы өзекті мәселені ескере отыра, біз зерттеу жұмысымызды жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділігін дамытуға бағыттадық, себебі мектеп немесе алғашқы орта кәсіптік білім алу кезеңінде студенттер ерекше жас категориясы ретінде, мобильділігімен және белсенділігімен ерекшеленетін, еліміздің болашағын анықтайтын өтпелі әлеуметтік топ болып саналады. Осыған байланысты олар едәуір психофизикалық, эмоционалдық жүктемелерді сезініп, көптеген жағымсыз әсерлердің ықпалдарында болады.

Стресске төзімділіктің төмендеуінен, үрейден, мазасызданудан психологиялық денсаулыққа кері әсері болады және жоғары сынып немесе колледж оқушысында күрделі жасерекшелік және тұлғалық күйзелістер байқалады.

Стрестің болуы психологиялық денсаулыққа іштей және сырттай әсер етеді. Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі: біріншіден, жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділік деңгейінің категориясын қарастырудың қажеттілігімен және оның мәндік сипаттамасын анықтаумен; екіншіден, стресске төзімділікті арттырудың көрсеткіштерін анықтаудың маңыздылығымен; үшіншіден, психологиялық әдістермен түзеу және психологиялық алдын алу жолдарын іздеуге бағыттылығымен анықталады.

Мазасыз күй, стресс (ағылш. stress) - қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі [2].

Стресс үш кезеңнен тұрады:

*Үрейлену* - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;

*Төзімділік* – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;

*Әлсіреу* – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады.

Стрестің физиологиялық белгілері: ұйықтай алмау, бас ауру, жүрек дүрсілдеу, арқаның асқазанның, жүректің ауруы, асқазанның қорытпауы, спазмалар. Стрестің психологиялық белгілері ұмытшақтық, есте сақтау қиындықтары, қобалжу, шектен тыс уайымшылдық, себепсіз қорқыныштар, ашуланшақтық болып табылады. Бұл өзіне деген сенімділігін жоғалтып, түрлі ауруларды, психикалық шаршауларды туындатады және дәріге бағынышты етеді [3].

Қазақстандық ғалым Г.Б. Ниетбаеваның зерттеу жұмысына сүйене келе стресске төзімділік психологиялық денсаулықтың көрсекіші ретінде анықталды.

Психологиялық денсаулық компоненттері бөлінеді:

1) интегралды-тұлғалық қасиеттер компоненті: невротизация, стресске төзімділік, бейімділік қабілеті, мазасыздану;

2) Рефлексиялық бөлім өзін-өзі бағалау мен субъективтік бақылаудан тұрады;

3) Құндылық-мағыналық және рухани-адамгершілік бөлім құндылық бағдар мен өзін-өзі белсендіру жүйесін қамтиды;

4) Эмоционалдық бөлім тұлғаның эмоционалдық қасиеттері мен эмоционалдық ақыл-ойынан тұрады.

1. Интегралды - тұлғалық қасиеттер компоненті. Интегралды-тұлғалық қасиеттер компоненті күрделі көрсеткіштердің жиынтығының және жеке дара сипаттамалар синтезінің өнімін білдіреді. Жалпы алғанда интегралдық қасиеттер психологиялық денсаулықтың мәнді ерекшеліктерін көрсетеді. Оларға невротизацияның, стресске төзімділік, бейімділік қабілеттерінің, мазасызданудың деңгейлері жатады.

Невротизация – невроздарға бейімділік; мазасызданудың жоғары деңгейімен және эмоционалдық дистрессстің басқа да белгілерімен сипатталатын, невроздың жеңіл формасы. Невротизацияның жоғары деңгейінде (абсолюттік шама бойынша жоғарғы теріс баға) әр түрлі жағымсыз уайымдарды (мазасыздық, қобалжу, тынышсыздық, алаңдау, ашулылық) тудыратын және айқын көрінетін эмоциялық қозғыштық байқалуы мүмкін. Ондай адамдардың жігерсіздігі, қалауларының қанағаттанбауымен байланысты әсерлер қалыптастырады. Олардың менмендік тұлғалық бағыттылығы жағымсыз соматикалық түйсіктерінің ипохондриялық тұрақтандыруға деген бейімділігінен көрінетіндей, дәл солай өзінің тұлғалық кемшіліктеріне шоғырланудан байқалады. Бұл,

өз кезегінде, жеке олқылықтар сезімін, қарым-қатынастың қиындауын, әлеуметтік жасқаншақтық пен тәуелділікті қалыптастырады. Невротизацияның төмен деңгейінде (абсолюттік шама бойынша жоғарғы оң баға) эмоциялық тұрақтылықтың және негізгі әсерлердің (тыныштық, оптимизм) эмоционалдық тұрақтылығы мен жағымды фоны көрсетілген. Өз қалауларын жүзеге асырудағы оптимизм мен бастамашылдық, қарапайымдылық өзінің абыройын, әлеуметтік батылдықты, тәуелсіздікті, қарым-қатынастағы жеңілдікті қалыптастырады [4].

Стреске төзімділік - адамға едәуір интеллектуалдық, еріктік және эмоционалдық жүктемелерді (артық жүктемелерді) бастан кешуге мүмкіндік беретін, кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерімен шартталған, қоршаған ортадағылардың іс-әрекеттеріне және өз денсаулығына зиян келтірмейтін тұлғалық қасиеттер жиынтығы .

Жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділігін дамыту мақсатындағы зерттеуіміздің ең маңызды шарты, ол колледж оқушыларын кешенді түрде психологиялық сүйемелдеу – психологиялық диагностика (мониторинг), психологиялық түзету, дамыту, психологиялық алдын алу шаралары болды.

Аталған жұмыстар нәтижесінде, біз зерттеу болжамымыздың дұрыстығын, яғни, жоғары сынып оқушыларымен немесе колледж оқушыларымен уақытында психологиялық диагностика (мониторинг), психологиялық түзету, дамыту жұмыстары жүргізілсе, оларда стресске төзімділік жоғарылайды, нәтижесінде психологиялық денсаулықтары жақсаратын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018 ж. [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)
2. Дубровина И.В., Данилова Е.Е., Прихожан А.М. Психология. М.: Академия, 2003. – 464 с.
3. Ерментаева А.Р. Денсаулық психологиясының субъектілік негізі //«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. - Астана, 2013. - 15-20 б.
4. Ниетбаева Г.Б. Диагностика и коррекция психологического здоровья студентов. – Алматы, 2014. – 122 с.

ӘӨК: 159.96

**Т.Е. Төлеуова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: С.А. Рапикова, психология кафедрасының оқытушысы, п.ғ.магистрі

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР**

Жасөспірімдік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің 5-8 сыныптарында оқитын кезеңінде сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейін аралықты қамтиды, бірақ жасөспірімдік жастың іс жүзінде басталуы 5 сыныпқа көшумен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Агрессия (латын тілінен *agressio* аударғанда – шабуыл, басқындық дегенді білдіреді) – бұл бөгде адамға болмаса, адамдар мен жануарлар тобына ниеттеліп тура бағышталған қиянат. Агрессивтілік – бұл жеке тұлғалық мінез-құлық, агрессияға дайындық көрінісі. Егер агрессия – бұл әрекет болса, ал агрессивтілік осындай әрекетке дайындық.

Агрессивтіліктің көрінуі бұл белгілі – бір кедергілерге немесе түсірілген ауыртпашылыққа байланысты болатын жауап мүмкіншілігі. Агрессия ұғымын көптеген зерттеушілер тұлғаның қасиеті және мінез-құлықтың ерекше формасы деп анықтайды. *А. Бандура* агрессивті мінез-құлықты талдаудың үш кезеңін бөліп көрсетті:

1. Әрекеттерді меңгеру тәсілдері;
2. Олардың көрінуіне себеп болатын факторлар;
3. Солар бекітілетін жағдайлар.

*Ричардсонның пікірінше*, агрессия келесі төрт категорияның біріне сәйкес келеді. Агрессия бірінші кезекте мыналарға қатысты:

1. Туа пайда болған түрткілер немесе нышандарға;

2. Сыртқы стимулдардан белсенетін қажеттіліктерге;
3. Танымдық және эмоционалдық процестерге;
4. Бұрынғы тәжірибемен үйлескен көкейкесті әлеуметтік және эмоционалдық жағдайларға байланысты.

Ғалымдардың агрессия жайлы айтып кеткен пікірлері:

№	Ғалымдардың аты-жөні	Агрессия – бұл.....
1	<b>Л. Блендер</b>	Объектіге жақындау немесе алыстау тенденциясы.
2	<b>Ф. Аллан</b>	Адамның сыртқы күштерге төзе алу мүмкіндігін беретін ішкі күш.
3	<b>Х. Дельгадо</b>	Мінез-құлық реакциясы, қоғам мен адамға зиян немесе нұқсан келтірумен көрінеді.
4	<b>А. Басс</b>	Нәтижесінде ауырсыну стимулын алатын басқа ағзаға бағытталған реакция.
5	<b>А. Уилсон</b>	Дене әрекеті немесе бір жақтан болатын қауіп төндіру, ол екінші жақтың еркіндігін тарылтады немесе генетикалық бейімделуін төмендетеді.
6	<b>Д. Зильманн</b>	Басқаларға дене және тәндік жарақаттар әкелетін зиян келтіру мүмкіндігі.
7	<b>Э. Фромм</b>	Адамдарға, топқа, жануарларға және барлық тіршілік иелеріне зиян келтіру.
8	<b>Психологиялық сөздік</b>	(латынша «aggress» - шабуыл жасау, мінез-құлық) нәтижесінде зиян немесе шығын келтіріледі.
9	<b>Р. Бэрон, Д. Ричардсон</b>	Мінез-құлық, тіршілік иелеріне зиян немесе нұқсан келтіру әрекеті.
10	<b>Р. С. Немов</b>	Адамның басқа адамға деген мінез-құлық, оларға жағымсыз жағдайлар туғызып, зиян келтіруге ұмтылуымен ерекшеленеді.
11	<b>З. Фрейд</b>	Супер-эгомен басып тасталатын деструктивті күш.

*Жасөспірім кезеңіндегі агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы, әсер ететін факторлар.* Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі – жанұядағы қатынас. Көптеген шетелдік зерттеулер көрсеткендей агрессивті балалардың ата-аналары физикалық жазаларды қолдануға бейім болған және бір-бірімен келісушілік болмаған, балаларға жеккөрушілік қатынаспен және эмоциялық суықтықпен қараған. Балалардағы агрессивтілікті зерттей келе жанұяның 3 вариантын сипаттайды:

1) Ата-анасының біреуі агрессивті болғандықтан және агрессивтілік және қылмыстық тенденцияны туындататын күрделі конфликтер себебінен бала агрессивті болады.

2) Ата-анасының ешқайсысы агрессивті болмайды. Ата-аналары агрессивті емес, балаларын қатал жазалаушы және жанұялық конфликт аз болған, бірақ балалар физикалық жазалауға ұшырайды.

3) Баланың агрессивті мінез-құлықна шектен тыс қамқоршылық жанұяның ішінде бекітіледі. Тек осының салдарынан бала нақты сол агрессивті мінез-құлықтың жағымсыз жақтарының басымдылығын таразылауға үйренеді. Қатал жазалау жаңа фрустрацияларға әкеледі. Яғни сол жағдайлардан шығар жол таппаған кезде жаңа агрессивті сезімдерге әкеледі.

А. К. Осницкийдің (1994) зерттеулері көрсеткендей балалар агрессиялы мінез-құлық модельдері жайлы білімдерді үш түрлі ақпарат көздерінен алады екен:

1) Отбасы бір уақытта агрессиялы мінез-құлық моделін көрсетеді және оның бекітілуін қамтамасыз етеді. Агрессиялы мінез-құлықтың ықтималдылығы олардың өз үйлерінде агрессиялық әрекетпен тікелей кездескен жағдаймен байланысты анықталады.

2) Агрессияның көрінуі құрбыларымен өзара әрекетте де кездеседі.

3) Балалар агрессиялық реакцияға тек реалды мысалдар да ғана емес, бұқаралық ақпараттар арқылы да үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Немов Р.С. Возрастная психология. - М.: Наука, 1995.
- 2 Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. - СПб: Питер, 2001.
- 3 Драгунова Т.В. «Подросток». - М., 1996. - 100 с.
- 4 Фельдштейн Д. И. Психология воспитания подростка. - М., 1998.
- 5 Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. – Алматы, 1990. - 100 б.

**А.Б. Бадыхова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Н.А. Кулмышева, психология кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к.

### **ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ**

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бап, 2 - тармағында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінген [1].

Яғни, басты мақсаты психологиялық, физиологиялық денсаулығын қалыптастыру болуы керек. Осы тұста келер ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету ең алдымен отбасы, мектеп тәрбиесі жайында қолға алынуы тиіс.

Бұдан, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас және оқу еңбегінің мөлшерден тыс көптігі бала денсаулығының бұзылуына әкелетін көрсетеді.

Жалпы, жеткіншек шақ – балалық шақтағы ең қиын және ең күрделі кезең. Бұл кезеңді өтпелі кезең деп те атайды. Себебі, бұл кезде жеткіншектер балалық шақтан ересек шаққа өтеді. Бұл кезде бала бойында көптеген өзгерістер болады. Ол анатомиялық, физиологиялық, интеллектуалдық, адамгершілік дамуында және оның әрекет түрлерінде өзгерістер болады.

Өтпелі кезеңде балалар сабағы өзгереді, жақсы оқып жүрген балалар сабағы нашарлайды. Балаларда өзіндік «мен» сезімі пайда болады. Олар еркін жасауға құмар келеді. Тым еліктегіш болады. Жасөспірімдік шақта оларда өзін-өзі тануға күшті болады. Олардың өз көзқарастары мен пікірлері әрекеттері барысында айқын байқалады. Сонымен қатар бұл кезеңде балалар отбасымен, мектептен оқшауланып, өз құрбыларының ықпалында болады. Олар әсіресе өздерін еркін сезінетін ортаға орналасуға бейім болып келеді. Олар спорт секциялары, техникалық үйірмелер болуы мүмкін, тіпті, темекі шегетін, арақ ішетін орын ретінде үйлердің подвалдары болуы мүмкін. Бұл кезеңде балаларды ересектермен, әсіресе ата-аналармен көбірек ерегіске барып, ортақ тіл табыса алмайды [2]. Балалар ата-аналарының тең құрдастай қарым-қатынас жасауын қалайды. Бұл кезде балалар көбірек өз бетінше өмір сүруге тырысады. Олар өзіне кумир (пір) сайлап алады да, соған еліктейді. Басқа балалардан ерекшеленуге тырысады.

Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы:

Ауытқудың пайда болуына жеткіншектің дене құрылуының күрт өсуі, тәрбиенің шарттарына және әлеуметтік орта да әсер етуі мүмкін.

Жеткіншектің физикалық тез дамуы немесе кеш дамуы арқылы ол өзінің әлеуметтік бағасын анықтайды. Қоршаған ортаның оның сырт көрінісіне, физикалық дамуына айтылған сын, жеткіншекті аффект жағдайына апаруы әбден мүмкін. Жеткіншектің тұлға болып қалыптасу мәселесі «жеткіншектер психологиясында» ең күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Бақылаудың нәтижесінде қарасақ балалық шақтан ересектік кезеңге өту қиындаған сайын, оның маңыздылығы арта түседі. Жеткіншек шақ эмоциялық тұрақсыздықпен, көңіл-күйдің тез ауыспалдығымен, қырсықтық, өзбеттілік, өз көзқарасын үлкендерге қарсы шығу арқылы дәлелдеу тағы басқа іс әрекетпен көрініс береді.

Жеткіншектердің денесінің күрт өзгеруі, жыныстық мүшенің дамуы, қаңқаның тез өзгеруі, жеткіншектің санасының өзгеруіне алып келеді. Жеткіншек физикалық еңбекке шаршаңқы келуі мүмкін немесе өз кемшіліктерін басқа саламен толықтыруы мүмкін. Жүйке жүйесінің, бұлшық еттердің қалыптасуы кешуілдегенде қозғалу координациясы бұзылады. Бұл қопалдықпен көрінеді. Жеткіншектің сырт көрінісі немесе қопалдығы туралы қоршаған ортаның айтылған сыны жеткіншекті ашу-ыза, тіпті аффект жағдайына апарды [3].

Акселерацияны ұшыраған балалар өздерінің ересек, күшті болғанына нық сенімді. Олар қоғамның құрметіне, мойындауына күреспесе де болады. Олардың өзіне өзі сенімділігі, қоршаған орта оларды өз көзқарасы бар тұлға ретінде қабылдауына әкеледі. Менің ойымша, бұл кезде жеткіншек өзінің сырт пішіні маңызды рөл атқарады. Акселерацияға ұшыраған бала өзінің ересектерге еліктегені тез іске асуда деп ойлайды. Оның бұлшық еті, бойы, дауысы өзгеріп, оны өзі және құрдастары нағыз ересек, ойы да жетілген тұлға ретінде қабылдайды. Осыған байланысты бұл жеткіншектер өздерін еркін ұстап, өздеріне аз көңіл бөлуді талап етеді. Ал шын мәнінде ол сырт пішіні ересектерше өзгергенімен, ішкі дүниесі әлі сырт пішініне сай емес. Ол әлі толық

калыптаспаған жасөспірім. Ал дамуы кешуілдеп өсіп жатқан жеткіншектер керісінше көп қажет етіп, өз «мінезін» көрсетіп тұрады. Өз «кемшілігін» білдіртпеу мақсатында, бұл жеткіншектер үнемі тапқырлық, «қайсарлық», үнемі көпшіліктің ортасында болу және өзінің «жетістігімен» топқа керектігін, тіпті орын толмас екенділігін дәлелдеп отырады. Мұндай активтілік ортамен қарым-қатынас жасауда қиыншылықтарға эмоционалды қысымға келеді. Расындада, жеткіншек үнемі эмоционалды қысымда жүреді, ал мұның өзі ауытқу, яғни, девиантты мінез-құлық десек болады.

Көңіл күйдің тұрақсыздығы ер балаларда 11-13 жас, қыздарда 13-15 жаста ерекше көрініс береді.

Балалардың мінез-құлқында қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады. Жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді. Жеке адамның қалыптасуына тұқымқуалаушылық, орта және тәрбие факторларының әсер ететіні белгілі. Соның ішінен девиантты мінез-құлықтың себептері:

- әлеуметтік-педагогикалық қараусыздық баланы тәрбиелеуде қажетті жағымды дағдылардың, білім және іскерлік дұрыс берілмеуінен, онда жағымсыз стереотиптер қалыптасады. Бұл мектептегі, отбасыдағы және қоғамдық ортадағы тәрбие кемшіліктерінің бала дамуына әсер ететіні арқылы айқындалады.

- психикалық терең жабдықталмау, отбасында психологиялық ахуалдың жағымсыз орнауынан, ата-аналарда мен отбасы мүшелері, мұғалім арасында өзара қатынастың қолайсыздығынан (әділ болмау, дөрекілік, мейірімсіздік) баланың оқуға деген ынтасын төмендетеді, сондай-ақ құрбы - құрдастарымен қарым-қатынасқа дұрыс түсе алмайтын болады.

- денсаулық және психикалық жағдайының дамуы мен бұзылуы, жас ерекшелік дағдарысы, мінездегі акцентуация, түрлі физиологиялық және психоневрологиялық себептер жатады. Сонымен қатар балалардың ата-аналармен ген арқылы берілетін қасиеттер. Мысалы, ішкіш ата -аналардан туған балалар бойындағы дефект және т.б. психологиялық қысым көруден пайда болған ауытқу. Мысалы, конфликтті жағдайлар, қоршаған ортаның химиялық әсері және т.б физиологиялық дефект бар балалар. Сөзінде, сыртқы көрінісінде кемшілігі бар балалар. Олар өз құрдастары арасында дұрыс қарым-қатынаста бола алмайды.

- сыртқы және ішкі белсенділікті шығаруға шынайы жағдайдың қарастырылмауы: пайдалы іс-әрекет түрімен шұғылданбау, балада әлеуметтік маңыздылықтың , жеке мақсат пен жоспардың болмауы.

- әлеуметтік-психологиялық бейімделмеу негізгі бақылаусыздық, онда әлеуметтік және жекелік құндылықтың жағымсыз жағы қарастырылады, қоршаған ортаның кері әсері.

- психологиялық факторлар – бұл, балалардың жүйке жүйелерінің ауру болуымен байланысты. Мұндай балаларға психотерапевттің көмегі қажет болады. Баланың өсу барысында психологиялық дамуында жаңа қасиеттер пайда болып отырады. Бала екі түрлі қасиетке дағдыланады: бала өзі өмір сүретін ортадан біртіндеп аулақтап, бөлектенеді немесе бала біртіндеп қарым-қатынас арқылы өзі өмір сүретін ортаға сіңіп кетеді.

- әлеуметтік-экономикалық фактор – бұл, әлеуметтік теңсіздік арқылы анықталады. Бұл қоғамдағы бай мен кедей болып адамдардың бөлінуіне байланысты.

- моральдық-этикалық фактор. Бұл, бүгінгі таңдағы адамдардың құндылықтарының материалдық бағытқа ауысуы арқылы, рухани құндылықтардың бағынбауының әсер етуі арқылы анықталады [4].

Бұл жерде, жетекші рольде әлеуметтік-психологиялық бақылаусыздық, себебі тәрбиеде немқұрайдылық, қарым-қатынаста назардан тыс қалу балада жалғыздық сезімін тудырады, өзін керексіз санайды. Осындай әлеуметтік жағымды тәжірибенің жоқтығы, әлемтану мен құндылық бағытын, этикалық нормаларды, эстетикалық сезімді дамытпайды. Осыдан барып балада үлкенді сыйламау, шеттелу, қажетсіз сезіну байқалады. Қазіргі жеткіншек микроортасы жағымды деп қарастыра алмаймыз себебі: қоршаған ортада, аулада және үйде түрлі мінез-құлықтың бұзылу түрлерімен кездеседі, оған әлеуметтік, мәдени, экономикалық факторлар әсер ететіні белгілі. Тұрмыстық идеология негізі қоғамды ырықтандыру процесіне әкелуде. Күнделікті әңгімеде беделге жету жеке құндылықтар негізінде емес заңсыздық және құқық бұзу деңгейінде жеткені туралы көп қозғалады, ол тек материалды тұрғыда табысқа жетумен қатар қоршаған орта құрылымына енуі және қоғамдық лауазымды қошеметіне жетіп отырғаны баяндалады.

Жас жеткіншектің идеалды әлеуметтік және жекелік құндылық бағыттарына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Кейде адам әлеуметтенудің құрбаны да болып кетеді. Ол әлеуметтену нәтижесі адамның ішкі сезімдері мен жан дүниесіне қайшы келгенде орындалады. Өз ойымды білдіре кетсем,

мысалы, бала жеткіншек жасқа дейін сабақты бестікпен оқып жүрген. Ал жоғарғы сыныпқа өткенде, ол белгілі жағдайларға байланысты басқа сыныпқа немесе мектепке ауысты делік. Ал оның жаңа сыныбында қиын жеткіншектер. Бәрімізге белгілі жеткіншек жаста бәрінен бұрын құрбыларының көзқарасы маңызды рөл атқарады. Сонда бала «беделді» сыныптастарының көзқарасы маңызды болғандықтан, ол сабақты, қызығатын үйірмелерін тастап, «беделді» топқа қосылуға мәжбүр болады. Ал қосылмаса құрбы, сыныптастарының «оқымысты», «ботаник», «ақылды» т.б. мазақ, күлкі сөздерге қалады. Ал жеткіншек үшін бұл топтан шығарып тастау деген сөз. Яғни, ол аутсайдер болады. Сондықтан бала өз қызығушылықтарынан бас тартуға мәжбүр болады. Яғни, әлеуметтің құрбаны.

Жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарын түзетуге ұсыныстар:

Дана халқымыз «Арудың алдын ал» демекші кез-келген мәселенің пайда болмай тұрып жойған жөн. Дегенмен, қиын оқушының өзі бұзылған бала емес екенін ескеру керек.

«Қиын» жасөспірімнің жақсы қасиеттерін анықтап арттыру, мадақтау, белсенділігін, талпыныс, ынтасын қолдау;

- Спорт, өнер, техника, қоғамдық жұмыстарға қызықтыру, қатыстыру;

- Мұғалім педагог этиканы сақтай отырып «қиын» жеткіншекті қадағалау, ар-намысына тимеу;

- Орынсыз жазаламау керек;

Кездесулер ұйымдастыру:

1. Тегін кеңестер беру.

2. Дөңгелек стол.

Ата-ана тарапынан қолдау:

1 Жеткіншектің жақсы қасиеттеріне көңіл аудару.

2 Жеткіншектің қателік жасамауға өз ақылын, көзқарасын білдіру.

3 Жеткіншектің өзі күшіне сенуіне көмектесу.

4 Сәтсіздіктерде қолдау көрсету.

Қиын жеткіншекті түзету барысында төзімді, сабыр салқынды болған жөн. Қиын баланың саналы түсінгеніне сенім көрсетіп, әділетті болған абзал. Сонымен қатар, қиын баланың құр уағыз айтып, мезі егіп, жанын жараламай, қателігін үнемі бетіне баспау керек [3].

Менің ойымша, мұндай қиын өтпелі кезеңде ата-ана тарапынан жеткіншекке дұрыс қарым-қатынас жасай білу. Дұрыс қарым-қатынас дегеніміз- дұрыс сөйлей білу. Яғни, «Мен саған сенемін», «Мен сені жақсы көремін», «Мен әрқашан сенімен біргемін», «Сенің жетістігіңе мен сенемін» және [5] т.б.

Баланың алғашқы адами құндылықтары, әрине, отбасыда қалыптасады. Алайда, қанша дегенмен ешбір ата-ана өз баласының жаман болғанын қаламайтыны анық. Егер, әртүрлі себептермен баласы тура жолдан шығып кеткеннің өзінде, ол ата-аналарды кінәләй бермей, бірлесіп жұмыс істеу үшін олармен дұрыс қарым-қатынас орнату керек, бұл біріншіден, ал, екіншіден ол отбасының барлық жағдайын зерттеу керек, «қиын» балаға айналу себептермен әртүрлі жолдармен анықтау, тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыруға оң әсерін тигізеді. Ол үшін: «Менің отбасым», «Мен не үшін ата-аналарымды жақсы көремін», «Мен бос уақытымды қалай өткіземін?» деген тақырыптарға шығарма жаздырып, содан көп нәрсені білуге болады. Үшіншіден, істелген жұмыстың бәрі алдын-ала, терең, жан-жақты ойластырған болуы керек. Ата-аналармен, олардың тәрбиесі қиын балаларымен жүргізілетін жұмыс сол отбасының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарланған болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиева Г. Қиын оқушы тәрбиесі //Қазақстан мектебі. - 2007. - № 1. – Б. 61-62.
2. Юсупова И. Қиын оқушы қайдан шығады. // Қазақстан мұғалімі. – 2006. -№4. – 5 б.
3. Қалиева Г. Тәрбиесі қиын баламен жұмыс. //Қазақстан мектебі. – 2006. - №11. – Б. 44-45.
4. Шамұратова Х. Қиын бала қайдан шығады // Алтын Орда. - 2006. - 21-27 шілде. – Б. 23-24.
5. Оразбаева Е. Қиын оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастағы белсенді спорттың рөлі. // Бастауыш мектеп. – 2006. - №11. – Б. 18-20.

**А. Закариянова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Н.А.Кулмышева, психология кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к.

**ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды талап етеді. Әсіресе әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіріп, жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттігі айқындала түсуде.

Өзінің көріністерінде қарым-қатынас айналадағылармен байланысқа түсудің рухани қажеттілігі ретінде болады. Қарым-қатынас – екі немесе оданда көп адамдардың қатынас жасауы, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз.

Адамдар өздерінің немесе өзгелердің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бір-бірлерімен қарым-қатынас жасайды. Ол вербалды, сондай-ақ вербалды емес қарым-қатынас. Осының негізінде, қарым-қатынас адам өміріндегі маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Қарым-қатынастың адам өміріндегі психологиялық маңыздылығы туралы отандық ғалымдар Х.Т. Шерязданова, С.М. Жақыпов, Н.Т.Тоқсанбаева, С. Елеусізова, Ф.Ш. Оразбаева, А.М. Құдиярова [1], сонымен қатар шетелдік ғалымдар Г.М. Андреева, В.А. Горянин, Е.Е. Смирнова, А. Пиз, Ф.А. Кузин, В.П. Шейнов, В.Ю.Дорошенко, Л.И. Зотова, Н.А. Нартов, Л.Г.Гласс, В.П. Енгальчев және т.б. [2] еңбектері арналған. Адамдар арасындағы қатынас екі негізгі қарым-қатынас каналымен жүзеге асырылады. Олар: вербалды және вербалды емес.

Вербалды қарым-қатынас тіл, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Тіл – сөз жүйесі, сөздерді дұрыс құрастыру, ойды сөзбен толық жеткізу, дыбыстың, интонацияның, сөздің нақтылығы. Тілдік дыбыстық құбылыс – сөз темпі, дауыс ырғағы, ритм, тембор, дикция. Вербалды емес қарым-қатынас - «дене тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты. Бұл қарым-қатынас құралына – поза, ым-ишара, мимика, визуалды қатынас, тұлға аралық дистанция.

Вербалды емес қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты зерттеулерді шетелдік ғалымдардың, Аллан Пиз, Роджер Акстел, Э. Холл, Г. Калеро, С. Данкелл, А.Л. Ярбус, [3] т.б. еңбектерінен көруге болады. А.А. Леонтьев өз еңбегінде: «қарым-қатынас - білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адам баласының тәлім тәрбиесі мен өзгелермен байланыс орнатудың ерекше жолы», - деп қарым-қатынас процесінің адам өміріндегі ерекше маңызымен қатар оның өзіндік анықтамасын да көрсетіп өткен [4].

Вербалды емес қарым-қатынас ерекшеліктерін білу әңгімелесушіні жақсырақ тануға ғана емес, сондай-ақ айтылған сөздің басқа адамдарға қалай әсер еткенін алдын ала көруге мүмкіндік береді, яғни қажетті нәтижеге жету үшін әрекетті және мінез-құлықты өзгертудің қажеттілігі жайлы білуге болады [2].

Кез келген «жемісті» қатынастың кепілі сенімді контакт болып табылады. Ал мұндай контакт сіздің не айтқаныңызға ғана емес, өзіңізді қалай ұстағаныңызға байланысты, әсіресе іскерлік қарым-қатынаста. Айтылған ақпарат немесе хабардың мазмұны іс-әрекетке немесе адамның вербалды емес қылықтарына сәйкес келмесе, адам интонация, мимика, жестке, көзқарасқа бағдарланып, ақпараттың жасырын мазмұнын аулауға тырысады, осының нәтижесінде әңгімелесушінің шынайылығы немесе жалғандығы адамның бірін-бірі қабылдауына әсер етеді.

Біздің вербалды емес қарым-қатынас жайлы түсінігіміз көптеген фразеологиялық айналым арқылы аңғарылады. Мысалы, бақытты адамдар жайлы біз кейде «бақыттан жадырап кетіпті» немесе «жайнап жүр» деп айтамыз. Ал қорыққан адам жайлы «тастай қатып қалыпты», сондай-ақ ашуланған адам жайлы «жарылып кететіндей» деп айтылып жатады.

Вербалды емес белгілерді ажырата білген жөн. Олар: Біріншіден, сөздер арқылы тек фактілі білімді айта аламыз, ал сезімдерді жеткізу үшін сөздер аз болып жатады. Кейде біз «қалай жеткізсем екен...» деп өзіміздегі сезімнің тереңдігі мен күрделілігін сипаттау үшін сөз таба алмай жатамыз. Қалай болғанда да кейбір сезімдер сөздік сипатта берілмей, вербалды емес құралдар арқылы жеткізіледі.

Екіншіден, осы вербалды емес тілдерді (язык тела) білу арқылы өз-өзімізді ұстауға үйренеміз. Егер әңгімелесуші өзінің ашуын басқара алмаса, ол айқайлауды, бұрылады немесе одан асар

жарасымсыз қылықтарды жасайды. Вербалды емес каналдар адамдардың біз жайлы не ойлайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, вербалды емес сигналдар санасыз түрде көрінетінін ескеру қажет. Адамдардың сөздерді саралап, салмақтай отырып айтқанына қарамастан, көбіне жест, мимика, интонация, дауыс ырғағы шындықты көрсетеді. Осы вербалды емес қарым-қатынастың элементі айтылған сөзді растауға немесе күмәнмен қарауға жол ашады.

Психологиялық бейне жасауда ең күрделі де маңызды тәсіл – жеке адамның бітістерді біріктіре әсерлену құбылысы. Оның мәні мынады: әрбір адам санқилы тұлғалармен көп мәрте кездесе жүріп, қабылдау және бағалаумен жадында олардың сырт көрінісі, психологиялық және әрекет-қылығы туралы пайымдау бекітеді.

Психолог ғалым Р.С. Немов вербалды емес қарым-қатынастың маңызы зор екендігімен келісе отырып, кеңес беру барысында клиенттің психологиялық жағдайы мен жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін белгілерді көрсетті [3].

Олар:

Денесін алға иілдіру, отырған күйінде қолдарын тізесіне немесе орындыққа тіресе: адам әңгіме айтуды тоқтатып, әрекет етуге дайын;

Көз қарашығының үлкеюі – сол кездегі адамның жағымды сезімін білдірсе, көз қарашығының кішіреюі – жағымсыз сезімді білдіреді;

Егер адам тобықтарын бір-біріне біріктіріп отырса, оның болып жатқан нәрсеге көзқарасы жағымсыз, бірақ ол өзін ұстап отыруға мәжбүр, жағымсыз ойлар мен жағымсыз сезімнің белгісі;

Бастың тіке қалыпта болуы адамның көріп немесе естіп отырған мәселесіне нейтральды көзқарасының белгісі. Басын бір жаққа иген болса, қызығушылық танытқаны. Егер адамның басы алға қарай иілсе, жағымсыз қатынастың белгісі;

Қолын басына қоюы - өзіне сенімді, өзгелердің алдында жоғары санайтын адамдардың қимылы.

Егер адам қобалжып, сынау немесе қорғаныс позициясын ұстанса – екі қолын көкірегінің алдына жинастырады;

Қолын көкірегіне жинастыруы – қорғанысты қажет ететін жағдайда тығылуға деген ұмтылыстың белгісі;

Егер сізбен әңгімелесуші адам екі қолын көкірегіне жинастырса, ол сіздің дегеніңізбен келіспей тұрғаны;

Өзінің жағымсыз сезімдерін жасыруға деген ұмтылысты иықты қарсы қолдың саусақтарымен қысқаны арқылы байқауға болады;

Егер қолды көкірекке жинастырғанда бас бармақ жоғары қараса, ол адам өзінің дәрежесін жоғары санағаны;

Қолды айқастыру, сондай-ақ, қорқыныш сезімінің туындағанын көрсетеді;

Егер адам тамақ астын уқаласа, ол шешім қабылдау үстінде отыр;

Саусақпен немесе тырнақпен устел бетін тарсылдату шыдамсыздықтың белгісі;

Егер айқасқан қолдару жоғарыда болса, бұл адаммен келіск қиын болады. Ғалым осы сияқты белгілерді көрсеткен.

Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар өте нәзік те үзілгіш келеді, себебі нақты тұлғалар арасындағы қатынастар сол қатынас иелерінің құбылмалы көңіл күйіне тәуелді. Уақыттың өтуімен жастың елуге тартуымен аралық қатынастар тұрақтала түседі, балалық пен жас өспірім шақтағы адамдар арасындағы бұрқасын жол таңдау бұл кезде сабасына келе бастайды, адамның ішкі дүниесі сабыр тауып, кездейсоқ қатынас, байланыстарға құлай түспей, өз қалауын таңдай алу қабілетіне жетеді. Қатынастардың тұрақталуының және бір жөні адамдар бірін бірі жете танып, бірінің қылығына екіншісі көнігіп, өзара үйлесімге бейімделуі байқалады [5].

Нақты мезеттегі адамдар арасында болатын қатынастар сипаты көптеген шарттарға тәуелді, мысалы, адамның денсаулығы мен психологиялық кейпі. Дені сау, көңілі көтеріңкі болса, төңірегіндегілермен қатынас та әп-әдемі, үйлесе түседі. Көңіл-күйге жайлы жағдай болса, қатынасың одан әрі беки түседі, ал қандай да әбігер күйде түзілген қатынас көбіне баянды болмайды. Адамдар арасындағы қатынастар олардың жеке мінез-құлығына да байланысты. Әрдайым ұнамды арақатынастардың орнығуына адамды қайырымдылық, ақкөңілділік, үйіршендік, достық пен ұжымшылдық қасиеттер пайдалы. Ал сенімсіздік, күмәншілдік, өшпенділік, тұйықтылық пен өзімшілік-қалыпты қатынастар орнығуына кері әсерін тигізеді. Ой-өрісі кең дамыған, тәжирибесі бар адамдар өз қатынастарын меңгере алады, бірақ бұл көптің қолынан келе бермейтін іс, себебі көп жағдайда аралық қатынастардың мәнін соларды түзуші адамдардың өздері де түсіне бермейді, ал түсінбеген затты саналы басқару мүмкін емес [6].



Қарым-қатынас түбегейлі адамдық сұраныс бола отырып, дербес құндылық болады, себебі адам басқа адамды әрдайым қажетсінеді. Ол үшін маңызды дүние – бұл басқа адам, онымен қарым-қатынас, ортақ істі бірлесіп орындау, ниеттестік. Тек қана қарым-қатынас процесінде және тек сол арқылы адамның мәні көрініс табады. Қарым-қатынас қоғамның және адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. – А.: Рауан, 1996. - 64 б.
2. Немов. Основы психологического консультирования: Учеб. для студ. педвузов. – Москва: Гуманист изд. центр ВЛАДОС, 2000. -528 с.
3. Аллан Пиз, Барбара Пиз. Язык телодвижений. Расширенная версия; [пер. с англ. Т. Новиковой]. – Москва: Эксмо, 2009. – 464 с.: ил.
4. Леонтьев А.А. Лекция как общение. – М.: (Общество «Знание»), 1974. – 39 с.
5. Горянина В.А. Психология общения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/-3 изд., стер. – Москва: Издательский центр Академия, 2005. -415 с.
6. Смирнова Е.Е. Психология общения: Курс для тарших классов средней школы. – СПб: КАРО, 2005. -336 с.

ӘӨК: 15.81.70

**Е.С. Тұрғалиева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Н.А. Кулмышева, психология кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к.

### **АДАМДАРДАҒЫ АГРЕССИЯ СЕБЕБІ: ЗҰЛЫМДЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ ҚАЙДА ЖАТЫР?**

Күнделікті әрбір адам агрессивті іс-әрекетке кез болады. Бұл кезде біз өзіміздің тарапымызға әр түрлі балағат сөздер естиміз, дөрекілік көрсетеді, соңғы рет көрісіп тұрғандай ұрсысады. Осы жерде бізге мынадай сұрақтар келеді, «ешқандай себепсіз неге сонша сөз естіп дөрекіліктің құрбаны болдық? Мұндай іс-әрекетке ол адамды не итермеледі?» Бұның себебі әрдайым жәй ғана салт-сана мен тәрбиеге қатысты бола бермейді ғой! Күнделікті өмірдегі көріністердей агрессияның да өзіндік себебі бар, және де осыны қарастырып көрелік [1].

Агрессия дегеніміз не? Агрессия сөзінің бірнеше синонимі бар: зорлық, жауласу, ашу, ыза және т.б. Психологиялық тұрғы-дан алғанда, агрессия сөзі – басқа тірі жанға жаса-лынған кез-келген жауыздық деген мағына береді. Басқа адамға жауыздық жасаудың не қажеті бар болуы мүмкін? Бірақ бәріміздің білуімізге қарай табиғат әр нәрсені бекерге жаратпас. Енді осы адамдар агрессиясының мақсаты мен себебі неде екенін талдайық.

1. Басқа адамдарды белгілі бір әрекетке мәжбүрлеу. Адам – өте ақылды әрі қу тіршілік иесі. Басқа адамдарға жұмыс істете алатын қабілетің болса онда не үшін «терлеп» жұмыс жасауың керек? Қазіргі қоғамда агрессияның физикалық түрі көп кездеспейді, ал моральді тұрғыдағы зорлау әлі де кең тараған.

2. Билікке деген құштарлық. Билікке бейбітшілік жолымен жету көп кездесе бермейді – әрқашан біреуге кішкентай ал екіншісіне үлкен залал тигізу арқылы қол жеткізген. Билікке деген құштарлығы басым адамдар осылай жасайды. Осындай адамдарда агрессивтілік басқалардан қарағанда басымырақ келеді. Әсіресе ер адамдар осындай күнә жасайды.

3. Белгілі бір дәрежеде әсер алуға деген ұмтылыс. Агрессия туындаған кезде адамда әртүрлі әсерлер болады: біреу қорықса, енді біреуі бүкіл күшімен татуласуға тырысады, ал кейбіреуінде өшпенділікке деген қажеттілік туындайды. Қандай әсер алғаныңызды анықтау үшін сөйлесіп жүрген серіктесіңізді жақсы тануыңыз керек.

4. Залал келтіруге деген құлшыныс. Залал келтіруге деген құлшыныстың негізі әртүрлі заттардан туындауы мүмкін – өш алуға деген ниеті, белгілі бір затты тартып алу, немесе өзіндік қажеттілігі де болуы мүмкін. Егер бұл жағдай сіздің басыңызда аңда санда болып тұрса қорықпаңыз! Ондай барлық адамда болады!

5. Психологиялық күш қуаттау. Бір күнде қаншама жаман нәрсе жиналып қалатын күндер болады, дәл осы күндерде біреуге айқайлап не соққың келіп тұрады. Және дәл осы кезде қоғамдық

орында ұрсысқақ тәтенің пайда бола қалуы саған жағады, осы сәтте ішіндегі бар жаманшылықты шығарып өзінді жеңіл сезініп қаласың.

6. Өзін-өзі қорғау. Кейбір адамдар жамандықты көп жасайды. Әрине олардың дәрежесіне түсіп ақымақ болып немесе тәрбиелі болып көрінбеу керек, бірақ кейде сондай қылық жасамасаңыз сізді сөзбен «жеп» қою ғажап емес. Сіздің жеке кеңістігіңізді бұзып кірген жағдайда сіз оларға «тістеріңізді ақсыйтып, тырнақтарыңызды көрсетесіз» сол кезде ғана олар сізді жайыңызға қалтырады.

Агрессивті қылықтың негізгі мақсаттары осы. Олар сізге ұнаса да ұнамаса да, агрессия бізге қажет – бұл факт. Бір бірімен жауласып жүрген қоғам жайдан жай өмір сүруін жалғастыра алмайды. Агрессиядан толықтай құтылу мүмкін емес, бұл адамға махаббатсыз өмір сүр дегенмен тең [2].

Агрессивті қылықтың шығу төркіні. Агрессияның шығуына мақсатынан басқа маңыздырақ механизмдер бар. Көптеген психологтар адамдар агрессиясының себебін табуда әртүрлі гипотезалар ұсынған. Қазіргі кезде оларды үш негізгі топқа бөлуге болады:

1. Агрессия бұл инстинк.
2. Агрессия өзіндік қажеттілік мүмкіндігінің жоқтығының нәтижесі ретінде
3. Агрессия оқудың нәтижесі ретінде

Агрессияның алдын алудың әдістерін ұсынамыз:

1) Тәрбиені дұрыс беру. Бала кішкентай кезінен барлығын тәрбиеден алады. Сондықтан тәрбиенің маңызы өте зор. Егер авторитарлық және либеральды стильде тәрбие жүрсе, агрессияның келешекте дамуына күмән жоқ. Балаға авторитет болу керек. Бала ата-анасына қарап, олардың іс-әрекеттерін және мінез-құлықтарын қайталайды. Сондықтан балаларын дұрыс тәрбиелеу үшін, алдымен өзін дұрыс тәрбиелеу керек. Сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттерін бақылап, қателіктерін түзету керек. Білім болмаса, адам қалай өзін тәрбиелей алады? Ол психология, коммуникация, вербальды емес қарым-қатынас жайында әдеби оқулықтар оқуы тиіс. Егер білімді біліп, меңгерсе, баланы тәрбиелеуге көшу керек. Баласына ең бірінші әке немесе ана авторитетін орнатып, онымен достасуға тырысу керек. Ұрыспай, айғайламай, балаға қорқыныш арқылы емес, оның түсінушілігіне дейін жету керек. Керекті әдебиет материалдары: Дебра Хаффнер «От пеленок до первых свиданий», Франсуаза Дольто «На стороне ребенка».

2) Эмпатия. Егер адам сізге агрессивтілігін көрсетсе. Оған лезде агрессиямен жауап бермей, оның неге солай жасап жатқанын түсіну керек. Егер адам жындыхананың пациенті болмаса, онда бұл адамның сондай мінез-құлықтың пайда болуына себеп бар. Өзін сол адамның орнына қоюға тырысу керек, мүмкін сіз оған белгілі бір жәрдем бере алатын шығарсыз [3].

3) Кешірімді болу. Қазіргі заманда, уақыт өте құнды болып тұр. Адамдар үнемі асығыс. Біреулері жұмысқа, не оқуға, не т.б. жерлерге. Қазіргі заманда адамдар эгоист. Олар өз пайдасын ойлап, жер әлемінде индивидпін деп ойлайды. Ия, біз барлығымыз индивидпіз. Бірақ, өте көп болғанымен, күнделікті өмірде бірдей көрінеміз. Адамдардың тез ашуланшақтығын ескеріп, олардың агрессияларын жүрекке жақын қабылдаудың керегі жоқ. Кешірімді болған адам, агрессияға жауап бермей, оны өршітпейді және өз денсаулығын сақтайды.

4) Қалжың, көңілді көңіл-күй. Күнде көңіл-күйі жоғары адамдар, үнемі өзінен жағымды әсер шығарады. Қасындағы адамдармен орынды қалжыңдап, олардың көңіл күйін көтере алады. Бірақ, оның да шекарасы бар. Адамдар қалжыңды көтере алмаса, агрессияның пайда болуына жол ашады.

5) Артын ойлау. Әр адам қадамдарын бақылап, орынды сөйлеу тиіс. Өз-өзін бақылай алатын адам үлкен жетістіктерге жете алады. Егер бір адамға агрессиямен жауап берсең, оның дұрыс не бұрыстығын теңестіріп, келешекте сол адамға немесе саған әсері болуын не болмауын ойлауы тиіс.

6) Спортпен айналысу. Көп күш жұмсалатын іс-әрекеттерде көп негативті агрессивті сезімдер шығады. Және бұл денсаулыққа өте пайдалы [4].

*Яғни, агрессивтілік* – бұл адамның бойындағы бір қасиет тұрақты және тұрақсыз және ол интелекті мен аффектіде сәйкесінше әртүрлі деңгейде көрінуі мүмкін деген тұжырымға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хаффнер Д. Психологический словарь. – М., 1997.
2. Рама Пабблишинг От пеленок до первых свиданий. – М., 2013. – 256 с.
3. Дольто Ф. Рама Пабблишинг. На стороне ребенка. – М., 2013. – 720 с.
4. Пазылова К. А., Аубакиров Б. Адамдарда болатын агрессияның себептері мен алдын алу жолдары // Молодой ученый. - 2016. - №7.1. -С. 18-20.

**М.Б. Даукенова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: М.К. Ноғайбаева, психология кафедрасының оқытушысы, п.ғ.магистрі

**ӨЗІНДІК САНАНЫҢ ЭТОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕНДЕРІ**

Этностық өзіндік сана халықтың маңызды белгілері және ұлттаралық процестерге әсер ете отырып, қоғам дамуына себеп болады. Қазіргі әлемдегі этностық өзіндік сана рөлінің артуы оларды зерттеу мәселесін, полиэтностық социумда бейбіт және тұрақты даму жағдайының маңыздылығын жоғарғы деңгейге көтереді. Этностық өзіндік сана мәселесінің дамуы әр түрлі ғылым өкілдерінің: педагог, психолог, социолог, этнолог, философтар және т.б. тарапынан кешенді зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар этностық өзіндік сананың әрбір жас кезеңіндегі даму ерекшеліктерін теориялық талдау, практикалық дәлелдеу бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Этностық өзіндік сана адамның нақты бір ұлтқа тиістілігін түсіну ғана емес, өзінің және «басқа» халықтарға деген құндылықты қатынастар жүйесін қалыптастыратын санадағы ойлар, сезімдер және бағдарлар адам өмірінің алғашқы жылдарында-ақ қалыптасады. Бұл оның мәдениетке жалпы енуімен байланысты. В.В. Столин атап өткендей, бала өзін-өзі бағалау эталоны болатын қандай да бір адами мәдени-құндылықты, әрекет пен қарым-қатынас әдістеріне ие болғанда ғана адами қауымның толыққанды өкіліне айналады [1]. Бірақ мәдениет бала үшін алғашында абстрактілі болып табылмайды. Ол нақты қарым-қатынаста және нақты адамдармен бірлескен іс-әрекетте көрінеді. Этномәдени ақпаратты тасушы адамдармен араласа отырып, бала сол уақытта этностық мәдениетке қатысады.

Этностық өзіндік сананың этнопсихологиялық феномендерін-құндылықтар, құндылықты бағдарлар, этностық жаңсақ түсінікті зерттеуге қазақстан ғалымдары үлкен үлесін қосты.

Қ.Б. Жарықбаевтың зерттеулерінде этнопсихология құрылымын кешенді зерттеуді көрсеткен. Ол ұлттық психологияның келесі аспектілерін зерттеуді ұсынады: ұлтқа сәйкес генотип және фенотип, этностық таптаурынның, психиканың қалыптасуына түрлі факторлардың әсері. Оның пікірінше, ұлттық ерекшеліктерді зерттеу «түрлі ұлттық мінез-құлықтардың ғылыми негізделген суретін» жасауға және этнопсихологиялық зерттеулер бағдарламасын құруға негіз болуға мүмкіндік берген болар еді. Этностық сананы суреттеуде менталитет ұғымы бейне, тұлғаның немесе қоғамдық топтың ойлау әдісі, олардың дүниетанымы ретінде қолданылады. Қазақ халқының менталитеті оның ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін бейнелейді.

А.Т. Малаева қазақ этносы жөнінде айта отырып, қазақтар республикадағы базалық этнос деп болжамдайды. Тарихи даму логикасына сәйкес оларда этностық төзімділік (толерантность) көрсетуге мүмкіндік беретін өздерінде біртіндеп ерекше психологиялық механизмдерді жасап шығарады. Басынан-ақ қазақ халқы жеткілікті түрде «компромисс даласын» дамытқан этноилгіш ұлт болып табылады.

Тұлғаның этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеуде В.В. Агеев және А. Азизова өз бағыттарын ұсынады [1]. Тұлға құрылымының этнопсихологиялық айырмашылық мәселесін тұлғаның барлық этностық құрылымы үшін бәріне ортақ психологиялық мазмұн тарапынан шешу ұсынылады. Олардың пікіріне сәйкес, этнопсихологиялық айырмашылықтар мәні тұлғаның әмбебап жалпыға ортақ негізінде жатыр – бұл ұлттықтан тыс, жалпы адами, мүмкін болатын нақты этнопсихологиялық айырмашылықтардың негізі.

В.В. Агеев этнопсихологияның негізгі мазмұнын этностық тұлғаның ұлттық және жалпы адами ерекшеліктерінің арақатынасы деп біледі [1].

Д.Д. Дүйсенбеков халықтардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін психологиялық іс-әрекет типтеріне байланысты зерттейді. Оның классификациясы психиканың үш базалық типтеріне негізделеді (динамикалық, пластикалық, инерттілік), екі шеткі (эмоциялылық, сезімталдылық) және екіаралық типтерінде (лабильділік, статистік). Нәтижесінде психикалық іс-әрекеттің жеті типіне кезкелген мемлекетте, ұлтта, тіпті бір отбасында кездесетін психиканың жеті қасиетіне сәйкес келеді [2].

Д.Д. Дүйсенбеков, А.С. Нурадинов, С.С. Кожухова зерттеулерінде тұлға құрылымын зерттеудің этнопсиходиагностикалық парадигмасы көрсетілген. Авторлар этнопсихологиялық зерттеулерде тұлғалардың этнолингвистикалық және культурологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажет деп есептейді [2].

Н.Д. Жанділдин ұлттық психология табиғатын және оның құрылымын зерттеген. Ол ұлттық мінезді нақты ұлтқа тән қасиеттер жиынтығы деп түсіндіреді [3]. Мұндай бағыт, П.И. Гнатенконың пікірінше, бір жақты болып табылады.

Қазақ психологиясын зерттеу мазмұнына Д. Кішібеков өз үлесін қосты. Өзінің ғылыми еңбектерінде қазақ менталитетінің, көшпелі қоғамның ұлттық ерекшеліктерін зерттейді. Жекелей «менталитет» ұғымы ойлау барысы, ұлттық мінез-құлық, өмір сүру салты, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, бұл қазақ халқының руханилығы. Осы қасиеттер негізінде ұлттың, халықтың бейнесі жасалады. Нақты іс-әрекет, салт-дәстүр және әдет-ғұрып, ұлттық мінез-құлық болмаса, менталитет болмайды. Менталитет халықтық дәстүрлерде көрінеді. Оның көмегімен әлем қазақтарды таниды: дін, ұлттық таным, тыйым сөздер, астрономиялық көзқарастар, қолданбалы халық өнері арқылы [2].

Н.Е. Еликбаев қазақ ұлтының ұлттық психологиясының ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақтардың ұлттық психологиясын қарастыра отырып, қазақ ұлты өзін этностық өзіндік сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезімдер, ұлттық қызығушылықтар және ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар сияқты психология компоненттерінде бейнелейді т.б [4].

А.Х. Аймағамбетова қазақ этнопсихологиясының түрлі аспектілерін зерттеумен белсенді айналысады. Оның ғылыми қызығушылықтарында қарым-қатынас, этностық таптаурындар ерекшелігі, өмір сүру салтының адам психикасының дамуына әсері, мәдениет пен тұлға арақатынасы, қазақстанның тілдік саясаты мәселелері қамтылған.

А.Х. Аймағамбетова жағымды мінез-құлықты иемденген қазақтардағы этноптаурынның трансформация фактісін көрсетеді. Ол мұны, біріншіден, жақын және шалғайдағы шет елдерді соңғы уақытта болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғалармен түсіндіреді. Екіншіден, елдегі қиын экономикалық жағдайға қарамастан, қазақтарды бейбіт ұлт ретінде қабылдау жалпы қазақстандық менталитет идеясы себепші деп тұжырымдайды [5].

Этномәдени маргиналдардың психологиялық ерекшеліктерінің анықталуына А.Б. Мұлдашева, О.Х. Аймағанбетова, Ж.Д. Жукешовалардың еңбектері арналған [2]. Олар этномәдени маргиналдықты этностық сәйкестік дағдарысын субъективті уайымдаудың анық көрсетілген комплексімен қатар жүретін түрлі мәдениет нормалары мен идеяларын құндылықтарды игеру ретінде анықтайды.

Н.А. Логинова зерттеулерінде, этностық таптаурындарды зерттеу негізінде қазақтардағы этностар бейнесі аз жеке дараланған және «әлдеқайда этнотипті» екендігі жөнінде ұйғарымы расталған. Қазақтардың орыс таңдауына қарағанда өздеріне деген жағымды қатынасы анық көрінетіні анықталған. Ал орыстар қазақтарға қарағанда сыншыл және өзіне сын таққыш келеді [5].

М.А. Ысқақованың экспериментінде орыстарға қарағанда қазақтарда арақашықтықты сақтауға әлдеқайда айқын тенденция көрінген. Қазақ тобы шынайы және вербальді мінез-құлық арасындағы сәйкессіздікпен ерекшеленеді. Сондықтан автор қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрді және әдет-ғұрыпты жаңғыртуға халықтың әлеуметтік қуатын бағыттауды ұсынады [4].

З.Н. Сәрсенбаеваның тұлғаның этнопсихологиялық концепциясында мәдениет контекстінде мәдени атропология тарапынан этностық базалық психикалық процестерін зерттеу қажеттілігі айтылады. Берілген ұйғарым негізінде әлемнің түрлі суретімен, табиғатқа, қоршаған ортаға қатынасымен ажыратылатын этностардың шығыс және батыс типтерін бөліп қарастырады.

Қазақстанның көптеген ғалымдары қазақ психологиясының философиялық аспектілерін (С.Н. Ақатай, А.А. Қодар, А.Н. Нысанбаев, И. Сүлейменов, Б. Хасенов) қазақтардың дүниені қабылдауы мен сезінуі ұлттық философияның негізін құрайды. Ал С.Н. Ақатай пікірі бойынша, дүниетанымдық синкретизммен ерекшеленеді, себебі халықтың дәстүрлі танымының барлық типтерін қамтиды. Олар мәдениеттің түрлі құбылыстарында эмпирикалық білімдерде негізделеді және қазақ ұлттық шығармашылығында бейнесін табады [4]. А.А. Қодардың айтуынша, қазақ халқының философиясы салт-дәстүрмен диалогты көрсетеді [4]. Қазақтардың ұлттық өзіндік санасы элементтерін қарастыра отырып, зерттеуші А. Кукубаева негізгілерін бөледі: ұлттық идентификация, территория бірлігі, тарихи ес, мәдениеттің тарихилығы, тіл [5].

Қазіргі заманда Қазақстанның даму ерекшеліктері ұлттық өзіндік сананың әлеуметтік бағдармен байланысты мынадай мәселелерін бөліп қарастырады: этностық өзіндік сана мен қазіргі саяси-экономикалық дағдарыстан шығу жолдары арасындағы арақатынасы, этностық өзіндік сана және саяси тұлғалардың мінез-құлқы (саяси ұлттық көшбасшылар), ұлттық-мемлекеттік құрылым жөніндегі көзқарас, дәстүрлі қазақстандық патриотизм және қоғамның американизациясы, нарықтық

қарым-қатынас жағдайында құндылықтарды таңдау, Шығыс – Батыс құндылықтарының арақатынасы [5].

Этностық өзіндік сана компоненттерінің өзара қатынас феноменін зерттеуде «этностық таптаурын», «құрылым», этностық жаңсақ түсінік және «этностық парасат» ұғымдарының өзара қатынас мәселесі маңызды мәнге ие. Олар салыстырмалы зерттеу тарихына қарамастан, әлі де дискуссиялық болып отыр. Бір зерттеушілер таптаурынды құрылымның когнитивті элементі ретінде қарастыруға бейім. Басқалар «құрылым» және «таптаурын» ұғымдарын біріктіреді. Үшіншілері, алдымен адамда құрылым қалыптасады, содан кейін таптаурын осы құрылымға сәйкес мазмұнмен толтырылады деп есептейді. Төртіншілер, таптаурынды оған нақты бағыт пен интенсивтілік беретін, құрылымның бейнелену формасы деп есептейді. Кейбір авторлар этностық наным мен ой-пікірдің астарында, бәрінен бұрын, таптаурындалушы топқа қастасқан қатынасқа толы этностық таптаурынды түсінеді. Сонымен қатар этностық таптаурын этноорталықтандыру нәтижесі ретінде ұғынылады, яғни басқа халық құндылықтарын өз этносының құндылықтар призмасы арқылы қарастыруға бейімділік.

Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, адам өзін қандай да бір әлеуметтік топтың емес, этностық топтың өкілі ретінде сезінгенде, онда психологиялық механизмдер жұмыс жасай бастайды, кейінгі психологиялық механизмдер мен білімдерді басып тастай алатын «психоэнергетика» іске қосылады. Бұған этностық ой-пікір әрекеті мысал бола алады.

Кеңес психологиясында этностық өзіндік сананың құрылымдық элементтері ретінде этностық таптаурындармен Г.А. Андреева, И.С. Кон, В.П. Левкович, Н.Г. Панкова, Г.У. Солдатова, Т.Г. Стефаненко, П.Н. Шихирев және т.б. айналысты. [6].

Этностық өзіндік сана зерттеулерін нәтижелі отырып, этностық өзіндік сана құрылымдық түзіліс, сәйкестік, этноптаурын, құндылықты бағдарларды ажырататын компоненттер ретінде қарастырады деген қорытынды жасауға болады. Этностық өзіндік сәйкестік жағымды және жағымсыз болып бөлінеді.

Этностық өзіндік сананың онтогенез процесінде де, жеке этностық өзіндік сәйкестену процесінде де динамикаға бағытталғандығын ұйғаруға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Столин В.В. Самосознание личности. – МГУ, 1983. – 285 с.
2. Малаева А.Т. Зависимость социальной детерминации личности от характера этнокультурной среды: Автореф. дис. канд. психол. наук. – Алматы, 1995. – 26 с.
3. Агеев В.В., Азизова А. Возможная методология изучения этнопсихологических особенностей личности // Этнопсихология и этнопедагогика. – Алматы, 1998. – Вып. 7. – С. 58-61.
4. Агеев В.В. Некоторые методологические проблемы этнопсихологии и особенности казахского менталитета // Этнопсихология и этнопедагогика. – Алматы, 1998. – Вып. 5. – 70 с.
5. Дюйсенбеков Д.Д. Типы психологической деятельности и этнопсихология народов // Национальный процесс в Казахстане: пути и способы их регулирования. – Алматы, 1992. – С. 86-89.
6. Дюйсенбеков Д.Д., Нурадинов А., Кожухов С. Этнопсихологическая диагностическая парадигма исследования структуры личности // Национальный процесс в Казахстане: пути и способы их регулирования. – Алматы, 1992. – С. 78-80.

ӘӨК: 376

#### Б.Ж. Зейнуллаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: М.К. Ноғайбаева, психология кафедрасының оқытушысы, п.ғ.магистрі

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖҮЙЕСІ

*Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез-келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл – әркім өз әрекетінің қажеттілігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәніндегі инклюзивті қоғам құруға қажетті шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда әкелуге және оның толық қанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.*

*Дэвид Бланкет*

Қазақстан Республикасының Елбасы - Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы өз Жолдауында әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлді. Мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі - мүмкіндіктері шектеулі балалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алу құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз ету деп түсіндірді.

Мүмкіндігі шектеулі баланың білім алу құқығына кепілдіктер Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияда, «Қазақстан Республикасында Бала құқықтары», «Білім», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау», «Арнайы әлеуметтік қызметтер», «мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық және психологиялық түзете қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген.

Мәселен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» қажеттілігі айрықша деп атап көрсетілген. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Қазіргі таңда балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына барлық жағдай жасалуда. Сонымен қатар елімізде инклюзивті білім беруді дамыту дұрыс жолға қойылған.

Инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. [2]

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Астанада «Инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыру» атты халықаралық конференция өтті. Оған ЮНЕСКО Кластерлік бюросы, Қазақстандағы балалар қоры және 48 халықаралық конференция нұсқауларын жүзеге асыру мақсатында Сорос қоры үлкен қолдау көрсетті. «Барлығына арналған оқыту» атты халықаралық бағдарламаның бір бөлігі ретінде, инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу көрсетті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бойынша мынадай шаралар жүргізілуде .

2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін:

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары;

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталды.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленді.

2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату , тұтқалармен, арнайы парталармен , үстелдермен және басқада арнайы компенсаторлық құралдармен жарақаттандыру арқылы кедергісіз аймақтар құрылды.

2030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға жән тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалады (мектептерде педагог-дефектологтардың, балалардыпсихологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы).

Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда айтылған міндеттерден басқа өзге де бірқатар мәселелерді шешу қажет. Ол үшін қосымша білім беру мазмұнын жетілдіретін болады. Осыған орай тұлғаның шығармашылық күзіретіндегі, үздіксіз білім беру мен тәрбиелеудегі, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы бәсекелі артықшылықтарын қалыптастыру мақсатында негізгі бағыттар: шығармашылық-эстетикалық; ғылыми-техникалық; экологиялық-биологиялық; туристі-өлкетанушылық; әскери – патриоттық;

әлеуметтік-педагогикалық; білім-беру сауықтыру және т.б. бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұны жаңартылды.

Қосымша білім беретін педагогтарды және аралас мамандықтардың педагог ұйымдастырушыларын даярлау бағдарламасы жетілдірілді.

2015 жылға қарай қосымша білім беру ұйымдарының желісі ұлғайып, 625-ке жетеді.

Бұл балаларды қосымша біліммен қамтуды 23% - ға дейін көбейтуге мүмкіндік береді.

Мектептерде спорт секцияларын құру арқылы дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс насандары жетілдірілетін болады.

Құқық бұзушылықтар мен басқа да бейәлеуметтік құбылыстардың алдын алу бойынша әрбір білім алушыны жекелей психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету жолымен қосымша білім беру конкурстары мен олимпиадаларының жүйесі арқылы оқушылардың қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыратын балалар қоғамдық бірлестіктері дамиды.

Осы жұмыстардың барлығы да Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңдарын және Ережелерді басшылыққа алады.

Инклюзивті білім беру ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады.

Атап өткеніміздей 2015 жылға дейінгі инклюзивтік білім берумен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25 пайызын қамту көзделсе, инклюзивтік білім беруге жағдай жасаған мектеп үлесі 30%-ға жету керек. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепке дені сау балалармен қатар білім алуына жағдай жасайды.

Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылардың тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзін-өзіне бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады. Оқытудың бұл түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп - интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алады. Қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата-анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады.

Инклюзивті оқытуды негізге ала отырып ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, таным-білуге, қабылдауға үйренеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы айта кететін жайт көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттер мен кластарға балаларын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК –ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың денгейіне қарай жеңілдетілген бағдарлама бойынша инклюзивті оқытуға міндетті.

Яғни, инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер – психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофрено мұғалімі, логопед мұғалімдері болмаған жағдайда, тәрбиешілерді, бастауыш кластың мұғалімдерін, қазақ тілі мұғалімдерін мүмкіндігі шектелген кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту қурыстарына оқытып алулары қажет.

Көмекші бағдарламамен жалпы мектепте оқитын балалар бағдарламаны толық игерген болса, ол балаға арнайы куәлік беріледі, ал игермесе онда анықтама берулері қажет. (Департаментке ұсыныс беру арқылы) [3].

Сонымен қатар дамудағы қалыс қалу немесе экономикалық мәртебесіне, отбасына белсенді қатысуы, коррекциялық-педагогикалық және балалардың жеке мұқтаждарын әлеуметтік адресті қолдаудағы бейімдеудің баланы емес, ортаны жеке ерекшеліктерімен білімдік қажеттіліктерін білім беру жағдайларын тиімді жолмен құру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жағдайын сараптауда, отандық тәжірибеде ерекше мұқтаж балаларды жалпы білім беру процесіне қосуда әр түрлі елдердегі шетел ғалымдары инклюзивті процестерін халықаралық құқықтық акт туралы жұмыстарда игеру қажет. Осы әр түрлі жер бетіндегі елдердің мәдени-тарихи және әлеуметтік- экономикалық деңгейлерінің дамуына байланысты инклюзивті білім беру принциптері анықталады:

- Жалпы білім берудің жоғарғы сапалары;
- Балалардың отбасындағы жағдайы;
- Оқытумен тәрбиелеу кезіндегі ата-анасының қатысуы;
- Мұғалімдердің әр түрлі өзгерістерге дайын болуы, балалардың құқықтарымен қабілеттерін есепке алып отыру;
- Жалпы білім беру мекемелерінде тиімді білім жағдайларын туғызу

- Нәтижелі әлеуметтендірумен оқытудың жүзеге асырылуы инклюзивті білімді қолдану кезінде ғана табысқа жетілуі;
- Демократиялық қоғамға орналастыру және жеке тұлғалық құқықтарын сақтауға кепілдеу;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды тиімді білімділікпен, коррекциялаумен, әлеуметтік жағдайларына араластыру

Қорыта келе айтатынымыз инклюзивті білім беру дегеніміз – жынысы, жасы, тегі, діни көзқарасы, дамуында артта қалушылығы немесе тұрмыстық жағдайына қарамастан, барлық балаларды жалпы білім беру үдерісіне толықтай енгізу және әлеуметтік бейімдеу барысында кездесетін кедергілерді жоюға бағытталған мемлекеттік саясат. Демек, бұл үдерістің нәтижесінде білім беру жүйесін толықтай өзгеріске ұшырататын тұжырымдама жасалынды. Яғни осы өзгерістер мен бетбұрысты жүзеге асыруда [1].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразаева Г. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді дамыту/ Г.Оразаева // Открытая школа. -2012.- №4.- Б. 12-15.
2. 2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым. - 9 б
3. Дети с ограниченными возможностями: проблемы и инновационные тенденции, воспитание и обучение. Коррекционная педагогика и социальная психология /Сост. Соколова Н. - М., 2011.
4. Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті –Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012ж, 28 қаңтар.

ӘӨК: 159.938

### **И.Ж. Қайроллаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: М.К. Ногайбаева, психология кафедрасының оқытушысы, п.ғ.магистрі

## **ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ ҮРДІСІНДЕ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Өзін-өзі тәрбиелеудің нәтижелігі балалардың психикалық үрдістері: зейіні, қабылдаулары, есте сақтауы т.с.с. дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Әсіресе балалардың зейінін ұйымдастыру, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу үрдістерінің нәтижелі болуына жетелейді.

Өзін-өзі тәрбиелеу— ол оқушының өзімен жұмыс атқаруы. Бұл жұмыс даралы болып көрінгенімен практиканың көрсеткіші бойынша өзін-өзі тәрбиелеудің жемістілігі және адам қаншалықты ұжыммен байланысты және оның көмегіне сүйенетініне тәуелді болады.

Зерттеушілердің айтуы бойынша өзін-өзі тәрбиелеу күрделі үрдіс. Бірақ реалды үрдіс және бұл құбылысты зерттеу кезінде, оның өтуінің объективті заңдылықтарын білу қажет.

Өзін-өзі тәрбиелеудің нақты логикалық құрылымы бар:

- өзін-өзі тәрбиелеу мақсаты: олар қоғамдық мақсаттармен реттеліп: саяси, өнегелік, кәсіби-еңбектік, эстетикалық және т.б. бағыттары мен сипатталады;

- өзін-өзі тәрбиелеудің мазмұны мен мәселелері. Олар өзін-өзі тәрбиелеу мақсатына жеткізетін мінез-құлықты және іс-әрекетті түсінеді. Ол көбінесе жеке адамның психикалық қасиеттеріне, оның интеллектуалдық, эмоционалдық және тәжірибелік еріктік сферасына байланысты;

- өзін-өзі тәрбиелеу құралдары. Ол өзіне әсер етудің түрлі тәсілдерімен қарулануы. Өзін-өзі тәрбиелеудің ең негізгі құралы, адамның тәжірибелік іс-әрекетінің мазмұны болып табылады;

- өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесі. Ол жеке адамда немесе ұжымда өзін-өзі тәрбиелеу ықпалдарының нәтижесінен болатын өзгерістер.

К.Д. Ушинский еңбегінде зейінді «сыртқы әлемнің әсерлерін рухқа енгізетін есік», - деп сипаттаған. Зейін, балалардың оқу материалын анық және есеп бере алатын дәрежеде қабылдауын, жылдам әрі дәл ойлауын, іс-әрекетте бақылауды қамтамасыз етеді.



Мұндай фактілер психология ғылымында зейіннің өзекті мәселе екенін дәлелдейді. Зейіннің физиологиялық табиғатын түсіну үшін И.М. Сеченовтың, И.П. Павловтың, А.А. Ухтомскийдің, П.К. Анохиннің [6] еңбектері маңызды.

Шетел психологтарының ішінде В. Вундт зейін мәселесін сана психологиясымен байланыстарады, У. Джемс зейіннің түрлерін зерттеді, Э. Б. Титченер зейінді генетикалық тұрғыдан қарастырады, Т. Рибо зейінді эмоциямен ұштастырады, А. Трейсман зейінді мәтіннің семантикалық сипатымен байланыстырып зерттеді.

Ал бұрынғы одақтас мемлекеттер психологтарынан зейін теориясын зерттегендер Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Добрынин, А.Н. Леонтьев, И.В. Страхов, Д.Н. Узнадзе [4].

Зейін мәселесі туралы көзқарастар, эксперименттер теория мен практика үшін маңызды.

Ырықты басқару механизмдерін жетілдіру, жас өскен сайын зейіннің таңдамалығын арттырады. Жеткіншектердің негізгі тапсырманы қосымша тапсырмалармен салыстырғанда нәтижелі орындаулары жоғарылайды. Бұл зейіннің арнайы таңдамалығын арттырып, маңызды мәселеге зейінін шоғырландыра алу қабілетінің арасындағы байланысты көрсетеді.

Зейіннің механизмдерін жетілдіру, оның барлық қасиеттерінің: тұрақтылығы, шоғырлануы, ауысуы, бөлінуі және көлемінің дамуларына мүмкіндік туғызады.

Сонымен, жақсы дамыған зейін әр түрлі тапсырмаларды орындауда өзінің іс - әрекетін тиімді ұйымдастыруға жәрдемдесіп, оларды нақты және ыңғайлы ырғақпен жұмыстың тепе-теңдік тұрақты күйін қолдайды. Зейінді жаттықтыру қандай-да бір мөлшерде оқушының даралық мүмкіндіктерін орнықтырады [5].

Зейіндерін жақсы бөле алатын оқушылар «корректуралық сынақпен» нәтижелі іс атқара отырып, сол мезетте ұйымдастырылған дыбыстық сигналдарды жібермейді. Ал, зейіндерін нашар бөлетін оқушылар төмен дәрежеде іс атқарып, көп қателерді тапсырмалардың бәрінде жібереді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша психолог–практиктің белсенді іс-әрекетінсіз, психологиялық қызметті дамытпайынша жеке оқушының білімін, тәрбиесін және дамуын біріктіру қиын болады.

Психологиялық қызмет, бекітілген ережелері бойынша, психологтың атқаратын іс-әрекеттеріне «балаларды диагностикалық зерттеу, оқу топтарының практикасындағы әр түрлі түзетулер және педагогтардың оқыту үрдісін балалардың ерекшеліктеріне бейімдеу мен кеңес беру сияқты көп бағытты жұмыстар жүргізіледі. Мұндай қызметпен айналысатындар жоспар жағынан көптеген кедергілерге, қиындықтарға кездеседі. Ережедегі тәртіп бойынша психолог-практик педагогтардың, ата-аналардың өтініштерімен ақиқатты анықтау мәселелерімен немесе оқушының ерекше қылықтарымен, оқыту үрдісіндегі күрделіліктермен, ара-қатынастарымен, конфликт сияқты мәселелермен қызмет атқарады. Тек қана өтінішпен, сұраныспен атқарылған қызмет педагогикалық ұжымда да, психологтың өзінде қанағаттандыра бермейді, оның үстінде осы замандағы маңызды мәселелердің бірі - балалардың таным әрекетінің «психологиялық бейнесін» құрастыруға мүмкіндік тудырмайды. Бүгінгі сыныптағы психологиялық жағдайдың даму деңгейін педагог та, психолог та объективті түрде біле бермейді [1].

Тәжірибе жасау арқылы алынған нәтижелер, келешекте теорияларды дамытады. Зейіннің психологиялық сипаты жеке адамның күрделі жүйесінің бөлімі болып қалыптасады. Зейіннің динамикалық сипатта болуының оқыту мен дамыту үрдісінде тәуелділігін түсіндіреді. Баланың зейінділігін өздігінен орындайтын іс-әрекеттің тиімді мөлшерде болуы, оның өзін басқаруын, бақылауын дамытады.

Зейін - психологиялық феномен, ол туралы пікірталастар ғасырлар бойы жалғасып келеді. Ғалымдардың бір қатары зейін тәуелсіз үрдіс ретінде өмір сүре алмайды, ол тек қана кез келген психикалық үрдістің немесе адам іс-әрекетінің бір жағы ретінде көріну деп тұжырымдайды. Басқалары зейінді тәуелсіз үрдіс, өзінің ерекшелігі бар, олар анатомиялық және физиологиялық өзін басқаратын құрылымына сүйеніп басқа таным үрдістерінің міндетін атқыруын, динамикасын және психикалық ахуалдың ерекшеліктерін қарастырғанда маңызы бар екенін айтады.

Зейін барлық психикалық құбылыстарға қатысы бар, оны зейіннің динамикалық сипаты (шоғырлануы, тұрақтылығы, көлемі, бөлінуі т.с.с.) арқылы зерттеуге болады. Зейін – сезім мүшелері арқылы бір ақпаратты іріктейтін басқаларды елемейтін (саналы немесе санасыз) үрдіс [1].

Психикалық құбылыстар зейінге түрліше әсер етеді. Сезім зейінді күшейте түсуге не оны бөліп жіберуге себепші болады.

Зейіннің физиологиялық негіздерін И.П. Павлов ашқан жүйке үрдістерінің өзара индукция заңына байланысты түсінуге болады.

И.П. Павлов, егер ми қабығының бір алабында қозу үрдісі пайда болса, осымен байланысты қалған алаптарында тежелу үрдістері пайда болатындығын айтқан. Мәселен, адам бар ойымен іске

қызу берілсе, басқа жөнінде ойлай алмайды. Осы кезде мидың бір алыбында күшті қозу үрдісі болып жатады да, айналасындағы алаптарда тежелу үрдісі болады.

Зейіннің физиологиялық негіздерін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің (1875-1942 ж.) доминанта теориясы жақсы түсіндіреді. Сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға көбірек әсер етеді де, мидың бір алабын қаттырақ, күштірек қоздырады, осындай алабты доминанта деп атайды. Мидың осы күшті қозғыш алабы қалған алабтардағы әлсіз қозу үрдістерін өзіне тартып отырады. Осыдан мидың күшті қозған алабы одан ары күшейеді. Мәселен, қызық кітапқа беріле оқығанда адамға кейбір бөгде тітіркендіргіштердің бөгет жасамайтыны, қайта олардың адамның ойының күшеюіне жәрдемдесетіні байқалады. Сондықтан адам бар зейінін қойып кітап оқыған кезде қасындағы бөгде тітіркендіргіштерден қашпауы керек. Бұл біздің басқа нәрсеге көңіл аудармай үңіліп отырған әрекетімізге мейлінше беріле түсуге жәрдемдеседі. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, мидағы басыңқы қозу әлсіз тітіркендіргіштерден болған қозуларды өзіне тартып алып, солардың есебінен күшейіп отырады.

А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясының мәнін И.П. Павловтың «қозудың оптималдық алабы» дейтін теориясы одан әрі толықтыра түседі. И.П. Павловтың оптималдық қозу алабы теориясы ырықты зейіннің табиғатын физиологиялық тұрғыдан өте жақсы түсіндіреді. Қозу үрдісі ешқашанда ми қабығына біркелкі тарамайды, өйткені онда әр уақытта қозу пайда болатындай жағымды «оптималдық жағдай» жасалып отырады. Оптималдық қозуы бар осы алап – ми қабығының шығармашылық бөлімі, ырықты зейіннің физиологиялық негізі. Бұл күйді И.П. Павлов былайша сипаттаған: «Бас сүйегінің сыртынан біз іштегі миды байқай алатын болсақ, онда ми сыңарларының оптималдық қозу пайда болатын жері жарқылдап көрінсе, біз ойлап отырған саналы адамның ми сыңарларында түрі және шамасы өне бойы өзгертін тамаша тұрлаусыз жарқылдаған сәуле дағын көрер едік, бұлар ми сыңарларының барлық жерлерін алып жатқан азды-көпті қара көлеңкенің ішінде үздіксіз қозғалып жүрген болар еді» [3].

Ұлы физиолог оптималдық қозу үнемі қозғалыста болатындығын айта келіп, оның мида ауысып отыруының өзі зейін бағытының да өзгеріп отыруы деп түсіндірді. Мидағы тежелулерінің бірінен екінші сапқа түсуі, біреулерінің күшейіп, алдыңғы сапқа шығуы осы оптималдық қозу алабының жұмысы болады. Оптималдық қозу алабы бар алап мидың басқа бөліктеріндегі тежелуді күшейтеді. Мұндай жағдайда адам зейіні бір жерге күшті шоғырланады да, ол қалған объектілерде байқалмайтын болады [4].

Оқушыларды байқаудың көрсеткіштері бойынша, зейіндерін жақсы ұйымдастыра алу оқуды жақсы үлгеріміне әсер ететін фактор ретінде болды. Сонымен бірге үлгерімінің зейін қасиеттерін дамытуға ықпалы да болады.

Арнайы талдау бойынша зейіндері кең, тұрақты және жақсы бөле алатын оқушылардың, зейіндері тар, тұрақсыз және дұрыс бөле алмайтындармен салыстырғанда әлдеқайда оқуда жақсы үлгере алатындары көрінді.

Зейіндерінің қасиеттері төмен дамыған оқушылардың үлгерімдері және қылықтары жайлы әңгіме ерекше зерттеуді талап етеді.

Негізгісі оқушының өзінің өзгерістерін өзі ұғына алуы қажет. Ондай болу үшін, өзін, тұлғалығын, білімдері, икемділіктері және дағдыларының құрылымын, іс-әрекетінің процессуалдық жақтарын, кемшіліктерін талдап үйренуі тиісті. Бастысы, оқушы болашаққа жоспарын ертеректе қандай болғанымен, не білетінімен салыстыра ұйымдастыруы болады [1].

Осылай өзін-өзі бақылау, өз бетінше тапсырмалар мен тәсілдерді, әрекеттерінің нәтижелерін ескеру тек қана рефлексияның - өзінің даралығына, қылығына тұлғалық ерекшеліктеріне зейінінің дамуы негізінде ғана болады. Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыра, өзінің іс-әрекетін және қылықтарын игеруі мүмкін.

Өзін-өзі бақылау үрдісін ұйымдастыруда таным әрекеттерінің ішінде зейіннің қасиеттері ерекше әрі маңызды орында. Әсіресе бақыланатын объектіге сананы бағыштап шоғырландыру және қажет уақыт аралығында мақсатқа сәйкес тұрақтатып нысананы түзету мәселесі зейіннің жоғарыда аталған қасиеттерімен дәнекерленеді.

Зейіннің арнайы мәні, тұлғаның объектіге қатынасы ретінде айқындалып, осы түсінікті ерекше пікір талас етті. Осы орайда ағылшын эмпирикалық психологиясының өкілдері – ассоцианистер өз пікірлерін ұсынды. Олар зейінді тіпті психология жүйесінде де енгізбеген. Олар үшін тұлғаның да объектінің де мәні болмаған, тек олардың ассоциациялары және көріністері болған, сондықтан да олар үшін зейін мәнсіз.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында зейін түсінігі ерекше орын ала бастады. Осы кезде зейін туралы мынадай пікір туды:

Зейін сананың белсендігін көрсету үшін және сананы механикалық байланыстарға, көріністерге әкеліп соқтыратын ассоциативті психологияның түзетушісі (коррективі) ретінде қолданылады [6].

Зейін теориясына байланысты батыл әрекеттерді гештальтпсихология өкілдері де ұсынды. Олар зейінді психологиядан ығыстыруға әрекеттенді.

Т. Рибоның зейін қозғалысы туралы теориясында бейнеленген және бихевиористер мен рефлексологтарда дамыған зейінді жою туралы бірінші механистикалық әрекет, зейін үрдісін рефлекторлы құрылымдарға әкеледі.

Ал гештальтпсихология теориясымен байланысты, екінші механистикалық әрекет зейін көрінісін сенсорлы өрістің құрылымдығына әкеледі.

Зейіннің болмау себебі - олардың бытыраңқылығы немесе ажырауы болып табылады. Зейін бағыттары әрекетпен реттелетін үрдістердің арнайы ерекшеліктерін көрсетеді. Зейін тұлғаның санаға бағытталған объектіге қатынасын көрсететіндіктен, тұлға үшін сол объектіге зейін аудару маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Страхов И.В. Психологические основы педагогического такта. – Саратов, 1972. –
2. Алякринский Б.С. Беседы о самовоспитании. – М., 1977. – 102 с.
3. Рувинский Л.И. Самовоспитание личности. – М., 1979. – 113 с.
4. Философия және мәдениеттану: Оқу құралы / Құраст. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков А. және т.б. – Алматы: Жетіжарғы, 1998. – 17 б.

ӘӨК: 376

**М.Қ. Қалыбекова**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Ғылыми жетекшісі: Ш.Т. Карипбаева, аға оқытушы

## **РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Ал білім саласының алдына қойылған талаптар - оқушыларға білімді тереңдетіп беру. Мұны кейінгі жылдары шыққан оқулықтардан көруімізге болады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Қазіргі озық технология заманында психологиялық дамуында тежелуі бар оқушыларды заман талабына сай, түрлі элеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ, жұмыс жасап жүрген әрбір ұстазды шығармашылық жұмыстар мен иновациялық технология әдіс — тәсілдерін іздеуге итермелейді.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың елу пайызы психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылар құрайтындығы бүгінгі күні ғылыми түрде дәлелденіп отыр. К.С. Лебединская, В.И. Лубовской, т.б. дефектологтардың зерттеулерінде балалардың жас мөлшері бірдей болғанымен, психикалық дамуы әртүрлі, яғни интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмейтіндігін ерекше атап көрсетілген. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы және танымдық қызығушылықтары төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың оқу үлгерімі төмен болады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады өз өзін төмен бағалауы; қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы; өз күшіне деген сенімсіздігі.

Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылармен өткізілетін әрбір сабақты балалар өз күштеріне сенімділігін сезінетіндей етіп, олардың оқуға деген ықыластарын оятып, қызықтыратындай ұйымдастыру қажет. Қызығу танымдық іс – әрекеттің қозғаушы күші. Танымдық — (таным әрекеті, танырлық, танылатын, танып білерлік) танылатын үрдіс; танымдық қызығушылық — ғылым жаңалықтарын; қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың үш жағдайы бар:

1. Оқытудың мазмұны, оның берілу түрі, жаңалығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары.

2. Оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

3. Мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым –қатынасы, сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Сонымен бірге әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып жетекшісі, психолог, логопед, дефектолог және ата-ана тығыз байланыста болып, түзету жұмыстары тиімді жүргізілген жағдайда жұмысымыз нәтижелі болады.

Елімізде арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы мектептер мен жалпы мектептердің ішінен арнайы сыныптар ашылуда. Мұндай жағдайда мұғалімнің алдында үлкен мәселе: «Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушыларды қалайша шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең білім беруге болады?» - деген сұрақ туындайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде ойын технологиясын, соның ішінде рөлдік ойын әдісін қолдану- бұл проблеманы шешудің бірден- бір жолы.

Ойынның бала өмірінде үлкен орын алатынын ертеден-ақ дәлелдеген. Тіпті, 18-ғасырда Ж.Ж. Руссо былай деп жазған: « Баланы жақсы тану және түсіну үшін, оны ойын кезінде бақылау керек» деген. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу– бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Сабақта ойын әдіс-тәсілдерін қолданып, мүмкіндігі шектеулі балалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Соның ішіндегі ең бір маңызды да қолайлы әдіс-тәсіл – рөлдік ойындар арқылы психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Рөлдік ойын — біріккен топтық ойын, мұндай ойынға қатысушылар әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындайды (әлеуметтік рөл): анасының, әкесінің, тәрбиешінің, дәрігердің, оқушының т.с.с. Бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Рөлдік ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Рөлдік ойындар - интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі.

Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1.Әрбір оқушы рөлде ойнайды;

2.Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Рөл – Сюжеттік-рөлдік ойынның негізгі діңгегі болып табылады. Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Ойында рөлдің болуы бала санасында өзін қандай да бір адаммен теңетіреді де, ойында соның артынан әрекет етеді соған сәйкес қажетті заттарды пайдаланып, басқа ойыншылармен түрлі қарым-қатынасқа түседі.

Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың рөлдік ойындар арқылы танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру жолдарына бағытталған педагогикалық-тәжірибелік эксперимент Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, «№ 42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін» КММ-де жүргізілді. Оған 4 «Б» арнаулы түзеу сынып оқушылары таңдап алынды. «А» тобы – эксперимент топ, онда 4 бала, «Б» тобы – бақылау тобы, онда 4 бала бар. Эксперимент барысында психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың қабылдау, есте сақтау, ойлау және зейінін

диагностикалық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды және нақты әдістемелер жүргізілді. Соның бірін қарастырып өтсек.

1-әдістеме: «Кілемді толықтырамыз»

Мақсаты: баланың аз уақыт ішінде және шапшаң көрген нәрселерінің бейнелерін есте сақтай отырып, оларды тәжірибе жүзінде пайдалана алуын тексеру.

1-әдістеме қорытындысы:

Деңгейлері	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Саны	Сапа	Саны	Сапа
Жоғары	0	0%	0	0%
Орташа	1	26%	1	26%
Төмен	1	21%	1	21%
Өте төмен	2	53%	2	53%

**Қорытынды:** берілген әдістеме бойынша эксперимент және бақылау тобы балалары аз уақыт ішінде және шапшаң көрген нәрселерінің бейнелерін есте сақтай алмады және кілемнің тесілген жерлерін жамау үшін маталардың кесінділері бейнеленген кілемнің суретіне анағұрлым келісімдісін таңдай алмады, яғни балалардың есте сақтауы деңгейі төмен. Сондықтан әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалардың есте сақтауын дамытатын жаттығулар мен рөлдік ойындар ұйымдастырылуы керек екендігіне көзіміз жетті.

Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың бірден-бір жолы – рөлдік ойындар деген болатынбыз. Олай болса, дәлелдеу мақсатында бір мысалды алсам. Даяршы – қоғамдық тамақтандыру орындарының қызметшісі. Оның қызметі – клиенттерге қызмет көрсету. Есте сақтау қабілетін жеңіл әрі қызықты етіп қалыптастыру үшін, эксперимент «А» топ оқушылары «Даяршы» рөліне еніп, келген клиенттердің үстеліне келіп, олардан тапсырыс алу, ас мәзірімен таныстыру, клиенттің бейнесін, киім үлгісін есте сақтап мүмкіншілігінше тез уақытта оларды алып келу болып табылады. Оқушының рөлді ойнау барысында физикалық төзімділігі, іс-қимылдарының үйлесімі, көзбен көру, есте сақтау жүйесі, зейінді дұрыс бөлісу және арифметикалық мүмкіншіліктері қарқынды жұмыс істейді.

Нәтижесінде: бала көңілді көңіл-күйде ойнап жүріп берілген тапсырманы психологиялық жағынан қысым ретінде қабылдамай, өз еркі ниетімен ойнайды. Даяршыға еліктеуге тырысу арқылы оқушының белсенділігі артып қалай берілген жаттығу тапсырмаларды жеңіл қабылдағанын байқамай, миға шабуыл жасау арқылы психологиялық қысымға түспейді. Осындай қатар рөлдік ойындарды оқушыларға ойнату арқылы жетістікке жетуге болады.

2-әдістеме қорытындысы:

Деңгейлері	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Саны	Сапа	Саны	Сапа
Жоғары	0	0%	1	30%
Орташа	1	26%	1	26%
Төмен	1	21%	2	44%
Өте төмен	2	53%		

**Қорытынды:** берілген әдістеме бойынша эксперимент тобының нәтижесін анықтауы экспериментпен салыстырсақ қалыптастырушы эксперименттен кейін өте жоғары деңгейде және жоғары деңгейде орындаған бала саны 1 балаға артты. Қорыта келгенде, психологиялық дамуында тежелуі бар оқушыларды оқытудағы жаңа технологияларды қолдану: біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет.
3. Нақыпова Г. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың мәні. /Қазақстан мектебі, №10, 2009
4. Мустаева Л.Г. Коррекционная педагогика и социолого-психологические аспекты сопровождения детей с задержкой психического развития. –Алматы, 2005.

**А.М. Касиева**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Ғылыми жетекшісі: Ш.Т. Карипбаева, аға оқытушы**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА  
ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек... Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.» деген Н.Ә.Назарбаев. Бірақ бүгінде ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлеріміз ұмытылып, жастар шетел мәдениетіне еліктеуде. Заман ағымының артынан қудалаймыз деп, өзіміздің мәдениетімізді жоғалтып алмай, ұлттық салт-дәстүрлерімізді алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамымызды нық басып, болашаққа сеніммен бет алуымыз керек. Ол үшін біздің болашағымыз – жастардың бойына кіші сыныптардан бастап қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, нағыз қазақи тәрбиені дарытуымыз қажет.

Қазақ халқының сан ғасырлардан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді. Әрбір халық өзінің этникалық-мәдениеті, тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сыннан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, оларға ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді бойларына екті. Этникалық-мәдениетіміз ұрпақ тәжірибесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен ырым-тыйымдарын, әдет-ғұрыптарын, тағлымдарын оқып, үйреніп, өнеге тұтпайынша балалардың әдептілік, инабаттылық, парасаттылық пен ізгілік, адамгершілік қасиеттерді бойларынан байқау мүмкін емес.

Этномәдени білім беру – бұл ана тілі мен төл мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы этникалық мәдениет сәйкестігін сақтауға бағытталған білім. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибе жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз».

Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымыздағы өзгерістер еліміздің әулеметтік-экономикалық жақтарын түгел қамтыды, сонымен қоса сана-сезімімізге көптеген өзгеріс болуына әсер етті. Сондықтан да, этномәдени білім бере отырып, білім саласының алдында педагогиканың жақсы үлгілерін сақтай отырып, қазіргі қоғамға қажетті, ұлттық мүддені жоғары қоя алатын, барлық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға ұмтылатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр.

Ал бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесінің негізгі өзегі – оларды ұзақ жылдар бойы қалыптасқан халқының этномәдениеті, салт-дәстүрлері рухында тәрбиелеу. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің белгілі жүйесін жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті әдіс-тәсілдер болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда - ақыл-ой тәрбиесі, өлең-жыр, дастандарда әсемдік тәрбиенің негізгі қағидалары, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселерін қозғайтын тәлімдік құрал ретінде пайдаланылған. Ал бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің түрлерін сабақта тиімді пайдалану, балаға халық ауыз әдебиетінің түрлерін таныстырумен тығыз байланыста болады.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлері, халықтық тәрбиесінің тәжірибесіне көз салсақ, тәрбие беру ісі жан-жақты тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік ізгі қасиеттерін сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз.

Халықтың өміршең әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін этномәдени білім беру арқылы балаларды тәрбиелеу бір ғана адамның, бір ғана мезгілде атқарар міндеті емес, жалпы жұртшылық болып жұмыла қолға алып, үлгі өнеге ретінде кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Олай болса, тәрбиенің негізі ретінде этномәдениет - адамның өткен тарихқа басты назар аударып, этностың түп-тамырын, өткенін құрметтеуге шақыратын басты құралымыз болуы тиіс.

Егер, ұлттық тәрбие негіздері болашақ ұрпақтарымыздың бойында дұрыс қалыптаспаса, онда өз ұрпағымыздың өз ана-тілін, дінін білмеумен бірге салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан бірте-бірте шет қалып, өз ата-анасын, ата-әжесін, туыс-бауырларының қадірін білмейтін, олардың бойында керісінше, қатігездік, мейрімсіздік сияқты қасиеттер белең алып ұлттық тәрбиеден қол үзуге себеп болады.

Аталған мәселе төңірегіндегі кері тәрбиеден аулақ болуы үшін халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының қоғамдық мәдени даму сатысындағы озық үлгілерін мектептің оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалану, қоғамымыздың бүгінгі қажеттеп отырған талабы деп білуіміз керек.

Өйткені егемен еліміздің болашағы оның материалдық және рухани дамуы арқылы қаруланған жас ұрпақтың білім деңгейіне байланысты болып келеді.

Ұлттық тәрбиелік – бұл адамды белгілі бір ұлттың өкілі, ұлттық дәстүрді, халықтық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайтын адами сапа болып табылады, ол ұлттық тұлғаның таным-білімімен, сана-сезімімен және алынған білімді іс жүзінде жүзеге асыра алу дәрежесімен, мінез-құлқымен өлшенеді.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдени, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері саясат қоғам идиологиясы әсер етеді. Ұлттық тәрбие мен ұлттық психологияның арақатынасында Қ.Бөлеевтің пікірінше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты:

- 1) ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс;
- 2) ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн;

- 3) ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Ескінің барлығы қазіргі заманға толық сіңісе алмайды. Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие процесіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшелігіне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан балабақшалардағы, мектептің әрбір сыныптардағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай – еліміздің көп ұлттылығында. Әсіресе, мектептердегі қазақ және орыс сыныптарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны ескерілуі тиіс. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап, тәрбиенің құралына айналдыра білу де әдіснамалық міндеттердің бірінен саналады. Басты бағдар – барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға этномәдени құндылықтарды пайдалануда түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді.

Ғылыми зерттеу саласы бойынша зерттеу еңбектерінің негізінде этномәдени білім беру арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелегенде мынадай нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткізілді:

1. Ауыз әдебиетін этномәдени білім беруде қолдану оқушыларды ерекше ойлауға, өз ойларын ашық айтуға, болжамдар жасай білуге, олардың бойларына рухани-адамгершілік, құзыреттілік қасиеттердің белгілерін қалыптастырып, этномәдени білім негіздерімен қаруландырады;
2. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
3. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
4. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады;
5. Қазақ халқының тарихын терең меңгереді;
6. Ұлттық мәдени мұраны игереді.

Біздің ойымыша, кіші мектеп оқушыларын этномәдени біліммен сусындау - олардың қазіргі қоғамымызда кездесетін жат қылықтардан аулақ болуларына үлкен әсері бар. Теледидар, ғаламтор арқылы балалар арасында кездесетін зорлық-зомбылық әрекеттерді көріп жүрміз. Ұлттық дәстүр арқылы этномәдени білім алған оқушылар бейәдеп әрекеттерге бармайды. Сондай-ақ, ұлттық

тәрбиені бойына сіңірген бастауыш сынып оқушылары жат қылықтардан жолдастары мен достарының да алыс болуға шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
2. Артықбаев Ж. «Этнология және этнография». - Астана, 2001.
3. Наурызбаев «Этномәдени білім». - Алматы, 1999.
4. Бухарбаева А. Б. Этномәдени білім мен тәрбие – қоғамдық мәдени қажеттілік. - Алматы, 2007.

ӘӨК: 374; 377.4

**Д. Дукенова, Ә. Исабекова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Г.А. Жақпарова, психология кафедрасының аға оқытушысы

### **ЖАНАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ**

*Жеті түрлі білім біл,  
Жеті жұрттың тілін біл.*

«Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі».

Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы.

Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзіреттілік тәсілді қолдану ұсынылып жүр, білімге бағытталған мазмұнды құзіреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігін көреміз. Құзіреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс – жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектеп үрдісінде қалыптасады. Яғни заман талабы оқушылардың бойына түйінді құзіреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Құзіретті адам – ол жеке тұлға. Ол туындаған проблеманы жеке және топтарда (коммуникативтік) шеше алуға, өмірде және жұмыс орнында үнемі жанашылдыққа ұмтылуға, қабілетті болуға тиіс, өз бетімен және басқаның көмегімен қажетті ақпаратты іздестіріп, қолдана алады. Осы аталған сапалар мен қасиеттер кез келген іс-әрекеттерге қажет. Содан да олар негізгі құзіреттер деп аталады.

Әрине, көптілді білім берудің бастауы – бастауышта дейтін болсақ, шет тілін оқытуды бастауыш мектептен бастау керектігі көптеген елдердің тәжірибесінде бар. Осы мәселе төңірегінде біздің қоғамда пікір әр алуандығы туындап отыр. Оған аландаушылықтың да себебі жоқ емес. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асса да, қазақ тілі әлі төрге оза қоймағаны ұлт намысын ойлаған халықтың қынжылысын туғызып отырғанын мойындауымыз керек. Бірақ өмірге жаңа ұрпақ келе жатыр, оның бойында ұлттық рух, ұлттық намыс жоқ дей алмаймыз. Керісінше, қазіргі жастар елінің болашағы қазақ ұлтымен, оның мемлекеттік тілімен тікелей байланысты екенін жақсы түсінеді және сонымен қатар әлемдік үдерістің талабына сай көп тілді меңгерудің де өмір талабы екендігін жақсы біледі. Барлығы да уақыттың еншісінде, келешек ұрпақ ұлтының ұлы мұратын биік ұстайды деп сенейік. Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиялық Жолдауында: «Жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірдей жақсы меңгеретін болады. Олар осы арқылы және өзінің бейбіт әрі қарқынды дамыған, бүкіл әлемге танымал елінің патриоты болады» деген болатын. Ал әлемдік дамудың талабына сай бәсекеге қабілетті ұлт боламыз десек, оның қатаң талаптарына да күш салуымыз қажет. Сондықтан көптілділікті заманның зәрулігінен туындаған қажеттілік деп есептеп, оны игеруден қорықпауымыз керек.



Қазақстан Республикасының шетелдермен халық-аралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзиреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатқан мәселе. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыру ең басты мәселелердің бірі. Орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми-ақпарат алуудағы желісін кеңейту негізгі тақырыбына айналды.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз.

Қазіргі кездегі жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын қойып отыр.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе. Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар. Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар студенттердің жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету.

Қазақстанның болашағы көптілді білім берумен қатар 12 жылдық білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыру мәселесі болып саналады. Сондай-ақ 12 жылдық білім беру үлгісіне ауысу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауды талап етеді. Кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді. Яғни жаңаша білім беруде оқытушыларға қойылатын талаптар. Сондықтан көптілді білім берудің мақсаты:

– әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту.

Міндеттері:

– әр оқушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау;

– әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың жобалары.

Күтілетін нәтиже: Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар. Оның салдарын барлығымыз сезініп отырмыз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар қайта қарастырылады. Себебі осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай емес.

Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілуі керек. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізді деп айтар едім. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады.

Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді.

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасың, дәл, тиянақты оқу-материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр. Сонымен қатар мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр.

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Бүгінгі күні көкейкесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірде әртүрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін (құзырлы) азаматтарды қалыптастырады.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған Үндеуінде: «Біздің болашағымыз білікті де, білімді жастардың қолында»- деп атап көрсетсе, сол жастарды мектеп табалдырығынан бастап дайындауға көш алдында болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Р «Тілдер туралы» Заңы
2. Қ.Р «Білім туралы» Заңы
3. 12 жылдық білім. ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж
4. 12 жылдық көшуге арналған білімді дамыту бағдарламасы.
5. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4 (22), 2006
6. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №2(44), 2010

**Н. Бейсенбаева, Н. Камалова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Г.А. Жақпарова, психология кафедрасының аға оқытушысы

### **ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ОЙЛАУ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ**

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Қазіргі кезде өзін қызмет ететін мектепте оқу әрекеті үшін барлық жағдайлар жасалған. Электронды оқытуға толық мүмкіндік бар. Материалдық-техникалық базасы тыңғылықты. Мектеп WIFI интернет желісіне қосылған, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, электронды оқыту жүйесі, интернет-технологиялар немесе электронды білім беруге негізделген ашық және қашықтан оқыту жүйелері енгізілді. Елбасы өзінің дәрісінде қазіргі күнде отандық білім беру жүйесі халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, жаңа білім мен технологияларды түрлі қызмет аясында қолдана білетін, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруға ынталы мамандарды даярлауға бағытталып отырғанын атап өтті. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл+ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады.

Дамыта оқыту сабақтағы мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып, оқушының шығармашылығын арттырады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым:

«Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау». Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.

Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен

жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушыдан шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Шығармашылық тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды ынталандырады.

Мұнда әр оқушы өзіндік шығармашылық жұмыспен айналысады. Оқушы ойынға қызығу арқылы шығармашылық тапсырмаларды жеңіл әрі белсенді түрде орындайды.

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беріп, танымдық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге қызығушылығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу – мектептің басты міндеті. Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты дамытып, қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу мектепте оқыту және тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық қабілеттерінің оянуына ықпал етіп, ізденіс, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Танымдық белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі.

Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің зеректігі, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т. б. дамиды:

Сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылынуының болуын қамтамасыз ету. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда оларды әр топқа бөліп, әрқайсысымен жекелеп жұмыс жүргізудің маңызы зор. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа түрлі тапсырмалар беру арқылы, өз пікірлерін ортаға салып, бірін-бірі толықтырып, іздену жұмыстары, оларды оқушыларға мән мағынасын ашып талдату арқылы көрсетуге болады. Ол оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, шығармашылыққа дамытады. Оқу әрекетінде оқушыларға неғұрлым көбірек бостандық пен өз бетімен әрекеттенуге жол берілсе, соғұрлым оған оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

Сабақтағы топтық жұмыс кейде назардан сырт қалып қоятын оқушыларды ұжымдық жұмысқа кірістіріп, өздерінің сол топтың бір белді мүшесі бола алатынын көрсетті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттыратын басты белгілердің бірі баланың өз жұмыстары мен сыныптастарының жұмыстарын өздері бағалауы, бірін-бірі бағалып, талдау жасап, өз пікірлерін еркін ортаға салып айтуы арқылы олардың танымдық қабілеттері ашылады.

Қазіргі кезде интерактивті тақталарды, электронды оқулықтарды оқу үрдісінде қолдану, мультимедиялық оқулықтарды жасау және пайдалану қолға алына бастады. Міне, осындай танымдық белсенділікке байланысты шығармашылық тапсырмаларды қолдану барысында оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, дамиды.

Қорыта келгенде, Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі.
2. Бастауыш мектеп журналы 2014
3. Бастауыш мектеп 2010ж
4. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. - Алматы, 2000.
5. Бастауыш сыныпта оқыту журналы №1 2006ж

ӘӨК: 17.25

**Л.С.Қуаныш**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Ғылыми жетекшісі: Г.А. Куребаева, психология кафедрасының аға оқытушысы

### **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ЕСІРТКІ МЕН ПСИХОТРОПТЫЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ**

Қазіргі күні ауытқушы мінез-құлық арасындағы ең жиі кездесетіні, әрі қауіптісі жеткіншектік жаста психотропты заттарды қолдану болып есептеледі. Бүгінгі таңда бұл мәселе мемлекеттік деңгейге жетіп отыр, себебі есірткі және психотропты заттарды қолданатын жеткіншектер санының өсуі мен жастар арасындағы заң және құқық бұзушылық көбеюде.

Қазіргі қоғамымыздың ең ірі әлеуметтік тобы болып саналатын ел жастарына жан-жақты көмек көрсетілуі – Елбасы ұстанымдарының бірі. Еліміз тәуелсіздік алғалы жастардың мәселесі назардан тыс қалмай, оларға қосымша жаңа міндеттер артылып келеді. Елбасымыздың қазақстандықтарға арналған жыл сайынғы Жолдауларында жастар үлкен көңіл бөлініп, олардың жағдайы күннен-күнге жақсаруда. Елбасымыз, партия Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық жастарды әлеуметтік қорғау, кәсіби біліктіліктерін арттыруға баса ден қоятыны белгілі [2, 3]. Ұлт Көшбасшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында да жастар мәселесі басты назарда болды. Еліміздегі мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттары – ол жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, жастар шығармашылығын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жастар арасында қылмысты болдырмау, отаншылдық құндылықтарды әспеттеу, жастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жан-жақты жағдай жасау, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және физикалық әлеуегінің, әлеуметтік мәртебесі мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және рухани мәдениетін көтеру болып табылатыны ескерілуде. Мемлекет басшысының жастарды әлеуметтік қорғауды назардан тыс қалдырмай, өз бақылауында ұстайтыны көңіл қуантарлық жайт. Жаңа нарықтық заманда еліміздің алдынан ашылып тұрған жаңа мүмкіндіктер туралы айта отырып, әлі күнге дейін өзекті саналатын әлеуметтік мәселелердің шешілу жолдарын көрсетті. Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша, 15-пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,3 миллиард шамасында. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған.

2016 жылы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мақсаты: Экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту. Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы[2].

Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Зерттей келе, білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдау мыналарды айқындайды:

### **1. Күшті жақтары:**

- 1) білім мен ғылымның, мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық базасының жаңартылуы;
- 2) инфрақұрылымдық шешімдердің жеделдетілген қарқыны;
- 3) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің дамуы;
- 4) НЗМ мен Назарбаев Университеті тәжірибесінің таратылуы;
- 5) білім сапасының халықаралық рейтингтердегі орнының жақсаруы;
- 6) педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің қайта құрылымдалуы;
- 7) ТЖКБ жүйесінде дуальді оқыту элементтерінің енгізілуі;

- 8) ЖОО-лардың академиялық еркіндігінің кеңейтілуі;
- 9) инновациялық жобаларда ЖОО ғылымының көбеюі;
- 10) ОПҚ мен ғалымдардың жариялау белсенділігінің өсуі;
- 11) Назарбаев Университетінің және Инновациялық технологиялар паркінің базасында зияткерлік кластерлердің дамытылуы[1, 3].

## **2. Әлсіз жақтары:**

- 1) педагог пен ғалым мәртебесінің төмендігі;
- 2) жоғары арнайы мектепке дейінгі білімі бар педагогтердің тапшылығы;
- 3) ағылшын тілінде жаратылыстану-математикалық циклі (бұдан әрі -ЖМЦ) пәндерін оқытатын мұғалімдер үлесінің төмендігі;
- 4) үш ауысымды және авариялық мектептердің болуы;
- 5) оқушылардың қосымша білім берумен жеткіліксіз қамтылуы;
- 6) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің төмендігі;
- 7) мектептерді ақпараттандыру деңгейінің төмендігі;
- 8) ҰБТ-ның жетілдірілмеуі;
- 9) мектептердің нәтижелерін теңестіру тетіктерінің жоқтығы;
- 10) мектептердегі кәсіби бағдарланған жұмыстың жеткіліксіздігі;
- 11) ТжКБ беделінің төмендігі;
- 12) жұмыс берушілердің кәсіптік даярлық деңгейді бағалауының заңнамалық нормаларының жоқтығы;
- 13) өндірісте жұмыс тәжірибесі бар инженер-педагог кадрлардың тапшылығы.

## **3. Мүмкіндіктер:**

- 1) қазақстандық білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) адами капиталдың сапасын арттыру;
- 3) балалардың өмір сүру сапасының әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету;
- 4) халықаралық ұйымдар мен жұмыс берушілер тарапынан білім мен ғылымды инвестициялық қолдау;
- 5) білім мен ғылым саласындағы басқарудың жаңа тиімді әдістері;
- 6) білім беру және ғылым саласының қолжетімділігі, тартымдылығы, сапасы және ашықтығы;
- 7) халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерді жақсарту;
- 8) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
- 9) әзірленген инновациялық жобаларды өндіріске енгізу.

## **4. Қауіп-қатер:**

- 1) қаржыландыру деңгейінің төмендігі;
- 2) педагог еңбегін ынталандырудың төмендігі;
- 3) ғалымдар үшін шетелде жұмыс істеу жағдайларының барынша тартымды болуы;
- 4) педагог кадрлардың арасында өздігінен білім алуға және кәсіби өсуге ұмтылыс деңгейінің төмендігі [4].

Тағы бір қиындық, жұмысқа орналасу кезінде өмір талабының өткір қойылуы үлкен өмірге енді қадам басқалы тұрған, бұрын еңбек етіп көрмеген, белгілі бір мамандықтың иесі атанып отырған көп жастың жолын байлайды Қазір қарап тұрсаңыз, жарнамаларда білімі бәлендей, жасы орташа 25-тен кем емес, тәжірибесі болуы керек дейді. Орта білімнен соң, іле-шала жоғары оқу орнын бітірген жастарда қандай тәжірибе болуы мүмкін? Жұмыспен қамту 2020 жол картасы және басқа да бағдарламалар аясында жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Сонымен қатар, жастар арасындағы жұмыссыздықты қысқартуды Елбасымыздың Жолдауында көрсетілгендей жәрдемақылар мөлшерінің ұлғаюы мемлекеттік жастар саясаты туралы заңның жас отбасыларын қолдау жөніндегі бабымен ұштасып жатыр. Шетелдік инвесторлардың сырттан жұмыс қолын әкелуіне де шектеу белгілеп тұрған абзал. Аймақтағы кәсіби білім деңгейінің қазіргі заман талабына жауап бере алатындай дәрежеге көтерілуін қамтамасыз ету керек. Орта мектептерде оқушыларға кәсіби бағдар берудің бұрыннан бар озық тәсілдерін қайта жаңғыртудан ұтарымыз көп. Еңбек рыногында үлкен сұраныстарға ие мамандықтарды меңгеруге ұмтылған жөн. Жастар арасында осындай мәселелер орын алған. Оларды шешу дереу қимылды талап етеді. Себебі, жастар – біздің болашағымыз болса, жұмыссыз жастар болашағымыздың жарқын болуына кедергі [6].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34. – Б. 11-13.
2. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994.
3. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, -1997. – 34 б.
4. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоение знаний. - М., 1975.
5. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері./23-лекция/ - Алматы, 1991.

ӘӨК: 371.13

#### Ұ. Өмірзақ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Н.Б. Серикбаева, п.ғ.м., психология кафедрасының аға оқытушысы

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА Ф. ФРЕБЕЛЬ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Қазақстан -2050" стратегиялық жолдауында "Біз білім, ғылым, инновациялар – үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден, бұл - уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры" - деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану педагогтан үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себептен балабақша педагогтарының кәсіби дамып өсуі жаңа технологияны меңгеру-мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуы, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруы басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам - өз заманының баласы», сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

«Инновация» термині латын тілінен алынған, ол — «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, педагог пен бала бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Қазіргі заман инновациялық қызметі- балабақша балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуі педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда, балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршендігін арттырады деп айтуға болады.

Мемлекеттік білім беру стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру әрбір педагогқа оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуді міндеттейді. Ол үшін әрбір педагог өзінің инновациялық даярлығын қалыптастыруы қажет.

Ал технологиялық білім дегеніміз - білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс-тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды [3].

Ерте сәбилік шақта бала ойлауының дамуы ойын мен тұрмыстық қызметтегі заттық әрекетпен байланысты. Пирамидалар, орыс қуыршақтарын жинағанда, қораптарды жабу, кубиктерден «үй» тұрғызу, жинап құрастыру ойыншықтарымен ойнау кезінде әрекеттер үйлесе бастайды. Бала қажетті материалдарды пайдалану принципін игергені маңызды, сонда осындай әрекеттер баланың қиялына, материалдар қызметін ашуға негіз болады. Көпфункционалды ойыншықтармен ойнауды бала үлкендерден үйренеді. Ойын барысында бір затты екінші затпен еркін алмастыру балалардың дербес ойынын дамытады. Ойын кезінде түрлі табиғи материалдар мен материалдың орнын ауыстыратын заттарды пайдалану қиялды және сананың қызметін дамытуға дайындайды. Мектепке дейінгі жаста ойыншықтарға немесе пәнді алмастыратын материалдарға түрлі функционалық мән беріледі. Ерте жастан түрлі сенсорлық, сюжеттік және конструктивтік ойындарда «Фребель сыйы» жиынтығымен

танысу мектепке дейінгі ересек жаста ойлауға қажетті сапалар дамитын ережелері бар ойындарды игеруге керекті базаны құрады.

Баланың ерте дамуы және оқыту. Фридрих Фребельдің тәрбиелеу методикасындағы негізгі принциптерді қарастырайық.

«Тәрбиелеудің мақсаты балаларды ерте жастан қоғамдық орында ғана немесе бір мамандыққа үйрету ғана емес, оларды жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беру керек».

Ф. Фребельдің негізгі принциптері - «Балалар үшін өмір». Фридрих Фребельдің тәрбиелеу мектебіне 250 жыл болса да оны бүкіл әлемде құрмет тұтып, есте сақтайды. Немістің ұлы педагогы қоғамдық жүйеде мектепке дейінгі балаларды оқытуда (Kindergarten) балабақша ашқан. Бүгінгі күні біз қолданып жүрген ұғымды осы кісі енгізген [1].

Өз заманының алғашқы тәрбиешісі Фребель- балалардың ойын кезінде толық дамуына мүмкіндік бар екендігін түсінді. Өзінің бала-бақшасын ойындар мен ойыншықтардың барлық түрлерімен жабдықтай отырып ол кубик, доп сияқты ойыншықтарды балаларға тарту ретінде беріп отырды. Одан басқа, балалар тәрбиешілердің айтқан әңгімелерін тыңдап, ойындар ойнаған.

Педагог қағаздарды бүктеу арқылы геометрияның қарапайым түрлерін түсіндіре бастады. Ол ең бірінші геометрия негіздерін ұстау арқылы сезініп, содан кейін түсіну керектігін ескертеді. Фребель сондай-ақ кубиктік қораптан құралған басқатырғының (головоломка) авторы Осындай ағаштан құралған конструктор балаға геометриялық денелерді таныстыру және бұны ойын кезінде құрастыру арқылы ойын дамытатындығын айтады.

Балабақшада тәрбиелеу методикасы. Фребель жазғандай, «балаларды бақшада ұжымдық іс-әрекеттерге белсенді түрде тарту қажет, олардың денесін дамыту, сезіну арқылы жаттығу жасату, адамдар және табиғатпен таныстыру; ойын және көтеріңкі көңіл күймен оларды мектепке дайындау қажет» [3].

Фребельді балабақша ашу идеясын көптеген жылдар бойы толғандырған. Бірдей жастағы балалардың ойнай отырып, оқуды үйрену қарым-қатынастары кішкентай адамдардың рухани өмірлеріне үлкен әсерін тигізеді.

Фребельдің ойынша балабақша төрт мекемеден тұруы керек:

- ерте жастағы тәрбиеленушілерге арналған мекеме;
- балалардың «бақшалық» оқуы және дайындығына арналған мекеме;
- пайдалы балалардың ойындарын тарататын мекеме
- ата-ана мен тәрбиешілер, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерді байланыстыратын мерзімдік баспалар[4].

Тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде Фребель тіл деп санайды. Оның айтуынша, ойын әңгіме немесе ән қатыстырылуы арқылы жүргізілуі керек.

Фребельдің кезінде оның балабақшалары бағаланбаса да, XIX ғасырдың аяғында көптеген мемлекеттерде мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесінде олар маңызды рөл атқара бастады. Бұны қарапайым түрде түсіндіруге болады: балалардың бірге ойнауы қызықты екендігін барлығы көріп, бірақ мән бермеген кезде, Фребель олардан бұрын байқаған. Ешкім жалғыз ойнағысы келмейді, сондықтан әрқайсысы ортақ ережеге бағынуы қажет.

XIX ғасырдың бас кезінде мектепке дейінгі тәрбие деген ұғым жоқ болса да, мектептер болды ғой. Ал мектептерде топтарға жинақталған балалар болды. Ал бұл балаларға да ұстаздарға қиындық тудырды. Яғни, педагогтардың басқаруымен оларды топтарға бөліп мектепке дайындау керек болды. Фребель балабақшадағы тәрбиенің басты принциптерін анықтады: балаға кедергі келтірмеу керек, керісінше оған табиғат не берді соны дамуына көмектесу керек. Бүгінгі күні бұндай ойлар бізге керемет болса, XIX ғасырдың басында оларды революция ретінде қабылдады. Сонымен Фребель тәрбиені екіжақты процес ретінде қарастырады, яғни оқушы және оқытушы жағынан. «Нағыз педагог әрдайым шәкіртіне бірдей кезеңде білім беріп, қабылдап және біріктіріп, бөле білу қажет, шыдамдылық танытып, қатал да бола отырып, жұмсақ та болу керек»,- дейді[2].

Баланы ерте жастан дамыту үшін Фребель алты «сый» ұсынды. Бірінші «сыйы» ол – доп. Доптар онша үлкен емес, жұмсақ, әр түрлі түстермен боялған – қызыл, алқызыл, сары, жасыл, көк, күлгін түсті, яғни кемпірқосақтың түстері және ақ түсті жүннен жасалған болуы керек. Әрбір доп-шар жіпте болуы шарт. Анасы балаға әр түрлі түсті көрсете отырып, оның түстерді ажырата алуын үйретеді. Сонымен қатар, шарды айналдыра отырып, баласына кеңістіктегі көріністер -«жоғары-төмен», «оңға-солға», «алдыға-артқа» деген сөздерді де таныстырады. Шарды алақанына қойып және тығып қою арқылы «доп бар- доп жоқ» деген сөздермен болымды және болымсыз сөздерді үйретеді.

Екінші «сыйы» кішкентай ғана ағаштан жасалған шарлар, кубик және цилиндр. Бұлардың көмегімен бала заттардың әртүрлі формаларымен танысады. Кубик өзінің формасымен және

тұрақтылығымен шарға қарама-қарсы болып келеді. Фребельдің қарастыруынша, шар- қозғалыс символы, ал кубик – тыныштық пен «көпбейнеліліктің бірлігі». Цилиндр шардың да, кубиктің де қасиеттерін біріктіреді: ол – тұрақты, егер оны бір нәрсеге қадап қойса, сондай-ақ ол – қозғалмалы, егер оны жатқызып қойса.

Үшінші «сыйы» - куб, яғни, сегіз кубикке бөлінген, егер жартыға бөлсе, онда оның әр жартысы – төрт бөліктен тұрады. Фребельдің айтуынша, осы «сыйлардың» арқасында бала ойнай отырып, оны құрастыра отырып миын дамытады.

Төртінші «сыйы» - сегіз тақтайшаларға бөлінген кубиктер, әр тақтайшаның көлемі кубиктің бетіне дәл келеді, ал қалыңдығы – осы беттің төрттен біріне тең болады.

Бесінші «сыйы» - жиырма жеті кішкентай кубиктерге бөлінген кубиктер, олардың тоғызы одан да кішкене бөліктерге бөлінген.

Алтыншы «сыйы» - ол да жиырма жетіге бөлінген кубиктер, олардың көпшілігі тақтайшаларға, диагонали бойынша бөлінеді. Фребель балаларға әртүрлі іс- әрекеттер мен оқып- үйрену түрлерін ұсынады – құрылыс материалдары, қозғалмалы ойындар, сурет салу, ермексазбен жұмыс жасау, қағаздардан тоқу, қағаздардан қималар жасау, тігу, металл дөңгелектерді, таяқшаларды орнымен қою, моншақтар, қағаздар мен таяқтарды құру және т.б. Қазіргі кезде осы аталған әдістемелер балабақшаларда кеңінен қолданылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джуринский А.Н. История зарубежной педагогики: Учебное пособие. - М., 1998.
2. История педагогики и образования. От зарождения воспитания в первобытном обществе до конца XXв.: Учебное пособие для педагогических учебных заведений Под ред. А. И. Пискунова.- М., 2001.
3. Коджаспирова Г.М.История образования и педагогической мысли.- М., 2003. - С. 90.
4. Педагогический энциклопедический словарь/Под ред Б. М. Бим-Бада. - М., 2003.- С. 418.

ӘӨК: 371.13

### **I. Аралбек**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Н.Б. Серикбаева, п.ғ.м., психология кафедрасының аға оқытушысы

### **ОЛИГОФРЕН БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Олигофрения терминін 1915 жылы неміс психиатры Крепелин негізген. Олигофрения кемақыл деген сөз (гректің *olugos* - аз және *phren* - ақыл). Кейінгі жылдары «ақылдың артта қалуы» деген термин қолданылып жүр.

Олигофрения – туа пайда болатын, туғаннан кейінгі ақыл кемістігі ауруы. Құрсақтағы жетілу кезінде адам организмі ағзаларының дамуы негізінде жүктіліктің әуелгі үш айында қалыптасады. Орталық нерв жүйесінің дамуында ерекшелік бар. Оның жетілуі құрсақтағы 9 ай ішінде аяқталмайды. Туғаннан соң алғашқы айларда және жылдарда оның дамуы жалғастырылады. Сондықтан залалды заттар, әсіресе өмірінің алғашқы үш жылында, мидың дамуына ұнамсыз әсер етеді. Туа пайда болған аурудың туғаннан кейінгі залалды заттардың әсерінен пайда болатын аурумен клиникалық суреті бірдей болғандықтан осы ауруларды жалпы олигофрения не ақылдың кемістігі дейді.

Осындай көзқарас арқылы олигофрения тобынан туғаннан кейін үш жылдан соң, жылжымалы прогрессивті ауруы бар патологиялық процестер бөлініп шығарылады. Олигофрения тобынан тағы да уақытша психикалық дамуы тоқтап қалғаннан пайда болатын интеллектуальды кемістіктің (инфантилизм, дұрыс тәрбиелемеу, соматикалық және органикалық аурулар) оңай түрлері шығарылды. Олигофренияның клиникалық көрінісі залалды әсердің организм дамуының қай кезеңінде әсер ететіне байланысты. Залалды нәрсе онтогенездің әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі бұзылулар тудырады. Организм дамуының бір кезеңінде түрлі себептер біркелкі өзгеріс тудыруы мүмкін. Құрсақтағы дамудың алғашқы кезеңінде нәрестенің залалды себептерге беретін жауабы бірдей болады. Дамудың кейінгі кезеңдерінде клиникалық көріністің қалыптасуы экологиялық процестің сапасына байланысты болуы мүмкін.

Зақымданудың уақытына және патогендік әсердің сапасына байланысты Г.Е Сухарева (1965) олигофренияны үш топқа бөлді:

- Бірінші топ ата-анасының генеративті клеткаларының патологиясымен байланысты.

➤ Екінші топ құрсақ мерзіміндегі залалды әсерлерге байланысты.

➤ Үшінші топ туған кезінде және туғаннан кейін әуелгі үш жыл ішіндегі залалды әсерлерге байланысты.

Бірінші топтағы балалар ата – анасының жыныс клеткаларының патологиясына байланысты толық құнды болмауынан (залалды себептердің арғы атаға әсер етуінен) не сыртқы залалдың әсерінен пайда болады. Бір жыныс клеткалы егіздердің олигофрениямен ауру мүмкіншілігі 80%, ал екі клеткалыдан шыққан егіздерде мұндай мүмкіншілік тек 16 - 18%. Егер ата – анасының екеуі де олигофрениямен ауырса, онда олардың балаларының кем ақылдылығы 50 ден 100% дейін. Егер ата – анасының біреуі ғана ауырса, онда мұндай көрсеткіш 35 - 58% дейін төмендейді. Бірақ отбасындағы олигофренияның барлығы тек тұқым өуалаушылыққа байланысты емес. Олигофренияның бір отбасында қайталауы сифилис, токсоплазмоз сияқты жалпы ауруларға байланысты болуы мүмкін.

Олигофренияның тұқым қуалайтын түрі ферменттік жүйелердің биохимиялық жетіспеуімен және белок, қант, пигмент заттардың алмасуының бұзылуымен байланысты (фенилкетонурия, галактоземия және т.б). Хромосомалық ауытқулық шамалы түрде тұқым қуалайтын олигофренияға жатқызылады. Мұның себебі залалдың ата-анасының жыныс клеткаларына ұрықтану кезінде не ұрықтанғаннан кейін жұмыртқаның алғашқы бөліну кезеңдерінде әсер етуінен. Хромосомалық аурулар пайда болуда әйелдердің жыныс клеткаларына әсер ететін сыртқы себептердің мәні зор. Даун ауруы анасының жасының ұлғаюымен жиі байланысты болады.

Ата – анасының жыныс клеткаларының зақымдануы улану, мысалы маскүнемдік, нашакорлық, инфекциялар, радиясының әсері, белоктың жетіспеуі сияқты залалдарға байланысты.

Екінші топтағы – олигофренияның дамуы екіқабат кездегі ұрық пен іштегі нәрестеге уланудың, инфекциялардың, таксикоздың залалды әсеріне байланысты. Осы аурулардың негізінде жатыр мен нәресте жолдасының арасындағы қан айналымының бұзылуы жатыр. Көптеген зерттеушілер дәрілер, психотропты заттар не нәрестені түсіруге арналған препараттар (хинин), жүктіліктің әуелгі үш айында залалды әсер етеді деп санайды.

Үшінші топтағы олигофренияға нәресте өмірінің алғашқы 1 – 3 жылындағы туу кезіндегі зақымдануы мен тұншығуына байланысты болатын өзгерістерді жатқызады. Шығу тегі белгілі, барлық топтағы олигофрениялар дифференцияланған түрлер деп аталады. Шығы тегі белгісіз олигофрениялар дифференцияланбаған деп аталады. Алғашқылар аурулардың 1/3де, ал екіншілері 2/3 бөлігінде кездеседі.

Олигофрениядағы психикалық бұзылулар тұрақты, бірақ кейде адамның жасына қарай өзгеруіде мүмкін.

Олигофренияның бөлінуі негізінен интеллектуальды дамудың жетіспеуімен байланысты. Ақыл кемістігін көрсеткіштер арқылы анықтау шет мемлекеттерде, біршама бізде қолданылады. Егер орташа адамның интеллекті 100 ге тең болса, оның өзгеруі 70 тен 130 дейін болса, онда 70 тен кем интеллект коэффициенті (I.Q) ақылдың кемдігін көрсетеді.

Дебилдік (I.Q 50- 70) – олигофренияның жеңіл түрі. Мұндай жағдай, да арнайы бағдарлама бойынша қосымша мектепте оқытуға және мамандықтың жеңіл түрін үйретуге болады. Дебилдер өмірдің күрделі емес жағдайда өз бетімен үйреніп қиналмай – ақ үйленеді. Жоғары абстрактілер оларда жоқ бірақ сөз қоры мен механикалық есі орташа болуы мүмкін. Дебилдіктің орташа деңгейінде эстетикалық, интеллектуальды өнегелік сияқты жоғары эмоциялар болуы мүмкін. Жылдар өткен сайын ақыл кемістігі аз білінеді. Дебилдіктің жеңіл түрінде еңбекпен айналадағы ортаға толық әлеуметтік бейімделу болады.

Имбецильдік (I.Q 20 - 50) - ақыл кемістігінің орташа және айқын түрі. Абстракті ойлауға мүлде қабілеті жоқ, тілі мүкіс. Сөз ұоры ондаған сөздермен шектеледі. Аз мөлшерде санауды біледі және қарапайым арифметикалық әрекеттерді көрнекі мысалдар арқылы жасай алады. Олардың тіршілігі тамақты қабылдауы және жыныстық сезіммен шектеледі, әуестіктің өзі бұзылған. Оларда өзін - өзі қарауды дағдыландаруға болады. Еңбек істеуге қабілеті жоқ. Өз бетімен өмір сүре алмайды, үнемі бақылауды қажет етеді, туған – туысқандарына жақын болады. Олар қуану, ұялуы, қорқуы мүмкін. Қосымша мектепте оқи алмайды, жүйелі білім ала алмайды. Олардың жүріс – тұрысы рабайсыз. Имбецильдердің реакциялары ерекше болып, кейде ашуланшақ және қауіпті болады. Олардың сенгіштігі мен еліктеушілігі жоғары болғандықтан әлеуметке өарсы әрекет жасайды.

Идиотия – ең терең ақыл кемістігі (I.Q 20 дан аз). Ойлау мен сөйлеу қабілеті дамымаған, тек түсінік дыбыстар шығарады. Айналадағыларына реакциясы төмен болады. Ауру тұра да, жүре де алмайды. Кейбіреулері аз қозғалып, ұзақ уақыт бір қалыпта болады, ал екіншілері тынышсыз, оозып үйреншікті қозғалыстар жасайды. Мұндай уақытта ашуланып, агрессивті болады, өзін - өзі тырнап, тістеп, ұрады. Мастурбация (таза емес заттарды жеу) дамиды. Физикалық дамуда өрескел кемістіктер

мен неврологиялық белгілер айқын білінеді. Ауру өзін - өзі қамтамасыз ету, ұқыптылық болмайды. Әлеуметтік – еңбек реабилитациясы кезінде қалыпты жағдайдың төменгі варианты мен жеңіл дебилдік арасын ажыратудың мәні зор. Диагностика кезінде патопсихологиялық тексерудің қорытындысына сүйенген жөн. Психикалық жетілмеу негізінде түрлерге бөлуден басқа да аурудың түрлері болады.

Сонымен бірге, мұнда мидың маңдай, самай бөліктері, қыртысты орталықтары мен басқалар жетілмейді. Сол себептен ауру көрінісінде интеллекттің кемістігі, эмоциялардың ерекшелігі, ауру адамның ерекше жүріс – тұрысы орын алады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты аурудың асқынған және асқынбаған түрлері болады. Асқынбаған түрі тұқым қуалаушылықтың патологиясына байланысты пайда болып, ойлаудың күрделі түрлері дамымай, эмоционалды жігер қызметі бұзылмай, әлеуметтік бейімделуі жақсы болады.

Асқынған түрлерін біліп – тану қызметі бұзылып, жүріс – тұрысы тежелмей, қозуы жоғарылап, назары дерексізденеп, жылдам шаршағыш болады.

Асқынбаған және асқынған түрлері олигофренияның типті және типті емес түрлеріне сай келеді. Жоғарда айтылған клиникалық көріністеріне сай олигофренияның бөлінуінен басқа интеллектуальдық кемістікке және гендік пен хромосомалық патологияға байланысты басқа да түрлері бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лапшин В.А., Пузанов Б.П. Основы дефектологии.-М.,1991.
2. Власова Т.А., Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии.-М.,1973.
3. Намазбаева Ж., Сүлейменова Р. Дефектологиялық сөздік.-Алматы, 1993.
4. Пузанова Б.П. Дефектология: Словарь-справочник.-М.,1996.

**А.Б. Акашева**

БМ010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

## **МӘДЕНИЕТТІҢ ҚҰРАМЫ РЕТІНДЕ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОРНЫ**

Қалыптасқан пікір бойынша қазақтың жаны кең, ақкөңіл, қонақжай, кешірімшіл, бауырмал, тарылуды білмеген бейбітшіл, сөзге тоқтайтынырымшыл, тәубесін ұмытпағандәрімшіл, табиғатқа жақынхалық. Бұл қасиеттер негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалық нормалар мен тарихи салт-дәсірлер, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттер қазақ менталитетінің негігі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі. Сондықтан, бұл қасиеттердің кешегі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тұрмыс-салтынан, дүниеге қатынасынан, дүниені ұлттық тұрғыдан бейнеленуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан көрініс табуы таңғаларылық дүние болмаға. Тіпті керек десеңіз, рухани қатынастар материалдық, экономикалық қатынастардан қашан да биік тұрған және қоғамдық қатынастар жүйесіне де өзіндік әсер етіп, бағыт-бағдар беріп отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамының басты ерекшелігіде осында еді. Тілді адам қатынастарының құралынанбұрын өнер алды депқарастырып келген. М.Хайдеггер айтқандай: тіл «болмыс үйі» болған.қазақ тіл шеберлігін үнемі жетілдіріп, дүниені бейнелеуде образдық теңеулерді аса.... құбылыс.... Сондықтан мұндай бассыздықтыңболашағы жоқ екені және өзін-өзі сыйлайтын, елдік намысы мен санасы бар ұлт үшін бұдан асқан қорлау жоғы тағы белгілі. Болған жағдайда Батыс халқы өз мәдениеті, өз ақылы, өз түсінігімен өмір сүреді де, басқалар бөтен тарихпен, бөге мәдениетпен, жатменталитетпен өмір кешетінмаргиналдық тобыр болып шыға келеді. Біз бұндай тарихты, кешегі империямен тоталитарлық жүйе кезіндегі жаппайорыстандыру саясатынкөріп, ұлт рухының қабырғасыншайқалтып,шаңырағын ортаға түсіріп ала жаздадық та, бұдан ділдік болмысдеңгейінде қортынды жасаған жоқпыз. Оның үстінде рухани бұғанасы әлсіреген қазақ үшін еліктегіштік қасиет тән екенін ескерсек, батыс менталитетін де тез қабылдау біз үшін ұзақ уақытты қажет етпесе керек. Бүгінгі батыстық демократияның ұранына айналған «консенсус», «толеранттық», «компромисс» саяси ықпалды күшейтудің тек біз үшін ғана сыңар жақтытұрғыдан айтылып жатқан бірден-бір құралы тәрізді. Ал біле білген адамға, аталған саяси құндылықтардың екі жаққа бірдей екенін



олардың әділеттік пен теңдік негізінде жүзеге асатынын ескергеніміз дұрыс. Батыстың жаппай жеңіске жетуі либералдық идеология өкілдері

Бүгінгі таңда бірқатар ғалымдар студенттердің әлеуметтену барысын зерттей келе түрлі қорытынды жасайды. Мәселен, Д.И. Фельдштейн студенттердің әлеуметтенуіндегі тұрақсыздық, болашағының бұлыңғыр болуын, шексіз өзгерістер, біле тұра қажетсіз тәуекелге бел буу, жастар тәрбиесіне позитивті әсер ететін әлеуметтендіру институттары жүйесіндегі тоқырау; социумдағы толеранттықтың өрістеуі; құндылық әлеміндегі әртүрлі жағымсыз, төл дүниетанымға жат көзқарастардың орын алуы, заңды және заңсыз, мәнді және мәнсіз түрде мәдениеттің коммерциалануы, жастарға батыстың ықпал ету басымдылығын айтады [1].

Осыған байланысты жоғары оқу орындарында әлеуметтік-мәдени кеңістікте жағымсыз жағдаяттардың алдын алу мақсатында студенттердің өзін-өзі тануына, өзінің қоғамдағы орнын тауып, өзін-өзі реттей алуына, қоршаған ортамен құндылық қарым-қатынастарын орнатуына ықпал ететін әлеуметтендірудің негізгі көзін анықтау, әлеуметтену үдерісінің мазмұнын белгілеу, әлеуметтенудің оңтайлы нәтижесінің көрсеткіштерін нақтылауды іздестіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Ғалымдардың пайымдауларына, әлеуметтену үдерісі – социумдағы ұрпақтардың, мәдениеттің, дәстүрлердің жалғастығын қамтамасыз ететін, яғни тұрақтылыққа қол жеткізетін ең басты әлеуметтік үдерістердің бірі. Әлеуметтенуге деген қарым-қатынас барлық қоғамдық құрылымның, материалдық және рухани бірліктің байланыс негізі болып табылады. Десек те, әлеуметтену үдерісін «өзімнің ісім» деп қарастыруға болмайды, ол кең өрісті саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторлардың ықпалында, «бәрімен бәрін» деген байланыста болады [2]. Әлеуметтенудің сәтті болуы қоғам үшін ғана емес, жеке тұлға үшін де маңызды. Өйткені әлеуметтік жүйені құраушы әрбір тұлға әлеуметтік-мәдени мұраларды сақтап, келешекке жеткізуге қабілетті жаңа мазмұнға ие бола отырып, сол қоғамға мүше болады.

Л.М.Куракинаның зерттеулерінде әлеуметтенудегі басты атрибутивтік сапа индивидке әлеуметтік өмірге өз бетімен араласуға мүмкіндік беретін әлеуметтілік субъектілік және шынайы әлеуметтік өмірдегі интернализация болып табылады [3].

Әлеуметтену теориясы тұлғаның қалыптасуындағы мәнді теориялардың бірі де бірегейі екендігін атап айту қажет. Әлеуметтенудің көпқырлылығы оны зерттеудегі бірқатар тұжырымдамалар мен тұғырлардың, ғылыми-практикалық идеялардың мағыналасстылығын байқатады. Сондықтан студенттің әлеуметтенуін жан-жақты ұғыну үшін оның философия, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары саласындағы зерттелу табиғатын анықтап, олардың байланысы туралы тұжырымдарды меңгеру қажеттігі туындайды. Адамның білімі оның әлеуметтік дағдылары, іскерлікті меңгеруі, әлеуметтендіру процесінде өтеді. Тұлғаның әлеуметтенуінің белгісі оның іс-әрекетіндегі берік сенімділік десек, ол өз кезегінде рухани дербестікке жол ашады. Ә.Нысанбаевтың пайымдауына, “тұлғаны әлеуметтендіру процесі дегеніміз - бұл тек индивидтің бойындағы табиғи қасиеттерді біртіндеп анықтап, қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге қоғамдық орта, әлеуметтік институттар, қоғамдық ұйымдар мен құқықтық құрылымдар ықпалының нәтижесі”, - болып табылады [4]. Мәдениеттану ғылымы саласында әлеуметтену адамның белгілі бір қоғамда мәдениет пен еңбек субъектісі ретінде тұлға болып қалыптасуындағы айрықша мәдени-тарихи үдеріс; қажетті әлеуметтік және құндылық сапаларды меңгерген субъектіні қалыптастыруға бағытталған үдеріс; индивидтің болмыстың мәдени аспектілерін қабылдау және жалғастыру, қоғамның әлеуметтік мәдениетін, әлеуметтік мәнді құндылықтарын, нормаларын, үлгілерін меңгеру үдерісі деп анықталады. Ал әлеуметтену үдерісін зерттеу үшін мәдениеттанушылық білімнің мәні әлеуметтенудің құндылық тұстарын қалыптастыруда индивидтің қоғамда ойлану, сезіну және әрекет етуінде «кеңістік», «уақыт», «субъектілік», «өзіндік идентификация», «мәдени трансмиссия» дефиницаларын ой елегінен өткізуімен; әлеуметтену үдерісінің барысын зерттеумен («Homo sapiens» үшін жалпы түрде индивидтің мінез-құлық нормаларын меңгеру үдерісін) және инкультурациямен (жеке этнос өкілі болып табылатын адамның өз мәдениетіне тән дүниетаным және мінез-құлықты меңгеру нәтижесінде сол мәдениетке сәйкес келетін, ал, басқалардың мәдениетінен бөлектеніп тұратын өз мәдениетін тану үдерісі айқындалады [5].

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен жаңарулар, ақпараттық кеңістіктің өріс алуы тұлғаның әлеуметтенуіне түрліше әсер етуде. Соның салдарынан өмірде болып жатқан құбылыстар мен қайшылықтарды дұрыс қабылдауды реттейтін әлеуметтік гуманитарлық ғылымдардың маңыздылығы арта түсуде. Тұлғаның жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімделуі мен әлеуметтенуіне әсер ететін философия, психология, педагогика ғылымдарының мазмұнында қарастырылатын құндылық бағыттар өзекті проблемаға айналып отыр.

XXI ғасырдың ең басты ерекшелігі - әлеуметтік феномен ретінде білімнің әр уақытта өзгеріп, жаңғырып, динамикалық дамуының қарқынды болуы. Осыдан білімді күнбе-күн жетілдіріп отыру қалыпты жағдайға айналуға. Ал қоғамдық қатынастардағы динамикалық өзгерістер кез-келген тұлғадан жаңа білім мен қабілеттілікті, шығармашылық пен құзырлылықты талап етеді. Осының барлығы тұлғаның өз білімін өмір талабына бейімдеп, жаһандану сұранысына жауап беруін үйлестіре алатын оның әлеуметтенуіндегі қажетті шарт болып табылады. Бұл жағдайда әлеуметтену үдерісінде жастар санасы мен ойлау бағытын позитивтік құндылықтарға аударатын біліммен қамтамасыз етудің өзіндік орны бар. Ұлттық мәдениеттің әлеуметтендіруге тигізетін әсерін «менталдық» деп атайды. Бұл ұғымды XX ғасырдың бас кезінде әлеуметтану ғылымына француз ғалымы Л. Леви-Брюль енгізген. «Менталитет-этникалық, географиялық, тілдік т.б. факторларға тәуелді құндылықтар, мақсат-сенімдер жүйесі; ментальдық-бұл факторлардың адамның немесе әлеуметтік топтың мінез-құлқынан көрінуі» [6]. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарында этномәдени кеңістік қалаптасқанмен ұлттық менталдық болмыстың жастар бойында өз мәнінде болуы көп жағдайда байқала бермейді. Керісінше, оларда этномәдениетке жат адам, табиғат, қоғам туралы түсініктер мен мінез-құлықтар үлгісі байқалады.

Мәдениеттің негізгі элементтеріне ең алдымен тіл жатады. Ол- адамзат тәжірибесін сақтау мен болашақ ұрпаққа берудің объективтік формасы. Демек, тіл адамдардың қатынас құралы, ойлаудың тікелей шындығы бола отырып, олар туралы мәлімет берудің құралы болып табылады.

Белгілі бір халықтың дүниені қабылдауына тән ұғымдар, ұғымдар жүйесі тіл арқылы бейнеленеді, ол – кезкелген мәдениеттің алғашқы негізі. Барлық халықтар дүниені өзінше, ерекше түрде меңгереді, оның ұсақ –түйектеріне дейін ойлайды, белгілейді. Мысалы, қазақ халқына, қазақтарға ғана тән болып келетін табиғат құбылыстарының көптеген түсініктері мен ұғым атаулары кездеседі. Жыл мезгілдері – қыс, көктем, жаз, күз және оларға сәйкес ай аттары мен ауа райындағы құбылыстар (қызыл шұнақ аяз, үскірік, бесқонақ, бес ешкі, құралай т.т.) туралы айтуға болады. Әрине, басқа халықтарда да өздеріне тән осындай ерекшеліктер бар. Бірқатар халықтар тілдерінде адамды ғана «кім» десе, ал енді біреулерінде жандылардың бәрін «кім» деп, жансыздарды «не» дейді. Міне, бұл айтылып отырғандардың бәрі де мәдениет ерекшеліктеріне қатысты. Өйткені адам қоршаған ортаны ұғымдар арқылы қабылдайды.

Тіл мәдениетті тіркеуде де маңызды рөл алады. Олай болатыны мәдениет дене қимылымен де, әдет – ғұрыппен, ыммен, бимен, т.т. тарайды. Заттарда және басқа формаларда өмірден өткен ұрпақтар ой құрылысын, өз қабілеттіліктері мен дағдыларын қазіргі заманға жеткізеді. Бірақ мәдениетті жеткізудің ең сыйымды да тиімді, дәлме- дәл жолы болып табылатын тілге ештеңе де тең келмейді.

Қазіргі жағдайда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылатын Қазақстанда барлық азаматтар тегіне, тіліне және басқа да жағдайларына қарамастан заң алдында тең, сондай- ақ тілдер теңдігіне де кепілдік берілген. Мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын орыс тілі елімізде ресми тіл болып табылады. Тіл проблемасының бұлайша өз шешімін табуы мәдениетіміз дамуына септігін тигізетіні даусыз. Республикамызда қазақ тілі шынайы өзінің мемлекеттік деңгейіне жетуі үшін алдымен оған қазақ жастары патриоттық, оташылдық танытуы қажет. Бұл жөнінен бір тарихи шындыққа жүгінсек жөн болар. «18-19 ғасырларда Ресейде неміс және француз тілдері үстемдік алып, тек осы тілдер арқылы ғана терең ғылым –білім алуға болады деген пікір кең тараған еді, тек М.В.Ломоносов пен көптеген басқа да орыс тілі патриоттарының көп күш салуының арқасында ғана орыс тілі мемлекеттік тілге, нағыз ғылыми білім тіліне айналған» [7].

Екіншіден, ұлттық мәдениетті және кез –келген басқа мәдениеттің негізгі элементтеріне сенім мен білім жатады. Сенімде адамдардың шынайы бейімділігі, күнделікті қызметінде нені басшылыққа алатындығы айқындалады да, ол мінез –құлық үлгілерінен, нормалары мен дағдыларын т.т. көрініс табады. Сенімдер табиғи объектілерімен және әлеуметтік жағдайларымен байланысты болады да, өз бойында белгілі бір ғылыми және дағдылы мәліметтер ақпарат енгізеді.

Атап айтқанда сенімдер адамдар болмысының объективтік жағдайлары әсерімен және қоғам жасаған рухани мәдениетті игеру мен жеке практикалық тәжірибенің қорлануы процесінде жасалады. Жеке маңыздылық сипаты бар белгілі бір сенімдер құрылымына міндетті түрде қажетті, ажыратып алуға келмейтін құрамды бөлік болып енеді. Адамдардың қоғамда өмір сүретін және таратылатын білімдері мен сенімдері арасында әрқашан сәйкессіздік туындайды. Әсіресе көкейтесті әлеуметтік проблемаларды талғампаздықпен бағалайтын идеологиялық саладағы білімдерге қатысты сәйкездік жиі ұшырасады.

Білімдер мен сенімдер қарама-қарсылығының себептері алуан түрлі. Егер білімдер шындыққа қарама қайшы келсе, бірақ үстемдік етушілерден қолдау тауып және қоғамға күштеп таңылса, онда

адамдар ерте немесе кеш оларды іс жүзіне асыруға қарсылық ете бастайды. Ал, керісінше, білімдер дамудың объективтік бағытын бейнелеген жағдайда олардың таратылуы сенімге елеулі ықпал етеді, рухани прогреске септігін тигізеді.

Үшіншіден, мәдениеттің құндылық – танымдық жүйесі оның маңызды компоненті ( құрамды бөлігі) болып алады. Құндылық дегеніміз- бұл белгілі бір қоғамдық заттың, құбылыстың қажеттілігі, ынтаны, мүддені қанағаттандыру қасиеті. Құндылықтар әлеуметтік субъекті өз қажеттерін саналы түрде сезіну нәтижесінде, қоршаған ортамен олардың сәйкестігінде, демек, бағалау актісінде жүзеге асатын құндылық қатынасы нәтижесінде қалыптасады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Фельдштейн Д.И. Психология развития человека как личности: Избранные труды: в 2 т./Д. И. Фельдштейн.-М.:МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2005.-Т. 1. - 568 с.; Т. 2. - 456 с.
2. Кубякин Е.О. Особенности воздействия массовой культуры на социализацию российской молодежи // Общество: философия, история, культура. – 2011, № 1-2. - С. 24-27.
3. Куракина Л.М. Социализация и духовность: к проблеме взаимосвязи// Социально-гуманитарные знания. - 2007. - № 3.- С. 229-241.
4. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. – Білім, 1994. – 230 б.
5. Белик А.А. Культура и личность. Психологическая антропология. Этнопсихология. Психология религии: учеб. пособие/А.А.Белик. - М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 2001. - 378 с.
6. Шәріп А. Рух пен рәміз: ментальдік модельдері. Алматы: ARNA-B.-2013. - 168 б.
7. Газман О.С. Неклассическое воспитание. От авторитарной педагогики к педагогике свободы/ М.: МИРОС, 2002. -179 с.

#### Ш. Г.Аширбекова

6M010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

#### «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда дәстүрлі әдіс-тәсілдердің мүмкіндіктерін жан-жақты қолданғанымен, ең бірінші кезекте оқу үдерісіне белсенді және интерактивтік әдістерді тиімді қолдануға басымдылық берген дұрыс болады.

Бұл жағдай оқушының тұлғалық қалыптасуының сапалық деңгейін, іс-әрекет мотивтерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын анықтауға мүмкіндік береді. Оқыту әдістерін тиімді қолдана білу - оқушыларды танымдық әрекеттен тыс қалдырмайтындай оқу үдерісін ұйымдастыруға жағдай жасайды.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда қолданылатын әдістер оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттыруда белсенді оқыту технологиясының мынадай ерекшеліктері себеп болады:

- оқушыларды белсенді ойлау мен іс-әрекетке тартуға оңтайлылығы;
- оқушылардың эмоциялық күйін арттыруға және сабаққа шығармашылық сипатын жетілдіруге ыңғайлылығы;
- оқушылардың өзара және мұғаліммен бірлескен әрекетін жүзеге асыруға бағытталатындығы;
- топпен жұмыс істеуге ыңғайлылығы.

«Өзін-өзі тануды» оқытудың белсенді әдістері қолданылатын сабақтарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары:

- проблемалық жағдайды шешу жолдарын көрсету;
- ынтымақтастық және ұжымдық өзара әрекет;
- оқушылардың жеке басы мен психологиялық дамуын басқару;
- оқушыларды үнемі белсендіріп отыру: оларды жауап беруге, талдау жасауға, бағалауға, жіктеме жасауға, өз ойларын айтуға және т.б. әрекеттерге тартып отыру;
- оқытушының моделін өзгерту;
- ұйымдастырушы, серіктес, кеңесші, бағыттаушы және т.б. рөлдерді атқаруы [1].

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың тиімділігін арттыруда төмендегі әдіс-тәсілдерді қолдануды ұсынамыз:

*Интерактивті әдістер* бұл – адами өзарақатынастар мен өзара әрекеттестіктерді тану жолдары, тәсілдері. Ол әдістер жеке дара индивид емес, сұрақтарды талдау арқылы пікір алмасатын, бір-бірін белсендіретін өзара әрекеттесуші оқушылар тобы орталық орынға ие болатын белсенді диалогқа негізделеді. Интерактивті әдістер интеллектілі және рухани белсенділікті, сондай-ақ ақиқатты іздеуде ұжымдық шығармашылықты дамытады. Аталмыш әдістерді қолдануда оқушылар эмоциялылығымен және бастамашылдығымен ерекшеленген қайсыбір тақырыпты талқылау үдерісіне белсенді қатысады. Сол себепті, мұғалімнің икемді, білікті, белсенді болуы тиіс, себебі қолданылатын әдістер мұғалім тарапынан шығармашылықты талап етеді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабақ үрдісінде тұтастай топтың, әрі оның әрбір мүшесінің интерактивті үдерісте орын алған даулар мен келіспеушіліктерді орынды талқылау әлеуетін қадағалауға көмектеседі.

Оқу үдерісіндегі әрбір ойынды іскер ойындарға жатқыза беруге болмас. Бұл әртекті ойын жағдайларының көмегімен оқу үдерісінің жандануы. Белсенді оқыту технологиясы оқушының белсенді қатысуымен, немесе бар ынтамен ойлануды, не болмаса мүлде үдерістен шығып калуды болжайтын шарттары және ережелерімен міндеттеледі.

*Іскерлік ойын* – тәсілмен кәсіби немесе өзге де қызметтердің моделі түріндегі ұқсас имитациялық жағдаяттар тудырып, белгілі бір қағидалар негізінде білім алушының өмірлік дағдыларын шындау әдісі [2].

Ойын - балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. («Мен оқушымын», «Мен және менің отбасым», «Мен жолаушымын», «Біз жолаушымыз», «Адамдардың кәсібі», «Мен кәсіпкермін», «Біз қонақтамыз») Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі - жоғары көңіл-күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және бала үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

#### *Ойынның түрлері*

1. *Сюжеттік-рөлдік ойындар*: балаға әр түрлі жағдайда кездескен адамдардың рөліне енуге, қиялындағы мүмкіндіктерін байқап көруге жағдай жасайды. Бұл ойынның негізгі ерекшелігі адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойында бөлме, теңіз, аспан кеңістігі де, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Оқушылар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді. Оларға өзінің қатынасын білдіреді.

2. *Дидактикалық ойын*: балалардың қызығушылықпен ойнайтындай дәрежеде мұғалімдер алдын-ала дайындап ұсынады. Оқыту міндеттері белгілі мақсатында жету. Оқушы өздігінен әрекет етсе де, оның белсенділігі мұғалім белгілеген шеңбер аясында болады. Бұл ойынның білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.

3. *Қимыл-қозғалыс ойындары* дене шынықтыру жаттығулары мен спорттық ойындарға деген қызығушылығын арттырып, оқушының қозғалысын үйлестіріп, ептілігін қалыптастырады.

4. *Театрландырылған ойын* оқылған ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындауға, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерге енуге, образдарды құрастыруға, сахналауға мүмкіндік береді.

5. *Ережелі ойындар* үстел үсті ойындары, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.б. болып бөлінеді.

6. *Құрастыру ойындарына* лево конструкторлар, мозайка т.б. ойындар жатады.

7. *Ұлттық ойындарға* «Орамал тастау», «Сақина салу», «Жамбы ату», «Ханталапай», «Ақ сүйек», т.б. ойындар жатады. Ұлттық ойындардың желісі арқылы тақырыпқа сәйкес ойын-есептер құрастыру арқылы олардың бойында ибалық, байсалдылық, тапқырлық, шыншылдық және т.б. қасиеттерді сіңіруге, қалыптастыруға болады [3].

*Қозғалмалы ойындар*. Қозғалмалы ойындар (бой жазу, жылыну, қыздырушы ойындар) өзін-өзі тану сабақтарында жиі қолданылады. Оларды қолданудағы негізгі мақсат - оқушылардың эмоциялық және тұлғааралық белсенділігін арттыру, сонымен бірге денелерін шынықтырып, бойын жаздыру.

Қозғалмалы ойындарды қолдану мынандай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- Оқушылардың эмоциялық белсенділігін арттыру. Мұнда олардың жағымды эмоциялары: қызығушылықтары, қуанышы, таңдануы негізге алынады;

- Топты біріктіру, қатысушылардың өзара сенімін қалыптастыру және бірлескен әрекеттердің үйлесіміне қол жеткізу;

- Қарым-қатынас үлгісін көрсету. Мысалы, «бір аяқ жолда кездесу» ойыны (гимнастикалық отырғыштың үстінде немесе жерде сызылған жолақтың ортасында бір-біріне қарсы келе жатқан екі ойыншы екі жаққа айырылуы қажет) дау-дамай жағдайдың үлгісі ретінде көрінеді және адам әрекетінің мүмкін нұсқаларын көрсетуді талап етеді. Мұнда екі жақтың қатысушылары – дау-жанжал үстіндегі болатын ынтымақтастықты, бәсекелестікті, келісімпаздықты, бейімділікті, қашқақтауды немесе т.б. әрекеттердің бірін таңдауы тиіс.

- Кері байланысты қамтамасыз етуі, тренингтегі өзге қатысушыларға қарап әркімнің өз әрекетіне баға беруіне мүмкіндік туғызу. Мысалы, «қимылдың қайталануы» ойынында қатысушы өзіге мүшелердің өз қимылын қайталап салуына қарап, іштей өзі туралы тұжырым жасайды.

- Оқушылардың ерік, зейін, бақылау сапаларын дамыту [4].

*Рөлдік ойындар.* Өзін-өзі танударөлдік ойындар да маңызды болып саналады. Белгілі бір деңгейде рөлдік ойындар адамның әлеуметтену процесінде елеулі орын алады. Адамға белгілі бір рөл тапсырылғанда, ол соның талаптарының үдесінен шығуға ұмтылады.

Рөлдік ойынның мәні адамның уақытша болса да, белгілі бір әлеуметтік рөлді қабылдап, өзі соған сай деп тапқан мінез-құлық үлгісін ұсынуынан көрінеді. Сол рөлдің шеңберіндегі нақты шешімдерді қатысушының өзі қабылдайды.

*Пікірталас.* Мұнда топ мүшелері көзқарастарының, ұстанымдары мен мақсаттарының мәнін ашуға (мүмкіндігінше өзгертуге) мүмкіндік беретін қайсібір даулы мәселе бірігіп талқыланады.

Топтық пікірталастың психологиялық құндылығы оның кері байланысқа құрылуы мен жетекшінің шеберлігі арқасында оған қатысушы әрбір адамның бір мәселенің өзін бірнеше түрлі жолмен шешуге болатынын түсінуіне мүмкіндік беруінен көрінеді. Өйткені, әр адамның өмірде кездесетін түрлі қақтығысты жағдайларды қабылдауы мен оны шешуде сан түрлі көзқарастарды ұстанатыны анық, ал, оны білу, тану, оқушының барлық мәселеге ой көзімен қарап, түрлі нұсқалардың ішінен ең ұтымдысын таңдауы қажеттігін түсінуіне әкеледі.

Пікірталастар барысында төмендегідей жағдайлар жиі талқыланады:

- топ мүшелерінің басым бөлігі үшін маңызды деп танылған мәселелер (тақырыптық пікірталас). Мұндай пікірталастың міндеті - талқыланатын мәселеге сәйкес субъектілердің өз тәжірибесін бөлісуі мен оны шешу жолдарына қатысты түрлі көзқарастарын ортаға салу. Егер талқылауға нақты бір мәселе қойылса, онда пікірталастың міндеті оны шешудің жолын таңдау болып табылады.

- топ мүшелерінің жинақталған тәжірибесі (өмірбаяндық пікірталас). Өткеннің тәжірибесі тар мақсатта пайдаланылмайды. Егер сол тәжірибенің топ үшін бүгінгі мәселені оң шешуіне тигізетін ықпалы болса ғана қолданған дұрыс.

Әдетте топтық пікірталастардың бірнеше сатылары болатыны белгілі, оның жалпы реті төмендегідей болып келеді:

1. Бағдарлау. Бұл кезеңде пікірталастың тақырыбы мен мақсаты анықталады. Пікірталас тақырыбының барлық қатысушыға теңдей түсінікті әрі өзекті болғаны тиімді. Керісінше болған жағдайда ондай әңгімені қозғаудың өзі мәнсіз;

2. Ақпараттарды жинау. Бұл кезеңде қатысушылар қарастырылатын мәселеге қатысты өз ойларын, сезімдері мен пікірлерін білдіре алады. Егер пікірталас нақты бір мәселенің шешімін табуды көздесе, онда қатысушылардың қай-қайсысына да өздері ойлаған барлық шешімдерді ортаға салуға мүмкіндік берген жөн. Мұндайда сыни көзқарастардың (яғни «миға шабуыл» әдісін қолдану арқылы) өрістетуіне де шек қойылмауы тиіс, сонда ғана ол өз мақсатына жақындай түспек;

3. Талқылау барысында алынған ақпараттарды реттеу, негіздеу және бірлесе бағалау кезеңі. Бұл кезеңде талқылауға қойылған мәселені шешудің бұрын ұсынылған нұсқаларына сыни талдау жасалады.

4. Пікірталастың аяқталуы: қорытындылар шығару, пікірталастың мақсаты мен алынған нәтижелерді өзара салыстыру. Егер нақты мәселе талқыланса, онда оны шешудің тәсілдері атап көрсетіледі.

Кейде топтық пікірталаспен қатар «кейс әдісі» де қоса жүреді. Өйткені кейс әдісінде де нақты бір мәселеге топтық талдау жасалады. Олай болса, оқушылар үшін аса бір өзекті мәселе талқыланған тұста бұл әдіс тақырыптық топтық пікірталастың бір түрі деп саналады да, сол нақты мәселенің тақырыбы анықталады.

Егер топтық пікірталастың тақырыбын және оны ұйымдастырудың ретін жүргізуші өзі белгілейтін болса, онда пікірталас құрылымы бірізді жүреді; ал егер пікірталастың тақырыбы қатысушыларының өзінің таңдауы арқылы алынатын болса, онда пікірталастың жүргізілу реті де еркін болады, жүргізуші пікірталасқа қатысушы деңгейінде ғана араласып отырады [5].

Әлеуметтік-психологиялық тренингті өзін-өзі тануды оқыту барысында қолданудың көптеген ерекшеліктері бар:

- Тренингтегі топтық жұмыс қатысушылардың белсенділігін, өзара ынтымақтастық қарым-қатынастарын қалыптастырып, оқушыға өздерінің мінез-құлықтарына өзге адамдардың көзімен (кері байланыс арқылы) қарауына мүмкіндік береді.

- Топтық жұмыстың белсенді оқыту және интерактивті әдістері (яғни, тұлғааралық қатынасты жандандыратын): ойындар, топтық пікірталастар және т.с.с. қолданылады.

- Қатысушылардың өзара тығыз байланыс жасауына ерекше назар аударылады.

- Қатысушылардың белсенді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беру мақсатында ұйымдастырылатын тренингінің өту орны да стандартқа сай бола бермейді.

- Тренингтің тиімділігін арттырудың бір шарты - қарым-қатынас барысында барынша еркін әрі ашық, қолайлы жағдай тудыру. Әлеуметтік – психологиялық тренинг жағдайындағы қарым-қатынас әдеттегі тұлғааралық байланыстан әлдеқайда белсендірек, эмоциялық тұрғыда жағымды, ашық және шынайы болады.

Тренингке ұқсас өзін-өзі тану сабақтары төмендегідей құраушы компонент элементтерден тұрады: рәсімдер (сәлемдесу – қоштасу, сергіту жаттығулары, интерактивті ойындар, ойын жаттығулар); жағымды ойлауға бейімдеу (тыныштықта отыру, әуен тыңдау); дәріс-әңгіме, пікірталастар, «миға шабуыл», проблемалық тапсырмалар, жағдаяттар және т.с.с.; көркем шығармаларды, халық ауыз әдебиеті туындыларын тыңдау және талқылау (әңгімеле, пікірталас, талдау түрінде); бірлескен шығармашылық жұмыстар (шағын топтарда іс-әрекетті ұйымдастыру, коллаждар құрастыру, проблемалық тапсырмаларды, жағдаяттарды шешу, жобаларды қорғауға дайындық және т.б.); өзіндік жұмыстар.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ерғалиева Г.А. Өзін-өзі тану пәнінен дәрістер жинағы: Оқу- әдістемелік құрал. – Орал. 2011. - 148 б.
2. Таубаева Ш.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп.– 1999. – №4. – 5-12.
3. Исакова М.С., Әкімбаева А.Ә. «Өзін –өзі тану» пәнінен методикалық оқулық. Алматы, «Эверо» баспасы, 2014 - 150б.
4. Жұмабекова Ф.Н.«Өзін-өзі тану пәнінің теориясы мен әдіснамасы»: Оқу- әдістемелік кешен.- Астана. 2014. - 178б.
5. Байтіленова Е.С. «Қоғамтану және өзін –өзі тануды» оқыту әдістемесі, оқу құралы –Алматы, «Эверо» баспасы, 2012. –182 б.

#### **Т.А. Түрлебекова**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы  
Ғылыми жетекші: Г.Т.Дакина

### **ЖАС МАМАННЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тұлғаның қарым–қатынас белсенділігін өрістетуді олардың кәсіби маман ретінде қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Сондықтан қарым–қатынас стильдері, техникалары және әдістерімен таныстырып қаруландырудың жолдарын анықтауды қажет етеді. Бұл мәселелердің маңыздылығы және оны шешудің қажеттігі бірлескен іс–әрекеттің басты құралы ретінде қарым–қатынас арқылы кәсіби іс–әрекеттерді ұйымдастыру қажеттілігін қарастыру болып табылады. Профессор С.М. Жақыповтың мазмұны бойынша танымдық және формасы бойынша бірлескен–диалогтық іс–әрекеттің қалыптасу процесі индивидуалды іс–әрекет мақсаттары, мағыналары және мотивтерінің өзара бір–бірімен байланысуы мен түйісуі барысында жүзеге асатындығы туралы негіздемесі бірлескен іс–әрекет пен қарым–қатынастың бірлігі болып саналады [1, 18 б]. Бұдан кәсіби іс - әрекеттің дамуына қарым - қатынастың тікелей ықпалының маңыздылығы анықталады.

Коммуникация - бұл қарым-қатынас бойынша серіктестер арасындағы өзара ақпарат алмасу процесі. Ол білімді, идеяны, пікірді, сезімді беруден және қабылдаудан тұрады. Коммуникацияның әмбебап құралы - сөз, оның көмегімен ақпарат беріліп қана қоймай, сонымен қатар бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың бір-біріне әсер етуі де жүзеге асады.

Тұлғааралық қатынастар, негізінен, тұлғаға қатысты психологиялық мәселелер, қызығушылықтар және қажеттілік айналасына шоғырланған.

Қарым-қатынас – бір адамның басқа адамдармен қоғам мүшесі ретінде өзара әрекеттесуінің арнайы формасы. Олай болса біздің зерттеу жұмысымызда қарым-қатынастың тұлғаның танымдық іс-әрекетіне ықпалының психологиялық ерекшеліктерін ашу үшін «қарым-қатынас», «тұлға», «танымдық іс-әрекет» ұғымдары және олардың өзара байланыстары туралы талдауды қажет етеді.

Қарым-қатынасқа түсудің өзі бірнеше кезеңдерден өтеді:

- қарым-қатынасқа түсу қажеттігі → басқа адамдармен байланыс;
- қарым-қатынас мақсаты → өзімен қарым-қатынасқа түсетін адамның тұлғасын бағдарлау;
- айтылатын мәліметтің мазмұны → не айтатыны туралы ойлау;
- нақты сөздерді таңдау → сөзді жеткізу және өзін ұстау;
- жауапты қабылдау → кері байланыс (баға беру, тиімділігін бақылау);
- қарым-қатынас стилін, тәсілін, бағытын өңдеу.

XX ғасырдың 60 жылдары Американ психотерапевті Э. Берн трансакты талдау теориясын ұсынған. «Трансакты талдау» ұғымы адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді сипаттайды, ал қарым-қатынас барысында олардың әрқайсысы өзіндік позицияны меңгереді. Оның концепциясы қарым-қатынасқа түсуші субъектілердің «Мен» жағдайын анықтауға көмектеседі. Бұл оның белгілі бір анықталған стильде тұлғалардың өзіндік қарым-қатынасқа түсуін дайындайды. Э. Берн эгожағдайдың үш түрі: «Бала», «Ата-ана», «Ересек» позициясын ұсынды [2, 14 б]. Ол әрбір жеке тұлға дамуының біртіндеп толық сатылы түрде өтуі мен қарым-қатынас ерекшеліктерін көрсетеді. Осыған байланысты қарым-қатынас позициялары пайда болады. Осы үш «Мен» адамның барлық өмір ағысында өтеді. Сондықтан осы жағдайлар адамның мінез-құлық ерекшеліктерінде, дауыс ырғағында және т.б. бір сөзбен айтқанда қарым-қатынасында көрінеді.

Э. Берннің концепциясында трансакциялар қарым-қатынаста тұлғалардың қандай позицияда болуына байланысты талданады. Әрбір эгожағдай өзінің құрылымы мен генезисіне байланысты түрлі қарым-қатынас типін тудырады. Мысалы, Бала «табиғи өзгермеген қалыпты» және «қоғамдағы адамдар айналасындағы адамдардың ықпалында» болады. Ал бейімделген Бала өз кезегінде «сыртқы әсерлерге берілгіш», «жоғарыдан көрсетілген қысымға қарсы шығады», «айналадағылардың басын айналдырады», осындай түрлі әрекеттерге барады; «табиғи» амал әрекеттің түрлі әдістері де көрсетіледі.

Ата-ана күйінде мынадай негізгі көрсеткіштер тән: «бақылаушы» (беделді) ерекше жұмсақтықтан өте қаталдыққа дейін бара алады, «тәрбиеші» (мәпелеуші).

Ересек эгожағдайына мінездеме жасағанда болуы мүмкін түрлі ауытқулар көрінеді, оны мінез акцентуациясына жатқызуға болады.

Кез келген қарым-қатынас адамның мінез-құлық ерекшеліктерін де анықтайды. Осы орайда қарым-қатынас процесінде «Мен» жағдайында ата-ана, ересек, бала позициясындағы мінез-құлыққа да сипаттама беруге болады. Сонымен қарым-қатынаста «Ата-ана», «Ересек», «Бала» өз позицияларын екіншісіне қатысты сақтайды, кей жағдайларды өзгертуге талпынады. Әрбір эгокүйдің өзінің бағдарламасы бар, өтіп жатқан оқиғаларды әр түрлі қабылдайды, сезінеді, естиді, көреді, айтады. Э. Берннің трансакты талдау концепциясы адамдардың тұлғааралық өзара әрекеттерін реттеуге, мінез – құлықты өзгертуге, тұлғалық құрылымды талдауға негіз болатын психологиялық ықпалдардың бірі болып табылады.

Адамның өзін-өзі жүзеге асыруы оған әсер етуші факторлардың жүйесімен анықталады. Осылайша, тұлғаның әлеуметтенуі барысында қабілеттерінің көрінуіне, белсенділік ерекшеліктеріне әсер ететін микро және макрофакторларды бөліп қарастыруға болады. Микрофакторлар ретінде балаға отбасының ұлттық құрамы, тәрбиенің ұлттық ерекшеліктері, ауыз екі сөйлеуде қолданылатын негізгі тілі, ата-анасының ұлттық сана-сезімі, мектептегі, басқа да қоршаған шағын топтың ұлттық ерекшеліктері әсер етеді. Ал макрофакторларға жататындар – ол тұлға өмір сүретін мемлекет, этностық қауым, жалпы қоғам [3].

Құзырлы қарым-қатынас кез келген тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруда, айналасындағы адамдармен тиімді қатынас жасауда, өмірде өз орнын табуда оң ықпалын тигізеді. Құзырлы қарым-қатынасқа қол жеткізу серіктестердің үш деңгейінде жүзеге асады, олар коммуникативті, интерактивті, перцептивті. Осыған орай, қарым-қатынастағы құзырлылықтың түрлері туралы айтуға болады. Тұлға өзін жан-жақты үйлесімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін барлық психологиялық позицияларды игеруді қажет етеді.

Адамдардың кәсіби қалыптасуында тұлғалық аспект ең күрделі және сонымен қатар маңызды болып табылады. Тұлғаның кәсіби дамуын зерттеуде бірнеше негізгі тәсілдерді ерекшелеуге

мүмкіндік туғызады. Олардың кең тарағаны, әрі кәсіби маңызды болып саналатын жеке қасиеттер динамикасына назар аудару болып отырғанын байқаймыз [4].

Кез келген іс-әрекет көлемі жағынан қаншалықты болса, қарым-қатынаста соншалықты көп қырлы және әртүрлі болып келеді. Кәсіби іс-әрекетте оның мәдени деңгейін негіздейтін қарым-қатынасқа итермелейтін талаптарды құрайды. Профессор С.М. Жақыпов оқыту-тәрбие процесінің тиімділігі мәселесін нақтылау үшін негізгі деңгейде қарастыра отырып, оның психологиялық мазмұнының ашып көрсетті [1]. Ол психологиялық көзқарас тұрғысынан кез-келген педагогикалық жағдайды ең алдымен, тұлғалардың өзара әрекеттестігі, ал содан соң белгілі әлеуметтік рөлдердің иелері ретінде мұғалім мен оқушы, оқытушы мен білімгердің және т.б. өзара әрекеттестік ретінде қарастырды. Бірлескен іс-әрекет саласында біріккен басқа адамдардың өзіне қалай қатынас құратындығын өзі үшін объект болып табылады. Басқа адамдармен жағымды өзара әрекеттесуі үшін серіктес оның қандайда бір әрекетіне қалай реакция білдіретінін алдын ала білу қарым-қатынас үйлесімділігіне себеп болады.

С.М. Жақыпов оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік беретіндігін және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайтындығын ерекше атаған. Сондықтан қарым-қатынастың нақтылы бірізділігі болашақ тұлғаның дамуына орасан зор ықпал етеді.

Л.С. Көмекбаеваның пікірінше қарағанда, тіл– этникалық бірдейліктің этнодифференциалданған белгілерінің ішіндегі маңызды фактордың бірі [5, 13-6]. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан қарым-қатынас процесінде этнопсихологиялық факторларды да ескеріп отыру қажет. Оның зерттеуі бойынша этностық өзіндік сананың қалыптасуы – ұлттық даралықтың қалыптасуындағы маңызды мәселе.

Қазіргі таңда психология ғылымда «толеранттылық» термині жиі қолданылады. Ол ең алдымен қандай да бір айырмашылықтарға – этностық, ұлттық, діни, нәсілдік және тағы басқаларға шыдамдылық ретінде түсіндіріледі. Толеранттылық мәселесі сол сияқты қарым-қатынастың процессуалды аспектісі. Тұлғааралық қарым-қатынаста толеранттылық, бір жағынан іс-әрекет саласы «адам-адам» шеңберіндегі өзара-әрекеттестік болып табылатын тұлға кәсібилігінің және жетілуінің бөлінбейтін сипаты (көрсеткіш) ретінде, екінші жағынан, жүйе құраушы қызмет атқаратын, бірлескен іс-әрекетте құрастырушы бейне (идеалды модель) ретінде түсіндіріледі. Осыдан толеранттылық феноменологиясы қарым-қатынас субъектісінің өзіндік дамуына негіз болатын ішкі қарама-қайшылық көріністерінің бірі ретінде қарастырылады. Яғни, потенциалды шиеленісті жағдайдың дамуы құрылымдық шешімге бағытталуы толеранттылықтың басты қызметі ретінде түсінілуі мүмкін. Бұл өз кезегінде толеранттылық (оның түрлі анықтамаларына негізделе отырып), сыйластық, қабылдау, ашықтық, көңіл бөлу және т.с.с негізінде жағымсыз реакция тудыратын адаммен диалогқа түсу және түсінуге дайындық болып табылады [6]. Адамдардың мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты бірлескен іс-әрекеттегі үйлесімділік, бірін-бірі қабылдауы, шыдамдылық, және т.с.с. қарым-қатынастың орнығуымен түсіндіріледі.

Белгілі болғандай бірлескен іс-әрекеттің дәстүрлі формаларының ұйымдастырылу шеңберінен тыс болатын тұлғалардың тікелей қарым-қатынасы, топтық әдіс жағдайларында оның атрибуты, ал сәйкес іс-әрекеттер өнімдері - қарым-қатынас пәні болады. Кәсіби білімдерді меңгеруші тұлғалар арасында еңбек нәтижелерімен тікелей алмасу мүмкіндігі қарым- қатынас процесіне, олардың белсенді, тұлғалық енуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Осы әдіс бойынша тұлғаны қалыптастыруда қарқынды мамандыққа бағдарлануына үйретудің екі негізгі факторын сипаттайды. Біріншіден, берілетін жаңа материал мазмұны және оның сәйкес ұйымдастырылуының максималды көлемі негізінде мақсатқа жету үшін ұтымды уақыттың қажеттігі. Екіншіден, мамандыққа бағдарланушы тұлғасының шығармашылық ықпалымен ерекше өзара әрекеттестік жағдайларында қатысушылар резервтерін белсендіру, топта қолайлы психологиялық «микроахуал» және оның ішінде сенімді қарым - қатынас орнату болып табылады.

Осы принциптерді ұстану, шын мәнінде күнделікті жағдайларда шаршауды тудыратын қысымды шешеді. Қарым-қатынас шынайы ұжымдық негізде ұйымдастырылып, ашық және өзара сенімді атмосферада өтетін болса, тұлғалардың бірлескен, үйлесімді жұмыстарына тәрбиелеуге толық қол жеткізуге болатыны дәлелденген. Егер күнделікті жағдайда ол субъекті іс-әрекетінің жалғыз құрылымды орталығы болатын болса, онда белсендіру әдісінде оның тұлғасы бірінші орынға қойылады, ал оның айналасындағылардан оған өзінің резервтік тұлғалық мүмкіндіктерін толық ашуға мүмкіндік беретін қатынастар жүйесі құрылады. Осындай тұжырымнан – «Тұлғаның резервтік мүмкіндіктерін белсендендіру әдісі» шыққан [7, 39 б].



Н.И. Рейнвальд тұлғаның өмірлік жолының негізгі кезеңдеріне /сатысына/ мыналарды жатқызды:

1. Балалық шақ (ерте балалық шақ, мектепке дейінгі және мектеп жасы);
2. Мектептің жоғары сыныптарында, тікелей өндірісте жүзеге асырылатын, сонымен қатар жоғары немесе орта арнайы білім формасын алуда болатын таңдау мен мамандықты меңгеру.
3. Таңдаған мамандық аумағындағы еңбек іс- әрекетінің интенсивті кезеңі;
4. Өмір жолын аяқтайтын кезең.

Іс-әрекет - табиғи және әлеуметтік болмысты мақсатты түрде қайта жасаудан тұратын адамдардың қоғамдық-тарихи болмысының арнайы формасы. Табиғат заңдарына қарағанда, қоғам заңдары болмыстың жаңа формалары мен қасиеттерін жасайтын, кейбір негізгі материалды өнімге айналдыратын адам іс-әрекеті арқылы байқалады. Субъектінің жүзеге асыратын кез келген іс-әрекеті мақсат, құрал, қайта жасау процесі және оның нәтижесінен тұрады. Іс-әрекеттің орындалуынан субъектінің өзі маңызды даму арқылы өзгереді және дамиды.

Адамда іс-әрекеттің мақсаты болып оның жасалатын нәтижені алдын-ала көру бейнесі ретінде пайда болады. Іс-әрекеттің қайта жасаушы және мақсат қоюшы сипаты оның субъектісіне кез келген жағдай шеңберіне шығуға және оны қоғамдық-тарихи болмыстың кең контекстіне ене отырып, оның ұсынатын кез келген детерминанттарын құруға, сонымен қатар осылайша берілген детерминанттар шеңберінен шығатын құралдарды табуға мүмкіндік береді. Адамның іс-әрекеті үнемі саналы түрде орындалады. «Сана» түсінігінің мазмұнын ашу үшін, адам іс - әрекетінің қоғамдық сипатын және оның идеалды тіршілігінің болуын екеру қажет. Іс-әрекет тікелей ұжымдық, сол сияқты индивидуалды формада болады. Ал адам өзін қоғамдық тіршілік ретінде сезіне отырып, кез келген ортаға бейімделіп, тіршілік әрекетін жасайды [8, 3 б].

Қарым-қатынас стилінен біз сол қарым-қатынасқа қатысушылар субъектілері арасындағы бірлескен іс-әрекеттегі өзара әсерлесудің әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін көреміз. Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас – субъектілердің өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы. Бұл субъектілердің бірқатар тұлғалық қасиеттерінің коммуникативтік ерекшеліктерін анықтауды талап етеді. Олар:

- коммуникативті мүмкіндік ерекшеліктері;
- өзара қатынасынан туындаған мінез-құлық ерекшеліктері;
- индивидуалды шығармашылығы;
- ұжымдық ерекшелігі.

Қарым-қатынас стилі оның әлеуметтік және адамгершілік жағынан байытылған сатысына жатады. Тұлғаның өзіндік іс-әрекеті және үйренушілердің іс-әрекетіндегі кедергілерінің негізінде қарым-қатынас қиындықтары пайда болады. Қарым-қатынас қиындықтары бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде қалыптасатын қатынастар мен олардың даму сатылары.

Қазіргі уақытта қарым-қатынас стилі иерархиялық немесе авторитарлық көзқараспен емес, әріптестік көзқараспен ерекшеленуі тиіс. Ол консенсусқа жетуге бағытталып, коммуникативті болуы қажет.

Басқаша айтқанда, қарым-қатынас барысында бұйрықтарды, айыптауларды болдырмау, шексіз пікір-таластарды болдырмау шарт. Әңгіме барысында қызметкер өзінің кәсіби біліктілігін, істі біліктілігін, қолайлы шешімдерді табу ептілігін көрсетуі тиіс. Қызметкер үшін оның әңгіме жүргізу ептілігі шешуші мәнге ие. Демек, ол сөйлей білуі керек. Оның арнайы білімімен не айту керек екендігі анықталады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности: автореф. ... канд. психол. наук: 19.00.01. – М., 1985. - 22 с.
2. Берн Э. Игры в которые играют люди, Психология человеческих взаимоотношений. – М.: Университет, 1998. – 400 с.
3. Крутова Е.М. Объединения людей в обществе и их особенности // Вопросы психологии. – 1971. - №6. - С. 112-117.
4. Алдамұратов Ә.Ж. Тлдік конструкцияларды меңгеру психологиясы.- Алматы, 2006. - 40 б.
5. Көмекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: психол. ғ. канд. дис.: 19.00.01. – Алматы, 2002. - 125 б.
6. Кожухурь Г.С. Проблема толерантности в межличностном общении // Вопросы психологии. - 2006.- №2.- С. 3-11. 56.

7. Аманова И.К. Тұлғаның өзін-өзі таныту ерекшеліктерінің этномәдени сәйкестілікке тәуелділігі: психол. ғ. канд. дисс.: 19.00.01. – Алматы, 2004.-152
8. Залювовская Е.В. Преодоление коммуникативных барьеров в условиях совместной деятельности: автореф. ... канд. психол. наук: 19.00.05. – М., 1984 - 22 с.

**С.А.Масугутова**

магистрант специальности 6М010300 «Педагогика и психология»

Казахстанский инновационный университет

## **К ВОПРОСУ О ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ В ШКОЛЕ**

Система мероприятий, направленных на подготовку молодёжи к выбору профессии - это профессиональная ориентация. Данная система в нашей стране существует на протяжении многих лет и основывается на изучении истории становления проблемы.

Период 20-30 гг. XX века характеризуется ростом внимания к проблемам труда, трудовой подготовки и, соответственно, профориентации. Педагогическим музеем учительского дома в Москве был предпринят ряд обследований, касающихся выбора профессии учащимися различных типов школ.

В процессе этой работы было решено выяснить, какие профессии привлекают наибольшее внимание, в чём причины, побуждающие молодых людей выбирать тот или иной трудовой путь. С этой целью музей организовал в школах опрос учащихся, пройдя который нужно было ответить на ряд вопросов:

- Куда, на какое место ты поступишь по окончании школы?
- Почему ты поступишь именно на это место?
- Кем бы тебе самому больше всего хотелось быть в будущем?
- Почему именно им?
- Кто твои родители? Чем они занимаются?
- Имя, фамилия, класс, возраст, тип школы.

Наряду с ответами учеников сведения о них собирались и через учителей.

Изучая приведённую информацию, можно отметить две тенденции в адаптационном аспекте. К первой тенденции относится обращение внимания на раскрытие процессов индивидуального взаимодействия человека с не всегда ясным для него на тот момент динамично развивающимся миром.

Второй аспект раскрывает взаимодействие социальных институтов, обслуживающих хозяйственную жизнь общества.

В свою очередь, примером совмещения обоих аспектов адаптации является один из лучших опытов в довоенной отечественной практике профессиональной ориентации: в 20-е годы ленинградским педагогом и психологом, профессором А.П. Болтуновым была создана система профконсультационных мероприятий, соединяющая воедино работу школьных психологов-педологов, бюро профконсультации при бирже труда, работников профессиональных учебных заведений, куда должны были поступать выпускники школ.

На каждого из них составлялось профконсультационное заключение, биржи труда давали сведения о состоянии рынка труда. Профессор особое значение придавал собственной активности подростка по усвоению профессионального опыта и преодолению трудностей начальной адаптации.

В 1990-е гг. школьная профориентация была почти разрушена. В связи с переходом на рыночную экономику государство отказалось от планирования и гарантий в сфере образования и трудоустройства своих граждан, появилась безработица. У людей, потерявших работу и столкнувшихся с огромными сложностями в трудоустройстве по специальности, возникла острая потребность в профессиональной переподготовке, профориентации и психологической поддержке. Бюджетное финансирование центров профориентации было сведено до минимума. Сложившаяся ситуация не могла не повлиять на определённый спад в развитии данного направления.

Надежда на очередное возрождение и развитие профориентации появилась на рубеже XX - XXI вв. Одним из серьёзных оснований этому послужило решение директоров ряда школ, которые, понимая необходимость и важность профориентационной работы, привлекли к ней психологов и педагогов [1].

В настоящее время нагрузка по решению профориентационных задач, в первую очередь, ложится на общеобразовательную школу и те системы, с которыми она взаимодействует.

Э.Ф. Зеер, А.М. Павлова, Н.О. Садовникова трактуют термин «профессиональная ориентация» как совокупность педагогических и психологических мер и комплекса информации разного рода, направленных на принятие решения по приобретению опантами той или иной профессии (специальности), а также на выбор оптимального для достижения этой цели пути дальнейшего профессионального образования [2].

В связи с такой широкой междисциплинарностью, профориентация является полифункциональным процессом, включающим функции различных аспектов: социальную, экономическую, психолого-педагогическую и медико-физиологическую.

Социальная функция профессиональной ориентации направлена на усвоение школьником определённой системы знаний, норм, ценностей, позволяющих ему осуществлять свою социально-профессиональную деятельность в качестве полноправного члена общества и самосовершенствоваться в соответствии с государственными, общественными отношениями. В связи с этим, профессиональную ориентацию учащихся важно рассматривать, прежде всего, с позиций социального заказа общества, а также прогнозирования подготовки будущих кадров для страны, единства формирования у школьников личных и общественных ценностных ориентаций.

В настоящее время существуют следующие направления профориентационной работы:

1) профессиональное просвещение - ознакомление учащихся и выпускников учебных заведений с современными видами трудовой деятельности, социально-экономическими и психофизиологическими особенностями различных профессий, потребностями в квалифицированных кадрах, требованиями, предъявляемыми профессиями к человеку, возможностями профессионально-квалификационного роста и самосовершенствования в процессе трудовой деятельности. Профессиональное просвещение формирует у молодежи мотивированные профессиональные намерения, в основе которых лежит осознание ими социально-экономических потребностей и своих психофизиологических возможностей;

2) профессиональное консультирование - оказание помощи учащимся в профессиональном самоопределении и предоставление рекомендаций учащимся о возможных направлениях профессиональной деятельности, наиболее соответствующих их психологическим, психофизиологическим, физиологическим особенностям, на основе результатов психологической, психофизиологической и медицинской диагностики;

3) психологическая поддержка- методы, способствующие снижению психологической напряженности, формированию позитивного настроения и уверенности в будущем.

Беседуя со старшеклассниками о различных профессиях, при использовании, как коллективных форм, так и при индивидуальном общении, учёные рекомендуют готовить беседу по заранее составленному плану, в котором, в том числе, должны быть освещены следующие вопросы:

1. ознакомление с историей развития данной профессии;
2. основное содержание труда специалистов этой профессии; профессиональной отрасли; потребность предприятий города в кадрах данной профессии;
3. орудия труда и материалы, используемые специалистами этой профессии;
4. условия труда;
5. знания, умения, навыки, в том числе, особые, которыми должен обладать специалист данной профессии;
6. психофизиологические требования профессии к человеку;
7. экономические сведения о профессии;
8. подготовка кадров и возможности профессионального роста.

В связи с тем, что наиболее остро вопрос, касающийся выбора дальнейшего профессионального пути, встаёт перед учащимися старшей школы, именно в этом возрасте важно развивать у будущих выпускников отношение к себе как к субъектам профессиональной деятельности, т.е. формировать у них знания и умения в определённой профессиональной сфере, способствовать получению практического опыта, а также знаний о своих индивидуальных особенностях в связи с выбором профессии. При выстраивании профориентационной работы Е.А. Климов рекомендует акцентировать внимание учащихся на трёх основных составляющих выбора профессии [3]:

- 1) учёт своих желаний («хочу»);
- 2) учёт своих способностей и возможностей («могу»);
- 3) учёт потребностей общества, или, как сейчас говорят, потребностей рынка («надо»).

В случае наличия у учащихся расхождений между вышеперечисленными факторами, задача педагога - помочь учащемуся, оптанту внести максимум порядка, согласованности в его неповторимую ситуацию выбора профессии.

Таким образом, при использовании соответствующих направлений, условий, содержания, форм профориентационной работы, учащимся общеобразовательной школы будет оказана помощь в формировании готовности к принятию решения о профессиональном выборе. Умение старшеклассниками делать самостоятельный осознанный выбор, на наш взгляд, должно являться одним из важных и основных результатов эффективно проведенной профориентационной работы[4].

Подготовка учащегося к ситуациям выбора профиля обучения осуществляется в несколько этапов, которые условно можно обозначить как:

- пропедевтический (при завершении обучения в 8 классе) - выявление образовательного запроса учащихся;

- основной (в период обучения в 9 классе) - моделирование видов образовательной деятельности, востребованных в профильной школе, и принятие решения в различных образовательных ситуациях;

- завершающий (при окончании 9 класса) - оценка готовности школьника к принятию решения о выборе профиля обучения в старшей школе.

Для результативной организации профильной ориентации важно использовать ресурсы социокультурной среды, учреждений профессионального и дополнительного образования, позволяющие раскрыть перед учащимися потенциал внешкольного образовательного пространства, востребованный в старшей профильной школе.

Выраженность ценностных ориентаций, связанных с профилем обучения и соответствующими ему направлениями послешкольного образования; представленность индивидуально выраженных целей профильного обучения; информационная подготовленность в отношении значимости профильного обучения для дальнейшего продолжения образования, жизненного, социального и профессионального самоопределения; наличие опыта приложения усилий по освоению образовательного материала, освоению ключевых компетенций, востребованных в профильном обучении - всё это является примерными критериями готовности учащихся 9 классов к выбору профиля обучения в старшей школе.

Таким образом, анализируя вышеприведенную информацию, мы видим, что одним из важных критериев эффективной организации и проведения профильного обучения, а в контексте нашей работы, и профориентации, является умение старшеклассниками делать самостоятельный осознанный выбор, к ключевым показателям которого относятся:

- умение анализировать мотивы выбора;
- умение анализировать внешние условия;
- умение прогнозировать и оценивать результаты выбора.

Для того, чтобы у учащегося развивалось умение делать самостоятельный выбор, его необходимо поставить в ситуацию выбора и предоставить широту выбора. Но, на сегодняшний день, при существующей структуре сети общеобразовательных учреждений, характеризующейся невозможностью целевым образом концентрировать ресурсы, отдельная городская школа, как правило, не имеет достаточных ресурсов для организации соответствующего обучения: в каждой общеобразовательной школе невозможно экономически целесообразно обеспечить материальную базу и кадровый ресурс, обеспечивающие достаточную широту выбора [5].

Помочь общеобразовательным учреждениям решить проблему с соответствующими ресурсами может выстроенное взаимодействие с учреждениями высшей школы. Так как часть элективных курсов имеет профориентационную направленность, то кадровый и программно-методический ресурс может предоставить вуз.

Соответственно, у нас есть общеобразовательное учреждение, которому, в рамках профильного обучения для проведения профориентационной работы, необходима помощь со стороны вуза; вузу, в свою очередь, необходим доступ к аудитории старшеклассников, но если, получив его, вуз станет ориентировать на себя (поступление в этот вуз), то данное взаимодействие будет неинтересным для общеобразовательного учреждения. Если перечень профессий, к работе по которым готовят в данном вузе, школу заинтересовал, то возможна профессиональная ориентация учащихся старших классов, проводимая работниками вуза, на эти профессии.

Таким образом, в современных условиях в качестве основных целей школы в процессе организации профориентационной работы во взаимодействии с вузом, на наш взгляд, целесообразно рассматривать обеспечение старшеклассникам широты выбора содержания образования и формирование у них умения делать самостоятельный осознанный выбор. К основным ресурсам вуза, подлежащим использованию в процессе названной организации, целесообразно относить кадровый и программно-методический ресурс.

Список использованной литературы:

1. Пряжникова Е.Ю. Профориентация : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е.Ю. Пряжникова, Н.С. Пряжников. - 4-е изд., стер. - М. : Академия, 2008. - 496 с.
2. Зеер Э.Ф. Профориентология: Теория и практика : учеб. пособие для высшей школы. - М. : Академический Проект ; Екатеринбург : Деловая книга, 2004. - 192 с.
3. Климов Е.А. Развивающийся человек в мире профессий / Е.А. Климов. - Обнинск : Принтер, 1993. - 56 с.
4. Воронина Е.В. Профильное обучение: модели организации, управленческое и методическое сопровождение. - М.: 5 за знания, 2006.-256 с.
5. Лоскутова М.В. Государственно-частное партнёрство в условиях модернизации экономики России / М.В. Лоскутова // Социально- экономические явления и процессы. - 2010. - № 2. - С. 53-59.

**М.Асанова**

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті  
Ғылыми жетекші: Г.Т. Дакина, аға оқытушы

## **РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ-ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы рухани-адамгершілік, эстетикалық жағынан биік тұрған тұлғаны қалыптастыруды міндеттейді. Осыған байланысты тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің әлеуметтік маңызы арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру- бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейі және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі», - деп көрсетілген.

Бүгінгі қоғамымыздағы күн сайын көбейіп отырған жағымсыз әдеттердің белең алу себебі - жастарымыздың уақытында ұлттық тәрбиемен сусындамауы, рухани дүниесінің жұтандығы. Бұны Әбу Нәсір Әл- Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»- деген сөзі айғақтап тұр.

Қазіргі уақытқа дейін тұлғаны рухани - адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі жан-жақты зерттеліп келді. Дегенмен, жасалған талдаулар бұл мәселенің әлі де жеткілікті зерттелмегенін көрсетіп отыр. Ұрпақ тәрбиесінің ғасырдан ғасырға жалғасатындығын біз өз зерттеуімізде айқындай алдық. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеуді А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, Ә.Диваев, М. О. Әуезов сияқты ғалымдар ғылыми тұрғыда арнайы қарастырған.

Дегенмен, Г.Н.Волков, Қ.Ж.Жарықбаев, С.К.Қалиев, Р.К.Төлеубекова, А.А.Бейсенбаева, Н.Е.Щуркова т.б. ғалымдардың ілгері еңбектерінде жеке тұлғаның адамгершілік, халықтық педагогика дамуы, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, рухани даму т.б. мәселелер қарастырылған.

Зерттеу барысында педагогикалық - психологиялық әдебиеттерге талдаулар жасау арқылы ұлттық сана - сезім, мінез құлықтың рухани- адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруымен тығыз байланысы анықталды. Қазақстанның ХХІ ғасырдағы басты даму жолын белгілеп берген «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық жоспарында халықтың рухани жаңаруына ерекше маңыз берілген. Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін, объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен де және ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Алайда, адамдардың жаңа танымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады. Адамдар санасының өзгеруі, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын ашып көрсете отырып, Елбасы халыққа жолдауында бұл процестің қазіргі таңда қалай жүріп жатқанына баға береді. «Қоғамымыздағы сапалық тұрғыдағы

өзге жүйесімен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік», - деген пікірі біздің зерттеуге алып отырған мәселеміздің көкейкестілігін айқындай түседі.

Аталған пікірлерге орай, қоғамды дамытатын жан-жақты жетілген, іскер, рухани бай, белгілі дәрежеде ғылыми білім жүйесін, білімді өздігінен түсініп, бағалай, талдай алатын тұлға қажеттілігіне бүгінгі таңда ерекше көңіл бөлінуде. Өзге халықтардың тарихын, мәдениетін, тілін меңгерген, өздігінен денсаулығын нығайтуға, адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ынтызар, өмірдің әрқилы кезеңдерінде дербес еңбек етуге даяр ұрпақты қалыптастырудың бір жағы білім мазмұны арқылы іске асса, екінші жағы тәлім-тәрбие мазмұны арқылы бойға сіңеді. Осы орайда «Білім мазмұнын жаңарту» тұжырымдамасында білім мазмұнын қазіргі ғылымның құрылымына сәйкестендіру, оқу-тәрбие ісінде тұлғаның шығармашылық ойлауымен өздігінен еңбек етуіне, адамгершілікке, имандылыққа бағдар беру, білімін қолдана білуге үйрету, дүниені дұрыс тануға, жалпы азаматтық мәдениетті бойына дарытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Студент жастарды тәрбиелеуде оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіру рухани-адамгершілігі жоғары тұлға бейнесін қалыптастыруға негіз болмақ. Ұрпақ тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты.

Ғылыми термин ретінде әлі қалыптаспаған, бірақ бүгінгі күнге дейін адамгершілік ұғымына аралас қолданылып жүрген және аясы анықтала қоймаған «руханилық» ұғымының мәнін зерттеумен соңғы кезеңде бірқатар ғалымдар айналысуда. Олар: А.Г.Здравомыслов, Н.З.Човчавадзе, В.Ю.Дунаев, Г.Г.Ақмамбетов, Ә.Нысанбаев, В.Д.Шадриков, Қ.Әбішев, А.Г.Косиченко, Г.Г.Соловьева, А.Қапышев және т.б.

Қазақстандық философ Г.Г.Соловьева руханилық адамның жарықты, нұрды қабылдай білу қасиеті деп көрсетеді. Бұл құбылыстың негізін адамдар өздерінен іздеу қажет, материалдық болмыстың заңдылығын мойындау керек деп ескертеді.

Руханилық пен адамгершілік тәрбиеге қатысты идеялары бүгінгі күнге жетіп отырған ойшыл Сократ (б.э.д. 469-699 жж.) белгілі адамның таза табиғатына сене отырып, оны ашудың алғашқы қадамы өзін-өзі тану деп санады. «Ерекше рухпен ... білім алса – пайдасы тиетін адам болады, білімі жоқ болса ақымақ адам». Үнемі өзін рухани жетілдіру – жақсылық пен әділдікке бағытталған саналы ақылға жетудің алғы шартына айналады. Бақыт жеке мен қоғам арасындағы үйлесімділіктен тұрады деген ойды түйіндеген.

Ал В.Ф.Гегель (1770-1831) адам – тарихтың жемісі, оның ақылы мен дүниетануы мәдениеттің нәтижесі. Ал тәрбие арқылы ғана адам рухани жан иесі болып қалыптасады деп санағаны белгілі.

Бүгінгі таңда қоғамдық дамудың өзектілігіне айналған рухани-адамгершілік тәрбие социал-утопистердің де назарынан тыс қалған жоқ. Т.Мор «Утопия» еңбегінде: «Адам бақыт үшін өмірге келеді, ешкім де ләззат алуға деген тырысу, ұмтылысты байқамайтындай ақымақ емес». Толық өмір сүрудің алғы шарты - тәрбиенің үйлесімділігінде, әрбір адамға өзінің рухани күштерін дамытуға, ғылым мен өнер үйрену» мүмкіндігі тән деп санайды. Утопиялық мемлекет барлық азаматтарға кітапхана, мұражайларды пайдалануға мүмкіндік береді. Өздігінен білімін жетілдіруге ерекше мән бергендігінен сол уақытта да рухани, адамгершілік тәрбиенің қажеттілігі айқын көрініс бергендігі байқалады.

XIX ғ. I жартысында өмір сүрген неміс педагогы А.В.Дистервег (1790-1866) ұлттық формадағы жалпыадамзаттық идеяны қолдады. Тәрбиенің ең жоғары мақсатын Платон рухында «шындыққа сұлулық пен жақсылыққа қызмет ету» екенін ашық көрсетті. Оның көзқарастары табиғатқа сәйкестілік және мәдени сәйкестілік қағидаларымен ұштасатындығын айқын аңғарамыз. Мәдени сәйкестілік қағидасы оқу-тәрбие процесін «сыртқы, ішкі, қоғамдық» мәдениет негізінде ұйымдастыруды көздейді. Бұған адамның рухани өмірмен ұлттық мәдениетті жатқызамыз. Осы тұрғыда А.В.Дистервегтің өз концепциясында адамның рухани дамуымен жетілуінің қажеттілігіне баса назар аударғанын толық аңғара аламыз.

XIX ғ. педагогиканың көрнекті өкілі И.Ф.Герbart (1740-1841) «Практикалық философияда» - этика мен психологияға сүйеніп, алдымен мақсат, екінші- оны жүзеге асыру әдістерін белгілейді. Ол педагогикалық процесті мына өлшемге бағындырды: ішкі бостандық дамыту, заңдылық, адалдық. Барлық қабілеттегі үйлесімді дамудың идеялық ядросы адамның рухани-адамгершілігін қалыптастыру болды. Тек тәрбие ғана көптеген қызығушылықтардың арасындағы үйлесімділікті құрайды деген көзқарасын айқындайды.

Француздың көрнекті өкілі Ж.Симон (1814-1896) – тәрбие мен білім берудің негізгі мәселесін элеуметтік мақсатпен байланыстырды. Оның білім берудегі практикалық түр концепциясында әсіресе кітапханаларға зор көңіл бөлінді. «Халықтың кітапханадағы кітапханашының міндеті оқырманның

қолына оның жетілуіне қажетті нәрсені ұстату. Ол үшін оқырманның рухани орындарын да білу қажет, басқаша кітапхана адамның көңіл көтеріп, серуендейтін құралына айналады» деген ойы біздің зерттеуіміздің тірегі болды.

Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі Шығыс ғұламаларының да зерттеу өзегі болған. Мәселен, ғұлама ғалым Әл-Фарабидің адам атаулыны гуманистік, адамгершілік қасиеттерге баулу мәселесіне көңіл бөлгендігін аңғарамыз. Этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде санап, этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық категориясы басты орын алғандығын айқын көреміз. Фараби идеясының басты түйіні - білім, руханилық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Адам баласының көздеген мақсатқа жетуі рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіруінде деген тұжырымдайды. Ал аса көрнекті ақын, данышпан ойшыл Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» поэмасында адамның дамуы, тек адам табиғатына байланысты бола отырып, ұшырайтынының анықтады. Адам өмірінің өткінші екендігін айта отырып, артына тек жақсылық нұрын шашып отыру қажеттілігіне аса назар аударды.

«Құтты білік» поэмасында жалпы философиялық мәселелерді көрсете отырып, өмірді көбірек зерттеуге ұмтылғанын анық байқаймыз. Дастанда түркі тілінің болмысы, табиғаты, өміршендігін ашуға басты назар аударылған. Халық фольклорының мүмкіндіктерін жазба мәдениеті мен шебер ұштастыра білген. Жас ұрпақты қолөнер мен сан-салалы білімге баулу – ата-ананың басты парызы дей отырып, рухани дүниені білім арқылы жетілдіру, сөз өнері, жақсы, жаман қасиеттері туралы даналық ойлары айтылады.

Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімнен аспанға жол салынар, - дей отырып дүниенің кілті білімде деген үлкен ой тұжырым жасайды.

Жастардың адамгершілік тәрбиесі туралы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин есімдерімен тығыз байланысты.

Ұлы Абай қара сөздерінде салт-дәстүрге тоқталумен адамдардың этикасын, мәдениеттілігін сипаттау арқылы балалар мен жастарды руханилыққа тәрбиелеп, әсемдікті түсіне білуге баулығандығы айқын көрініс табуда. «Он сегізінші» сөзінде «Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, таза кимек дұрыс іс. Ал «Өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі» деп түсіндіре отырып, жастарға адам баласының әсемдігі мен ішкі жан дүниесінің сұлулығы үйлесімділікте болуы тиіс деген ойының да тәлім-тәрбиелік мәні зор деп айта аламыз.

С.Торайғыровтың көтерген тәлімдік мәселесінің бірі – рухани даму, рухани тәрбиенің өзегі - ана тілін құрметтеу, тілге деген сүйіспеншілік. Ұлттық тіл арқылы жастарымыздың сана-сезімі, ой-өрісі кеңейіп, әдеп-ғұрпын қадірлеуге деген көзқарастары қалыптасады деген ой-түйіні жасалған.

Ұлы ғалым Ш.Уәлихановтың негізгі мақсаты- халыққа білім беру, оқыту. Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудағы тәрбиенің рөлін ашып, көрсету. Өз еңбектерінде халқымыздың психологиялық ерекшеліктері қонақ жайлық, үлкенді сыйлау, қарым-қатынас ерекшеліктерін терең түсіндіреді.

Ал Б.Р.Айтмамбетова, Л.К.Керимов, Р.К.Төлеубекова «Тәрбие процесін жеке адам мен балалар ұжымын әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруда, оларды өмірге дайындап, қоғамда өз орнын таба білуге үйретіп, әрбір әрекетімен, қызметімен қоғамға пайда келтіруден, өз жеке басына қанағаттанған сезіммен қарауға тәрбиелеу» деп тұжырымдайды.

Кез келген рухани құбылыс пен оның заттандырылған түрі адамдық тұтас әрекеттің екі жағы. Қоршаған ортаға адамның сезімі түсіп тұр, ал оның сезімдері мен ақыл-ойы әлемнен нәр алады.

«Жан-жақты үйлесімді дамыған адам деп - өзінің бойындағы рухани байлықты, моральдық тазалықты және дене жағынан жетілгендікті үйлкестіре, ұштастыра білген, сана-сезімі жоғары, ізгілігімен тұлғаны айтамыз».

Тұлға мәдениетінің ядросы - руханилық. Рухани даму тұлғаның интеллектуалдық және эмоционалдық күштерімен (потенциал), жоғары адамгершілік дамумен сипатталады.

Тәрбие мақсаты – рухани және дене жағынан өзін дамытуға, өзін өзі жетілдіруге, өзін өзі жүзеге асыруға қабілетті адамды дамыту.

Қазіргі кезде рухани мәдениеттің тоқырауы ізгілік, адамгершіліктің төмендеуіне, қара бастың қамын ойлап, тек материалдық дүние шырмауында қалуға ықпал етуде. Адамдардың бір-біріне көзқарасының төмендеуі жас ұрпақ тәрбиесін ізгілендіру мәселесін күн тәртібіне қоюда.

Ендеше жеке тұлғаның руханилық қасиетінің өлшемі – адамның жақсылыққа талпынуындағы ішкі жан дүниесі деген қорытынды жасаймыз. өйткені, басқаларға жанашырлық білдіру, өзге адамға жақсылық тілеу, адамдарға көмек көрсету, айналадағы өмірді жақсартуға ұмтылу, өзін-өзі тану,

дамыту, өмірді бағалау сияқты құндылықтар рухани-адамгершілік дамудың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Тұлға қалыптасуының негізгі жолдары тәрбие салалары арқылы іске асады. Қалыптасу – адамды белгілі бір өзгеріске бағыттайтын және аяқталған нәтижеге жеткізетін процесс (дене және тұлғалық жаңа сапалардың пайда болуы).

Сана – объективті шындықты бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы.

С.Балаубаев, Қ.Жарықбаев, Ж.Ы.Намазбаева т.б. психологтардың көзқарастары бойынша: «сана өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психологиялық процестердің заңды нәтижесі болып табылады». Аталған ғалымдар соның нәтижесінде адамның үнемі дамып, жетіліп отырғандығын көрсетіп берді.

Жеке тұлғаның руханилық тәрбиесі жағымды қарым-қатынас орната отырып, оның ішкі сезімдерін қозғап, рухани дүниесіне жол таба білу тұлға бойындағы ізгі адамдық қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Жеке тұлғаның дамып, жетілуі рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу деңгейіне тәуелді. Рухани жаңару қоғамның ықпалымен жүзеге асады.

Руханилық - адамның өмірін, қоғамдық мәселелердің барлық жақтарын қамтиды. Адамның рухани дамуы іс-әрекетімен және еліміздегі әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығымен анықталады. Әлеуметтік, материалдық, рухани бірліктің болуы – қоғамдағы адамзат баласының табысқа жету кепілі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан –2030. – Алматы: Білім, 1997.–265 б
2. Дайрабаева А.Е. Қазақтың халықтық педагогикасындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі.- Алматы, 1993, 88 б.
3. Аплетев М.Н. Система воспитания личности в процессе обучения: Монография/Омск.гос.пед.ун-т – Омск: Изд-во ОмГПУ, 1998.
4. Божович Л.И. О нравственном развитии и воспитании детей// Вопросы психологии. - М.: Просвещение, 1975.
5. Гессен С.И. Основы педагогики. М., 1995, стр.223.
6. Жұмабаев М. Шығармалар.А., 1996 ж. 269-270-б.
7. Жарковская // Стандарты и мониторинг в образовании – 2003 - №3 – С. 9-12
8. Қалиев С., Базиллов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. –Алматы, 1993.

#### Т.А.Түрлебекова

6M010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

### КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Болашақ маманның шығармашылық тұлғасының белсенді бағытын оның тек кәсіби білімге жалпы қатынасы және оның қажеттілігі мен мұқтаждығы ғана емес, сондай-ақ білімді тәжірибелік іскерліктерді қабылдау мен меңгеру үрдісінің өзі де анықтайды. Ол – шығармашылықтың ізденістің алғашқы баспалдағы. Адамның белгілі бір әрекетінің түріне бейімделуі кәсіби даярлық әдісімен анықталады.

Адамның негізгі құрылымдық бейімделу бөлігіне мыналар кіреді:

- азаматтық қасиеті;
- еңбекке деген қарым-қатынасы, мамандыққа қызығуы, сол еңбек сапасына қатысты;
- тұлғаның кәсіби еңбек бағытылығы;
- жалпы жарамдылығы (дене және ақыл-ой);
- аранайы қабілеттері немесе белгілі бір іс-әрекетіне қажетті сапалар;
- білім, дағды, тәжірибе, белгілі кәсіби қызметке үйрену [1].

ЖОО оқыту процесінде нақты психологиялық-педагогикалық білімді хабарлау және меңгеру сферасында педагогикалық бағыттылық қажет, сонымен қатар кәсіби жеке сапаларды және педагогикалық көпшілдік (қарым-қатынасқа түсе білетін), педагогикалық бақылаушылық,



педагогикалық шығармашылық, эмоционалды берік және т.б. шеберліктерді қалыптастыру қажет [1, 7 б.].

Қарым-қатынастың жеке стилін қалыптастырудың төмендегі жүйесін тиімді деп есептейміз:

- өз тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;
- жеке қарым-қатынастағы кем тұстарды анықтау, ұялшақтықты жену жөніндегі жұмыстар;
- өзінің жеке ерекшеліктерің негізінде педагогикалық қарым-қатынас элементтерін игеру;
- педагогикалық қатынас технологиясын қарым-қатынастың қалыптасқан стиліне сәйкес игеру;
- педагогикалық қызметті жүзеге асыру, балалармен қарым-қатынасты – жеке стилінді бекіту [2].

Қарым-қатынастың жеке стилін қалыптастыра отырып, педагог ең алдымен өзінің психофизикалық аппаратын оның тұлғалығы, білімі және көз-қарасы балаларға «аударылатын» шығармашылық жеке компонент ретіндегі ерекшелігін анықтап алуы тиіс. Содан кейін өзінің коммуникативті қасиеттері балалардың жеке типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндігіне не келмейтіндігіне көңіл аудару керек. Педагогикалық қатынас процесі мұғалімнің тұлғалығымен, адамгершілік құндылықтарымен, балалармен жұмыс істеуге ниеттілігімен және ұмтылысымен қамтамасыз етілуі керек. Қарым-қатынастың педагогикалық феномені – бұл, ең алдымен кәсіби-этикалық компонент, яғни қарым-қатынастың әрбір элементі тәрбиешінің адамгершілік тәжірибесімен байытылып отыруы керек [3].

Білім беру жүйесінде бейінді оқытудың мақсаты мен міндеті ретінде біз мыналарды ерекшелейміз:

- оқушыларда психологиялық мәдениет пен гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- оқушылардың ойлауын қалыптастыру;
- оқушылардың саналы кәсіби өзіндік реттелуіне жағдай жасау;
- оқушы қабілетінің дамуы мен ашылуына ықпал ету, әлеуметтік және коммуникативті компетенттілікті дамыту;
- өзіндік талдау дағдыларын, басқа адамдардың сезімі мен мінез-құлық мотивін түсіну.

Коммуникативті компетенциясы қалыптасқан тұлғаның құрылым моделі де қарастырылған [4].

Білім. Пәндік компетенцияға жалпы психологиялық білімдерді кіргізеді, сонымен қатар:

- болашақ мамандық іс-әрекетінің кәсіби саласы;
- еңбек өндірісі мен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың негізі;
- қарым-қатынас психологиясы мен этика негізі;
- танымдық іс-әрекеттің даму және көріну ерекшеліктері.

Іс-әрекет. Пәндік компетенция басқа оқу және тәжірибе жағдайларында психологиялық білімдерді тәжірибелі қолдану шеберлігі мен дағдысы психологиялық білімнің шығармашылық ауысымын ұсынады. Оқушылар өздерінің индивидуалды ерекшеліктерін ескере отырып НОТ тәсілін қолдана алулары қажет; танымдық процесстердің эксперименталды зерттеулерін жоспарлау, жүргізу және нәтижелерін талдау; мнемотехникалық тәсілдерді қолдану және ырықты зейінді реттеу тәсілдерін меңгеру; реакция берудің типтік тәсілдерін, қарым-қатынастың өзіндік мотивтерін, сонымен қатар қарым-қатынас бойынша серіктердің мотивтерін талдау; қарым-қатынастың тиімді құралдарын қолдану (кері байланыс, белсенді тыңдау және т.б.).

Қарым-қатынас. Пәндік компетенция, қарым-қатынас психологиясының теориялық білімдеріне негізделген әлеуметтік перцепция дағдыларын меңгеруді кіргізеді, сәтті қарым-қатынасқа қажетті өзара әрекет, коррекция және мақсатты дамытуды тиімді ұйымдастыру.

Эмоция. Пәндік компетенция эмоционалды өзіндік реттеу мен өзіндік қолдау тәсілін меңгерумен анықталады.

Тұлға. Пәндік компетенция: психологиялық-педагогикалық білім негізінде алынған өзіндік конструкция, эмпатияға қабілеттілік, толеранттылық, саналы мотивті тұлғалық және кәсіби өзіндік реттелуге қабілеттілік

Жоғары қабілеттілік. Бейінді оқыту жағдайында психологиялық шығармашылық ойлауды, психологиялық қабілеттілікті дамыту.

Оқушылардың тікелей іс-әрекетіне негізделген оқу жұмысын түсіндіру үшін зерттеушілер «топтық жұмыс», «бірлескен оқу іс-әрекеті», «бірлесіп бөлінген оқу іс-әрекеті», «ұжымдық бөлінген оқу іс-әрекеті», «оқу бірлестігі» және т.б. сияқты заттар қолданды. Қазіргі уақытта отандық педагогикалық психологияда мұғалімнің топпен өзара бірлескен іс-әрекетін және оқу тобының ішінде өзара қарым-қатынастың көпжақтылығын түсіндіретін, басқа терминдерге қатысты жалпы және іс-

әрекетте бағдарланған «оқу бірлестігі» терминін қолданады. Біріккен іс-әрекет ретінде өзара әрекеттесуші субъектілердің белсенді ұйымдасқан жүйесі мынадай болып сипатталады [5].

Біріккен іс-әрекетті талдау кезінде, біріншіден, мұғалім-оқушы сызығы оқушы-оқушы сызығы бойынша өзара әрекеттіктен толықтырылатынын ескеру қажет. Нәтижесінде көрсетілгендей, оқушы-оқушы оқу бірлестігі оқытудың тиімділігін көтеру үшін ғана емес, оқушылардың тұлғалық қалыптасып, дамуы үшін мәнді жолдарды ұсынады.

Әрбір тұлғаның сана-сезімі, мінез-құлқы, мәдениеті, өмірге көзқарасы, әр түрлі мамандықтардың ерекшелік сипаттарына қабілеттері бірдей бола бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі – тәрбиесіне, шыққан ортасына да байланысты [6].

Білім берудің басты ұстанымдарының бірі – жастарға кәсіптік бағдар беру. Кәсіптік бағдар беру – көп салалы әрі қиын үрдіс. Ал кәсіби даярлау - жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдауға және маман ретінде дайындауға бағытталған жұмыстардың бірлескен іс-әрекеті. Кәсіби даярлық мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Кәсіби іс әрекетке даярлау жүйесі қазіргі таңда жастарды өз бетінше кәсіп үйренуде ғылыми-теориялық және практикалық қабілеттерін, ел экономикасындағы қажеттілікпен ұштастыру болып отыр.

Педагогикалық қабілеттілік:

- Адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде мейірімділік, адамгершілік сияқты жағымды көріністерді стимулдау;
- Қамқоршыға педагогикалық техникалық құралдар тобымен (сөз, дауыс, жест, ораторлық шеберлік) әсер ету;
- Тапсырыс берушіге кәсіби оқыту мен өзіндік тәжірибе процесі негізінде алынған білімді беру;
- Материалды образды, логикалық, бейнелі, мәнерлі баяндау.
- *Өзін-өзі басқару қабілеттілігі:*
- Үлкен нервтік-психологиялық күшті бастан кешіру;
- Қамқоршының қызығушылықтары үшін өз қызығуларынан бас тарту;
- Психологиялық қысымды төмендету.

[7].

Көп жылдық зерттеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай (М.В.Молоканова), психолог қызметінің нәтижелілігі коммуникативті қабілеттің қалыптасу деңгейімен анықталады. Олар: объектіге деген сезімталдық деңгейімен, психологиялық іс-әрекеттің процесі мен нәтижесі, проективті қабілеттің қалыптасу деңгейімен (немесе басқа адамның мінез-құлқына әсер ету күшімен) анықталады.

Іс-әрекеттің жеке тұлға дамуындағы ерекшеліктері әрекетінің нәтижесінен көрінеді. Адамның іс - әрекетін тиімді ұйымдастыру оның өз ісіне қызығу мен жауапкершілік сезімін оятады. Сонымен қатар бұл пайымдаулар текстті талдау, оның жекелеген бөліктерін ойша салыстыру, бұл бөліктердегі басты сәттерді ойша айқындау, бірегей көрініске біріктіру, жалпылау жатады.

Қарым-қатынаста қабылдау мен сөйлеуді түсіну, есте сақтау, сөйлеуді дамыту, сөйлеу бұзылыстары, бірнеше рет сөздік хабарламаны беру процесінде әртүрлі өзгерістер жүреді (қысқару, қосу, бұзу); мәтіндердің негізгі идеясын түсіну және беру айтарлықтай күрделі екендігі ерекшеленген [8].

Қабілеттілік те іс-әрекет сияқты сапалық жағынан, яғни автоматтандырылған репродуктивті, іздеушілік және шығармашылық тұрғыда қарастырылуы мүмкін. Кәсіби қабілеттіліктің қалыптасу деңгейімен сәйкес кәсіби іс-әрекеттің деңгейі анықталады. Н.В.Кузьмина іс-әрекеттің келесі сапаларын бөліп көрсетеді:

1. репродуктивті - өзің білетін білімдерді басқаға жеткізе білу қабілеттілігі (алайда ең терең меңгерілген білімнің өзі кәсіби квалификацияның белгісі бола алмайды).

2. адаптивті – тек іс-әрекет затын құрайтын ғана емес, сондай-ақ оны қабылдау мен түсіну ерекшеліктерінен тұратын білім мен қабілеттің жаңа деңгейіне жету.

3. локальді модельдеуші білім – нақты аудиторияға сәйкес білімді беру ғана емес, сондай-ақ оларды құрастыра білу.

4. жүйелі модельдеуші білім – білім жүйесінің, дағды мен қабілеттің қалыптасу стратегиясын меңгеру.

5. жүйелі модельдеуші шығармашылық – дамуға қабілетті шығармашылық пен тұлғаның қалыптасу стратегиясын меңгеру.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Климов Е.А Психология профессионального самоопределения. – Ростов-на Дону: Феникс, 1996. – 512 с.
2. Горянина В.А. Психология общения. –М.: Академия, 2005. – 416 с.
3. Зинченко Е.В. Самораскрытие и его обусловленность социально-психологическими и личностными факторами: дис. канд. психол. наук: 19.00.01. – Ростов-на-Дону, 2000. - 120 с.
4. Иванов П.Н. Влияние некоторых индивидуально-психологических особенностей на процесс общения: дис. канд. психол. наук: 19.00.01. – М., 1985 -100 с.
5. Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. Оқу құралы – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2008. – 216 б.
6. Ахтаева Н.С., Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н. Әлеуметтік психология: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.
7. Коломинский Я.Л. Социально - психологические проблемы взаимоотношений в малых группах и коллективах // Вопросы психологии - 1971. - №6. – С. 101-111.
8. Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – Алматы.: Қазақ университеті, 2006. - 216 б.

УДК: 159.922.8

**А.С. Чумажанов**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: А.М. Айтуарова, м.п.н., преподаватель кафедры педагогики

### **МОББИНГ И БУЛЛИНГ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ И СПОСОБЫ ИХ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ**

В Казахстане патология межличностных отношений на производстве, когда работники подвергаются притеснениям, прессингу, психологическому террору со стороны руководителей или коллег, нередкое явление. Что является более плачевным, таким же видам психологического воздействия подвергаются и школьники разных возрастных категорий.

Как свидетельствует зарубежная практика, чаще всего жертвами моббинга (**моббинг** — от английского mob – толпа, - это коллективный психологический террор, травля в отношении кого-либо из работников со стороны его коллег, подчиненных или начальства, осуществляемые с целью заставить его/ее уйти с места работы) становятся компетентные специалисты предпенсионного возраста и, как правило, женщины [2].

Что касается самих школьников, то здесь нет какого-либо доминирующего показателя в отношении возраста либо пола, так как буллинг (**буллинг** – от англ. bully – запугивать, подразумевает под собой не только физическую агрессию, но и психологическое давление, запугивание, распространение сплетен, вымогательство, издевательства. Кроме того, с развитием новых технологий и популяризацией социальных сетей появился новый вид школьного насилия – кибербуллинг) [2] знаком многим школьникам не понаслышке. Согласно исследованию Всемирной организации здравоохранения, периодически подвергаются буллингу 64% литовских 11-летних школьников, 50% – российских, 46% – бельгийских. В Австрии, Люксембурге и Шотландии данный показатель равен 32%, Канаде и Швейцарии – 30%, Франции – 25%. В свою очередь, в нашей стране, по результатам исследования Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ), проведенного в 2011 году, 66,2% казахстанских школьников столкнулись с школьным насилием, из них 63,6% в роли свидетеля, 44,7% – в роли пострадавшего, а 24,2% признались в совершении насильственных действий [Электрон. ресурс].

Несомненно, моббинг негативно отражается на работе самого учреждения. Неоднократные рейды против элементарной переработки госслужащих, проводимые в последнее время в казахстанских городах, наглядно показывают, что моббингу от начальства у нас обычно никто из подчиненных не препятствует. Не то, чтобы говорить вслух, заикнуться против сверхурочной работы рядовые сотрудники госучреждений и не думают. Не тот у нас менталитет... К сожалению, безропотным подчинением сотрудников пользуются многие руководители. Всего за девять месяцев прошлого года в Казахстане выявлено 306 фактов несоблюдения требований законодательства по

предоставлению госслужащему дней отдыха или компенсации за сверхурочную работу, наказаны 335 должностных лиц. Кроме того, установлено 26 случаев отсутствия в госорганах правил трудового распорядка дня. Буллинг мало чем отличается от моббинга, его последствия не только негативно сказываются на психологической обстановке в школе, но и затрагивают качество образования.

В последнее время активно внедряются способы борьбы с психологическим давлением в учреждениях, но несмотря на это существующая ситуация оставляет желать лучшего. На Западе тема моббинга решаема. Число стран, принявших закон о моральном преследовании на рабочем месте, увеличивается, растут всевозможные ассоциации жертв моббинга. В качестве примера стоит упомянуть хотя бы Национальную ассоциацию жертв психологического преследования во Франции, куда входят представители разных профессий включая врачей, психологов и адвокатов.

Следует признать, что и отечественные попытки борьбы с буллингом в школах на фоне развитых стран менее масштабны. Поспособствовало этому относительно недавнее становление школьной психологической службы Казахстана, от которой в немалой степени зависит климат в стенах школы. Первые специалисты появились в конце 1980-х годов в некоторых школах. Официально же должность педагога-психолога была введена только в 2008 году. Для сравнения, в Дании школьная психологическая служба начала свою работу еще в 1934 году, Гонконге (КНР) – в 1959 году [2]. Ежегодно разрабатываются методические рекомендации и пособия по профилактике девиантного и аутодеструктивного поведения обучающихся, определению уровня агрессивности детей и проявления актов жестокого обращения и насилия, повышению стрессоустойчивости учеников и др. Одной из наиболее значимых инициатив по борьбе с буллингом является модельная программа «Профилактика и реагирование на насилие в образовательных учреждениях Восточно-Казахстанской области». Данная программа реализуется с 2013 года в рамках сотрудничества Уполномоченного по правам человека, ЮНИСЕФ, Министерства иностранных дел Норвегии и областного управления образования. Участниками программы стали 7 государственных школ и 3 интернатных учреждения области. Цель проекта – внедрение в школы 16 ключевых компонентов, к которым относится разработка системы выявления, реагирования, предупреждения насилия в школах, создание Школьной команды безопасности, механизма перенаправления случаев насилия в «правильные службы» и др. В будущем планируется внедрение данного проекта во все школы страны [Электрон. ресурс].

Таким образом, актуальность затрагиваемой проблемы очевидна. Концепция 12-летнего образования в РК гласит: главной целью является формирование и развитие образованной, творческой, компетентной и конкурентоспособной личности, способной жить в динамично развивающейся среде, готовой к самоактуализации как в своих собственных интересах, так и в интересах общества. Достичь поставленной цели, решить задачи без создания системы воспитательной работы как упорядоченной целостной совокупности компонентов, способной целенаправленно и эффективно содействовать развитию личности не представляется возможным, так как психологическая обстановка в самой среде пребывания и обитания школьника имеет важнейшую роль.

В заключении хотелось бы предложить способы и рекомендации к борьбе или предотвращению моббинга и буллинга:

1. Руководство образовательных учреждений должно отбирать сотрудников полагаясь на их профессионализм и личные качества, а не на кровные узы, общих знакомых или за «спасибо» в конверте.

2. Формулируйте правильное понимание значимости и цены сказанного слова и поступка.

3. Как можно больше привлекайте всех учащихся к совместной деятельности, делая акцент на важности и необходимости участия каждого.

4. Вкладывайте понимание важности и ценности многообразия (культурного, национального, религиозного и др.), а также различных способностей, предпочтений, физических и интеллектуальных возможностей, развивайте в каждом его лучшие индивидуальные качества.

5. Не допускайте сами и пресекайте со стороны других любые насмешки в адрес учащихся, имеющих особые образовательные потребности, мигрантов, детей с низким социально-экономическим статусом и др. [2].

6. Не обсуждайте и не оценивайте личностных качеств ученика перед всем классом. Поощряйте сотрудничество, а не соперничество[2].

7. Используйте дисциплинарные меры, имеющие воспитательный, а не карательный характер. Давайте ученику характеристику его поступку и возможным последствиям, а не его личности [2].

8. Не призывайте весь класс к коллективной ответственности за какой-либо проступок отдельного ученика [2].

9. Не усиливайте изоляцию отвергаемых учеников, сажая их отдельно [2].

10. Не пренебрегайте жалобами учеников, даже если случай кажется незначительным. Недопустимо игнорировать жалобы ученика, обсудите его проблемы, найдите ключи решения и направьте в нужное русло.

11. Если вы стали жертвой одной из форм психологического преследования, всем своим видом покажите безразличие к этому. Если вы все же решили не умалчивать, а напасть, то перенаправьте «толпу» на более слабого члена. Как следствие, они поймут свою неустойчивость, и, возможно, переключатся на него, также это покажет всем ваш стержень.

12. Ни в коем случае не отвечайте на такие виды психологического преследования физическим. Если вы импульсивный человек, стоит ходить на приемы к психологу и стараться себя сдерживать. Помните, что статью «побои» в уголовном кодексе никто не отменял.

13. Если на ваш взгляд, какие-либо средства борьбы с психологическим преследованием бесполезны, просто подумайте о смене обстановки.

#### Литература:

1. Жумажанова С.К. Буллинг в казахстанских школах: как с ним бороться? [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <http://iac.kz/ru/publishing/bullying-v-kazahstanskih-shkolah-kak-s-nim-borotsya> (дата обращения: 18.03.2018).
2. Предотвращение насилия в образовательных учреждениях. Методическое пособие для педагогических работников. Бюро ЮНЕСКО в Москве, 2015. MOS/2015/PI/H/1

ӘОЖ 37.001.895(574)

#### А.М.Амангелдина

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: М.З. Джанбубекова, д.п.н., педагогика кафедрасының меңгерушісі

#### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі:** Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

**Зерттеу тақырыбының мақсаты:** Критериалды бағалаудың негізінде қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

#### Зерттеу тақырыбының міндеттері:

- ✓ Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- ✓ Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- ✓ Жеке оқушының даму жетістігін бақылау;
- ✓ Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау;
- ✓ Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізу;
- ✓ Оқу бағдарламасының тиімділігін саралау;
- ✓ Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

**Қорытынды:** Қазақтың ұлы ағартушысы, қоғам қайраткері А. Байтұрсынов: «Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ғылым да, тіл де, табиғат та дамиды. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі құбылыс та – тіл» деп жазған. Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз Қазіргі заманда дамытудың нақты, бағытты, жүйеленген әдістемелері жасалып, психологиялық қолайлы жағдайлар тудырып отырса, кез келген ерекше қабілетті оқушы дарынды оқушыға айнала алады. Ал дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан белсенді азаматтық позициясымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың ертеңгі интеллектуалдық потенциалы, зияткерлік тобы екенін үнемі есімізден шығармайық. ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау, 11-бет.
2. Бағалау реформасының тобы. Оқыту үшін бағалау: 10 ұстаным. — Кембридж Университетінің білім беру факультеті, 2002.
3. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық – 2016 жыл, ПӨО, 13-18 бб.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», 55-бет, 107-бет.

ӘОЖ: 372: 37.036

**М.А. Алмисаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Б.Т. Нысанғалиева, аға оқытушы

### **МЕКТЕПТЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі- ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Бүгінгі таңдағы мектептердің алдында тұрған мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни, оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр оқушының қабілетін танып біліп, дамытып адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.

Жас ұрпақтың білім алуының бірден-бір шарты - мұғалімнің жаңашыл болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық әдіс-тәсілдерін, педагогикалық білімдерін жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті болуы керек.

Қазіргі кездегі қоршаған ортадағы өзгерістер ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында болып жатқаны белгілі. Бұл саладағы маңызды өзгерістер білім беру саласына да оң ықпалын тигізіп отырғаны бүгінгі білім ордасындағы ұстаздар қауымына кеңінен таныс. Жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың адам, қоғам өміріндегі орны туралы Елбасымыз

Н.Ә. Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында білім ордаларын жаңа технологиялармен қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіретіндігін атап өткен болатын.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бүгінгі күні біздің қоғамымызға кеңінен енді. Компьютерлік технология мен мультимедиялық құралдардың жылдам дамуы мұғалімдердің осы мүмкіндіктерді сабақтарында қолдануы талап етілуде. Ақпараттық технологиялар әртүрлі ақпарат көздеріне жол ашып, оқушылардың өздік жұмыстарының тиімділігін арттырады, оқушылар мен педагогтардың шығармашылығына жол ашады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу үрдісін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялар оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіріп, оларды жоғары білімділік нәтижеге жеткізетін құралға айналады. Сонымен қатар осы мезетте оқушылардың шамадан тыс жүктелуін жою мақсаты қойылады. Осы мәселелердің барлығын іске асыру қазіргі заманғы білім беру технологияларын, соның ішінде ақпараттық технологияны белсенді түрде енгізгенде ғана мүмкін болады.

Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады. Оқушылардың жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселенің бірі. Оның себебі оқушы өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше алған білімін тәжірибеде, өмірде пайдалануды үйренбеген. Сол үшін де оқушының өзіне сенімін арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнің әр сабағы әртүрлі, жан – жақты болуы қажет.

Сабақ мазмұнының теориялық–практикалық құндылығы жоғары болған сайын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу өте тиімді жүргізіледі. Мұғалімнің әрбір сабағы оқушы сезіміне ынта-ықыласына әсер етуі тиіс. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістері мен мұғалімнің дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Оқушыларға білім негізін меңгерудің әдіс тәсілдері сан алуан. Оны таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру – мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен оқушыларды шығармашылыққа ізденуін қалыптастыру, оқушыларға сұрақ қою, эксперименттік тапсырмаларды шештіру, ой таласын жасау, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы іске асады [2].

Өз іс-тәжірибеде сабақ беру үрдісінде мынадай факторларға сүйенемін:

- Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- Оқушылармен жекелей, топпен жұмыстар жүргізу;
- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру;
- Оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту.

АКТ-ны сабақтарымның келесі кезеңдерінде іске асырамын:

- Үй жұмысын тексеруде;
- Жаңа сабақты түсіндіргенде;
- Қайталау, бекіту сабақтарында;
- Сабақ барысында оқушылардың білімдерін тексеруде.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттен іздеу жүйесі арқылы информатикалық қызықты оқиғалар, сандардың пайда болуы, өмірбаяндық материалдар, фото құжаттар, көрнекіліктер табылады. Әрине, табылған ақпараттар тексеруді, түзетуді талап етеді.

АКТ-ны технология, бейнелеу өнері және сызу сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды - адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді.

*Жаңа материалды игеру кезеңінде* графиктерді, суреттерді, алгоритмдерді көрсету үшін интерактивті тақтаны немесе мультимедиялық презентацияны қолдана отырып, материалды түсіндіреді. Бейнелеу өнері сабағында түстік байланыс тақырыбында paint, сызу сабағында графикалық жұмыс кезінде Kompas-3D бағдарламасымен, сонымен қатар презентацияларды түрлі бағдарламаларда жасауға тырысады. Ол үшін арнайы интернет беттерінен қосымша мағлұматтар алып, өз беттерімен жаңа бағдарламаларда жұмыс жасауды үйренеді.

*Тақырып бойынша оқу дағдысын игеру кезеңінде сабақтарымда интерактивті тақтаны сонымен қатар ноутбук, планшеттерді қолданған дұрыс. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады.*

*Білімді бақылау.* Компьютерлік тестілер қолдану арқылы білімдерін тексеру (компьютер тапсырманың орындалу пайызын, қателерді және бағаларды көрсетеді). Интернеттегі әр түрлі тестілерді қолдануға болады. Осы айтылғандардан математика сабақтарында компьютерді қолдану кезінде күтілетін нәтижелерді тұжырымдауға болады:

- информатикамен пәнаралық байланысын дамыту;
- компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру;
- оқушылардың сабақтағы өздік жұмыстарын дамыту;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін, іс-әрекетінің шығармашылық стилін қалыптастыру;
- білім алуға ақпараттық технологияларды және басқа да ақпараттық құрылымдарды қолдануға оқушылардың дайындығы;
- жеке және тұлғалық-бағдарлы ыңғайды іске асыру.

Сабақтың тиімділігі көпшілік жағдайда оқытудың техникалық құралдарын қолданудағы қауіпсіздікке және оптималды пайдалану тәртібіне тәуелді. Сондықтан техникалық құралдарды қолданудың ұзақтық мерзімін ескеріп отыру керек.

Ақпараттық технологиялар мен инновациялық педагогикалық әдістерді біріктіру білім беру сапасы мен тиімділігін арттырады, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып саналатын білім беру жүйесінің білім алушылардың деңгейі мен даму ерекшеліктеріне сәйкестігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен, оқу жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану – келесі нәтижені береді:

- Электронды оқулықтармен жұмыс істеуге үйрету;
- Интернет желісінен алған ақпаратты тиімді қолдануға үйрету;
- Ақпараттық технологиялар арқылы, білім сапасын көтеру;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Ақпараттық мәдениетті дамыту;
- Әрбір мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін ашу;

Сабақта уақытты үнемдеу [3].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 07.12.2010 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 ж. (өзгертулер мен толықтырулар, 2013 ж.)
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
4. «Қазақстан мектебі» журналы 2012, 2013 ж.

ӘОЖ: 372: 37.035.3

**А.С. Разина**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекшісі: Б.Т. Нысанғалиева, аға оқытушы

### **ТЕХНОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА КОЛЛАЖ ЖАСАУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУ**

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Ертеңгі еліне ие, тізгінін тартар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушыларын рухани адамгершілікке жетелеп, дүниетанымның, сана-сезімнің ұлттық менталитетімізге сай қалыптасуына көңіл бөлу мұғалімдеріміздің алдында тұрған үлкен міндет.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында озық ойлы жеке тұлға тәрбиелеуге ұмтылу, қабілетін аша білуге талпыну әрбір ұстаздың басты мінжеті екені айқын. Әр мұғалім өзінің алдында отырған шәкірттерінің қабілетін, дарынын аша біліп, бағыт бағдар беруді мақсат ете білуі тиіс.



Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үлкен қаржылықты талап етеді. Оқушыны жан-жақты дамыту үшін мұғалім үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек. Ол үшін оқытудың дәстүрлі емес түрлерін, жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану, сабақтан тыс жұмыстарды жүйелі түрде өткізуі керек. Қабілетті баланы шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрете отырып, алдымен нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру өте маңызды рөл атақарады.

Шығармашылық – бұл жекелеген мотивациялық құрылым арқылы берілетін ақыл-ой жемісі, ол жеке тұлғаның бойындағы білім мен ептілік, қызығушылық қабілеттерінің әсерінен туындайтын маңызды нәтиже. Шығармашылық әр баланың табиғатында болуы әбден мүмкін. Біздің міндетіміз оқушының бойында жасырынып жатқан дарынды ашып көрсету. Шығармашылық тұлға қалыптастырудың бір жолы, ең алдымен, оқушылардың танымдық ізденістерін тиімді ұйымдастыру. Технология пәні – жеке адамның дамып жетілуінде еңбектің негізгі құралы бола тұра, еңбек ету арқылы өз қабілеттерін, ата-бабасының ұлттық дәстүрі мен өнерін одан әрі дамытуға бағытталған пән.

Технология сабақтарында халық өнерін жаңғыртып, одан әрі дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жас ұрпақты ежелден келе жатқан қолөнер түрлерін жасауға үйрету, олардың өздігінен ізденуіне, шеберліктерінің, ынта-ықыластарының артуына, ізденулеріне, эстетикалық талғамдарының дамуына үлкен әсерін тигізеді. Оқушы өзінің ынталы еңбегімен, білімділігі мен шабытын дамытатын, моральдік қанағат беретін ісімен шұғылдана ғана еңбектің талабын қалыптастыра алады.

Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңаша талап, міндеттерді қажет етуде. Осы міндет, талаптарды орындауда ауыл мектептерінде біраз қиындықтар туындауда. Қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қарапайым сыйкәделік бұйымдар жасату – осы қиындықтардан шығудың ең тиімді жолы. Оқушыларға жасалатын бұйымның қаншалықты қолданысқа ие болатынын, сонымен қатар заттық сапасына қойылатын талаптарды саралап алудың маңызы өте зор [5].

Ең алдымен «коллаж» сөзінің анықтамасын айтсақ, ол француз тілінен аударғанда «желімдеу» деген мағынаны білдіреді. Коллаж техникасы қандай да болмасын негізгі түсі және фактурасы жағынан өзгеше материалдарды желімдеу болып табылады. Осы техникамен орындалған шығарма коллаж деп аталады.

Шығармашылықтың бұл түрі жаңадан ойлап табылған жоқ. Коллаждың әдістерін иконада, ұлттық өнерде, соның ішінде құрақта кездестіруге болады.

Коллаждың жақсы дамуы және кеңінен қолданылуы адамзаттың техниканы меңгеруімен байланысты. Техникалық шығармашылықтың жаңа дәуірі әлем жөніндегі жаңаша көзқарасты туғызды. Жаңа ойлар пайда болып, адамдардың талғамы өзгерді. Соған сәйкес суретшілер де өз мүмкіндіктерін өзгертті. Бояулар мен кенептің орнына ір түрлі синтетикалық материалдар келді. Бояумен салынған қарапайым суретті әр түрлі материалдарды желімдеумен алмастырды [58-59].

Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жинақтаудың маңызы:

- Мектеп бітіріп кеткен түлектер жұмысы сақталады.
- Жасалған бұйымдардың жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасауға мүмкіндік туады.
- Сабаққа пайдалануға дайын көрнекіліктер жинақталады.
- Оқушылардың еңбекке деген қызығушылықтары артады.
- Ой-өрістері кеңиді.
- Талғам деңгейлері жоғарылайды.
- Шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыт-бағдар алады.
- Мақсатқа жетуге талпынады. Өңдеу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын енгізуге үйренеді.
- Әртүрлі шығармаларды көре отырып, баға беруге дағдыланады.

Осылайша, балалар әртүрлі шығармаларды зерттей отырып, өздерінің кәсіпке деген құнды қасиеттерін қалыптастырады. Оқушылар қолөнерді үйрену барысында бойына халықтың ізгі қасиеттерін сіңіріп, қолөнері мен салт-дәстүрін бағалай білуге, шеберлікті, әсемдікті, іскерлікті, үнемділікті бойларына дарытады. Өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыра келе, қолөнердің бір саласымен айналысып, дарындылығы ашылған бала, әрине сол маман иесі болуға ұмтылары анық. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету, адамзат қоғамындағы бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу» деп атап көрсетілген.

Жас ұрпақ алдында «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік

стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті бүгінгі таңда тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады.

Білім берудің мақсатын, міндеттерін жүзеге асыруда мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет. Оның өзі уақыт талабынан туындауда. Қоғамның дамуы адамдардың ой-санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазіргі заманда графика өнерімен шығармашылықпен айналысу заман талаптарынан туындап отырған мәселелердің бірі деуге болады. Бұл осы салада қызмет етуші мамандарға қойылатын талаптардың да жаңғырып, күнде өзгеріп отыратын бәсекелерге сәйкес туындылар жасай алатын мамандарға зәру.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «Шығармашылық қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды. Соңғы жылдары «шығармашылық» сөзімен «жаңалықпен» қатар «бастамалылық, белсенділік» ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту жалпы шығармашылық үрдістің пайда болуына шарт түзуден басталатыны белгілі. Кейінгі кездерде оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылығын дамыту технологиясы деген ұғымдар туындап, қалыптасып келеді.

Оқушылардың шығармашылық, ісмерлік дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастыруда осы үрдістің психологиялық әдістері жан-жақты талданып, зерделеу мәселесін шешу ілігі туындайды. Шығармашылық ұғымына берілген анықтамалар оған өз қатарындағы адамдардан (балалардан) жоғары ақыл-ой қызметімен ерекшеленетін адам қасиетін жатқызады. Дарындылық пен таланттылықты синоним ретінде қолданып жүрген авторлар да кездесіп қалады.

Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі, табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жандүниесінде шығармашылықтың табиғи процестері үздіксіз жүріп жатады. Бұл процесс белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық процестерді табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару реттеу жеке адамның ой-санасына, айналысатын ісіне байланысты. Шығармашылықтың мәнін аша отырып, оның «әрекет» ұғымымен тығыз байланысты екенін анықталады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Шығармашылық өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі [2-3].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Журнал «Мектептегі технология» №10 2015 [1] [2-3]
2. «Сурет» Б. Уәлиев, Қ. Иманбекова /Кәсіптік білім/ [58-59]
3. Технология пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама (5-9 сыныптар). - Алматы: Рауан
4. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен оқыту // Қазақстан мұғалімі
5. Баяндама А. Глепова Оқушыларды технология сабағында шығармашылыққа баулу [электронды ресурc] -2017 – URL: <https://sabaqtar.kz/bayandama/12076-oushylardy-tehnologiya-sabaynda-shyarmashylya-baulu.html> (13.04.2018)

**Н.А.Адилбаева, Н.А.Азаматова**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Н.Н. Утепбаев, профессор

## **НАУКА И МЕТОДОЛОГИЯ НАУКИ ДИЗАЙНА**

Особенность современного состояния дизайна состоит прежде всего в том, что в нем сильно развиты проектировочные подразделения, значительно слабее — методические и только-только начала развиваться наука. Но, как уже отмечалось выше, без развития науки не может быть дальнейшего развития самого дизайна. Следовательно, основная задача сейчас состоит в том, чтобы скорейшим образом ее построить.

Но такого рода пожелания упираются в крайне медленные темпы развития наук. До самого последнего времени науки и научные дисциплины складывались столетиями. Это был процесс естественный и во многом стихийный. Ставить вопрос об искусственном построении или конструировании какой-либо науки было бессмысленно, ибо сначала не было реальных образцов самих наук, а потом, когда эти образцы появились, не было достаточного осознания их элементов, строения, функций. Но сейчас положение изменилось. Прежде всего сам дизайн не может ждать столетия, пока естественным и стихийным путем сложится и оформится его наука. Она должна быть построена максимум в течение двух-трех десятилетий. И это заставляет по-новому относиться к самой задаче. Наука дизайна должна быть построена примерно так же, как инженер-конструктор строит машину. Для этого — и здесь не может быть сомнений ни у одного инженера и конструктора — науку нужно спроектировать.

Сегодня это уже не иллюзорная постановка вопроса, не пустые мечты, ибо предшествующая история естественного развития наук и всего человеческого мышления дала нам образцы, на которые мы можем ориентироваться и в соответствии с которыми можем строить проекты новых наук. Сегодня мы имеем эталоны наук и такое число их, что уже можем в процессе специального научного исследования проанализировать их, выделить их элементы и фрагменты, описать их структуру и благодаря всему этому заранее знать, к чему мы можем стремиться и чего, наоборот, должны избегать.

Чтобы проделать эту работу по проектированию науки, нужной дизайну и обслуживающей его, необходимы специальные методологические исследования.

Основной принцип методологического подхода во многом подобен принципу дизайнерского конструктивно-проектного подхода. Можно сказать, что методология науки — это особого рода дизайн в сфере науки.

Представленная ниже схема (рис. 1) — а она, как и все последующие, приводится здесь прежде всего для наглядности — изображает основной принцип методологического подхода. Круг в центре ее обозначает сферу дизайна — мир той деятельности, в которой создаются проекты предметного мира и при этом используются разнообразные знания. Методолог начинает свою работу с расчленения этой сферы деятельности, он относится к ней как к объекту и, соответственно этому, выделяет разные части, элементы, связи и единицы. Виды и способы такого расчленения будут различными, в зависимости от задач, решаемых методологом. Сейчас, поскольку речь идет о проекте науки, обслуживающей дизайн, анализ строится таким образом, чтобы выделить знания, используемые дизайнерами в их работе. При этом знания рассматриваются как средства, как инструментарий, которым пользуется дизайнер. Это дает возможность говорить о функциях знаний в дизайнерской деятельности, а определив функции, двигаться затем к машине той науки, которая их производит. Инженер-конструктор не может не увидеть здесь реализации основного принципа своей работы: от функций изделия — к устройству и структуре машины, которая это изделие производит. Этот момент важно подчеркнуть еще и еще раз: исходный пункт работы методолога — выделение практических функций тех знаний, употребление и производство которых он рассматривает.

Но так как в самом дизайне объединено много разных деятельностей и каждая из них нуждается в своих особых средствах, то очевидно, что функции знаний, используемых в дизайне, должны определяться в соответствии с различными типами и видами дизайнерской деятельности.

Как и всякая другая деятельность, методологическая работа должна иметь свои особые средства. В настоящее время мы имеем пять основных областей таких средств, или, если хотите, пять разных арсеналов: первая из них — методология системно-структурного анализа, описывающая приемы и методы исследования любых системно-структурных объектов; вторая — теория

деятельности, в которой вводятся понятия, описывающие любой вид человеческой деятельности, ее структуру и виды; третья — теория мышления, описывающая средства и процедуры мыслительной деятельности; четвертая — семиотика, описывающая виды знаков; пятая — теория науки, описывающая строение и функционирование всех уже сложившихся и возможных в современной системе наук (рис. 2). Эти пять областей средств необходимы для методологического описания сферы дизайнерской деятельности и проектирования машины науки, нужной дизайну. Важно обратить внимание на два отношения, в которые включено методологическое описание дизайна. С одной стороны, оно изображает и отражает существующие сейчас формы дизайна, виды сложившейся в нем деятельности и обслуживающие их знания, а с другой — проектирует машину науки, которая будет их производить.

Сопоставляя схему на рис. 2 со схемами, приведенными ниже, нетрудно заметить различие между методологическими и собственно теоретическими исследованиями дизайна. Оно определяется, прежде всего, различием их объектов, а затем различием обслуживающих их средств.

Исследования, проводившиеся в последние годы в отделе теории и методов художественного конструирования ВНИИТЭ, показали, что существуют три основные области теоретических исследований дизайна.

Первая область — дизайн, представленный как сфера социальной деятельности и социальный институт. Можно сказать, что здесь дизайн берется как определенный орган социального целого, общества. Это — дизайн как одно целое внутри социума. Функции этого органа по отношению ко всему социальному целому, его назначение и структура, соответствующая этому назначению, — вот что должно стать объектом изучения при таком подходе.

Машина науки, которую мы выделили в качестве особого элемента при методологическом подходе, элемента, противопоставленного практической сфере дизайна, находится внутри сферы дизайна, выступает как его органический элемент и орган (рис. 3). Но, находясь внутри дизайна, она делает объектом своего исследования всю его сферу, в том числе и себя как элемент ее. Это — особое рефлексивное отношение, отношение такого типа, какое очень часто встречается в деятельности, когда элемент описывает и изображает то целое, в котором он сам существует как элемент.

Вопрос о том, как могут и должны использоваться знания, получаемые при таком задании объекта изучения, должен обсуждаться особо. Но даже самые поверхностные соображения показывают, что они должны иметь особо важное значение для руководства, организующего дизайн и управляющего его развитием. Без знаний такого рода нельзя определить ни оптимальной структуры социального института, ни тенденций и перспектив его развития. Но, кроме того, они нужны каждому дизайнеру, желающему не только практически действовать, но также сознавать смысл, значение и ценность своей деятельности с общечеловеческой точки зрения. Таким образом, это первый и необходимый элемент дизайнерского самосознания и дизайнерской идеологии.

При всей важности и ценности знаний такого рода было бы ошибкой замыкать и исчерпывать сферу дизайнерской науки только ими. Совершенно очевидно, что подобные знания мало что могут дать дизайнеру-проектировщику при создании конкретных проектов отдельных объектов и систем предметного мира. Для обслуживания художественно-конструкторского проектирования нужны две другие области и, соответственно, две другие теоретические дисциплины.

Одна из них имеет в качестве своего объекта проектировочную деятельность дизайнеров. На рис. 4 в круг заключены элементы этого объекта — художник-конструктор (или дизайнер-проектировщик), создающий определенные проекты, обслуживающие сферу массового производственного тиражирования. Анализируя и описывая этот объект, машина дизайнерской науки производит знания, необходимые, с одной стороны, самому дизайнеру-проектировщику, а с другой — дизайнеру, разрабатывающему методики художественного конструирования. Знание механизмов и закономерностей проектировочной деятельности необходимо для создания научно обоснованных методик дизайнерского проектирования.

Наука, изучающая проектировочную деятельность и дающая свои продукты — знания — методистам и проектировщикам, образует, как нетрудно заметить, уже вторую машину науки, обслуживающую дизайн.

Третью машину, точно так же необходимую для обслуживания практической сферы дизайна, в том числе дизайнеров-проектировщиков и методистов, образует научная дисциплина, имеющая объектом своего изучения предметный мир, окружающий людей, или, более точно, систему вещей, взятых в их отношении к людям (третья область исследований).

В конечном счете предметный мир человечества является продуктом дизайна в том смысле, что именно дизайн должен определять его характер и строение. Но реально и непосредственно

предметный мир как таковой производится не дизайнерской деятельностью, а массовым производственным тиражированием.

Поэтому мы не включаем в сферу дизайна сам предметный мир, а, наоборот, противопоставляем их друг другу (рис. 5). Но машина науки, находящаяся внутри сферы дизайна, обязательно должна сделать противостоящую ей сферу предметного мира объектом своего изучения. Знания о предметном мире, его организации, тенденциях и перспективах его изменения и развития нужны буквально всем дизайнерам — и методисту, и практику-проектировщику, и ученому, и руководству.

УДК: 371.13

**Г.Д. Тәңірбергенова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Ш.Д. Дуйсенбекова, педагогика кафедрасының доценті

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

Шығармашылық қабілет мәселесі педагогика ғылымында біржақты ғана қаралмайды. Бұл бұрыннан келе жатқан құпия қасиет деген пікір қалыптасқан. Құпияның сырын ашу кілтін табу философия, психология, педагогика ғылымдарының бір міндеті болып табылады. Ол қасиетті әр саладағы зерттеу жүргізетін ғалымдар түрліше түсіндіреді. Шығармашылық қабілет – адамның әлі ешкім білмейтін жаңа бір бейнені өз бетінше құрумен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ендіру арқылы, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі.

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлейбастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал, бүгінгі күрделі жағдайлар тұсында балалардың шығармашылық бастамасы басты нысанасы болып отыр. Мұндай күрделі мәселені шешуде бастауыш мектептің алар орны ерекше. Баланың шығармашылық бастамасын дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық ұғымы мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. Ежелден– ақ ойшылдарымыз Жүсіп Баласұғын, Әл-Фараби, Абай Құнанбаевты ерекше толғандырып, өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, Ю.Г.Кулюткин еңбектерінде шығармашылықты дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Психологтар мен ғалымдар Л.С.Выгодский, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, В.А.Крутецкий, қазақытанның көрнекті ғалымдары Т.Тәжібаев, М.Мұханов, Ә.Алдамұратов, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыровтың еңбектері жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы және практиканың алтын қоры деп білеміз.

Дарынды адамдарды қолдан жасау мүмкін еместігін ескерсек дарындыларды іздеп, тауып, олардың шығармашылық қызметіне көмектесу қолдан келетіндігін дәлелдеп, шығармашылықты дамытуға ықпал ету жолдарын қарастырған Н.С. Лейтес оның мынадай жолдарын ұсынған:

- шығармашылық қабілеттің ұрығы барлық адамда, кез-келген түбі түзу сәбиде болады.

Айырмашылық тек қана жетісу деңгейінде және қоғамдық пайдалылығында болады;

- шығармашылық қабілетті балалық кезден бастап дамыту қажет;

- шығармашылық қабілетті дамытудың негізгі жолы – мектепке дейінгі жас шағындағы балалар және мектептегі оқушылармен жұмыс жасағанда дамыта оқыту элементтерін, шығармашылықпен еңбек ету жолдарын үйретіп, барлық іс-әрекетті ұйымдастыру шығармашылық бағытта болу керек екендігін ескере отырып, шығармашылық қызметке тарту болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілген сабақтың оқу материалын терең ұғына білуге баулу – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты.

Мұғалімнің әрбір өтілген сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің әрбір өтілген сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Осы талаптардың орынды атқарылуы ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып, әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами түседі.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілеті арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Ұстаз шеберлігін зерттеуші Зязюн ұстаз бойында шығармашылық қасиет болуға тиіс деп көрсетті. Ол қасиеттерді төмендегідей тізіммен анықтаған:

- мұғалім өз шәкіртінің басқаға ұқсайтын қасиеттерін аша білу;
- мұғалім үздіксіз өз білімін өз бетінше шыңдай түсуі қажет.
- Ұстаз шәкірттеріне мына төмендегідей қасиеттерді күте білуі керек.
- Оқушы ой-жүйесі өзінің біліміне берік болуы;
- Оқушыда сабаққа деген құлшынысының тұрақты болуы;

Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсуі анық. Төменгі сынып оқушыларының шығармашылық талпынысы, оның танымдық мотивациясын қалыптастырушы ретінде, шығармашылық процестің «оталдырғыш» механизмі болып саналады. Балалар шығармашылықты танып-білуге құштарлығы ынта-ықыласпен іс-әрекет барысында көрінеді. Ол іс-әрекеттің шығармашылық стилін айқындап, аланы жасаушы, жалғастырушы позициясына қояды.

#### **Шығармашылық қабілетін дамыту жаттығулары**

Ұсынылып отырған дидактикалық дамыту ойындары балалардың танымдық әрекеттерін түрлендіріп ұйымдастыру арқылы олардың назарын аударуға және зейінн біраз уақыт ішінде материалды меңгеруге бағыттауға көмектеседі. Олар әр дамытуға арналған іс-шара барысында өтіледі, сондықтан өтілетін материал дамыту мақсатына сай болуы керек.

1. «Ойлан да тап». Жүргізуші қима қағазға сөздің бірінші буынын жазып қояды, екінші буынын бала өзі тауып, суретін көрсетіп, сөзді анық айтуы керек. Мысалы: кар-(та), дәп-(тер), пар-(та), кі-(тап).

2. «Сөйлемді жалғастыр». Қима қағазда сөйлемнің басы немесе аяғы жазулы тұрады. Бала сөйлемді аяқтауы керек. Мысалы: Бала кітап ... (оқыды). Қартоп, пияз ... (көкөністер). Көктемде күн ... (жылиды).

3. «Не жоқ». Үстелдің үстіне бірнеше суреттер қойылады. Бала сол суретті көріп, есте сақтауы керек. Содан кейін жүршізушінің нұсқауымен бала көзін жұмады, сол кезде жүргізуші бір суретті тығып қояды. Бала жоқ суретті атауы керек.

4. «Ғажайып қоржын». Жүргізушімен бірге бала үстелдің үстінде жатқан заттарды көреді, атайды. Содан кейін бала көзін жұмады, ал жүргізуші бір затты қоржынның ішіне салып қояды. Бала қоржынның сыртынан затты ұстап, атын дұрыс айтуы керек.

5. Ойын «Домино». Домино тастарының үстіндегі белгісінің санына қарай қағазға жазылған тапсырмаларды балаға ұсынады. Жүргізуші баланың тапсырманы дұрыс орындағанын және дыбыстарды дұрыс, анық айтатынын қадағалап отырады.

Әлеуметтік және ғылыми – техникалық прогресті дамытудағы басты мәселелердің бірі адамдардың белсенділігі, сапалы және терең білімі мен іскерлігі сонымен қатар кәсіптік дайындығы болып табылады. Сондықтан да мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты жүйелі түрде оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады. Осы мақсатты бетке ала отырып төменгі сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастырудың әдістемесін жетілдіру жолдары мен тәсілдеріне байланысты бірқатар мәселелерді қарастырық.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту теориясы мен әдістемесін талдау негізінде, біз шығармашылыққа деген қызығушылықтың пайда болуы, орны қалыптастыруы және дамуына қозғау салатын қайнар көзі, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны, дербес жеке дара не болмаса топтық шығармашылық әрекет, балалар шығармашылығын ұйымдастыру мен өту сипаты,

шығармашылық процеске қатысушыларар асындағы қалыптасатын қарым-қатынас жатады деген қорытындыға келдік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Баласұғуни Ж. Құдатқу білік. Психология. Адамзаттың ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық 10-шы том. Алматы: 2006.
2. Әль-Фараби Ә.Н. Бақытқа жету жайында. Психология. Адамзаттың ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық 10-шы том. Алматы: 2006.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы: 1977.
4. Давыдов В.В. Жалпылаудың эмпириялық сипаты. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 6-шы т. Алматы: 2006.
5. Лейтес Н.С. Способности и одаренность в детские годы. М.: 1984.

ӘОЖ: 37.036.5:372

**Д.А. Копабаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті  
Ғылыми жетекші: Р.Х. Кошқимбаева, педагогика кафедрасының аға оқытушысы

### **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға байланысты білім берудің барлық жүйесін жаңғырту үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы үдеріске жаңа, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады.

Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алды: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда[1;4].

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық кадрларының кәсіби қызметінде қолданылатын технологиялардың бірі ТРИЗ технологиясы. ТРИЗ – өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы. Негізін салушы өнертапқыш, жазушы-фантаст Генрих Альтшуллер. Оның технологиясының басты идеясы техникалық жүйелер белгілі бір заңдармен туындап, дамиды: бұл заңдарды тануға болады және өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болады. Қазіргі таңда Г.С.Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін бала бақшаларда табысты қолданылады. ТРИЗ мақсаты – балалардың ой-өрісін дамытумен қатар, жүріп жатқан үдерісті түсіндіре отырып, жүйелі ойлануға үйрету, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін-өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге үйрету болып табылады. Негізгі міндеті - балаларды өз шешімдерін іздеуге және табуға үйрету – бұл шығармашылық ойлауда, қиялдауда, жаңаны ойлап табуда байқалатын өнертапқыштық кезең[2;98].

ТРИЗ технологиясының негізгі әдістері:

1. Жүйелік жақындау әдісі- қандай да бір нысанды белгілі бір жүйе ретінде қарастыратын әдіс.
2. Миға шабул әдісі- берілген тақырып бойынша көп ізденістер беру біліктілігін қалыптастыру мақсатында топтық пікірлесу ретінде қолданылады.
3. Морфологиялық талдау. Осы әдістің мақсаты – бір мәселенің барлық шешу жолдарын анықтау. Міндеті- заттарды (объектілерді) түрлі түстермен, пішінмен, көлеммен немесе бір нәрсені қосқанда оның өзара әрекеті және өзгертуге үйрету
4. Синектика әдісі- «Синектика» грек тілінен «әр текті элементтерді қосу» дегенді ұғымды білдіреді. Біз осы терминді балалармен жұмыс жасағанда «неге ұқсайды?», «осындай не болады?» деген сөздермен ауыстырамыз.
5. Луллий дөңгелектері - Раймонд Луллий бірнеше дөңгелектен тұратын құралды, мұнара әдісі бойынша ойлап шығарды. Дөңгелектер ніп, қозғалады. Луллий секторларға суреттер салып, сөздерді жазған. Әр адам сұрақтар қойып, комбинация арқылы жауабын алған екен.

ТРИЗ әдістемесі бойынша үш деңгейден өту арқылы біз мақсатқа жетеміз:

1. Алдымызға мәселе аламыз, сол мәселенің мақсатының нақтылығын анықтаймыз.
2. Қарама-қайшылықтарды анықтау.
3. Қарама-қайшылықтарды шешу.

Мысалы: Сүзгішпен суды қалай тасуға болады? Сүзгіш болғандықтан ол су, яғни сұйық күйде болмау керек. Ендеше су қандай жағдайда болғанда тасуға келеді? Не істейміз? Жауабы біз суды қатырып, сүзгішке салуымыз керек. Бұл деңгейде бала өз бетімен бір жаңалық ашып шығармашылық қиялы дамиды. Өздері шешім айтуға үйренеді.

Тәрбиешілердің қолына балалардың қоршаған ортаның қайшылықтары мен біртұтастығын ұғынуға қабілетті шығармашылық қасиеттерін нақты практикалық тәрбиелеу құралын беру. Үдерісте ТРИЗ бейімделген әдістерін қолдануда артықшылықтары бары сөзсіз:

- балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді;
- шығармашылықтың туындауына ынта береді;
- балалардың бейнелей сөйлеуін дамыту үшін жағдай жасайды (бағалау лексикасының сөз қорын ауыспалы мағынадағы сөздер, синоним мен антонимді байыту);
- барлық тілдік құралдарды меңгерудің тиімділігін арттырады;
- ойлау қабілетінің талдау-синтетикалық операцияларының икемділігін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда ТРИЗ элементтерін қолдана отырып, келесідей дидактикалық қағидаттарды ескеру қажет:

- таңдау еркіндігі қағидаты – балаға кез келген оқыту немесе басқару әрекетіне таңдау құқығы;
- ашықтылық қағидаты – балаға ашық (шешімінің бірнеше жолы бар) тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек. Шығармашылық тапсырмалар жағдайында шешімнің әртүрлі нұсқаларын жасауы керек;
- іс-әрекет қағидаты – кез келген шығармашылық тапсырмаға практикалық іс-әрекетке қосу қажет;
- мінсіздік қағидаты – шығармашылық тапсырмалар арнайы жабдықты қажет етпейді және кез келген сабақтың бөлігі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде балалардың білімі мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін барынша қолдануға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «ТРИЗ» технологиялары – бұл тәрбиешілер үшін толық әдістемелік ұсыныстары бар ұжымдық ойындар мен сабақтар жүйесі. ТРИЗ негізгі бағдарламасын ауыстыруға емес, оның тиімділігін барынша арттыруға арналған. Тәрбиеші жұмыс істейтін кез келген бағдарлама негізінде практикада тексерілген ТРИЗ әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады. ТРИЗ ұстанушыларының ұстанымы: әрбір бала тумысынан дарынды және кеменгер, алайда оны барынша төмен шығын жағдайында барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін қазіргі заманға бағдарлануына үйрету керек. Барлық ұйымдастырылған оқу-қызметтері мен ойындар баланың тақырыпты, материалдар мен іс-әрекет түрін дербес таңдауды білдіреді. Олар балаларды заттар, құбылыстардың қайшы ерекшеліктерін анықтауға және осы қайшылықтарды шешуге үйретеді. Қайшылықтарды шешу – шығармашылық ойлауға деген кілт[2;99].

Балалармен жұмыс жасаудың негізгі құралы педагогикалық ізденіс болып табылады. Педагог балаларға дайын білім бермеуі керек, олардың алдында ақиқатты ашпауы тиіс, ол ақиқатты өзі табуы қажет. Егер балалар сұрақ қоятын болса, сол уақытта дереу жауап бермеуі керек. Керісінше, ол өзі не ойлайтындығын сұрауы қажет. Оны талқылауға шақыру керек. Жетелеуші сұрақтармен баланың жауапты өзі тапты деуге алып келуі керек. Егер бала сұрақ қоймаған жағдайда, педагог қайшылықтарды атап көрсетуі тиіс. Баланы жауапты табу жағдайына, яғни құбылыс немесе заттың тануы және қайта түрленуінің тарихи жолын қайталауы керек жағдайға қояды. Мәселен, тәрбиеші балаларға ағаштың қасиеттері туралы білім бере отырып, «Егер жерде ағаш болмаса не болар еді?» деген сұрақтан бастауы мүмкін. Балалар өздерінің ой-пікірлерінің нұсқаларын айта бастайды. Одан кейін: «Ағаш несімен пайдалы?» деп сұрақ қояды. Жауаптардың түрлі нұсқалары айтылады, кейбір жауаптар қайталанғанымен, ағаштың жаңа қасиеттері мен ерекшеліктері ашылады. Сұрақтар тізбегі жалғасады: «Егер ағаш сондай пайдалы, одан көптеген заттар жасауға болса, онда адам неліктен металды өндіруді, пластмасса жасауды үйренді? Ағаштың қандай қасиеттері адамға ұнамады? Ағаштың несі қолайсыз? Неліктен адамдар орман өсіреді және саябақтар жасайды? Барлық ағаштардың қасиеттері бірдей ме, әлде ерекшелене ме? Ағаштар несімен ерекшеленеді? Ағаштан жасалынатын қандай заттарды атауға болады?» және т.б. Одан кейін ағаштың қасиеттері анықталынатын тәжірибелер жүргізіледі: суда бата ма немесе батпай ма; жана ма, жанбай ма; суды өткізе ме, жоқ па; бояла ма, боялмай ма және т.б. Сонымен, сабақ ақиқатты және мәнін іздеу ретінде өтеді. Баланы ағашты зат ретінде көп түрлі қолдану мәселесіне алып келеді және ыдыс-аяқ, жиһаз жасау кезінде ағаштың алмастырушылары бар екендігін түсіндіреді.



Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балаларға заманауи білім беруде, ТРИЗ технологиясының элементтерін қолдану өте тиімді, себебі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға және басқа да психикалық процесстерінің дамуы мен өзіндік өзгеріске түсуіне әсер береді. Ал балалардың шығармашылық ойлауының дамуы жеке баланың тәжірибесінде пайдалана алуы, атап айтқанда, белсенді болуы, ойлауы, танымдық қасиетін арттырып, тіл байлығының бай болуы т.б. ТРИЗ-дің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі- бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан творчестволық ізденісте болып, әдіс құру талпынысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу:әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2013. – 4 б.
2. Смирнова Е.О. Дошкольная педагогика от Фребеля до «Истоков» (Обзор педагогических систем и программ дошкольного воспитания) :Учебное пособие. – Киров , 2003. – с.98,99,100
3. <https://melkie.net/metodicheskie-razrabotki/triz-tehnologiya-v-detskom-sadu.html>

ӘОЖ: 37.001.895:(574)

**А.Е. Ермекова**

Ғылыми жетекшісі:Джанбубекова М.З. д.п.н педагогика кафедраның меңгерушісі

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ**

Елбасы Н.Ә Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келеді. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», -деген жолдар — соның дәлелі.

Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы лардың сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

«Жаңартылған білім мазмұны арнайы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізілуде: 2016 жылы - 1-сынып, 2017 жылы - 2,5,7 сыныптар, 2018 жылы - 3,6,8,10-сыныптар, 2019 жылы - 4,9,11,12-сыныптар. 2020 жылға қарай 12 жылдық құрылыммен жаңартылған білім мазмұнына көшу барлық сыныптарда аяқталады».

«Қазақстан Республикасының білім беру мекемелері үштілділік саясатын қазақ, орыс және ағылшын тілдерін 1 сыныптан оқыту арқылы енгізу». туралы шешім қабылданды. Бастауыш мектептің үлгілік оқу жоспарына 14 пән, оның ішінде үшеуі жаңадан: «Жаратылыстану», «Көркем еңбек» («Бейнелеу өнері» мен «Еңбекке баулу» пәндері мазмұнының кіріктірілуі есебінен) енгізілді.Тағы бір жаңалығымыз, бастауыш мектептің 3-4 сыныптарында оқушыларға ақпаратты іздеу, талдау және тасымалдау дағдыларын үйрету мақсатында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқытылатын болады. Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату.

Ағылшын тілін оқыту сағаттары көбейіп, алғаш рет қазақ тілді мектептерде 1 сыныпқа «Орыс тілі» пәні енгізілді. Жаратылыстану пәнінде (химия, физика және биология пәндері) дүниетану пәнінде (география, тарих, қоғамтану) алғашқы ұғымдары қалыптастырылады.

1 сыныптарда оқыту мақсаты - 6-7 жастағы бүлдіршіндерде буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағдыландыру, байланысты сөйлеуін дамыту және болып табылады. Оқушыларына оқу жылының бірінші жарты жылдығында баға қойылмайды, ынталандырудың басқа әдістері мен тәсілдері қолданылады. Бірінші сыныпта оқушыларға үй тапсырмасы берілмейді. Үй тапсырмасы бастауыш сынып оқушыларына демалыс күндері және демалыс уақытына берілмейді. Үй тапсырмасының көлемі сыныпта орындалған жұмыстың 30%-нан аспауы қажет. Күрделі қиындықтағы ерекше белгімен (\*) белгіленген тапсырмалар үйге берілмейді. Әр пән бойынша үй тапсырмасы көлемі бойынша қатаң түрде реттелген және басқа пәндер бойынша тапсырмалармен үйлесуі қажет.

Жаңартылған білім мазмұнымен қатар 5 күндік оқу аптасына көшу кезең-кезеңмен енгізіледі. 9-сыныпта міндетті түрде «Дінтану негіздері» факультативтік курсының орнына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы оқытылады. Осылайша оқытудың тиімділігін арттырады. Жаңартылған білім мазмұнына көшуде дәстүрлі оқулықпен қатар цифрлық оқыту ресурстарын (ЦОР) қолданудың маңызы зор. ЦОР - оқыту барысында қолданылатын бейнематериалдар мен интерактивті сабақтар. Әрине, олар педагогты оқыту ісінен шеттетпейді. Ұстаз сыныптағы басты тұлға болып қала бермек. Алайда, бейнематериалдар мен интерактивті сабақтар мұғалімнің балаларға қажетті ақпаратты жеткізу міндетін айтарлықтай жеңілдетері сөзсіз.

«Биыл жаңартылған білім беру мазмұнына көшкен барлық мұғалімнің жалақысын көтеру қабылданды. 1, 2, 5, 7 сынып мұғалімдері, 2018-2019 оқу жылы, яғни қыркүйекте 3, 6, 8 сынып жаңартылған мазмұнға көшеді, осы сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің еңбекақысы Елбасының тапсырмасымен 30%-ға артады. Бүгінде Үкімет өзгерістер енгізді, ол жаңа жүйе бойынша санат алатын мұғалімдердің еңбекақысын 30%-дан 50%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр», - деді вице-министр.

#### **Бастауыш білім берудің мақсаты:**

1. Білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану
2. Сын тұрғысынан ойлау
3. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану
4. Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану
5. Топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білу

#### **Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай?**

*Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:*

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі. Джером Брунердің (Процес образование, 1960 ж.) ұсынған. Когнитивтік теориясына негізделген. Тақырыптар әртүрлі деңгейлерде қайталанып отырады, кейде бір тоқсан аясында, кейде бірнеше тоқсанда; Тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым тереңдетіліп оқытылады; Деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артырып отырады.

2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; Оқу үдерісінде *білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау* сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді.

3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі. Бастауыш сыныптарда *сегіз ортақ тақырып* бар. Олар барлық пәндерде де беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді.

4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру

6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Жаңартылған білім беру мазмұнын белгілейтін типтік оқу жоспарында 1-4 сыныпқа арналған тілдерді деңгейлеп оқытуда (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері) тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын үйрету жоспарланды.

**Тыңдалым** – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – есту арқылы түсіну. Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді.

Тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын талаптар:

1) тыңдауға ұсынылатын мәтінде, әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болуы керек;

2) үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілуі қажет;

3) тілді жақсы үйрену үшін, тыңдалым бірінші сабақтан бастап үздіксіз жүргізілуі тиіс;

4) оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілген жөн;

5) тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынған дұрыс.

Тыңдалымға қатысты көңіл аударатын мәселелер:

-мәтінді түсінудің түрлерін меңгерту;

- тақырыпты дұрыс белгілеу;

- мазмұны мен құрылысына қарай мәтінді жіктеу. Тыңдалған мәтін бойынша тест сұрақтарына жауап бер деген тапсырма беру арқылы оқушылардың қаншалықты тыңдаған мәтінін қабылдай алатынына көз жеткіземіз. Орыс сыныптарында жаңа сөздеодің алдын ала берілуі олардың мәтінді түсінуге ықпал жасайды.

**Оқылым** – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу. Оқылым, *біріншіден*, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, *екіншіден*, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты, *үшіншіден*, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің мәні зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Сөйлеу әрекетінің ерекше бір түрі ретінде оқылымның маңызы: 1) тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады; 2) оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, білімін арттырады, ішкі ой-санасын байытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады; 3) оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйретуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды.

**Айтылым** - адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетінің бір түрі. Өзіне таныс (*отбасы, өмірі, оқуы туралы*) тақырыптар бойынша өз ойын түсінікті етіп жеткізе отырып, қарапайым тіркестер мен сөйлемдер арқылы сөйлесе алады. Күнделікті өмірдің негізгі аспектілерін сипаттайалады. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізу.

Айтылым процесін меңгеру үшін мынадай жағдайларды ескеру қажет: 1) үйренетін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; 2) қоршаған орта жағдайының әсері; 3) жеке бастың қабілетін ескеру; 4) сөйлеудің түпкі мақсатын айқындау.

Сонымен, **айтылым** – санамен қабылданатын сыртқы дүниенің әсерін ауызша сөйлеу арқылы жарыққа шығаратын, қатысымдық тұлғаларды қамтитын күрделі сөйлеу әрекеті. Оқушылар бір-бірімен жұптаса, топтаса тілдесу арқылы айтылым дағдысын жетілдіреді. Мысалы, сурет бойынша өз ойыңды айт, суретте не көріп тұрсың, суретте бала не істеп жүр деген жетелеуші сұрақтар арқылы дамытуға болады.

**Жазылым** термині – «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу, ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. **Жазылым** – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген: лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Өзіне қатысы бар немесе ұнайтын мәселелер туралы шағын хаттар мен хабарландыру, шағын шығарма, эссе жазуға, сурет, кесте, карта бойынша шағын мәтін құрастыруға мүмкіндігі бар.

**Тілдесім** – сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады. Тілдесім (общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат (информация) негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. Бұл қарым-қатынаста оқылым мен тыңдалымның да тыс қалмайтындығы өзінен-өзі белгілі.

Тағы бір елеулі өзгеріс министрлік биылдан бастап оқушылардың білімін критериялды бағалаудың тәртібін бекіткен. "Критериялды бағалау жүйесі негізгі баға (министрлік жауабында

"қалыптастырушы бағалау" деп жазылған) мен жиынтық бағадан тұрады. Негізгі баға қою кезінде балл мен баға қойылмайды. Негізгі баға оқушының ата-анасына кез келген әдістің көмегімен жеткізіп отырады" – делінген министрліктің ресми жауабында.

Биылдан бастап қолданылатын жиынтық баға екі факторға тәуелді болады екен. Яғни, біріншісі, оқушы пәннің қандай да бір бөлімін немесе ортақ тақырыпты оқып бітірген соң, бір баға, ал тоқсан аяғында жалпы пәнді игеруіне байланысты екінші баға алады. Білімі балл түрінде және дәстүрлі баға түрінде бағаланады. Ал, жарты жылдық пен жыл соңында оқушыдан сынақ алынады. Осылайша, бір бөлімді игеруіне және тоқсандағы біліміне қатысты балаға 50% де 50% принципі бойынша қорытынды жылдық баға қойылады екен.

*Оқу бағдарламасы* – білім беру деңгейі бойынша пән тұжырымдамасын, сағат санын, бағалау жүйесін және т.б. сипаттайтын құжат. Оқу бағдарламасы әдетте нормативті-құқықтық құжат ретінде бекітіледі. Оқу бағдарламасында кодтау арқылы оқу мақсаттары айқын көрсетіледі. Осы оқу бағдарламасының негізінде пәннің ұзақ мерзімді жоспары жүзеге асырылады.

Бағдарламада «Оқу мақсаттары» кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1. кодында «1» - сыныбы, «1» - «Тыңдалым және айтылым» бөлімі, «2» - бөлімшесі, «1» - оқу мақсатының реттік саны.

1, 2, 5, 7-сыныптарға арналған жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларында қайталау сабақтары барлық оқу пәндерінде бірдей қарастырылмаған. Сондай-ақ әр тоқсанда бөлімдер бойынша және бөлімдердің ішінде сағат санын бөлу мұғалімнің қалауы бойынша өзгертіледі, сондықтан қайталау сабақтарын мұғалімнің өзі енгізуге құқығы бар.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», — деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электрондық ресурс] Қолжетімділік коды <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000327>
3. «Қазақстанның TIMSS-2015 зерттеуіне қатысу нәтижелері», 2017 жыл, Ұлттық есеп/С.Ырсалиев, А.Құлтуманова, Б.Қартпаев, А.Байгулова, Б.Ысқақов - Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 - 219 бет.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/ru>.

УДК: 37.035.6:372

**А.Б. Омарова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: Б.С.Оралбекова, педагогика кафедрасының аға оқытушысы

### **«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ САПАЛЫ ЕНГІЗУ**

Еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ. Өз елінің ұлттық рухын бойына сіңіріп өскен балаларымыз болашақта өз халқын биік белестерге жетелей біледі. Сондықтан да болашақта еліміздің, ұлтымыздың тізгінін ұстай білетін саналы жас ұрпақ тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі. Қазақстан мемлекетінің егемен ел болып қалыптасып, дербес мемлекет болуы және өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. ХХІ – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәуелсіз елімізді бір мақсат, бір мүдде, бір болашаққа жұмылдырып отырған Елбасымыз өз жолдауында «Біз үшін ортақ тағдыр- бұл Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы », - деген болатын.

«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңымен бекітіліп, 2016 жылдың 26 сәуірінде қабылданған алғашқы жалпыхалықтық идея. Мәңгілік ел идеясы ең алдымен болашақ ұрпақ үшін екенін ескерсек, еліміздің мәңгілік болуы жолында халқымыздың гүлденуі басты орында. Оған ең алдымен ұрпақтың құнды тәрбиесі мен сапалы білімі жол ашады. «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі бала тәрбиелеу мен оқытуда маңызы зор біршама ауқымды мақсаттар мен міндеттерді, сонымен қатар тұжырымдарды қамтиды. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүргізілген абзал. Оның ішіне рухани- адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс- рекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет. Атап айтқанда, әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастыру, тәрбие ұстанымдары мен ойларын біріктіру, ата- бабамыз бен басқа халықтардың мәдениетін үйлестіру және сақтау және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Жалпы бала бойындағы басты рухани құндылық – жақынына деген сүйіспеншілік. Жанындағы адамның өмір сүру дәстүрін, әдет-ғұрпын, сезімі мен пікірін, ойын сыйлау. Өскелең ұрпақты елінің дәстүрі, ғұрпын, ұлттық құндылықтарымен тәрбиелеу қай қоғамда болсын басты мәселе болған. Мектепке дейінгі тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы, сәбидің жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Алғашқы отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді отбасы мен балабақшадағы тәрбиеден бастау алады.

Төл тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын балабақша тәрбиеленушілеріне жасына сай түсіндіріп, бойына сіңіріп отыру қажет. Бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттап отыру қажет. Тарихи тұлғалар жайында айту, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату отаншылдыққа баулудың мағыналы жолы. Тарихи тұлғаларға еліктеуге, хакім Абай айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» тырысуға бағыттау өзі нәтижесін береді. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шаралар өткізгенде барынша нақты іс әрекеттер жасау керек. Ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отыру қажет. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру, ынтымақтастық орта қалыптастыру олардың келешек білім алуына даярлануына ықпал етеді. Әдетте балалар мекемесінде балаларға қызығушылықпен көтеріңкі туғызатын түрлі шығармашылық тақырыптарға толы ашық ақпараттық ортаны кеңінен қолданады. Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі, дүние- танымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бәсекеге қабілетті білім кеңестігін құруға бағытталған Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсатының бірі-инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойындағы шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің атқаратын жұмысы ерекше. Сондықтан әрбір іс- шараны өткізгеннен кейін азаматтық-патриоттық туралы білімдері қалыптасты ма, қаншалықты қалыптасты, соны үнемі қадағалап отыруымыз керек.

Бұл идеяны жүзеге асыру үшін балабақшаларда мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар барлық оқу қызметтерінің тәрбиелік мәнін күшейту қажет. Өткізілетін оқу қызметтері патриоттық қасиеттері мен тәрбиеленушілердің патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық жауапкершілікке, ұлттық сана-сезім мен толеранттылыққа бағытталуы тиіс.

Елбасымыз айтқандай, Мәңгілік Ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда педагог қызметкерлер қауымының атқарар ісі баршылық. Алдымызда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш елі мен жерінің қамын ойлаған, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жанымыздан шығармауымыз шарт. Сол үшін Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыру жолында өз үлесімізді қосу әр педагогтың алдына қойған мақсат, міндеттерінің ең көлемдісі болуы қажет деп ойлаймын. Баланың өзі дүниеге келген жерінде өмірдің бастапқы әлеуметтік тәжірибесін жинақтауын, онда қалыптасқан мінез-құлық, өзара қарым-қатынас жасаудың жағымды нормаларын сіңіруін, олардың мәдениет әлеміне қосылуын, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың ең бастапқы қолайлы кезеңі деп санаған дұрыс. Сол себепті

баланы туған жерінің мәдениеті мен дәстүрі, қысқаша тарихы, табиғатындағы ерекшелігі мен экологиясы туралы мәліметтер беріп, таныстыру «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінің негізгі тұжырымдарының бірін жүзеге асыру деп ойлаймын. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізіле отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізінде дамуы тиіс. Стратегиялық маңызы жоғары осы нәтиженің орындалуын қамтамасыз ету – ұлтжандылыққа тәрбиелеудің кешенді міндеттері арқылы шешіледі. Патриоттық тәрбиенің міндеттері төмендегідей: білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту; балалар мен жастарды отансүйгіштікке, зиялылыққа, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу; өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру және т. б. Әр мектепке дейінгі мекемеде отансүйгіштікке тәрбиелеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: рухани- адамгершілік, эстетикалық, өлкетану, еңбек, отбасылармен бірге жұмыс істеу. Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты ұйымдастыру қажет. Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындау керек, олар: - балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүйуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу; - балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран); - елінің, қаласының жетістіктерін мақтан тұтан ету, жауапкершілік сезімін дамыту; - басқа халықтарды сыйлау, олардың дәстүрлерін сыйлау сезімін қалыптастыру; - еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу; - қазақ халқының дәстүрлерін, қолшеберлікті білуге қызығушылықты қалыптастыру; - адам құқықтары жөнінде бастапқы білімдерді қалыптастыру; - Қазақстан қалалары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, Отанның тарихи-мәдениет рухани мұрасына тану қызығушылығын дамытуға міндеттейді. Өз тарихын білмеген, болашағы жоқ адам, дегендей, өз шығу тегін, халқының дәстүрін білмеген адамды отбасын, елін, халқын сүйетіндей, басқа халықтарды құрметтейтіндей тәрбиелеуге болмайды. Азаматтықты тәрбиелеу оның кіші еліне деген құрметтеуден басталады. Мектепке дейінгі жастағы бала отансүйгіштікке жолды туыстарға, айналасына, балабақшаға, қаласына деген сезімдері арқылы бастайды.

Қорыта келгенде, Елбасымыз айтқандай «Мәңгілік ел» болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда ұстаз қауымының атқарар ісі көп, оны парыз деп білуіміз керек. Алдымызда ұлттық құндылықты бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбеккер ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауға тиіспіз. Өскелең ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болып тәрбиеленуі керек. Сондықтан да «Мәңгілік ел» идеясы – Қазақстанның лайықты дамуының болашағы. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар . [1]
2. Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014 ж 26 ақпан Тәрбие.орг сайтынан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтары және мәні.
3. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы, 2014ж.
4. «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру: балаларды ерте жастан дамытуды ұйымдастырудағы отандық және халықаралық тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Алматы, 2014 ж.;
5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық, Астана, 2013 ж.

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАЛПЫ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ДАМУЫ**

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.[1]

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған.[2]

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: біріншісі — көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы; екіншісі — Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы; үшіншісі — Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар.

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Бұл армандар ақиқатқа айналды. Мәңгілік Елдің іргетасы қаланды. Осы армандардың ақиқатқа айналуына бірден бір үлес қосқан, келешектегі ұрпақ жайын ойлап, олардың дамуына үлес қосқан алаш зиялылары болатын.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы.

Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбіреге білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті.[3]

Жаңарудың, өміршендіктің негізі жастарда. Бұл үшін азаматтар тәлім-тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануы қажет. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып та жатыр. Жастар «Болашақ» бағдарламасының аясында шетелдерде білім алып, шетел тәжірибесінің артықшылықтары мен

кемшіл тұстарына көз жеткізіп, санасына тоқып келіп, еліміздегі маңызды қызмет салаларында сол тәжірибелерін қолданып еңбек атқаруда.[4]

Мағжан Жұмабаев өз халқының патриоты ретінде оны халқының, ұрпағының болашағы үнемі толғандырып, тәрбиенің басты міндеттерінің бірі бала бойында ұлттық сезімдерді ерте қалыптастыру оларды халықтың рухани мәдениеті мен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен кеңінен қарулардыру қажет деп санайды. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, бұрын қолданып келе жатқан тақтық жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ үлгі тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп, ата-анаға отбасында балаға ұлттық тәрбие беру қажеттігін ерекше айтып өтеді.

Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз![5]

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек.

Осы ғылыми мақаламыздың мақсаты болашақ жастарымызды Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз — егемендігімізді сақтап, мұраттарымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білуге шақыру болатын. Ендеше Отанымызды сүйейік, құрметтейік, дамыған ел болуына, «Мәңгілік ел» болуына үлесімізді қосайық.!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014.
2. Бас редактор: Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, — Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013.
3. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.) — Алматы, «Өлке» баспасы, 2001.
4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. — 232 бет.
5. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

УДК: 159.922.7/946

**Н.А. Наурызбаева**

Государственный университет имени Шакарима города Семей  
Научный руководитель: Г.Б.Болат, старший преподаватель кафедры педагогики

## **ГИПЕРАКТИВНОСТЬ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА**

*Гиперактивность* – комплексное нарушение поведения, проявляющееся в неуместной избыточной двигательной активности, дефектах концентрации внимания, неспособности к организованной, целенаправленной деятельности. Гиперактивность, «гипердинамический синдром» – проявление нарушений системы эмоциональной регуляции. Он связан с микроорганическими поражениями головного мозга, возникающими в результате множества причин (осложнения беременности и родов, соматические заболевания в раннем детстве, физические и психические травмы и др.

Подход к лечению гиперактивного ребенка и к его адаптации в коллективе должен быть комплексным. Неадекватное же поведение, возникшее в детстве, способно зафиксироваться и привычно воспроизводиться». Вот тут то и должны прийти на помощь воспитатель и психолог,



которые - только в тесном контакте с родителями - могут научить ребенка эффективным способам общения со сверстниками и взрослыми.

Каждый педагог, работающий с гиперактивным ребенком, знает, сколько хлопот и неприятностей он доставляет окружающим. Нельзя забывать, что в первую очередь страдает сам ребенок. Ведь он не может вести себя так, как требуют взрослые, и не потому, что не хочет, а потому, что его физиологические возможности не позволяют ему сделать это. Такому ребенку трудно долгое время сидеть неподвижно, не ерзать, не разговаривать. Постоянные окрики, замечания, угрозы наказания, на которые так щедры взрослые, не способны скорректировать его поведение, а порой они даже становятся источником новых конфликтов. Добиться того, чтобы гиперактивный ребенок стал послушным и покладистым, не удавалось еще никому, а научиться жить в мире и сотрудничать с ним вполне посильная задача для взрослых.

Портрет гиперактивного ребенка. Наверное, в каждой группе детского сада есть дети, которым трудно долго сидеть на одном месте, молчать, подчиняться инструкциям. Такие дети, естественно, создают дополнительные трудности в работе воспитателям и учителям: они очень подвижны, вспыльчивы, раздражительны и безответственны. Гиперактивные дети часто задевают и роняют различные предметы, толкают сверстников, что приводит к возникновению конфликтных ситуаций. Поведение гиперактивных детей может быть внешне похожим на поведение детей с повышенной тревожностью, поэтому педагогу важно знать основные отличия поведения одной категории детей от другой.

#### *Критерии первичной оценки проявлений гиперактивности и тревожности у ребенка*

<b>Критерии оценки</b>	<b>Гиперактивный ребенок</b>	<b>Тревожный ребенок</b>
Контроль поведения	Постоянно импульсивен	Способен контролировать поведение
Двигательная активность	Постоянно активен	Активен в определенных случаях
Характер движений	Лихорадочный, Беспорядочный	Беспокойные, напряженные движения

Приведенная таблица поможет в этом. Кроме того, поведение тревожного ребенка социально не разрушительно, а гиперактивный часто является источником разнообразных конфликтов, драк, недоразумений. Чтобы выявить гиперактивного ребенка в группе детского сада, необходимо длительно наблюдать за ним, беседовать с родителями и педагогами.

Основные проявления гиперактивности можно разделить на три блока: дефицит активного внимания, двигательная расторможенность, импульсивность.

#### *Правила работы с гиперактивными детьми*

1. Работать с гиперактивным ребенком целесообразней в первую половину дня, а не вечером.
2. Уменьшать нагрузку ребенка следует по времени, но не облегчать ее.
3. Делить работу на более короткие, но более частые периоды. Использовать физкультминутки.
4. Быть артистичным, экспрессивным педагогом.
5. Снизить требования к аккуратности в начале работы, чтобы сформировать чувство успеха.

#### *Как играть с гиперактивными детьми? Чем занять их в детском саду и дома?*

Подбирая игры (особенно подвижные) для гиперактивных детей, необходимо учитывать такие их особенности, как дефицит внимания, импульсивность, неумение длительное время подчиняться групповым правилам, выслушивать и выполнять инструкции (заостряя внимание на деталях), быстрая утомляемость, неспособность дождаться своей очереди и считаться с интересами других. Поэтому включать таких детей в коллективную деятельность, в том числе в игры, целесообразно поэтапно: начинать - с индивидуальной работы, затем привлекать к участию в деятельности в малых подгруппах и только после этого переходить к фронтальным видам работы, прежде всего к играм с четкими правилами, способствующим развитию внимания.

